

И. АЛТЫНСАРИН



АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ

---

# И. АЛТЫНСАРИН

## ИЗБРАННЫЕ СОЧИНЕНИЯ

*Составил и подготовил к печати*  
**Б. С. СУЛЕЙМЕНОВ**



ИЗДАТЕЛЬСТВО  
АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
АЛМА-АТА 1955

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ

---

# И. АЛТЫНСАРИН ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

*Құрастырып, баспаға дайындаған*  
**Б. С. СҮЛЕЙМЕНОВ**



---

ҚАЗАҚ ССР  
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ 1955

*Қазақ ССР Ғылым академиясының  
Редакциялық-баспасөз советінің  
қаулысы бойынша басылды*







## АЛҒЫСӨЗ

Қазақ халқының белгілі ағартушысы Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармалар жыйнағы бірінші рет баспаға дайындалып, жарыққа шығып отыр.

Ибраһим Алтынсаринның толық шығармалар жыйнағын құрастырып, баспаға дайындау үшін әлі де болса бірнеше қалалардың архивінде қызмет істеп, оның қолжазбаларын толық жыйнап, біркелкі тәртіпке келтіруіміз керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясы оның толық шығармалар жыйнағын жақын жылдар ішінде құрастырып, баспаға дайындауға кіріспекші.

Ибраһим Алтынсаринның осы шығармалар жыйнағына өзінің тірі кезінде жарыққа шыққан еңбектері және аса маңызы зор кейбір қызмет бабындағы мәліметтері ғана енді.

Бұрын баспасөз бетінде шыққан еңбектерінен оның «Шарайтіл Ислам» кітапшасы және газеттерде басылған мақалалары бұл жыйнаққа енген жоқ.

Ибраһим Алтынсаринның қолжазба күйінде архивтерде сақталған еңбектері (қызмет бабында жазылған қағаздары т. б.) бар. Осы еңбектерінің көпшілігі бұл шығармалар жыйнағына кірген жоқ, олар жете зерттелгеннен кейін ұлы ағартушының толық шығармалар жыйнағына енгізілмек.

Ибраһим Алтынсаринның осы шығармалар жыйнағы VI тарауға бөлінеді.

Бірінші тарауға «Қазақ хрестоматиясында», «Мақтубатта» басылып, бұрын жарыққа шыққан өлеңдері кірді. Бұл тарауды құрастырып, баспаға дайындағанда біз шығарманың маңызын, хронологиялық жақтарын еске алдық. Сондықтан, автордың кезінде «Қазақ хрестоматиясын» құрастыру тәртібін сақтадық. Бірақ оқуға және ұғынуға біркелкі жеңіл болуы үшін «Өсиет өлеңдерін», «Әй жігіттер» деген өлеңді мағнасына қарай жеке-жеке буындарға бөлуді дұрыс деп таптық.

Екінші тарауға ұсақ әңгімелері енді. Бұл бөлімді құрастыруда да жоғарыдағы ізбен, «Қазақ хрестоматиясын» бастырудағы автордың тәртібін еске ала отырып, оған кейбір өзгерістер кіргізуді мақұл көрдік. Енген еңбектердің хронологиялық және мағна жақта-



рын естен шығармау — ғылыми тұрғыдан қарағанда да ынғайлы, оқылу тұрғысынан қарағанда да өте қолайлы, және дұрыс екендігі сөзсіз.

Үшінші тарауға Ибраһим Алтынсаринның: «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» деген 1879 жылы Орынбор қаласында басылып жарыққа шыққан еңбегі сол қалпында өзгертілмей түгелімен енді. Осы кітапқа автордың орыс тілінде жазған қысқаша кіріспесін қазақ тіліне аударып басуды мақұл көрмедік. Аударсақ орысша және қазақша грамматикалық салыстыру әдісі өзгеріп, ғылыми бағасы кемітіндігі сөзсіз. Бұл тарауды құрастыруда, оқушыларға түсініктірек болсын деп, орысша әрбір грамматикалық бөлімдердің автор жазған қазақша аттарын сақтай отырып, сол бөлімдерді тік жақша арасына осы кездегі қазақша аттарын жаздық. Мысалы, имя существительное — нәрселердің аттары [зат есім], имя прилагательное — зат-мақлұқтардың қаспегінің аттары (сын есім) т. б.

Төртінші тарауға Ибраһим Алтынсаринның халық ағарту мәселелері жөніндегі ескертпелері енді. Бұл тарауды құрастыруда да, енген еңбектерінің хронология және маңыз жақтарын еске алдық. Мысалы, осы тарауға кірген басқа еңбектерден соң жазылса да, «Қазақтың болыстық мектептері жөнінде записка» деген еңбекті бірінші орынға қойдық, себебі бұл еңбектің маңызы аса зор. Егер осы еңбекті тараудың соңына келтірсек, оны қуаттайтын мәліметтер алдыңғы жағына еніп — зерттеуде де, маңызын жете түсінуде де қолайсыздықтар тууы сөзсіз. Бұл тарауға басқа еңбектерді хронологиялық тәртіппен енгіздік.

Бесінші тарауға Ибраһим Алтынсаринның этнография жөніндегі екі еңбегі енді. Бұл еңбектері 1870 жылы басылып жарыққа шыққан. Біз орыс тілінен қазақ тіліне аударып сол қалпында басып отырмыз.

Алтыншы тарауға Ибраһим Алтынсаринның негізінде халық ағарту жұмысы жөнінде әркімдерге (Ильминский, Катаринский, Бобровников, Соколов, Мозохин) жазған хаттары енді. Ғылыми тұрғыдан қарап, кейбір хаттарды қысқартып бастық. Себебі, осы бастырып отырған жыйнақ толық шығармалар жыйнағы емес, таңдамалы шығармалар жыйнағы. Бұл жыйнақ көлемі жағынан болсын, мәселелерді қамту жағынан болсын, И. Алтынсаринның еңбектерін жыйнаудағы алғашқы талап. Әрине, келешекте Алтынсаринның толық шығармалар жыйнағына оның еңбектері түгелдей және қысқартылмай енеді.

Соңында қысқа түсініктер мен алфавиттік көрсеткіш беруді мақұлдадық.

И. Алтынсаринның таңдамалы шығармаларын 1943 жылы Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы (көлемі 3 баспа табак), 1948 жылы Қазақтың мемлекеттік оқу құралдары баспасы (көлемі 2½ баспа табак) бастырып шығарды.

И. Алтынсаринның таңдамалы шығармаларын бұрын баспаға дайындауда жіберілген өрескел кемшіліктерді біз осы шығармалар жыйнағын құрастыруда еске алдық. И. Алтынсаринның 1943 және 1948 жылдары жарыққа шыққан таңдамалы шығармалар жыйнағына енген еңбектеріне біраз редакциялық өзгерістер кіргізілгенін көреміз. Бірақ классиктердің еңбегін өзгертпей басу қай жағынан қарағанда да дұрыс екендігі жұртқа мәлім. Сондықтан, Алтынсаринның осы шығармалар жыйнағына кірген еңбектерін құрастыруда біз алғашқы басылған күйінде, ал қолжазба түрде қалған еңбектерін сол күйінде сақтауға тырыстық.

Осы принципті берік ұстауда біз үлкен қиыншылықтарға кез-



дестік. Оның шығармаларында, әсіресе VI тарауға енген хаттарында, бастауыш, болмаса баяндауыш жетпейтін сөйлем құрылыстары жиі кездеседі. Кейбір сөйлем құрылысында бірнеше мағна беретін буындар, болмаса жартылай мағна беретін буындар кездеседі. Осындай жағдайларда біз тік жақшаға [ ] алып, сөз қосуға мәжбүр болдық. Сөйтіп, осы шығармада кездесетін тік жақшадағы сөздер бізге жатады, ал жай жақшалардағы сөздер автордың өзінікі.

Осы жыйнаққа енген кейбір шығармаларды қысқарттық деп жоғарыда ескертіп өткен болатынбыз. Бұл жөнінде оқушының есіне салатын нәрсе — VI тарауға енген хаттардың бірсыпырасы қысқартылды. Ол хаттарда қысқартылынған жерлерге үш ноқат қойдық, ал үштен артық көп ноқаттар автордың өзінікі.

«Жаныбек батыр», «Қара батыр» тағы басқа да кейбір сюжеттік ел әдебиеті нұсқаларынан алынған шығармаларды автордың өз шығармалары тарауларына қосқан себебіміз — И. Алтынсарин оларға мағна жағынан болсын, көркем әдебиет тілімен суреттеу жағынан болсын күрделі өзгерістер кіргізген. Сондықтан оларды автордың өз шығармалары тарауларына қосуды мақұл көрдік.


Ибраһим Алтынсарин прогрессивтік халық мәдениетінің мұрасына айрықша мән беріп, көңіл бөлген кісі. Сондықтан да, көбінесе, оның шығармаларының тақырыбы халықтың өмірінен алынған, халықты прогрессивтік жолға, бағытқа сілтейтін шығармалар десек, мұнымыз қате болмас деп ойлаймыз.

Осы шығармалар жыйнағын құрастыруда біз ССРО Ғылым академиясы бекіткен нұсқауға сүйендік. Ұлы ағартушының келешекте толық шығармалар жыйнағын баспаға дайындау біздің алдымызда тұрған күрделі міндеттің бірі екендігі сөзсіз.

**Б. С. СҮЛЕЙМЕНОВ,**

тарих ғылымдарының кандидаты.

25 март, 1955 ж.  
Алматы қаласы.





## ИБРАҺИМ АЛТЫНСАРИН

(1841—1889)

Өткен ғасырдағы қазақ мәдениетінде бір-біріне мүлдем қарсы екі бағыт болды.

Бірінші бағыт — төрелердің, байлардың мүддесін көксеп, қазақ елін кертартпа патриархальдық-феодалдық қоғамның салтында қалдыруды көздеді. Бұлар қазақ хандығы тұсындағы артта қалған өмірді аңсап, тарихты кері шегіндіруге тырысты. Өздерінің шығармаларында бұлар хандарды, олардың жұрағаттарын, ірі байларды дәріптеді. Осындай реакцияшыл бағытта Мұрат, Шортанбай сыяқты байшыл ақындар болды. Бұл ақындар ұлы орыс халқының жоғарғы сатыда дамып, өрлеп келе жатқан мәдениетіне қарсы шықты, араб, парсы елдерінің әлдеқайда артта қалған мәдениетін мақтады, қазақ мәдениетін осы елдердің мәдениеті бұғауында қалдыруды көздеді. Бұл байшыл ақындар ислам дінін дәріптеп, халықтың басын шыр айналдырды.

Екінші бағытта болғандар — араб, парсы елдері мәдениетінің артта қалғандығын, сол тарихи кезеңде кертартпа екендігін халыққа түсіндіруді көздеді. Патша әкімдерінің, төрелердің, байлардың еңбекші халыққа істеген зорлық-зомбылықтарын әшкерелеп, бұлар халық бұқарасының мүддесін көкседі, ұлы орыс халқының прогрессивтік мәдениетін дәріптеп, онымен қазақтың халық мәдениетін ұштастыруды көздеп, демократиялық бағытта дамытуға бастады. Бұлар: Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Уәлиханов, Ибраһим Алтынсарин, Абай (Ибраһим) Құнанбаев сыяқты белгілі ағартушылар.

Осы мақалада біз әрі терең ой-пікірдің иесі, әрі ұлы педагог, көркем сөздің ұстасы, белгілі ғалым Ибраһим Алтынсаринның өмірі мен творчествосына біраз тоқталмақпыз.

### I

Ибраһим Алтынсарин 1841 жылы 20 октябрь күні қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында туып, 1889-жылы 17 июль күні ертеңгі сағат 11 шамасында, Қостанай қаласынан 3 шақырымдай



жерде, Тобыл өзенінің иіні, «Инспектор көлі» жағасында салдырған өз үйінде дүниеден қайтыс болды.

Ибраһим Алтынсариннан екі ұл бала (үлкені 9 жаста, кішісі 2 жаста), екі қыз бала (үлкені 12 жаста — асырап алған, ағасының қызы, кішісі бір жаста) — небәрі 4 бала қалған.

Ибраһимның үлкен баласы әкесінің тірі кезінде Қостанай қаласындағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, сауатын ашқаннан кейін Троицкі қаласындағы гимназияда оқыды.

Ибраһим Алтынсарин 4 жасында әкесі өлгеннен кейін 4 жылдай атасы Балғожа бидің қолында өседі.

Балғожа Жанбырчин белгілі би, ірі бай болған кісі. Ол ұзақ уақыт Орынбордағы погран (шекара) комиссиясы қоластында, Қыпшақ руына старшина болып қызмет істеген, патша өкіметінен шеншекпен алған ірі феодалдың бірі.

Жас кезінде Ибраһим Алтынсарин үйінен кетіп мектепке түсіп, орысша оқып тәрбие алған.

1850 жылы Орынбор қаласында, қазақ балаларына арналып, 7 жылдық мектеп ашылды. Бұл мектепке Ибраһим Алтынсарин 9 жасында түсіп, оны 1857 жылы өте жақсы деген бағамен бітірді.

Патша үкіметінің реакцияшыл саясатын бүркеу мақсатымен жұртшылықтың көзін боямақшы болып, жергілікті патша әкімдері бұл мектепті ашуда түрлі әрекеттер жасады. Мысалы, әлгі айтылған мектеп 22 август күні 1850 жылы ашылды. Сол күні жергілікті колониялық өкімет Орынбор қаласына сұлтандарды, белгілі ақсақалдарды, ірі байларды шақырып, олардың құрметіне той жасады. Бұл той, 23 август күні қаланың сыртында Жайық өзенінің бойында өтті. Тойға жергілікті патша әкімдері тегіс қатысты. Бұл тойға жыйналған патша әкімдері мен сұлтандар, ірі байлар өзара тілектес екендіктерін білдірді.

Жаңа ашылған мектепке 30 бала, олардың ішінде 9 жасар Ибраһим, оқуға түсті. Жергілікті өкімет орны оқушы қазақ балаларына өзгеше түрлі киім тіктіріп кигізді және оларға қазақша тамақ астырып бергізетін болды. Жергілікті патша әкімдерінің той істегендегі, оқушы балаларға өзгеше түрлі киім кигізіп, қазақша тамақ астырып жүргендегі мақсаты — патша өкіметінің өрескел реакцияшыл саясатын бүркеу еді.

Балалар мектепте орыс тілі, кеңсе қатнас хаттарын жазу үлгілері, есеп, татар тілі сыяқты пәндерді және мұсылман діні сабағын оқыды.

Балалар жұма күні намаз оқуға міндетті болды. Жас болғандықтан олар ораза ұстаудан босатылды.

Бұл мектепті ашқандағы патша өкіметінің мақсаты — ауылдық жердегі өкімет орындарына орыс және татар тілдерінде іс жүргізіп отыратын сауатты писарьлер дайындап шығару болды.

Патша өкіметінің мақсаты оқушы қазақ балаларына өзінің колониялық саясатына сәйкес тәрбие беру болды, бұл мақсатта ислам дінін пайдаланып, балалардың көздерін бояп, бастарын шырмауға тырысты.

Күн сайын оқушы балалар арасына келіп, оларға молда: «Құдайға сыйынындар, Мұхамбеттің үмбетісіндер, патшаға құл болындар» деп үгіттеді.

Патша өкіметі прогрессивтік дамуға көлденең тұра алмады. Оқушы балалардың ішінен прогрессивтік бағытқа еліктегендері де болды, бұл жөнінде, әсіресе, Ибраһим өзінің құрбыларынан озат шықты.

Қолда бар деректерге қарағанда, мектепте оқып жүрген кезінде,

Ибраһим Алтынсаринге Орынбор қаласында тұратын орыс демократтарының әсері болды. Самодержавиеге қарсы күресте орыстың ұлы демократтары, олардың ішінде Герцен, Орынбор қаласына, Қазақстанға үлкен мән берген болатынды, — мұны біз Огаревтың Нечаевке жазған хаттарынан анық көреміз. Ибраһим ұлы орыс мәдениетіндегі жетістіктермен, әсіресе орыс әдебиетіндегі озат жетістіктермен танысуға ынтызар болды. Ол сабақтан қолы босаса-ақ орыстың ұлы ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың, көркем сөздің ұстасы Гогольдің — тағы басқалардың шығармаларын мейлінше құмарланып оқыды.

Олардың шығармаларын оқумен қабат, Ибраһим Орта-Азия халықтарынан шыққан Фердауси, Низами, Навои сыяқты белгілі ақындардың да шығармаларымен танысты.

Ибраһим Алтынсарин көркем шығармаларды, тарих, философия пәндері кітаптарын сол кезде Орынбор погран (шекара) комиссиясында қызмет істейтін белгілі ғалым В. Григорьевтің жеке кітапханасынан алып оқып, бірте-бірте білімін арттырды.

Ибраһим көп оқый алмай қалдым деп арман етеді.

Ибраһимның осы жыйнаққа енген хаттарына көңіл аударып, бірсыпыра шолып оқып таныссақ, оның өзбетімен оқуы арқасында ғана білімін көтергендігі сезіледі.

Ибраһим орыс тілін жете білген кісі. Ол шығыс халықтарының тілдерінен де, әсіресе, татар, араб тілдерінен де толық хабары болған адам.

1857 жылы, мектепті бітіргеннен кейін, Ибраһим Алтынсарин халық ағарту майданында қызмет істеуді мақсат етті. Бірақ, бұл мақсатына Ибраһим бірден жете алмады, себебі, бұл кезде Қазақстанда ғылым сатында ашылған халық мектептері шынында жоқ болатынды.

Сондықтан, 1860 жылы ол Орынбор облыстық басқару мекемесіне тілмаш болып кіріп, сонда аз уақыт қызмет істеді.

Тілмаштық қызмет Ибраһимды мүлдем қанағаттандырмады, өйткені, ол тек әншейін жай қызмет еді.

Аз уақыт істеген соң Ибраһим бұл қызметтен босануды көздеді. Сонымен қабат, қазақ сахарасында бастауыш мектептер ашуға рұқсат сұрап, ол күн сайын облыстық басшы қызметкерлердің мазасын ала берді. Сондықтан, 1861 жылы Орынбор облыстық басқару мекемесі, Ибраһимның тілегі бойынша Торғай және Ырғыз қалаларында қазақ балаларына арнап бастауыш мектептер ашуға рұқсат етті. Торғай қаласында бастауыш мектеп ашуды Ибраһимге, ал Ырғыз қаласында бастауыш мектеп ашуды онымен бірге оқып, 1857 жылы Орынбор қаласындағы қазақ балалары үшін ашылған мектепті бітіріп шыққан Шаһназар Құлыбековке жүктеді.

Орынбор облыстық басқару мекемесінен қызметтен босанып, сол жылы Ибраһим Алтынсарин Торғай қаласына келді.

Бұл мектептерді ашуға өкімет тарапынан қаражат берілмеді және жергілікті өкімет орындары да ешқандай көңіл аудармады, жәрдем көрсетуден бас тартты.

Ибраһим Алтынсарин тәуекелге бел байлап, өзбетімен мектеп ашу дайындығына кірісті. Ол, алдымен, елден қаражат жыйнамақшы болды. Ала-жаздай ел аралап қаражат жыйнады. Бұқара халық Ибраһимның игілікті талабын қарсы алды, үй басына 15 тыйыннан 1 сомға дейін, орталарынан қаражат жыйнап беруге жер-жерде қаулылар алынды. Халықтан бірсыпыра қаражат жыйналғаннан кейін, Ибраһим мектеп үйін салдыруға кірісті. Мектеп ашуға дайындық



жұмысы үш жылға созылды. Бұл уақыттарда Ибраһим үйінде қарап жатпады. Бір жағынан ол Торғай бекінісі бастығына тілмаш болып қызмет істесе, екінші жағынан елден үш-төрт бала жыйнап алып, өз үйінде оларды оқыта берді. Сөйтіп, уақытты бос өткізбей, мұғалімдік тәжірибесін арттырды.

1864 жылы 8 январь күні көптен бері күткен халық мектебі ашылды. Ибраһим, маңайындағы елдерді тұтас шақырып, жана ашылған бастауыш мектептің құрметіне той істеді. Бұл тойға Сары-Арқаны мекен еткен ауылдардың азаматтары қатысты. Той түрлі тамашалармен өтті. Тойға жыйналған халықтың ішінен 14 кісі балаларын оқуға жаздырды. Кейінірек тағы 2 бала мектепке келіп кірді. Сөйтіп, небәрі 16 бала жана ашылған бастауыш мектепке түсті. Мектептің жанынан оқушы балаларға арналып интернат ашылды. Балалар осы интернатта жатып оқыды. Балаларды бағып-қағуға Ибраһимның өзі тікелей басшылық етті.

Ибраһим балаларды оқытуға бар ынтасымен кірісті. Ол өзінің бір хатында: «Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқый білетін және орысша, татарша жаза білетін болды»,<sup>1</sup>— деп жазды.

Ибраһим Алтынсарин балаларға сабақты өте қызғылықты, түсінікті етіп берді. Мұны біз оның жазған хаттарынан айқын көреміз. Өзінің оқыту әдісін Алтынсарин төмендегі түрде мәлімдейді: «Әуелі оларға (балаларға — Б. С.) зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, содан кейін заттың сынын көрсететін — сын есімді үйретемін. Осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып: *ақ адам* деген сыяқты сөйлемдерді құрып үйретемін. Одан әрі етістік, жақтау, септеу, орысша сөздерді жынысқа бөлуді және есеп үйретемін. Осыдан кейін келіп самоучительден сөйлем аудартып үйретемін»<sup>2</sup>.

Жеделділігі, зиректігі арқасында, Ибраһим оқыту әдісін қызмет бабында, сабақ беру барысында үйреніп, бірте-бірте оның дидактикалық көзқарасы тізілді. Ол оқу процесін күнделікті өмірмен ұштастыруды көздеп, оқушы балалар мектептен білім-тәрбие алатын болса, олар өмірден қоса оқып, тәлім алатын болсын деді. «Шәкірттерім аздап орысша сөйлей біле бастаған кезде мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Оған менің заң жағынан қақым бар. Қысқасы, бұл шәкірттерім төрт жыл ішінде, мектепті бітіргенге дейін, әжептәуір сөйлеп, ол-пұлды біліп қалар деген үмітім зор»,<sup>3</sup>— деп жазды Ибраһим Алтынсарин.

Сөйтіп, Ибраһим Алтынсаринның ұлы ағартушылық қызметінің алғашқы қадамы және оның саяси-қоғамдық көзқарасы қалыптаса бастады.

## II

Ибраһим Алтынсаринның саяси-қоғамдық көзқарасы өткен ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Бұл кезде патшалық Россияда әлемге белгілі өзгерістер болды. 1861 жылы патша өкіметі лаж-

<sup>1</sup> Осы шығармалар жыйнағының VI тарауындағы, 1864 жылы, 16 мартта жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Содан қараңыз.

<sup>3</sup> Содан қараңыз.

сыздан шаруалар туралы ереже қабылдады. Осы ережеде, талай ғасырлар бойы басыбайлы (крепостной) болып келген шаруаларға бостандық берілді деп жарияланды. Бірақ, бұл ереже шаруалардың тұрмысын жақсартқан жоқ, қайта нашарлата түсті. «Бүкілодақтық коммунист партиясы тарихының қысқаша курсінде» осы ережені төмендегі түрде бағалайды: «Бірақ помещиктер крепостнойлық право жойылғаннан кейін де шаруаларды езе берді. Помещиктер шаруаларды «азат еткен» кезде шаруалардың бұрын пайдаланып келген жерлерінің едәуір бөлегін тартып алып, кесіп алып, оларды талады».<sup>1</sup>

«Азат етілген» шаруалар, сөйтіп, помещиктердің қанауында қала берді.

Шаруалар помещиктердің жерлерін өте ауыр бағаға жалдап алып пайдаланатын болды, көбінесе осы жерден түскен өнімнің жартысынан артығын помещиктерге берді, немесе өз соқа-саймандарымен, көліктерімен помещиктердің жерлерін босқа айдап, егіндерін тегін орып берді, жыл бойы тынбай олардың қызметтерін істеді.

Бірақ та, екінші жағынан, бұл ереженің маңызы зор болды, ол келешекте Россияда капитализмнің дамуына, жұмысшы табының өсуіне жол ашты.

В. И. Ленин, осы ереженің нәтижесінде шаруалардың тұрмыс халінің өте күйзелгенін, бұның помещиктердің мүддесін көздеген ереже екендігін айта келіп, осы ережеден кейін шаруалардың саяси сезімдері көтерілді, олар келешекте бостандық туы астында күреске шықты деп жазды.<sup>2</sup>

Өткен ғасырдың 60-жылдарында Россияда революцияшыл қозғалыс күшейді. Ұлы революцияшыл-демократтар Чернышевский мен Добролюбов, Герцен мен Некрасовтар еңбекші халық бұқарасын патша самодержавиесіне қарсы революцияшыл күреске шақырды.

Белинскийдің Гогольге, Чернышевскийдің крепостной шаруаларға жазған хаттары халық арасына бірден-бірге тарай берді.

Герценнің «Колокол» және «Современник» журналдарының бетінде патша үкіметінің өрескел реакцияшыл саясатын әшкерелеп жазған мақалалары жиі-жиі басылып отырды.

Бүкіл Россиядағы озат ой-пікірлер осы ұлы революцияшыл-демократтар: Белинский мен Чернышевскийдің, Добролюбов пен Герценнің озат материалистік ой-пікірлері ықпалында дамыды.

Қазақтың аса көрнекті ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ибраһим Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың да озат пікірлерінің қалыптасуларына Россияның ұлы революцияшыл-демократтары орасан әсер етті. Соңғы уақыттарда басылған шығармаларда болсын, ғылыми мақалаларда болсын, қазақтың жоғарыда аталған ұлы ағартушылары ұлы орыс халқының озат мәдениетінен нәр алған деп дұрыс жазылып жүр.

Әрине, өткен ғасырда өмір сүрген қазақтың ұлы ағартушылары ұлы орыс мәдениетімен қабат, қазақтың прогрессивтік халық мәдениетінен де нәр алды. Олар, көршілес Орта-Азия халықтарынан шыққан белгілі ақын-жазушылардың шығармаларын да оқып, біркелкі білімдерін арттырғандықтары сөзсіз.

---

<sup>1</sup> Бүкілодақтық коммунист партиясының тарихы. Қысқаша курс, 5-бет.

<sup>2</sup> В. И. Ленин. Толық шығармалары, орысша төртінші рет басылуы, 17 том, 65-бет.



Жоғарыда айтып өттік, Ибраһим Алтынсарин белгілі тарихи кезеңде өмір сүрді.

1861 жылғы шаруалар ережесін қабылдағаннан кейін, патша өкіметі әртүрлі жергілікті өкімет орындарын, мектеп жұмысын, сот орындарын қайта құру жөнінде ережелер шығарды.

Патша үкіметі 1860 жылдың орта кезінде өзіне бағынышты отар аймақтарға арнап колониялық ережелер қабылдады. Патша үкіметі алдымен колониялық ережені Терістік Кавказдағы, Еділ өзені бойындағы езілген халықтарға арнап шығарды. Сол кезде патша үкіметі қазақ жерінде де жергілікті басқару орындарын өзінің негізгі реакцияшыл саясатына сәйкес қайта құрып, қазақ халқын өзіне түпкілікті бағындыру, чиновниктер мен байлардың одағын құру шараларын қолға алды. Сол мақсатпен, ол 1865 жылы қазақ өлкесіне полковник Гирс басқарған әдейі комиссия шығарып, колониялық ереже қабылдауға дайындық жүргізді. Патша үкіметі 1867 жылы Түркстан өлкесіне, 1868 жылы Орынбор, Батыс-Сібір өлкелеріне арнап «Уақытша ереже» шығарды. Бұл ереже бойынша, бұрынғы жергілікті орындардың басқару тәртібі өзгертіліп, қайтадан құрылды. Бүкіл қазақ жері алты облысқа бөлінді: Сыр-Дария, Жетісу облыстары — Түркстан өлкесіне (генерал-губернаторына), Семей, Ақмола облыстары — Батыс-Сібір өлкесіне (генерал-губернаторына), Торғай, Орал облыстары — Орынбор өлкесіне (генерал-губернаторына) қарады. Бұрынғы Бөкей хандығы уақытша Торғай облысына қарап келіп, көп кешікпей-ақ Астрахань губерниясына, ал Маңғыстау түбегі (Адай руы) — Кавказ соғыс округіне қарайтын болды.

Әр облыс — бірнеше уездерге, уезд — бірнеше болыстарға, болыс — бірнеше ауылдарға бөлінді.

Ауылнайларды, болыстарды сайлау арқылы, тиісті өкімет орындары тағайындап отыратын болды. Әрбір ауылда, болыста бірнеше би сайланатын болды. Сайлау кезінде ру таласы күшейіп, пара алу әдетке айналды. Бірақ та, бұл ереженің нәтижесінде қазақ жері бүкіл Россияның шаруашылық, сауда, мәдени даму ағымдарына қосылды, келешекте қазақ жерінің бірте-бірте ілгері дамуына біркелкі жол ашылды.

Біздің уақытымызға дейін сақталып келген деректерге қарағанда, Ибраһимның бұл «Уақытша ереженің» кейбір прогрессивтік жақтарын аңғарғандығы сезіледі. Ол, осы ережеден кейін, Торғай уездік басқару мекемесінде, сот орнында біраз уақыт іс жүргізуші, аға жәрдемші болып қызмет істеген.

Ибраһим Алтынсарин осы колониялық ереже қабылданғаннан кейін ауылдық жерлерде сайлауға да қатысты.

Болыстарды, ауылнайларды, билерді сайлауда елде ру таласы қозып, пара алу, зорлық-зомбылық көрсетулер мейлінше өріс алды.

Ибраһим Алтынсарин ру таласын және басқа да түрлі өрескел сорақылықтарды қоздырушы сұлтандар мен байларға тікелей қарсы шықты, олардың бұл қылықтарын халық алдында әшкереледі. Сондықтан, сұлтандар, ірі байлар Ибраһимның үстінен әлденеше рет Орынбор оқу округіне, Торғай облысының соғыс губернаторына және Ішкі істер министрлігіне арыздар берді. Олар Ибраһимді өкімет заңы — «Уақытша ережеге» қарсы бұзақы адам деп айыптады. Бірақ, өкімет орындары тексеріп қарап, Ибраһимның кінәсын тікелей мойнына қоя алмады, сондықтан, оны бірден жауапқа тарта алмай, амалдары құрыды.

Ибраһим Алтынсарин байлардың жауыздықтарына қарсы күресті тоқтатпады, қайта күшейте түсті. Мысалы, Николаев (Қостанай)

уезіне көшіп келгеннен кейін, 1883 жылы Ибраһим Алтынсарин өзінің туған ауылы Арақарағай болысына барып, сайлауға қатысты. Сол кезде ірі байлар, олардың ішінде Ибраһимның екі немере ағасы бар, жұртшылықты екіге бөліп алып, ру таласын қоздырып жатқан кезі еді. Еңбекші халық бұқарасы Ибраһимге келіп, оған байлардың өрескел қылықтарын, ру таласының нәтижесінде халықтың күйзелгендігін айтып шағынды, одан ақыл сұрады.

Ибраһим еңбекші халық бұқарасына ақылгөй болды, баққұмар, паракүнем байларды әшкерелеп, оларға қарсы шығуға кеңес берді.

Ибраһимның ұсынысы бойынша, халық бұқарасы баққұмар байларды әшкерлеп, орталарынан бір қартты болыс сайлады. Осы уақытқа жөнінде Ибраһим:

«Менің екі немере туысқаным болыстыққа таласып, он жылдан бері араздасып жүр еді, бүкіл болысты екі партияға бөліп жіберген бұл талас өте қатты шиеленісіп, ұрысқа жетіп, бұл бақытсыз болысты қатты күйзелткен болатын. Мен келісімен жай бұқара халық мені туысқандарын татуластырар деп үміттеніп, мұны менен қатты сұрай бастады. Менің татуласындар дегеніме әлгі ақмақтар көнбеді. Сондықтан, халыққа: бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламаңдар, басқа бір адамды сайлаңдар, деуіме тура келді. Осы кеңесім бойынша, көпшілік бір беделді қартты болыс сайлады»<sup>1</sup>,— деп жазады.

Бұл оқыйға Ибраһим Алтынсаринның жан-тәнімен беріліп, әрқашан да халықтың мүддесін көксегендігіне дәлел.

Бұдан соң зұлым байлар жоғарғы өкімет орындарына Ибраһимнің үстінен арыз жаудырды. «Сонымен, жаңағы туысқандарымның біреуі әртүрлі қас адамдардың тіліне еріп, попечительге де, губернаторға да, тіпті Ішкі істер министріне де: қызмет адамдарын сайлауға орынсыз қол сұқты деп, менің үстімнен арыз жаудыра бастады»<sup>2</sup>,— деп жазады өзінің бір хатында Ибраһим Алтынсарин.

Берген арыздарында байлар Ибраһим Алтынсаринды: «Бұл үкіметке қарсы ойы бар бір социалист болар дейміз, өйткені, бұл іске келіп қол сұғуына басқа себеп болуға тиіс емес еді»<sup>3</sup>— деді.

Осы бір ғана деректен біз Ибраһим Алтынсаринды «социалист» деп қортынды шығара алмаймыз. Бірақ Ибраһим Алтынсаринның бұқара халықтың мүддесін көксеуі, просветительдік (ағартушылық) жолда болуы байлардың оны «үкіметке қарсы ойы бар социалист» деп айтуларына себеп болғандығы даусыз.

Жергілікті үкімет орындары осы арызды алған бойға Ибраһим Алтынсаринды таптіштеп ұзақ уақыт тексере бастады, бірақ оған тікелей кінә таға алмағандықтан, соттаудан бастартты да, оның артынан тыңшыларын салып қойып, бақылауды күшейтті.

Бұл уақыттан кейін де ұлы ағартушы Ибраһим Алтынсарин байларға, жергілікті патша әкімдеріне қарсы күресті тоқтатуға болмайды, олардың сорақы қылықтарын бүркеуге ешбір мүмкіншілік жоқ деп жазды. «... амалын тауып, мүмкіндігі болған жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек. Суға батып бара жатқан кісіні көре тұрып қол ұшын бермеу — арамдық болар еді»<sup>4</sup>— деді И. Алтынсарин.

<sup>1</sup> Осы шығармалар жыйнағының VI тарауындағы, 1884 жылы, 14 сентябрьде жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Содан қараңыз,

<sup>3</sup> Содан қараңыз.

<sup>4</sup> Бұл да сонда.



Ибраһим Алтынсарин қоғамның өміріне кесірі тиетін жауыздыққа қарсы әрқашан да күресті күшейте түсуге серт берді. «Ал енді, құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта да қайтпайым. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылмыстарына қарсы тұруға, нахақ жала-жапсырудың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін»<sup>1</sup> — деп жазды ол.

Ибраһим Алтынсарин жергілікті патша чиновниктерінің адам айтқысыз сорақылықтарын әшкерелеп отырды. Торғай қаласына бірінші келген жылы Ибраһим колониялық әкімдер жөнінде былай деп жазды: «Мен бұл арадан өзіме жолдас таба алмадым. Казачий деген халық есерсоқ және өсекшіл халық қой.

Бекініске келген күнімнен бастап, тек бір ғана қолайсыздықты, оңбағандықты, өтірік-өсекті көрдім. Мені осындай істерге қаншама тартқысы келсе де, әзір құдай аман сақтап келеді».<sup>2</sup>

Ибраһим Алтынсаринның бұл сөзінен де, оның әділеттілікті жақтаған, халықтың мәртебесін жоғары ұстаған адам екендігін көреміз.

Ибраһим Алтынсарин мынау алыс, мынау жақын деп қарамады, халық бұқарасының бәріне бірдей қарады, туысқандық жағынан жақын болса да, әділетсіз байларға қаны қас болды, бұл жөнінде жоғарыда біркелкі айтып өттік. Еңбекші халық бұқарасына зорлық-зомбылық істеген шынжырбалақ, шұбартөс байлар жөнінде Ибраһим Алтынсарин: «Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, олардың ішінде менің өз туысқандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін. Қөбін тіпті жек көремін. Қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай қасқырдың аузына жем болатын қорғансыз момындарды адамшылықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды»<sup>3</sup> — деп әшкереледі.

Ибраһим Алтынсаринның қоғам тұрмысына осындай көзқарастары — оның халықты сүйгендігін, қоғам өміріне демократиялық көзқараста болғандығын, адамгершілік қасиеттің нұрына бөленгендігін сыйпаттайды.

Ибраһим Алтынсарин патша өкіметінің реакцияшыл саясатына мүлдем қарсы шықты.

Ол 1880 жылы патша өкіметінің қазақ даласын отарлау, қазақ еңбекшілерінің шұрайлы жерлерін мемлекет қорына тартып алу жөнінде заң жобасын жасағанын есітіп, оған ашықтан-ашық қарсы шықты. «Оренбургский листок» газетіне сол жылы мақала да жазды. Сонымен қабат, өзінің Орынбор оқу округінің жанындағы татар, башқұрт және қазақ мектептерін басқаратын инспектор В. Катаринскийге жіберген бір хатында Ибраһим Алтынсарин:

«Осындай ерсі жобаларды (патшаның отарлау заңы жөнінде — Б. С.) оқығанда және естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қолайсыздау істеп отырғандығымды біле тұрсам да, өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым»<sup>4</sup> — деп жазды.

Ибраһим Алтынсарин өзінің барлық еңбектері мен сөздерінде халықты егін кәсібімен шұғылдануға үгіттеді және отырықшылық

<sup>1</sup> Содан қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1860 жылы, 18 ноябрьде жазылған хатты қараңыз,

<sup>3</sup> Сонда, 1864 жылы, 14 апрельде жазылған хатты қараңыз.

<sup>4</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1880 жылы, 7 апрельде жазылған хатты қараңыз.

тұрмысты насихаттады. Ол бір мақаласында. «Әрбір халық прогресс жолымен дамып отырып, ақыр аяғында көшпелі салттан отырықшылыққа айналуға тиіс»,<sup>1</sup>— деп жазды.

Ибраһим Алтынсарин «Қыпшақ Сейіткұл» деген көркем шығарма жазып, оны өзінің «Қазақ хрестоматиясына» енгізіп, бастырып шығарды. Осы әңгімеде, ол Қыпшақ Сейіткұлдың қалайша отыз үй кедейлер тобын бастап, Торғай өзенінің бойына келіп қоныстанғанын суреттейді. Сейіткұл егін егіп, одан жыл сайын мол өнім алып отырған. Бұл жерде Алтынсарин егіншіліктің жақсы кәсіп екенін дәріптейді. «Осы данышпан кісінің [Сейіткұлдың — Б. С.] ақылымен,— деп жазады Ибраһим Алтынсарин,— егінді әдет еткен халық, Қабырға суының [Торғай өзенінің бір тарауы — Б. С.] бойында әлі көп. Жарлы, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінмен айналысады, ерінбей еңбектенсе бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады»,— деп ағартушы ағамыз Алтынсарин еңбекшілерді егін кәсібімен шұғылдануға шақырады, сөйтіп, халықты игілікті іске бастайды. Ол егіннің жақсы кәсіп екенін, бар байлық адал еңбек пен жер қыртысынан табылатынын баса көрсетеді.

Алтынсарин халықты еңбек етуге үгіттейді, «еңбек етсең — емерсің» деген мәтелді келтіреді. Кімде-кім «біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын»<sup>2</sup> болса — ол бақытты адам деп жұртшылықты еңбекке баулады. Ибраһим Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдеріне: «Мектептердегі оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек,<sup>3</sup> — деп нұсқау берді және ол мектептердің халықтың мүддесіне сәйкес ашылулары керек екендігін ашып көрсетті. Ол мектептерді бітіргенде «азды-көпті білім алып, белгілі бір бағыт алып шығып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатын болсын деген мақсатымызды еске ала отырып, оқушыларды тәрбиелеу жағына көбірек зер салуымыз керек»<sup>4</sup> деді. Бұл нұсқаудан біз, бір жағынан, Алтынсаринның кеменгер кісі екендігін сезсек, екінші жағынан, оның ашқан мектептері демократияшыл көзқарастағы білімді адамдар дайындап шығаратын орда екендігін, ал осы орданың кірпішін қалаған Алтынсарин — сол мектептерден оқып шыққан қазақтың демократ интеллигенттерінің атасы екендігін көреміз.

Қоғам дамуының заңдарын түсінуге келгенде, Маркске дейінгі барлық ғалымдар тәрізді, Ибраһим Алтынсарин да, онымен бірге Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев сыяқты ағартушыларымыз да, идеалистік көзқараста болды. Бірақ, олар табиғат заңын тануда материалистік көзқараста болды. Алтынсарин христиан дініне де, мұсылман дініне де қарсы болды. Әсіресе, Алтынсарин адамның басын шыр айналдырып, табиғи тілін бұзатын молдаларға қаны қас еді.

Торғай облыстық оқу инспекторы қызметін атқарып тұрған уақытта, Алтынсарин қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік бағыттағы мұғалімдердің теріс пиғылын әшкерелеп, оларға жол бермеді, қатаң тыйым салды. В. Катаринскийге жазған бір хатында, Ибраһим Алтынсарин Орскі қала-

<sup>1</sup> «Оренбургский листок», 1880, № 18.

<sup>2</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1885 жылы, 25 октябрьде жазылған хатты қараңыз.

<sup>3</sup> Сонда, 1879 жылы, 25 ноябрьде жазылған хатты қараңыз.

<sup>4</sup> Бұл да сонда.



сындағы мұғалімдер мектебін басқарушы және мұғалім қызметін атқарушы А. Бессоновтың миссионерлік жат пікірін әшкереледі. Алтынсарин В. Қатаринскийге мына төмендегі уақығаны хабарлады: «Сізге өте бір қайғылы хабар білдіруіме тура келіп отыр. Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә, есінен айрылған болар деймін. Әйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. Бақсам, ол мұғалімдер мектебінің 3-ші және 4-кластарына, оқушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде, бір жағынан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастапты да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бастарта бастапты. Тіпті ол өз шәкірттерін залым деу сыяқты сөздерге дейін, және оларды кластан желкелеп шығаруға дейін барыпты».<sup>1</sup>

Інжіл мен оның парыздарын оқыту ең оңбағандық, теріс бағытта болушылық дей келіп, Ибраһим Алтынсарин бұл уақығаны үйлеріне хабарламағандығы үшін оқушы балаларға алғыс айтты. «Әйтпегенде мұнымен,— деп жазды ол,— тек мұғалімдер мектебінің келешегін ғана емес, онымен қабат жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой... Орыс қазақ мектебі арқылы білім алуға мәңгі зыян келтіретін бір маскара жанжал көтеріліп кетуі мүмкін».<sup>2</sup>

Осы уақығаны естіген соң Ибраһим Алтынсарин төтенше бұйрық жазып, мұғалімдер мектебінде дін сабағын жүргізу мүлдем тоқтатылсын, ал орыс-қазақ мектептерінде дін сабағы оқытылатын уақытта, қазақ балалары жекеленілсін деп, мұғалімдерге ескертті. Сонымен қабат, Бессоновты мұғалімдіктен босатып, оған қатаң шара қолдануды Орынбор оқу округінен талап етті.

Ибраһим Алтынсарин дәл өзінің дүниеден қайтыс болуы қарсаңында, миссионерлік тұрғыдан келіп туған, бұдан басқа да бір уақығаны есітіп, қатты қынжылып, оған дереу қарсылық білдірді.

Красноуфимскі қаласында ауылшаруашылық мектебі болатын. Ауыл шаруашылығы мамандарын дайындау мақсатымен, Алтынсарин оған бірнеше қазақ жастарын жіберіп, оқуға кіргізді. Бұл оқушы балаларға халықтан жыйналған қаражаттан стипендия төлеп тұрды.

Миссионерлік бағыттағы мұғалімдер осы оқушы қазақ балаларының бастарын айналдыруға түрлі әрекеттер жасауға кіріскендіктерін есітіп, Алтынсарин оған қатты ренжіді. В. Қатаринскийге жазған хатында, Ибраһим Алтынсарин: «Енді тағы бір наразылық, яғни қазақ оқушыларының наразылығы, Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде де туып отырған көрінеді. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мүлде елемей, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс оқушыларымен бірге ғибадат еткізу деседі. Мұның бәрі де өте ұнамсыз нәрсе ғой, сондықтан, әзір ештеңе бола қоймай тұрған кезінде сонда барып, оқушыларды түсіндіріп, наразылықты жойғым келеді. Ал, егер қажет болған жағдайда директордың өзімен де сөйлескім келеді»,<sup>3</sup>— деп жазып, мұндай өрескел реакцияшыл бағытты тойтарып, келешекте миссионерлік қылыққа тыйым салуды көздеді.

<sup>1</sup> Сонда, 1889 жылы, 20 февральда жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Содан қараңыз.

<sup>3</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1889 жылы, 10 майда жазылған хатты қараңыз.

Ибраһим Алтынсарин ислам дінінің де өріс алуына қарсы шықты. Ол ислам дінін халықтың болашағына, экономиканың, мәдениеттің дамуына кесірі тиетін кертартпа ағым деп санады. Ал, молдалар нағыз барып тұрған әзәзілдер деді. Ол бір хатында жазды: «Молдалар, өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Біздің елімізге молда дегендер өте көп жайылып барады. Оларды қазақ арасынан қуып шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Өйткені, молданың абройына тілі тиген кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ кәпір болып көрінеді».<sup>1</sup>

Ислам дінінің ықпалын, ғылыми сатыда қазақтың ана тілінде жазылған кітаптар бастырып шығарып, халық арасына тарату арқылы ғана бірте-бірте бәсеңдетуге мүмкіншілік туады деп ойлады, Ибраһим Алтынсарин. Бір хатында: «Мәселенің мәнді жері — қазақтарға ислам дінінің ықпалын тигізбеу — қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін, бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқып, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар зор күш болар еді»,<sup>2</sup>— деп жазып, Ибраһим Алтынсарин ислам дінінің ықпалын бәсеңдету, халық алдында молдалардың беделін төгу жолын осылайша шешті.

Орыс-қазақ мектептері дінге қарсы күресуде ең үлкен тірек деп ойлады Алтынсарин. «Мектеп — қазақтарға білім берудің басты құралы... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде. Сондықтан, оқымаған халықты мектепке тарту үшін мектептерде жақсы (болмаса біркелкі жақсы) білім берілетін болсын... Ғылыммен қаруланған, әрнәрсеге дұрыс көзқарасы бар осы оқушылар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады, сонда... фанатизмнің де күлі көкке ұшады»,— деп, Ибраһим Алтынсарин еңбекші халық бұқарасына дұрыс бағыт көрсетті.

Біз осы деректерден Алтынсаринның ислам дініне, сол жолды қуғандарға қарсы күрес ашқанын көреміз.

Осы бетінен қайтпай, дінге қарсы күресті үдетуде Алтынсарин талай қыйыншылықтарға кездесті. Патша үкіметі ислам дінінің парыздары орыс-қазақ мектептерінде оқытылсын деп нұсқау берді. Осындай жағдайда ислам дінінің парыздарын орыс-қазақ мектептеріне оқыттыруға Алтынсарин амалсыздан мәжбүр болды.

Молдаларды өзбетімен жіберсек, олар оқушылардың басын шыр айналдырады, ой-пікірлерін тарылтады деп ойлап, Ибраһим Алтынсарин ислам дінінің негізгі парыздары жөнінде қазақ тілінде кітапша жазбақ болды. Кейін бұл кітапша «Шарайтіл Ислам» деген атпен басылып шықты.

Әрине, Алтынсаринның бұл кемшілігі қыйын-қыстау өмірдің қыспағынан туғандығын көреміз — оны естен шығаруға болмайды, бірақ бұл кемшіліктен Алтынсаринның ұлы ағартушылық дәрежесі ешбір кемімейді.

### III

Орыстың ұлы просветительдері Белинский мен Герценнің, Чернышевский мен Добролюбовтың ықпалымен өткен ғасырдың екінші

<sup>1</sup> Сонда, 1862 жылы жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1871 жылы, 31 августа жазылған хатты қараңыз.

жарымында Шоқан Уәлиханов, Ибраһим Алтынсарин, Абай Құнанбаев Қазақстанда ой-пікір даму тарихына зор өзгеріс кіргізді.

Ибраһим Алтынсаринның дәл алдында, ХІХ ғасырдың 50-жылдарында және 60-жылдарының бас кезінде Шоқан Уәлиханов өмір сүріп, қызмет етті. Ол ірі феодал-аксүйектер ортасынан шыға тұрып, атасы Абылай ханның дәстүрінен батыл түрде бастартты.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқына озат Россияны нұсқады, өз халқына сіңірген оның бұл тарихи еңбегі әрқашан да мәңгі сақталады.

Шоқан Уәлихановтың декабристермен кейбір ұқсас жерлері бар. В. И. Лениннің — бұлар халықтан аулақ болды<sup>1</sup> — деп, дворян революционерлерге берген бағасының Шоқан Уәлихановке де қатысы бар екендігі сөзсіз.

Шоқан Уәлихановтың: «Менің ойым сұлтан болып, өз отандастарыма пайда келтіру, оларды чиновниктер мен байлардың тепкісінен қорғау еді... Мен бәрінен бұрын өз жерлестеріме оқымысты сұлтан, әкімнің пайдалы болатынын өз басыммен көрсетсем бе деп едім»,<sup>2</sup> — деп жазуы кездейсоқ нәрсе емес.

Шоқан Уәлихановтың сөздерінен оның таптық көзқарасының тайыздығы байқалады. Бірақ, бұл оның қазақ халқы тарихындағы аса көрнекті орнын ешбір кеміте алмайды.

Уәлиханов үстем феодал табына қас болды, бұған оның мына сөздері айғақ: «Қоғамдағы қасиетті таптың пікір-пиғылын халықтың нағыз шын тілегіне керісінше түсіну керек. Өйткені, атақты бай адамдардың мүддесі әрқашан да көпшілік бұқараның мүддесіне жау болады»<sup>3</sup> — Және де ол: «Жергілікті сұлтандармен де, байлармен де... шығыса алмай жүрмін. Себебі: олар бұрын өздеріне құл болып, қазіргі күнде аздап азаттық алған, бірақ кетуге әлі де жол таба алмай жүрген жандарды айуанша ұстайды»<sup>4</sup>, — деп жазды.

Шоқан Уәлиханов жалпы дін фанатизмнің бәрі де халықтың ілгері дамуына қырсығын тигізетінін айтып, әсіресе, ислам дініне қарсылық білдірді. Ш. Уәлиханов: «Орыстарға жатырқап қарауымыздың да, барлық қайғылы халдеріміздің де бір ғана себебі бар, ол — мұсылман пуританизмі, онан басқа себеп жоқ»<sup>5</sup>, — деп ойлады.

Шоқан Уәлиханов творчестволық күші толысып тұрған жас кезінде қайтыс болды. Содан былайғы жерде ағартушылық туды көтеріп, ілгері алып барған Ибраһим Алтынсарин еді.

Ибраһим Алтынсарин бұқара халықпен бірге болды. Осы тұрғыдан қарағанда, ол Шоқан Уәлихановтан бір қадам ілгері.

Ибраһим Алтынсарин Қазақстанда ұлы ағартушылық идеясын қалың халық бұқарасына тарататын, сөйтіп, оны ілгері алып бара алатын кадрлар даярлауды ірі мақсат етіп қойды. Мұндай кадрларды ол тек азаматтық халық мектептері арқылы ғана дайындап шығаруға болатындығын ұғынды. Ибраһим Алтынсарин Қазақстанда халық ағарту жұмысын ұйымдастырып, оны жолға қоюды, оған дұрыс бағыт беруді үлкен арман етті. Халық ағарту жұмысын ұйымдас-

<sup>1</sup> В. И. Ленин. Шығармалар жыйнағы, 4-рет орыс тілінде басулуы, 18-том, 14 бет.

<sup>2</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1947 ж., 110-бет.

<sup>3</sup> Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. 41-бетін қараңыз.

<sup>4</sup> Сонда, 117-бетін қараңыз.

<sup>5</sup> Сонда, 102-бетін қараңыз.



тырып, оны ілгері алып бару үшін алғашқы кезде «түгел беріліп халықты сүйетін, мен сыяқты қазақ керек» — деп жазды ол.

1879-жылы Ибраһим Алтынсарин Торғай облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалды.

Торғай облысы сол кезде: Елек, Ырғыз, Торғай, Николаев (Қостанай).— небәрі төрт уезге бөлінетін еді. Сол кездегі Торғай облысының көлемі кәзіргі Қостанай облысын тұтас, Ақтөбе облысының көпшілігін, Чкалов облысының (РСФСР) бірнеше аудандарын қамтыды.

Торғай облысынан басқа да, Орынбор губерниясінің қоластына қарайтын Троицк уезіндегі мектептерді де Алтынсарин қоса басқарды.

Облыстық халық ағарту қызметін атқаруға Алтынсарин бар жігерімен кірісті, облыс көлемінде азаматтық халық мектептерін шебер ұйымдастыра бастады.

Ибраһим Алтынсаринның аса көрнекті тарихи еңбегінің бірі — ол тұңғыш рет Қазақстанда азаматтық халық мектептерін ашты, сол мектептерде орыс тілін және қазақтың ана тілін жеке пән етіп енгізіп, оны оқушы балаларға білім жолымен үйретті, азаматтық мектептерді патша үкіметінің реакцияшыл миссионерлік саясатына да, реакцияшыл ислам дініне де қарсы ұстай білді. Сөйтіп, Ибраһим Алтынсарин бұл идеяны өзінің шығармаларында да дәріптеді, іс жүзіне де асыруға жедел кірісті. Оның ашқан мектептері қазақ даласына ұлы орыс халқының демократияшыл озат мәдениетін тарататын тіректі пунктке айналды.

Алтынсарин ағартушылық жұмысын іске асыруда талай қыйыншылықтарға кездесті, оған ағарту жұмысын тыннан ұйымдастыруға тура келді. Бір хатында Ибраһим Алтынсарин: «Бізге ең ауыр және жауапты кезең кез келіп отыр; бұл кезеңде біз бәрін де жанадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміміздің жеткенінше олардың көзіп ашуымыз керек. Іс басында жақсы қойылса, оның акыры да жақсы болады. Ешбір дайын материалдық күшсіз мектеп ашу бәрінен де қыйын екен. Сондықтан мен кәзір ел кезіп, әртүрлі топтардан, әртүрлі қоғамдық, уездік және облыстық үкімет орындарынан қаражат сұрап алып жүрмін»,<sup>1</sup>— деп жазды.

Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы болып қызмет істегенде, ол Торғай облыстық басқару мекемесіне тікелей бағынды, сол арқылы Орынбор оқу округіне қарады.

Торғай облысының бас қаласы Орынбор болды. Барлық облыстық мекемелер сонда тұрды. Ал Ибраһим Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалғаннан кейін, үш жылға жуық Торғай қаласында тұрып, одан соң Қостанай қаласына көшіп барды, сонда тұрып облыста ағарту жұмысын басқарды. Ол Қостанай қаласына үш шақырымдай жерде, Тобыл өзенінің иінінде, бір кішкене көлдің жағасында, өз қаражатымен үй салдырып, сонда тұрып инспекторлық қызметін атқарды. Өзінің өлер шағында сол үйін орыс-қазақ мектептерінде істейтін мұғалімдерге бағыштады. Ол үй келешекте демалыс үйіне айналды. Ал 500 десятинадай өзіне тиісті жерін, ол Қостанай қаласында ашылғалы жатқан ауылшаруашылық училищесіне бағыштады. Алтынсарин мекендеген жердегі көлді жер-

---

<sup>1</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1881 жылы, 4 октябрьде жазылған хатты қараңыз.

гілікті халық «Инспектор көлі» деп атады,— сол көл осы уақытқа дейін «Инспектор көлі» делініп аталынады.

Облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалғаннан соң Ибраһим Алтынсарин мектептер ашуға кірісті. Ол алдымен уездік қалаларда орыс-қазақ балалары бірге оқыйтын орталық орыс-қазақ училищелерін ашуды қажет деп тауып, бірден дайындық жұмысын жүргізді. Бұл мектептерді ашу оған оңай соқпады. Өйткені, үкімет тарапынан қаржы берілмеді, тіпті бұл іске көңіл де бөлінбеді.

Ибраһим Алтынсарин Торғай облысындағы 4 уезді аралап, мектеп ашуға халықтан қаражат жыйнады. Жер-жерде халық бұқарасы оның просветительдік идеясын қуанышпен қарсы алды.

Халықтан қаражат жыйналғаннан соң, ол мектеп үйлерін салдырып, немесе сатып алып, Торғай облысына қарайтын уездердің (Елек, Николаев (Қостанай), Торғай, Ырғыз (Жармола) бәрінде де бір-бірден алты жылдық орталық орыс-қазақ училищелерін ашты.

Осы ашылған училищелерді жабдықтауға Алтынсарин айрықша көңіл бөлді. Бұл училищелерді ашуда, Алтынсарин: «Менің бел байлаған ойым қазақ уездерінің өз ортасынан, неғұрлым тезірек, бір-бір екі кластық орталық мектеп ашып, оның негізін берік қалау, оны әдемі, таза мектеп ету, сөйтіп, қазақ балаларына тәрбие беру жөніндегі жұмыстарымызда мектептің лас болуы, қабырғаларының дымқыл болуы, бөлмелерінің тар болуы, пешінен иіс шығуы, балалардың аш болуы, суыққа тоңуы, оқу құралдарының жеткіліксіз болуы, және халық мектептерінің көпшілігіндегідей, оқытушыларының сауатсыз болуы сыяқты кемшіліктерді кездестірмеу»<sup>1</sup>— деп жазып, мектептерде оқу жұмысы болсын, тәрбие жұмысы болсын, жабдықтау жұмысы болсын,— бәрін де үлгілі сатыға қоюға тырысты. Алғашқы күннен бастап ол осы айтылғандарды өзінің де, халық ағарту майданында қызмет істейтін барлық адамдардың да алдарында тұрған негізгі міндет деп ұйғарды. Мектептерді жабдықтаудың маңызы аса зор екендігін ол мұғалімдердің көңіліне қонатындай етіп дәлелдеді. «Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі еш уақытта да оңға баспайды, пайдалы ешнәрсе бермейді, оның оқытушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді,— бұған менің әбден көзім жетті»<sup>2</sup>,— деп жазды ұлы ағартушы Ибраһим Алтынсарин.

Ол орталық орыс-қазақ училищелерінің жанынан көрнекті кітапханалар ашуға үлкен мән берді. Бұл ашылатын кітапханалар тек мектеп оқушылары үшін ғана емес, жалпы халық үшін де ашылулары керек, бұлардан жұрттың бәрі де кітап алып оқуға ерікті болуы керек деп ұйғарды, Алтынсарин. Өзінің 1883 жылы 15 сентябрьде жазған бір хатында, ол: «Мен... Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар ашпақшымын. Бұған 700 сомға жуық ақша да жыйып алдым. Бұл кітапханалардағы кітаптармен тек оқушылар мен оқытушылар ғана пайдалану үшін емес, сонымен қатар, мектеп бітіріп қырда жүрген, жалпы сауатты адамдар да білімдерін өзбетімен көтере берулері үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылады»<sup>3</sup>,— деп, бұл кітапханаларды ашудағы мақсатын осылайша баяндады.

<sup>1</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1881 жылғы, 4 октябрьдегі жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Содан қараңыз.

<sup>3</sup> Сонда, 1883 жылы, 15 сентябрьде жазылған хатты қараңыз.

Осы хатында ол ашылмакшы кітапханаларға нендей кітаптар сатып алу керек екендігін көрсетті. Бұған «...екі-үш класты халық мектептерін бітіріп шыққан адамдар еркін түсіне алатын, білімнің барлық салаларынан кітаптар және оқу құралдарын таңдап алу»<sup>1</sup> керек деп ойлады, Алтынсарин.

Ибраһим Алтынсаринның бұл сыяқты игілікті істері, оның өз халқының мүддесін, арманын кең қамтыған кемеңгер адам екендігін сыйпаттайды.

И. Алтынсарин ауыл шаруашылығы мамандарын, өнеркәсіп мамандарын даярлап шығаратын мектептер ашуды, сөйтіп, осындай игілікті істің негізін салуды арман етті. Халықтан каражат жыйнап, ол Торғай қаласында ремесленное училище (қолөнершілер мектебі) ашып, қазақ балаларын, жалпы пәндерден тыс, түрлі қолөнер кәсібі мамандығына (ағаш шеберлігі мамандығына, ұсталыққа, тері илеу мамандығына, тағы басқаларына) үйретті; Қостанай қаласында ауыл шаруашылығы училищесін ашуға жоғарғы үкімет орындарынан рұқсат сұрады, бұл мектептің пайдасына, жоғарыда айтып өттік, өзіне тиісті 500 десятина жерді де бағыш етті.

Бұл училищені ашуға жоғарғы үкімет орындарының рұқсаты Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін барып алынды. Сөйтіп, осы ауылшаруашылығы училищесі Алтынсариннің талабы бойынша Қостанай қаласында көп ұзамай-ақ ашылды.

Халық шаруашылығының қандай салалары болмасын, онда әйелдер еңбегінің зор орын алатындығы жұртқа мәлім. Шаруашылықтың ілгері дамуы үшін озат орыс мәдениетінен жұртшылықтың, оның ішінде әйелдердің де хабарлары болуы әсіресе, сол тарихи кезеңде, керек бола бастағандығы сөзсіз. Сондықтан, Ибраһим Алтынсарин уездік қалаларда қазақ қыздарына арнап училищелер ашуды көздеді.

Қыздар училищесін ол алдымен Ырғыз қаласында ашуды қолайлы көрді. Училищенің жанынан интернат ашуды да ойлады. Ол облыстық соғыс губернаторына қатнас жазып, одан қыздар мектебін ашуға рұқсат сұрады. Бұл мектепті ашуға біраз уақыттай губернатор рұқсат етуден бастартты.

1888 жылы В. Катаринскийге жазған хатында, Ибраһим Алтынсарин: «Губернатор қазақ қыздары интернатының көңілдегідей болуына біраз күман келтіретін көрінеді. Ондай пайдалы істі бастап көрмесек, онда ешуақытта да ештеңе шықпайды ғой»<sup>2</sup> деп хабарлады.

Ақырында рұқсат алып, қазақ халқының тарихында бірінші рет қыздарға арнап Ырғыз қаласында интернатымен қоса училище ашқанына, Ибраһим Алтынсарин қатты қуанды. Осы қуаныш үстіңде, ол 1889 жылғы жаңа жылды мұғалімдермен бірге қарсы алып, сөз сөйледі. Сөзінде: «...Біз бірінші тосты оқу жұмысының адамшылығы мол, адал қайраткерлерінің саулығы үшін көтерейік. Қайрымды адамдар жасасын!

Мен бұратанамын ғой; сөйтсе де, орыстың жаңа жылды қарсы алуында бір тамаша көтеріңкілік бар... Шын қадір тұтатын достарың, сүйетін адамдарың осындайда еріксіз еске түседі. Осындай адамдарым есіме түсіп, мен қазірдің өзінде мас болып отырмын... Жаксы адамдардың саулығы үшін үшінші рюккамды ішіп жатыр-

<sup>1</sup> Содан қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1888 жылы, 5 ноябрьде жазылған хатты қараңыз.



мын. Тағы да ура!!!»<sup>1</sup> — деп, жалынды сөзбен мұғалімдерді құттықтағанын бір хатында жазды.

Өзінің басқа бір хатында, Ибраһим Алтынсарин: «Тәжірибе барлық ғылымның бастамасы ғой, кем-кемдеп өзіміз де үйреніп, балаларды да оқыта берейік; мүмкін, сөйте келіп мақсатымызға да жетерміз»<sup>2</sup> деп, мұғалімдердің көңлін көтерді.

Алтынсарин жоғарғы өкімет орындарына қатнас қағаз жазып, бірнеше қыздар училищесін ашуға рұқсат сұрады. Бірақ өкімет орындары Ибраһим Алтынсарин қайтыс болғаннан соң ғана 4 жерде қыздар училищелерін ашуға рұқсат берді. Сөйтіп, Алтынсаринның тілегіне сәйкес, қыздар училищелері Торғайда — 1891 жылы, Қостанайда — 1893 жылы, Қарабұтақ селосында — 1895 жылы және Ақтөбеде — 1896 жылы ашылды.

1896 жылы Торғай облысының қоластындағы қыздар мектептерінде небәрі 211 қыз, олардың ішінде 70 казак қыздары, 141 орыс қыздары оқыды.

Сөйтіп, Ибраһим Алтынсарин халықтың болашағын көздеп ғасырлар бойы езіліп, теңдікті аңсап келген казак қыздарының оқып, білім алуларына із салды. Әрине, патша заманында казак қыздары теңдікке жете алмады, теңдікке жетуге мүмкіншілігі де жоқ еді. Олар Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде ғана, Совет өкіметінің арқасында ғана теңдікке жетті.

Ибраһим Алтынсарин: 4 жерде уездік орыс-казак училищелері, қолөнері училищесін, ауыл шаруашылығы училищесін, қыздар мектебін ашумен іс бітпейді, халық ағарту жұмысы бұлармен мүлдем қанағаттанбайды, деді. Ол: халық ағарту ісі жалпы сауатсыздықты жоюға із салынса ғана, біркелкі жолға қойылады, сол із — ауылдық, болыстық жерлерде көптеген мектептер ашу арқылы ғана салынады, деп ойлады.

Ибраһим Алтынсарин болыстық мектептер ашу керек екендігін дәлелдеп, «Болыстық казак мектептері туралы записка» деген жеке еңбек жазды. Оның бұл еңбегі, тек Қазақстанда ғана емес, кейбір басқа көшпелі отар аймақтарда да болыстық мектептер ашуға болатындығын дәлелдеп болжады.

Ибраһим Алтынсарин: болыстық мектептер сол кездегі казак ауылының көшпелі өміріне сәйкес болулары керек, яғни жазда олар елмен бірге жайлауда көшіп жүретін, қыста елмен бірге қыстауды мекендейтін болулары керек, деп жазды. Ол Қазақстанда болыстық мектептер ұйымдастыру әдісін бірінші рет жүзеге асырған кеменгер адам еді.

Ол, жер-жерде көптеген болыстық мектептер ашу үшін алдымен мұғалімдер кадрын дайындау керек екендігін айта келіп, мұғалімдер мектебін ашу жөнінде жоғарғы өкімет орындарының алдына мәселе қойды. Оның мәселе қоюы бойынша Орскі қаласында мұғалімдер мектебі ашылды. Бұл мектепте казак балалары оқыды. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін мұғалімдер мектебі Орскі қаласынан Орынбор қаласына көшті. Революциядан бұрын Қазақстандағы оқыған мұғалімдердің көпшілігі осы мектептен оқып шықты.

Сөйтіп, Ибраһим Алтынсарин казак халқының тарихында бірінші рет педагогикалық білімнің іргесін қалады.

---

<sup>1</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1888 жылы, 31 декабрьде жазылған хатты қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1881 жылы, 4 октябрьде жазылған хатты қараңыз.

Болыстық мектептер ашуға Ибраһим Алтынсарин үлкен еңбек сіңірді. Жергілікті орындар болыстық мектептер ашуға бірден рұқсат бермеді, олар бұл іске өкімет тарапынан қаражат босатпады және халықтан қаражат жыйнауға да рұқсат етпеді.

Ибраһим Алтынсарин жұртшылық алдында патша үкіметінің реакцияшыл саясатын әшкереледі. В. Катаринскийге ол жергілікті патша әкімдерінің қылықтары жөнінде былай деп жазды: «Міне, қымбатты Василий Владимирович, дала әкімдерінің... бұрынғы қазақ әкімдерінің орнына апарып қойған әкімдердің — халық ағарту жұмысы жөніндегі қамы осындай. Қарабасының мүддесіне бола ірі қоғамдық іске зыян келтіріп, бұл істі аяқ асты калдырып отырған адамдардың осы сыяқты ұсақ-түйек мүддесін басқа біреуге айтып жатудың өзі қыйын. Келешекте не боларын білмеймін, бірақ жергілікті әкімдер тарапынан ешбір жақсылық күтуге болмайтын сыяқты»<sup>1</sup>. Сөйтіп, уезд начальниктерінің өз бастарының пайдаларын көздеп, халық ағарту жұмысының ілгері басуына кедергі келтіріп отырғандықтарын, олардың халыққа масыл екендіктерін әшкереледі. Ол Троицкі және Ырғыз уездерінің начальниктерінің мектеп жұмысына тигізіп отырған қырсықтарын әйгіледі. Троицкі қаласында уезд начальнигі басқа жақсы үй жалдатпай халықтан жыйналған 300 сомға өзінің күркесін мектепке жалдап, оқу жұмысына кесірін тигізіп отырғанын айта келіп, Ибраһим Алтынсарин Орынбор оқу округіне: қоғам ісіне келіп жеке адамның қарабасының қамы араласуы қашан қойылар екен, бұл қойылмаса, істі ілгері апару өте қыйынға соғады деп хабарлады.

Ибраһим Алтынсарин Ырғыз уезі начальнигінің оқу жұмысына тигізіп отырған қырсығын Орынбор оқу округіне хабарлап, одан тез арада шара қолдануды талап етті. Ол оқу округіне: «Ырғыздағы бастықтардың істегені бұдан да жаман, Р-дың (уезд начальнигінің әкесінің аты Романенко — Б. С.) мектеп үйін пәтер етіп алғаны былай тұрсын, оның үстіне уезд баскармасын да сонда көшіріпті, ол ол ма, мектеп үйін тағы бір саудагерге де жалдапты, ал оқушыларды шоланға апарып орналастырыпты. Бұған мен әуелгі кезде қатты ашуландым, сол бойда барып, алдымен, әрине, Р-ның жіберген саудагерін қуып шықтым. Бірақ уезд начальнигін қуып шығуға шамам келмеді»<sup>2</sup> — деп, Ырғыз уезінде патша әкімдерінің оқу жұмысына тигізіп отырған қырсықтары жөнінде мәлімдеді.

Халық ағарту жұмысына жаңадан араласа бастаған кезде, 1862 жылы, патша әкімдері жөнінде Ибраһим Алтынсарин: «Қазақтарды оқыту жөнінде бастықтарымыз, бекіністердің жанынан мектеп салудан гөрі, үйлерінің онсыз да қызыл төбелерін боятқанды, онсыз да ақ қабырғаларын ақтай түскенді тәуір көреді»<sup>3</sup>, — деп жазды. Халық ағарту жұмысын ұйымдастыру жөнінде, Ибраһим Алтынсарин қыйыншылыққа қарамады, жоғарғы колониялық үкіметтен болыстық мектептер ашуға рұқсат берілуін талап етті.

Алтынсаринның ағартушылық бағытына, демократиялық идеясына, қажымас жігеріне, қайтпас қайратына жергілікті үкіметтің ызасы келді. Торғай облысының соғыс губернаторы генерал Проценко оған қаһарын тікті, тіпті соттамақшы да болды.

В. Катаринскийге жазған бір хатында, Ибраһим Алтынсарин:

<sup>1</sup> Сонда, 1880 жылғы, 14 февральда жазған хатын қараңыз.

<sup>2</sup> Осы жыйнақтың VI тарауындағы, 1880 жылғы, 14 февральда жазған хатын қараңыз.

<sup>3</sup> Сонда, 1862 жылы, 26 январьда жазған хатты қараңыз.

«Ал енді менің қазіргі Торғай әкімшілігінің бастығынан көріп отырған жауыздығым жайына келетін болсақ, мен мұны жалпы түрде попечитель мырзаға жазған хатымда айтқанмын... Мен қазір өте жабырқау, өте көңілсізбін, өйткені мен: көмектеседі, қолдайды деп үміт еткен өкімет орындарының өзі, ақырында келіп, мені заңды және тіпті заңсыз жолдармен үздіксіз қудалап отырады. Осыдан кейін не күтуге болады, әділеттік деген қайда? Осының бәрің сарқа келгенде мен енді, әшкере сот құру арқылы болса да істің беті ашылса екен деген ойға келіп отырмын»<sup>1</sup> — деп, патша әкімдерінің әділетсіздіктеріне мықтап қынжылды.

Сонымен бірге, Ибраһим Алтынсарин: «Губернатордың мектепке артық ақша жұмсалып жатыр деуі, шынында да, орынсыз сөз, мұны айтқанда ол тіпті әлі күнге ешбір мектепті көрмей және әрбір мектепке қанша ақша жұмсалатынын білмей айтып отыр» — деп жазып, жергілікті патша чиновниктерінің реакцияшыл саясатын әшкереледі, оларға қарсы күрестен бас тартпады.

Торғай облысының соғыс губернаторы генерал Проценконың қызметтен ауысып, басқа жаққа кетуі, ұлы ағартушы Ибраһим Алтынсаринның басының бәледен сау қалуына себеп болды.

Генерал Проценко кеткеннен соң рұқсат алып, 1887 жылдан бастап Ибраһим Алтынсарин болыстық мектептер ашуға қызу кірісті, Болыстық мектептер ашуға рұқсат алғанына өте қуанып, В. Катаринскийге: «Сіздің маған деген жалпы ықыласыңыз үшін және быйыл менде мектеп жұмыстарымның жақсы жүріп жатқанына қуанатыныңызды білдіріп жазған хатыңыз үшін шын ниетіммен рахмет айтамын»<sup>2</sup> деп жазды.

Жылдан аса уақыттың ішінде ол Қараторғай болысында (Торғай уезі), Қарабұтақ болысында (Ырғыз уезі), Обаған және Жетіқара болыстарында (Қостанай уезі), Бөрте болысында — небәрі бес болыстық мектептер ашып үлгерді. Осы кезде ол Қостанай және Ақтөбе қалаларында орыс балаларына арнап екі мектеп ашты. Бұл мектептер ашылғанда Ибраһим Алтынсарин ішінде өзі болып, бірінші үлгілі сабақты балаларға өзі берді.

Сөйтіп, өзінің тірі кезінде, Ибраһим Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қолөнері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады.

Ибраһим Алтынсарин жастарға жоғарғы сатыда білім беруді көкседі. Ол гимназияларда, университеттерде, Красноуфимскі қаласындағы реальное училищеде оқытын қазақ балаларына стипендия тағайындады, сөйтіп, қазақ жастарының келешекте толық орта, жоғары дәрежелі білім алуларына жол салды.

Ұлы ағартушы Ибраһим Алтынсарин осы стипендияларды елден халық ағарту қорына жыйналған қаражаттан тағайындады.

Ибраһим Алтынсарин тек мектептер ашумен тынған жоқ, ол мектептерде оқыту әдісіне, оқушыларды тәрбиелеу мәселелеріне де аса көңіл бөлді.

Ибраһим Алтынсаринның дидактикалық көзқарасы орыстың ұлы ағартушыларының ықпалында, орыстың озат классикалық педагогикасының дәстүрінде тізілді. Ибраһим Алтынсарин өте жақсы көретін орыстың демократ-педагогі Бунаков, патша үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап жүрген кезінде: орыстың 1861 жылғы рефор-

<sup>1</sup> Сонда, 1886 жылы, 2 апрельде жазған хатын қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1887 жылы, 27 ноябрьде жазған хатын қараңыз.



мадан кейін өмір сүрген прогресшіл педагогтерінің бәрі де Чернышевский мен Добролюбовтың, Белинский мен Герценнің материалистік көзқарастары ықпалында болды — деп жазғаны өте дұрыс.

Ибраһим Алтынсарин орыс-қазақ училищелерінде математика, физика, химия, география, тарих, орыс тілі, қазақ тілі пәндерін оқытты.

1879 жылы облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалғаннан соң, Ибраһим Алтынсарин Орынбор оқу округіне сол жылғы 27 декабрьдегі жазған хатында өзінің қазақ балаларын оқыту жоспарын баяндайды.

Балаларға орыс тілін оқытуға және ана тілін оқытуға айырықша көңіл бөлу керек екендігін дәлелдеп, мұғалімдерге нұсқау берді.

Ибраһим Алтынсарин орыс тілін өте жоғары бағалады. Болыстық мектептер ашу керек екендігі жөнінде жазған запискасында: «Қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен жазуына мәдениет пен білімнің тілі деп қарайтын болады, оларға құмары артады және аздықөпті орыс рухында өседі»<sup>1</sup> деп жазады.

Ибраһим Алтынсарин қай пәнді оқытқанда да, сол пәндерді өтумен байланысты балаларға орыс тілін үйретіп, пысықтап отыруға болады деп білді.

1882 жылғы Торғай облысы оқу бөлімінің есеп-хисабында Ибраһим Алтынсарин: «Біздің негізгі сеніміміз бойынша, қазақ балаларына, басқа білімнің барлығынан да гөрі, мүмкін болғанынша, орыстың тілі мен жазуын жете білу керек. Сондықтан, менің қарамағымдағы мектептердің басты міндеті — қазақ балаларына орыс тілін және орысша дұрыс жазуды үйрету болып отыр. Осы себептен, мысалы; тарих, география сыяқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы осы жағдайда айтылып отырған басты міндетке байланыстыра қойылып отыр; бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандарын ауызекі айтып шығуды, ал одан кейін (кейде) жазба түрде баяндауды талап етеді, сондықтан оқушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсінісе білуіне және өздерінің сөзбен түсіндіргендерін, ойларын жазып бере білуіне айтарлықтай көмектеседі»<sup>2</sup> — деп баяндады.

Алтынсарин орыс тілін қазақ балаларына оқытуда мұғалімдердің ролі орасан зор екендігін әрқашан да ашып көрсетті. Жоғарыда айтылған есеп-хисабында ол: «Қазақ балаларына орыс тілін оқытудың ойдағыдай жүруі, басқа жерлердегіден гөрі оқытушылардың жеке бастарының қабілеттілігіне ғана байланысты»<sup>3</sup> — деді.

Ибраһим Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде балаларға ағаш шеберлігі, ұсталық, тағы басқа солар сыяқты мамандықтарды үйреткізді. Ол қазақ қыздарына, жалпы пәндерден басқа, киім тігу, киім пішу сыяқты, шәлі тоқу, кесте тігу сыяқты және қазақ ауылдарында көп болатын жүн, қыл сыяқты материалдардан өрмек тоқу, киіз ою, бау және тақыр кілемдер тоқу сыяқты әйелдер істейтін қолөнер кәсібі мамандықтарын үйретуге нұсқады.

Орыс-қазақ училищелеріне оқу құралы етіп, өзінің кітаптарынан басқа, орыс жазушыларының, орыстың прогресшіл педагогтерінің шығармаларын ұсынды. Мысалы, балалар орыс педагогикасының ұлы классигі Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Бунаковтың «Әліппесі мен оқу құралын», Тихо-

<sup>1</sup> Осы жыйнақта, V тараудан қараңыз.

<sup>2</sup> Осы жыйнақта, V тараудан қараңыз.

<sup>3</sup> Сонда, 318-бет.

мировтың «Грамматиканың элементарлық курсы», тағы басқаларының еңбектерінен сабақ алды. Мектепте оқып шыққан оқушы балалар орыстың ұлы жазушылары — Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, тағы басқаларының шығармаларын оқыды.

Орыс-қазақ мектептеріне арнап Ибраһим Алтынсарин екі оқу құралдарын — «Қазақ хрестоматиясын» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды.

Бұл кітаптарын бастырып шығару үшін Ибраһим Алтынсарин көп уақыт бөліп, зор еңбек сіңірді. Ол кезде қазақ тілінде кітап басуға Орынбор баспаханасының шамасы келе бермейтін еді, оның үстіне бұл кітаптарды орыс графикасының негізінде жасалған жаңа қазақ әрпімен бастыру керек болды.

Ибраһим Алтынсарин орыс графикасы негізінде қазақ әрпін жасау әрекетіне кірісті. Қазақ әрпін жасауда, жоғарғы кластың оқытушыларын қатыстырды.

Орыс графикасы негізінде қазақ әрпімен бастырылған «Қазақ хрестоматиясын», болмаса «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» шолып оқып қарасақ, Ибраһим Алтынсаринның қазақ әрпін орыс графикасының негізінде жасауға бірінші рет жол көрсетіп, халықты дұрыс бағытқа сілтеген ғалым кісі екендігі сезіледі. Осы шығармалар жыйнағында біз «Қазақ хрестоматиясынан» «Қазақтар үшін орыс тілін үйретудің бастауыш құралынан» суретін түсіріп, бірнеше үзінділер бастырып отырмыз.

«Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» бастыруда, Ибраһим Алтынсарин корректурасын оқуға да адам таба алмады. Сондықтан, Орынбор қаласына келіп жатып, осы кітаптардың корректурасын өзі оқыды, осы кітаптар 1879 жылы басылып шықты.

Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» орыстың ұлы педагогі К. Д. Ушинский мен белгілі педагог Паульсонның хрестоматияларының үлгісінде құрастырды. «Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен құралады: бірінші бөлім — өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелерден, ертегілерден құралды; екінші бөлім — үлкен кісілер турасындағы әңгімелерден құралды; үшінші бөлім — ел әдебиеті нұсқаларынан: әртүрлі өлең-жырлардан; төртінші бөлім — мақалдар мен мәтелдерден құралды.

«Қазақ хрестоматиясына» арналған сөз басында автор: «Ең алғашқы рет туып отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның, мүмкін, кейбір кемшіліктері болар, бірақ ол, дегенмен, ізсіз жоғалып кетпес, ең алғашқы рет оқытылайын деп отырған кітап ретінде көздеген мақсатқа дөп келер деген сеніммен өзімді-өзім жұбатып отырмын» — деп жазды.

Ибраһим Алтынсаринның осы бағасының өзі де, бұл еңбектің қазақ мәдениетінде үлкен орын алатындығын, өте маңызы зор екендігін сыйпаттайды.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» сол қалпында, ешбір өзгертілместен бұлжымай аумағымен Ибраһим Алтынсаринның осы шығармалар жыйнағына енді. Оқушыларымыз бұл кітаптың мазмұнымен тікелей таныса алады. Кітапқа арналған сөз басында Ибраһим Алтынсарин: «Біздің ойымызша қазақ балаларына орысша кітаптарды оқытуға, оқығандарын түсіндіріп отыруға кіріспей тұрып, олардың жеке сөздерді болсын және негізгі грамматикалық ережелерді болсын түсіну үшін бірқатар жүйелі әзірліктен өткізілу керек болады. Мұндай алдын ала әзірлік жасамаса, оқушылардың түсінігі тым шалағай болып шығады, ешбір грамматикалық

ереже жайында белгілі бір түсінік алуға оқушылардың шамасы келмей қалады, сөйтіп, көпке дейін «она» деген сөздің орнына «он» деп, «иду» деген сөздің орнына «шел» деп, тағы солар сыяқты қателер жасап жүретін болады. Орыс-қазақ мектептерінің бірінде оқытушылық қызметінде болған бес жылдық тәжірибем мені осындай қортындыға келтіреді, содан ол кезде қолжазба күйіндегі, осы оқу құралы бойынша оқыта бастағанымнан кейін ғана орыс тілін оқыту жұмысы ойдағыдай нәтиже беріп, дұрыс жолға қойылды»<sup>1</sup>,— деп жазды.

Ибраһим Алтынсаринның бұл екі кітабы да ғылыми сатыда жазылған шығармалар, олар Қазақстанда жалпы шығармалар тарихында өзгеше орын алады.

Ибраһим Алтынсаринның просветительдік қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін көтеру, ролін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деп ойлады Алтынсарин.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің ролін Ибраһим Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сыяқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін...

Халық мектептері үшін ең керектісі — оқытушы,— деп жазды Ибраһим Алтынсарин,— тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды»<sup>2</sup>.

Ибраһим Алтынсарин мұғалімдерді аса құрметтеді, нендей мәселеден болмасын, әрқашан да оларға кеңес беріп отырды. Оқушыларға демократияшыл бағытта тәрбие беруді негізгі міндет деп санады. Оқушылар келешекте «парақор болып шықпаулары үшін, оларға адамгершілік жағынан әсер етуде, бар күшімді салып отырмын»<sup>3</sup>,— деп жазды Ибраһим Алтынсарин.

Орыс-қазақ мектептеріне «қазір тек орыс тілін ғана оқытатын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын көрсетіп, ол мектептерден оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әрнәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек»<sup>4</sup>— деп, жазды Алтынсарин. Тағы бір хатында, ол: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін»<sup>5</sup>,— деп жазды.

Сөйтіп, оқушыларды тәрбиелеу мәселесінде де, Ибраһим Алтынсаринның ағартушы, кеменгер адам екендігін көреміз.

Алтынсаринның ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында айқын сыйпатталады.

<sup>1</sup> Осы жыйнақтың VI тарауынан қараңыз.

<sup>2</sup> Сонда, 1882 жылы, 29 июльде жазылған хатты қараңыз.

<sup>3</sup> Сонда, 1864 жылы, 16 мартта жазылған хатты қараңыз.

<sup>4</sup> Сонда, 1879 жылы, 25 ноябрьде жазылған хатты қараңыз.

<sup>5</sup> Сонда, 1881 жылы, 4 октябрьде жазылған хатты қараңыз.



## IV

Алтынсаринның осы шығармалар жыйнағына, негізінде өзінің тірі кезінде басылып шыққан көркем шығармалары, ғылыми шығармалары, қызмет бабындағы мәліметтер және хаттары енді. Осы жарыққа шыққан еңбектеріне қарағанда, оның ғылымды мейлінше сүйгенін және онымен шұғылданғанын көреміз. Алтынсарин: барлық ойым мейлінше ғылымға беріліп, оны дәріптеу деп жазды.

Алтынсарин ғылымды дәріптеп қана қойған жоқ, ол қазақ жастарына ғылымды меңгеру жолдарын да көрсетті. Оқу барысы, тәрбие жұмысы үлгілі сатыға қойылған халық мектептерін — жастарды ғылым жолына сілтейтін орын деп бағалады, ол оқу жұмысында кездескен кейбір кемшіліктерді оқытушыларға дәл кезінде аңғартып отырды.

Алтынсарин тарихқа, әдебиетке үлкен көңіл бөлді. Өзінің кітаптарын жазуда ел әдебиеті нұсқаларынан үлгі алды, қазақтың демократияшыл әдебиеті, салт-санасы жөнінде мәліметтер жыйнап, оларды ғылыми сатыда қорытып, өзінің тірі кезінде жарыққа шығармақшы болды. Оның әдет-ғұрып, салт-сана жөніндегі еңбектері осы шығармалар жыйнағының V тарауына енгізілді. Оның осы еңбектерінде өткен ғасырлардағы қазақ халқының тарихын зерттеу үшін керекті аса бағалы мәліметтер бар екені сөзсіз.

Ибраһим Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған кісінің бірі.

Алтынсаринның көркем әдеби шығармалары сол «Қазақ хрестоматиясында» басылып шықты. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі көркем шығарма, озат ой-пікір қазнасы.

«Қазақ хрестоматиясына» енген өлеңдерді, әңгімелерді Алтынсарин қаза болғаннан кейін оның шәкірттері 1899 жылы, Қазан қаласында, «Мактубат» деген атпен, арабша әріппен бастырып шығарып, халық арасына таратты.

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа әбден түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорытылып, біркелкі қалыпқа түсірілді. Ол өзінің белгілі «Қазақ хрестоматиясын»:

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық,—

деп, жастарды оқуға, білім алуға шақырған үндеумен ашты. Алтынсарин балаларға арнап оқу құралын жазды. Сөйтіп, ол қазақтың әдеби тілінің негізін салушылардың бірі болды.

Ибраһим Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағнасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Ол қазақтың әдебиет тарихында бірінші балалар жазушысы болды.

Балаларға арналған ұсақ әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Қрылов, Толстой т. б.), орыс педагогтерінің (Ушинский, Паульсон) шығармаларын үлгі етті, немесе солардың кейбір қызғылықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-құлқына сәйкестіре, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағнасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өз шығармаларын жазуда ұлы орыс мәдениетінен үлгі алды.

Сөйтіп, Ибраһим Алтынсарин ұлы Абай, Шоқан Уәлихановтармен бірге, озат орыс мәдениетін, ұлы орыс халқының әдебиет қайраткерлерінің шығармаларын Қазақстанда, тіпті бүкіл Орта Азияда дәріптеді. Алтынсаринның көркем шығармаларын көршілес қырғыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ халықтары да оқыды. Сондықтан, бұл халықтар да Ибраһим Алтынсаринның әдеби мұраларын айрықша бағалайды.

Ибраһим Алтынсарин өз шығармаларында өмірдегі шындықты жазды, өмірге аса қажет жаңалықтарды дәріптеді, халықты білім алуға шақырды. Мысалы, «Қел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдерінде жастарды білім алуға үгітесе, халықты сол кездегі ғылымның табыстарымен (от арба, су кемесі, электр қуаты, телеграф, тағы басқалар) таныстырды, көркем сөзбен жазылған әңгімелерінде халықты отырықшылыққа, егін, қолөнері кәсіптерімен шұғылдануға үгіттеді, «Қыпшақ Сейітқұл», «Ағаш үй мен киіз үй» сыяқты әңгімелерінде қазақ халқының күнделікті өмір сүруіне жол көрсетіп, дұрыс бағытқа сілтеді.

Ибраһим Алтынсаринның әңгімелерінің жастарға тәлім-тәрбиө беруде маңызы өте зор. Ол жастарды әдептілікке, сабырлыққа («Алтын шеттеуік»), қанағаттылыққа («Қанағат»), мейрімділікке («Шеше мен бала»), ұқыптылыққа («Бір уыс мақта»), әділдікке («Әділдік»), еңбек процесіне («Дүние қалай етсең табылады»), тағы басқа өнегелі істерге үгіттеді. Балаларға арналған оның әңгімелерінің дидактикалық маңызы аса зор.

Алтынсаринның қандай әңгімесін алсақ та оның мағналы, ақыры өнегелі біткенін көреміз. Оның ұсақ әңгімелері, біріншіден, қысқа, балалардың көкейіне қонатындай көркем сөзбен жазылған, мағнасы анық, тұжырымды; екіншіден, жастарға дұрыс бағыт, өнеге беретін дидактикалық тұрғыдан жазылған әңгімелер.

Ибраһим Алтынсаринның көркем шығармаларының демократияшыл бағытта болғанын көреміз. Ол көркем шығармаларында төрелерді, байларды, болыстарды, молдаларды әшкереледі. Мысалы, «Залым төре» деген өлеңінде, Алтынсарин:

— Оразаның түбіне мақсым жетер,  
Азған елдің түбіне тақсыр жетер.  
Әділдіктен хан тайса наным кетер.  
Жылай-жылай жарлының малы кетер,—

деп залым төрелердің, әзәзіл молдалардың еңбекші халық бұқарасына істейтін зорлық-зомбылықтарын суреттей келе:

— Әй тақсыр, бұл дүние өтер, кетер,  
Мал иесі де артыңнан қуып жетер;  
Жарлылар да бір табар әділ қазы,  
Таразылы күн болса арыз етер,—

деп еңбекші халық бұқарасының сезімін оятты.

\* \*

\*

Ибраһим Алтынсаринның өмірі мен ағартушылық еңбегін біркелкі суреттеп, біз төмендегі қортындыға келеміз. Ол өткен ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның қоғамдық ой-пікірінің,

прогресшіл ағымының жаршысы болды. Оның дүниеге көзқарасы ұлы орыс халқының демократияшыл озат мәдениетінің әсерімен және қазақ халқының прогресшіл мәдениеті ағымының әсерімен қалыптасты.

Өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси көзқарастарында Ибраһим қазақ халқының езілген көпшілігінің мүддесін көкседі. Ол жергілікті әкімдердің паракорлығын, мансапқорлығын, нешетүрлі зорлық-зомбылығын масқаралап беттеріне басып, олардың топастығын келемеж етті, таласына қарсы күресті. Ол патша үкіметінің отарлау саясатына және дінді уағыздаушы поп-молдаларға қарсы күресті.

Алтынсаринның көзқарастарына тән нәрсе — оның халықты сүйгендігі, демократияшылдығы және гуманистігі. «Қазақ деген — жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету — біздің әрқайсымыздың борышымыз» — деп, ол бір емес әлденеше рет айтты. Ибраһим — халықтың сүйген ұлы. «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді, мен қайтып жалғыз болайын?» — деді ол бір сөзінде.

Ибраһим Алтынсарин қазақ елінің ұлы орыс мәдениетінің салтымен дамуын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы осы деп білді. «Қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен оқуын бірден-бір мәдениет, білім тілі деп ұғар, соған бойұрып, аз болсын, көп болсын, орыс рухында өсіп жетілер» — деп сенді.

Қазақ, орыс балаларын бірге оқытатын азаматтық халық мектептерін аша отырып, ол орыс, қазақ халықтарының мәдениет бірлігі мен достықтарын насихаттаушы болды.

Ибраһим Алтынсарин — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, өз заманының ақыл — ойшысы, қоғам қайраткері. Біз оның бейнесінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін көксеген атамызды көреміз. Ибраһимның бұл арманы Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, Коммунист партиясының басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының шын тілектестік жәрдемімен қазірде ғана толық жүзеге асырылып отыр.

*Тарих ғылымдарының кандидаты  
Б. С. СҮЛЕЙМЕНОВ.*

*25 март, 1955 жыл.*





**І ТАРАУ**  
**ӨЛЕНДЕРІ**



# БІРІНШІ КИТАП

## ХРЕСТОМАТІЯ.

СОСТАВИЛАЪ

И. АЛТЫНСАРИНЪ.

КНИГА ПЕРВАЯ.

Орскъ.

ТИПОГРАФІЯ П. В. СЕФЕНЮСКИИ - ИРОВОБЕНАГО.

1879

Сырткы беті.



## СӨЗ БАСЫ

\* \*  
\*

Бір кұдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Істің болар қайыры  
Бастасаңыз алдалап,  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап,

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыннан  
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!



Мал дәулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң жоқ болар,  
Оқымыстың байлығы  
Күннен-күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Сиса көйлек үстінде  
Токуменен табылған...  
Сауысқанның тамағы  
Шокуменен табылған...  
Өнер-білім бәрі де  
Окуменен табылған.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Дадандықтың белгісі —  
Еш ақылға жарымас,  
Жайылып жүрген айуандай  
Ақ, қараны танымас.  
Аяңшыл ат арымас,  
Білім деген карымас.  
Жөн білмеген даданға  
Қыдыр-ата дарымас.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Оқу деген шыны-ды,  
Тұрған сайын шыныққан...  
Оқу білген адамдар  
Май тамызған қылыштан...  
Білмегенді білуге  
Есті бала тырысқан,  
Есер бала ұрысқан.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Әлпештеген ата-ене  
Қартайтын күн болар.  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата-енен қартайса —  
Тіреу болар бұл оқу,  
Қартайғанда мал тайса —  
Сүйеу болар бұл оқу!

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!

Оқу білген танийды  
Бір жаратқан құдайды,  
Танымаған құдайды  
Неғылғанда ұнайды...  
Шырағым адам болғай деп,  
Ата-енен жылайды,  
Баладан қайыр болмаса,  
Баланы неге сұрайды!

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықласпен тоқылық!



\* \*  
\*

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзінді ашып-жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды;  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды;  
Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай,  
Білгендерге осылар  
Бәрі дағы анықтай,  
Білмегенге танықтай;  
Біз де бекер жатпалық  
Осыларға таныспай;  
Ат өнері білінбес  
Бәйгіге түсіп жарыспай;  
Желкілдеп шыққан көк шөптей,  
Жаңаөспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай!  
Біз дадан боп өсірдік

Иектегі сақалды,  
Өнер-жігіт көркі деп  
Ескермедік мақалды...  
Біз болмасақ сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды!..







И. Алтынсарин ашқан мектептің оқушы балаларының суреті.

---

## БАЛҒОЖА БИДІҢ БАЛАСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Үміт еткен көзімнің нұры балам,  
Жаныңа жәрдем берсін құдайтағалам;  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсын,  
Сабакқа көңіл берсең басыларсын;  
Ата-ананды өнер білсең асырарсын,  
Дадан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсын.

Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?  
Қолына құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жүргенмен не мұратқа жетер едің.

---

## 27. Балгожа-бйдинг баласына жазган каты.

**У**мит эткен кузимнинг нуры балам,  
Жанынга жардам берсини Кудай-талам!  
Атанг мунда ананг мен эсен-аман  
Суюп салеи жазады бугун саган.

Атангды сагындым деп асыгасынг  
Сабакка кунгиль берсенг басыларсынг;  
Ата-ананг унер бльсенг асырарсынг  
Дадан боп бльмей калсанг ах урарсынг.

Шрагым мунда журсенг нетер эдинг?  
Колынга курык алып кетер эдинг.  
Тентреп эки аулдын арасында  
Журген мен не муратки жетер эдинг.

---

«Қазақ хрестоматиясынан» бет.

## ӨСИЕТ ӨЛЕНДЕР

\* \*

\*

Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым  
Тең етті бәрімізге күн мен айын.  
Адамнын адам біткен баласымыз,  
Қайсың бөлек тудың деп айырайын!

Бәріміз бір адамның баласымыз,  
Жігіттер бір-біріңе қарасыңыз!  
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,  
Атаң барған орынға барасыңыз!

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен.  
Патса боп бұл дүниеге даңқы кеткен.  
Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,  
Құдайым отызында әлек еткен...

Жылаған Дәуіт патса тоба қылып,  
Өзінің бенде екенін сонда біліп,  
Мұнан соң Так-Сүлеймен туды дейді,  
Отыз ұлға бір өзін жора қылып.

Ескендір<sup>1</sup> патса болып дүниені алған,  
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.  
Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,  
Ізденіп мәңгі суын соған барған.

Мәңгіден су ішкенге өлім болмас,  
Ескендір мұны сұрап білгені рас.

---

<sup>1</sup> Ескендір — Александр Македонский — Ред.



Су әпкел деп жіберді уәзірлерін,  
Уәзірі қасындағы Қыдыр Ильяс.

Екеуі барды суға, судан ішті,  
Бір кесе патша үшін және алысты.  
Енді қайтып, жүрелік деп тұрғанда,  
Бір адамға сол жерде көзі түсті.

Сұрасты мұнда отырған неткен жансыз,  
Қарасақ келбетіңе мұсылмансыз?  
Сонда ол кісі өз жайын баян етті:  
— Мендағы бір патша едім еш күмәнсіз.

Өлмеске менде осындай талап еттім  
Бір күні осы суға келіп жеттім.  
Әрбір іс уақытында қызық екен  
Ақыры өз басыма азап еттім.

Бір заман әлек болды барша елім  
Қалмады қыдырмаған ешбір жерім.  
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп  
Ах енді өлім болса маған дедім!

Дүниені неше айналып, неше кездім,  
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.  
Маған өлім бермеді құдайтағала,  
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

Ах деді Қыдыр Илияс қайтып келді,  
Сонда да кеседегі суын берді.  
Ішейін деп Ескендір ұмтылғанда,  
Су Ескендір ауызына бармады енді.

Тағыда Тақ-Сүлеймен нағылмады.  
Өмірін соңындағы шағындады.  
Наушеруан<sup>1</sup> діні кәпір әділ өтті,  
Дозаққа соның үшін жағылмады.

Бұзбаныз әділдікті бұл мал үшін,  
Жыясыз оныдағы бір жан үшін.  
Әзәзіл періштенің бастығы екен,  
Не болды тәкәббарлық қылған үшін?

---

<sup>1</sup> Наушеруан — ескі замандағы Иран патшасы. — Ред.

Әйіпті сегіз жылдай мың күрт жеді,  
Болыпты бөлек-бөлек соның тәні...  
Мал-жаннан, ұру, туған бәрі безіп,  
Далада жалғыз жатып «алла» — деді.


Малды алды, баланы алды, сабыр етті,  
Дұшпандар мысқыл атып жәбір етті.  
Разымын не берсең де құдайым деп,  
Бәрінде қабақ шытпай қабыл етті.

Қорлама кем адамды болсаң дана  
Кәріпті құдай сүйсе неді шара?!  
Ер болған сыйыр бағып Зеңгібаба,  
Пір болды түйешіден Ойсылқара.

Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,  
Жер жұтқан қайырымсыздан Қарынбайды.  
Мекенін білемісіз қайда қалды,  
Жомарттық қылған үшін Атымтайды.


Чманды ер құдайынан ұялады,  
Іялып иесінен сый алады...  
Ренжітпе бенде болсаң бейшараны,  
Кәріп көңілі бір сыңғақ биялады...






Араз бол, кедей болсан ұрлықпенен,  
Кете бар кесе басын шындықпенен!  
Қорек тап бейнеттенде тәңірің жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұндықпенен!

Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,  
Бір әділ қазнасы кәң патсанды ізде!  
Қорексіз еш бендесін қалдырмайды,  
Жаратқан бір тәңіріңнен күдер үзбе!







• • •  
•

Мақтанба бақыттым деп бағыңызға,  
Қартаймақ қыйын сауда тағыңызда.  
Іске аспай бақ дәулеттің қалуы оңай,  
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.


Мақтанба сұлумын деп ажарына,  
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа!  
Злиха, Жүсіппенен сұлу өткен,  
Тұрмаған ажар ара ажалына!









Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған...  
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған...  
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл,  
Дүниеде ешнәрседен тыналмаған!







Арық мал жан жолатпас бір жалданса,  
Бенде ойлар кемімеймін деп бір малданса.  
Қадамы әзіз ердің ұзамайды,  
Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.

Ағайын жат болады алыс болса,  
Болады жат та жақын таныс болса.  
Достарың дұспан түгел табалайды —  
Аяғың бір нәрседен шалыс болса!





Асылы залымдардың лайланды,  
Дүниені маған десең шыр айналдыр.  
Игі үрер жақсыға да, жаманға да,  
Қылмағы бірақ залал құдайданды.



## ӘЙ, ДОСТАРЫМ!

Әй достарым, жігіттерім,  
Болмасқа болушы болма,  
Қолыңнан келсе қыл қайыр,  
Кісіден алушы болма.  
Жақсының жүзі жәндетті<sup>1</sup>  
Бір көруің қанібетті,  
Жаманның ісі міндетті.  
Зар берсе<sup>2</sup> алушы болма!  
Жоғары қарап оқ атпа,  
Өзіңнің түсер қасыңа!  
Ақылсыз жанды досым деп,  
Басыңды қосып сыр айтпа.  
Күндердің күні болғанда,  
Ол жаман айғақ болар басыңа!  
Бар күшінді сынаспай,  
Балуандармен күреспе.  
Таң боларсың әлемге,  
Сөз боларсың көлемге,  
Ақылсыз достан — ақылды дұспан артық.  
Дұспаныңнан бір сақтан!  
Сырты майда, іші қан,  
Ел ішінде жар-жора,  
Достарыңнан бір сақтанғанда, мың  
сақтан!

---


<sup>1</sup> Жәндетті — ажарлы деген мағынада айтылған.— Ред.

<sup>2</sup> Зар берсе — жалынса да деген мағынада.— Ред.




## ӘЙ, ЖІГІТТЕР!

Әй жігіттер үлгі алмаңыз,  
Азған елдің ішінен.  
Алыс-алыс қашыңыздар,  
Зыяндасты кісіден.  
Жақсыны көзден салмаңыздар,  
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.  
Өзі болған ерлердің,  
Аяғынан алмаңыздар.  
Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылмас!  
Бас ауырса бақсыларды,  
Алып келіп бақтырарсың,  
Жазықсыз жануарды сойып,  
Өкпеменен қақтырарсың.  
Жын-бәлекет қашады деп,  
Тұмар алып тақтырарсың.  
Білмес дадан еткен істен  
Ешбір қайыр табылмас.  
Алған жарың жаман болса,  
Бір тәңірге көп налырсың.  
Жарым сондай болса екен деп,  
Көрінгенге көз саларсың.  
Әзелде маңдайыңа нені жазса соны аларсың,  
Бәріңізге қасы қара қызыл жүзді табылмас!  
Қатының өлсе қарыс ұрып қаларсың,  
Аны-мұны қармалап,  
Және біреуді аларсың,  
Бір кеткенсоң қамқор әке-шешен табылмас!




Азған елдің хандары,  
Так үстінде отырғандары.  
Жарлыдан алып байларға,  
Сыйлар берсе керекті.






\* \* \*


Азған елдің қожасы,  
Қыдырып келер есікке,  
Бұл үйде кім бар екен деп,  
Көзін салар тесікке,  
Балаларын бастырып,  
Қатындарын састырып,  
Төрге қарай ұмтылып,  
Тамақ үшін қылқынып,  
Дуа қылса керекті.






• •  
•

Авған елдің молдасы,  
Үлкен болар сәлдесі.  
Аса бауыр қылмаңыз,  
Оның рас емес олдасы.  
Қөрмей-білмей біреуге,  
Қуәлік берсе керекті!









\* \* \*

Азған елдің билерінің,  
Барар болсаң алдына.  
Алым бермей тамағына,  
Қарар ма ол сенің әліңе?  
Қорадағы малыңа,  
Төре берсе керекті.





Азған елдің байлары,  
Ұлық тұтар басын-ай.  
Қайда дәулетті адам болса,  
Берер соған асын-ай.  
Көзін сүзіп бір көріп,  
Төгіп келсе жасын-ай.  
Бермек түгел бейшараны.  
Масқара қылса керекті.



---

Береке кеткен елдерде  
Күн қысқарса керекті.  
Алатаудай атаға,  
Ұл қышқырса керекті.  
Бала-бала бала деп,  
Түнде шошып оянған,  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Түнде бесік таянған.  
Аялы қолда талпытқан,  
Қаймақты сүттей қалқытқан,  
Суық болса жөргекте  
Қорғасын оқтай балқытқан.  
Айналасына ас қойып,  
Айдынды көлдей шалқытқан.  
Қолын қатты тигізбей,  
Кірлі көйлек кигізбей,  
Иісін жұпар аңқытқан.  
Сондай сорлы анаға,  
Қыз қышқырса керекті.

---



\* \*  
\*

Азған елдің адамына  
Айтсаң тілінді алмағай,  
Кетсе шарлап жыя алмағай,  
Бір тәңірден ұялмағай,  
«Бүгін тоба қылмайын,  
Ертең тоба қылайын,  
Қашан тоба қылғанымша,  
Үзіп-жұлқып алайын» деп,  
Өлшеп берген өмірін  
Зая қылса керек-ті...



## ЖАЗ

Сәуірде<sup>1</sup> көтерілер рақмет туы,  
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы,  
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,  
Жайылар жер жүзіне қардың суы...  
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,  
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы!..

Жақындар құдайымның көктен күні,  
Тең болар жарлықпенен күн мен түні.  
Аспаннан рақымменен күн төнгенде  
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны.  
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,  
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.

Шапақтан бұлты шығар мұнарланып,  
Жаңбырлы күндер түсер тұманданып,  
Адамзат нәр ауасын судай жұтар,  
Шөл тартқан айуандарша құмарланып.  
Жетпеген үлкендікке жас балалар,  
Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып...

Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер  
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер,  
Көкорай дүние жүзі шалғын болып,  
Жын, айуан, адамизат баурын төсер.

---

<sup>1</sup> Сәуір — апрель.— Ред.



Жан-жәндік рақат тауып тұру үшін,  
Ұшпақтан хош иісті желдер есер.

Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,  
Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен...  
Бір малы шаруанын екеу болып,  
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.  
Күлісіп, құшақтасып әзіл етер,  
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...

Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,  
Қуанып, ықыласпен келген жылға...  
Алыстан мұнарланған сағымдары  
Шақырып тұрар күліп кел деп мұнда!..  
Қол бұзылып, көк шығып қойнын ашса,  
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна...

Адамизат сайран етер көңілі жай,  
Секіріп ойын салар құлын мен тай.  
Қой маңырап, сыйыр мөңіреп шат болады,  
Тасыйды күркіресіп өзен мен сай.  
Аяғын алшақ басып түйе шығар,  
Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!

Кеш болса күн қонады таудан асып,  
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып,  
Аһ ұрып шүкірлікпен құшақтасар  
Рақатпен кеш уақытында неше асық...  
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,  
Артынан қарар жары жүзін басып.

Құдайға шүкір етер жас пен кәрі,  
Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі!  
Жын-айуан, адамизат, күрт-құмырысқа  
Разылық бір құдайға асар зары,  
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер,  
Шуылдап шүкір етер мұның бәрі!



## ӨЗЕН

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,  
Жел соқса, ыстық соқса бір калыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,  
Денеңде бар дертінді қашырады,  
Өксіген оттай жанып жануарлар,  
Өзеннен рақат тауып басылады.  
Қынарда<sup>1</sup> тілсіз тұрған тоғайлары  
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең де лай қалмайды,  
Тасыса су бармаған сай қалмайды.  
Тасыған өзен судың қуатымен  
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап күн көреді жаныбында.  
Дәм болар алуан-алуан балығында...  
Тас таста, алтын таста сынамаққа,  
Сонда да аққан өзен қалыбында!

Құдіретін құдайымның көресін бе?  
Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...  
Арыстан демалуға суға кірсе,  
Балықтар шымшып ойнар терісінде...

---

<sup>1</sup> Қынарда — жағасында.— Ред.

---

## ӘДІЛДІК КӨРМЕГЕН ҮШІН ТӨРЕГЕ АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Тақсыр-тақсыр дегізіп тамсандырдың,  
Сөйтіп жүріп аяққа қан салғыздың;  
Жан жүрмейтін ісіме жан алғыздың,  
Ақырында малымнан құр қалғыздың!

Оразаның түбіне мақсым жетер,  
Азған елдің түбіне тақсыр жетер.  
Әділдіктен хан тайса наным кетер,  
Жылай-жылай жарлының малы кетер...

Ай, тақсыр, бұл дүние өтер-кетер!  
Мал иесі де артыңнан қуып жетер...  
Жарлылар да бір табар әділ қазы,  
Таразылы күн болса арыз етер!..

## ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. Крыловтан)

Ашығып түлкі жүрді жапандарда,  
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...  
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,  
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.

Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,  
Қарға ағаштың басында мұны көрді.  
Тістегені аузында тәтті ірімшік,  
Оны көріп түлкі-екең сөйлей берді:

— Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын,  
Сырттан тілеу тілейді барша халқын.  
Қарға-екеңдей дүниеде әуез жоқ деп,  
Осылайша шығады сыртқа даңқын.

Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,  
Жүзінді бір көруге келіп едім,  
Даусынды бір шығаршы, шаттанайым,  
Сырттан асық болғаннан өліп едім.

Басын салып құйрығын былғандатып,  
Екі көзін қарғаға қылмандатып  
«Қарға тақсыр, көзім жасын көрініз» — деп,  
Жыламсырап сөйлейді жылмандатып.

Масаттанып бұл қарға сілкінеді,  
Ішін тартып мыйықтан бір күледі,

«Арып-ашып алыстан келген шығар  
Көңілі тынып кетсінші, шіркін» — деді.


Мақтау сөзге семіріп судай тасып,  
Пәрменінше «қарқ!» етті ауызын ашып;  
Қарқ еткенде ірімшік жерге түсіп,  
Оны кетті түлкі-екең ала қашып.



**II ТАРАУ**  
**ӘНГІМЕЛЕРІ**







تذات نامت. مگر فرمتوه اتپا

بو کتاب پهن سر ما کا پوت صارین ژایوب ژازغات .

کتاب نامه او انده سرقز از مده پیرکوه فاته ونی انک ورژمانی تمک  
طبع خالده سنه ۱۸۹۹ لپی

کتاب تمک برادریه مده رضعت پیرلای سازگتن اپرم بوزمه  
۲۵ لپی ساله اورد ۱۸۹۹ لپی بامه

Дозволено цензурою С-Петербургъ. 20 Сентября 1899 года  
Типо-Литографія наследниковъ М. Чирковой въ Казани.

Сырткы беті.



## СӨЗ БАСЫ<sup>1</sup>

Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан, көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге, амалсыздан, татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен, араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан әл сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар, осы жағынан алып қарағанда да, дүнияди мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып, жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат, бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы аздабаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сыяқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылы-

---

<sup>1</sup> «Қазақ хрестоматиясына» автордың жазған сөз басы. Бұл басылуда «хрестоматияның» құрылысы өзгертілгендіктен, сөз басын И. Алтынсаринның қара сөздерінің алдына беріп отырмыз.— Ред.

ми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай, жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық; сондықтан, бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағнасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын; сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім; сондықтан, бұл кітапқа енгізетін әңгімелерді тергенде көп қыйыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруға ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары.

2) Әртүрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4) Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта, қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз.

Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін; бірақ, сонда да болса, бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш

оқу кітабы ретінде, көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бержағында, осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасынан келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім, басқа да, менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар.

*ИБРАҒИМ АЛТЫНСАРИН.*

*Торғай қаласы,  
1879 жыл.*





## ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

— Анау өрмекшіні көремісін, не істеп жүр?

— Көремін, өрмек тоқып жүр.

— Анау құмырсқаны көремісін?

— Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

— Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

— Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

— Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет<sup>1</sup>. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп кайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жыйып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдайтағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек, — деді.

## СӘТЕМІР ХАН

Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап

<sup>1</sup> Әбірет — өнеге, үлгі.— Ред.

жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне карай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі; тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмысады; ақыр бар күшін салып, қыйсая-мыйсая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға қалды: құдайтағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-екеш құмырсқа да тынбай жұмыс жұмыстап жүр; өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті; тамның басына шықты; мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен, деп ойынын тастап, қалаға барды.

Қалада бір зор білімді, оқымысты молда<sup>1</sup> бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс.

Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған.

## ТАЛАПТЫҢ ПАЙДАСЫ

Петр Великий деген осы күнгі ақ патшамыздың бабасы бір күн шіркеуде тұрғанда көп адамның артқы жағында үңіліп патшаға қарап, бөркімен қалқалап қана бір нәрсе-ні сызып тұрған балаға көзі түседі. Мұнымен бөтен кісінің ісі жоқ, жалғыз-ақ ақылы кемел патша сол бала-екеш балаға да көзін салып тұрған екен. Тілек тілеп болған соң, жұрт екі жарылып, патшаға жол беріпті. Сонда патша тұп-тура манағы балаға барды. Бала қолындағы сызумен болып тұрып, тіпті, патшаның қасына келгенін де байқамай қалыпты. Сонда жұмсақ шыраймен патша сұрады:

— Неғылып тұрсын?

— Сенің жүзінді жазып алайын деп едім.

— Оны неғылмақсын?

— Даңқың, дабылың жер жүзіне жайылған патшам, сенің суретінді сызып алып, өміріме шейін бойымда сақтайын деп едім.

— Қане, көрсетші сызғаныңды?

---

<sup>1</sup> Оқымысты молда — оқымысты ғалым деген мағынада.—  
Ред.



Сол уақытқа шейін қорықпай жауап беріп тұрған бала, сызғанынды көрсет дегенде, қысылайын депті, сөйтсе де, сызған қағазын әдеппен патшаның қолына берді. Қараса, сурет реуішті де емес, әйтеуір өз білімінше сызған сызық, бала ол күнде сурет салуды қайдан білсін. Солай да болса, әлемге ақылы жеткен патша баланың талапты, зирек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында сол бала, бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан Матвеев деген суретші болған.

## ӘКЕ МЕН БАЛА

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

— Анау тағаны, балам, ала жүр,— деп.

Бала әкесіне:

— Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын,— деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тыйынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тыйынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына карамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты:

— Көрдін бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдін орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қы-йынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең — көптен де құры боласын,— деді.





## 6. Асыл шуп.

**З**лика мен Батима деген бреудинг кызметинде турган эки кыз бала тубесине бр—бр ящик жемис кутерип калага келе жатыптымыс Злика ахлап—ухлеп шаршадым деп, Батима кулюп, азильдесип келе жатады Сонда Злика айтты:

— Сен ненге маз болып куанып келесинг, тубенг-деги ящиктинг аурлыгыда менинг басымдагыдан кем эмес, узингде менен кушти эмессинг?

— Мен ящигим ишине аурды женгильтетин бр шуп салдым деди Батима.

— Ай, ондай болса шубингнинг атын айтши, менде аурымды женгильтеин деди Злика

— Ол шуп сенинг колынга туспейме деп коркамын, аты: *сабр* деген деди.

«Қазақ хрестоматиясынан» бет.

## АСЫЛ ШӨП

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала, төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха аһлап-уһлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

— Сен неге мәз болып қуанып келесін, төбеңдегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессін?

— Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым,— деді Бәтима.

— Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілтейін,— деді Злиха.

— Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты: «сабыр» деген,— деді.

## БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қыйсық біткен? — деп сұрады баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қыйсық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,— деді атасы.

— Олай болса, бағу-қағуда көп мағна бар екен ғой,— деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағна барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қыйсық біткен ағаштай қыйсық өсерсің,— деді.

## БІР УЫС МАҚТА

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

— Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,— деп.

Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қыйқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

— Әже, осы қыйқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,— деп.

Шешесі:

— Балам, сол да жерде қалмайды,— деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

— Манағы мақтаның қыйқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? — деп сұрады.

Әжесі айтты:

— Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,— деді.

## АЛТЫН ШЕТТЕУІК

Бір үлкен мейрам алдында, әкесі балаларын қуанту үшін үйіне әртүрлі жеміс алып келді. Леночка деген кіші қызы сол келтірген көп жемістің ішінде, сырты алтындаған шеттеуіктерге қызығып, соны маған бер деп қоймады. Шешесі айтты:

— Бұл шеттеуіктер тек әдемілікке істелген, мыналарды ал,— деп, бөтендерін беріп еді, Леночка жылай бастады:

— Мен қара шеттеуікті алмаймын, алтын тыстысын аламын, оның ішіндегі дәні де тәтті шығар,— деп.

Шешесі тіл алмайтын қыйсық баланың дегенін істегеннен артығы жоқ екенін ойлап, Леночкаға алтын тыстыларын, бөтен балаларына бөтен шеттеуіктерді таратып берді. Леночка қуанып шеттеуіктерін дереу шаға бастады, қараса, бірінің де ішінде дәні жоқ, бос қабықтар екен. Мұны көріп қасындағы балалар мазақтап күле бастады. Сонда атасы айтты:

— Бұл шеттеуіктер жеу үшін істелген емес, тек көзге әдемі көріну үшін қойылған; мен шеттеуіктердің бос қабығын алып, сыртын күміспен бояп қана қойып едім, екінші рет не нәрсенің де құр сыртына қарап қызықпа, асылы ішінде болар,— деді.

## ШЕШЕ МЕН БАЛА

Шешесі қыз баласынан сұрады:

— Берген ақшамды қайда қойдың?

Б а л а:

— Біреуге бердім.

Ш е ш е с і:

— Кімге?

Б а л а:

— Бір тентек балаға бердім.

Ш е ш е с і:

— Мұнан былай тентек болма деп берген шығарсың?

Б а л а:

— Рас, әже, екінші рет тентек болма дедім. Құс та құдайдың жәндігі ғой, әже?

Ш е ш е с і:

— Біз де, құс та, бөтен жан-жануардың бәрі де құдайдың жаратқан жәндігіміз.

Б а л а:

— Әлгі бала құдайтағаланың жаратқан кішкентай құсын ұстап алып, сатайын деп жүр екен. Құс кісі аярлық болып, шыйқылдап тұрды; сонда алып жүрген бала тұмсығын қыса береді, бишара құстың дауысын құдайтағала есітеді деп қорыққан шығар деймін.

Ш е ш е с і:

— Онда сен неғылдың?

Б а л а:

— Мен балаға ақша беріп сатып алып, құсты ұшырып қоя бердім. Менің бұл ісім сауап емес пе?

Ш е ш е с і:

— Әрине, сауап, бейшараларға қайырымды болғаның.

Б а л а:

— Ол бала, кім біледі, кем-тарлықтан құсты сатуға жүрген-ау?

Ш е ш е с і:

- Мен де солай ойлаймын.  
Сонда сөйлеп отырған бала, сінлісіне қарап:  
— Мана ақшамның бәрін бергенім жақсы болған екен,  
— деді.

С і н л і с і ш е ш е с і н е қ а р а п:

— Апаммен екеуіміз мана бәстесіп едік, ол балаға апам құсынның бәсі не деп те сұрамай, ақшасының бәрін берді; мен айттым: құстың бәсі не деп сұрау керек еді деп, қайсымыздікі дұрыс?

Шешесі үлкен қызына қарап айтты:

— Сенің де бұл істеген ісінді дұрыс демеймін. Егер тағы бір манағыдай бала жолықса, ақшанның бәрін бастапқы балаға беріп қойдың, соңғыға не берер едің?

Ү л к е н қ ы з ы:

— Онда мен тағы да саған келер едім.

Ш е ш е с і:

— Егер менде де мал, ақша болмаса қайтер едің?

Б а л а:

— Онда... — деп, не дерін біле алмады.

Ш е ш е с і:

— Көбірек жақсылық етуге шамам келсін десең, әр нәрсеге күтімді болу керек; құстың бәсін сұрап, кемге бермеймін десе, сонда ақшанның бәрін беру керек еді. Ол құстың өзі не құс екен?

Б а л а с ы:

— Мен сұрағаным да жоқ, әже, өзің айтушы емес пе ең, жақсылық еткен жаныңның атын да сұрама деп.

Ш е ш е с і к ү л і п:

— Солай, солай, шырағым, — деді.

Б а л а с ы:

— Әже, сен көрсең еді, құсты қоя бергенімде, әуелі қуанғаннан тіпті ұша алмады; сонан соң құсты сатқан баладан уәде алдым, екінші рет ұстама деп.

Ш е ш е с і:

— Қызым, жақсы іс етіпсін, мінекей саған тағы да теңге.

Қ ы з ы:

— Алда разы болсын, әже.

Ш е ш е с і:

— Шырағым қызым, әрдайым осындай рақымды бол, саған мұның үшін құдай рақым етер,— деді.

## АУРУДАН — АЯҒАН КҮШТІРЕК

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, андаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып танып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

— Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? — деп сұрады.

Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

— Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қыйналғанын көрсе, әжем де қыйналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын,— деді.

## МЕЙІРІМДІ БАЛА

Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесетұғын. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы әкем үшін жауап беремін деп, мәлім болды. Қызды патшаға алып келісті.

— Таксыр патшам,— деді қыз,— менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды, мінекей, таксыр, әкемнің қолы,— деп өзінің қолын көтерді.— Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, таксыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын қолын атам қалдыруға.

Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнасын кешті дейді.



## ПОЛКАН ДЕГЕН ИТ

Біз оқып жүрген шағымызда, ұстазымыздың қорасында бір Полкан деген зор ит бар еді. Терезеден қарап тұрғанымызда, әлгі Полканға бір кішкентай қанден ит келіп, өршеленіп үріп, аяғын тістеп, үстіне секіріп тиісе бастады. Сонда мен тұрып айттым:

— Тоқта, қанденім, ойнақтағаныңды қоймасаң, Полкан сазайыңды берер,— деп. Біраз қарап тұрсақ та, кішкентай қанденнің ойнақтағанына, тістегеніне Полкан ашуланып қозғалмады. Түрегелсем, арт жағымда ұстазымыз келіп, менің әлгі сөзімді естіп тұр екен, маған қарап айтты:

— Көрдің бе, анау Полканның сенен көрі көңілі жұмсағырақ. Сен өзіңнен кіші балаларменен ойнасаң, ақырында біреуін жылатасын, немесе ренжітесін, Полкан ит те болса, өзінен кіші әлсіздерді ренжітуді ұятсынып, қанденге тимей тұр,— деді.

## ТЫШҚАННЫҢ ӨСИЕТІ

Тышқан баласына оңашада үйретіпті, адам деген мықты жауымыз бар, ағаштан қақпан құрып, үстіне ғана май байлап қояды, соны жеймін деп барсаң қақпан ұстап алады, балам, соған жолай көрме, деп. Бір күні әлгі баласы ойнап жүріп, майдың исі шыққан соң; неғылып қойған екен деп, қасына жоламай, алыстан сығалап қана қараса, шешесінің айтқан қалыбынша қақпан, үстінде майымен тұр екен. Ойлады: қарашы адамның ақылсыздығын, ағаштан қақпан ғана істеп, үстіне май байлап, бізді қызықсын деп қойғанын, біз сол қулыққа бола қоямыз ба деп, олай-бұлай одырандап жүгіріп жүрді де айтты:

— Сүйтсе де, айхай майы құрғырдың исінің жақсысын ай, жемесем де биттей ғана жақындап искеуге болады ғой,— деп, бірте-бірте жақындай-жақындай бара жатқанда, қақпан тарс етіп тышқанды жаншып тастады.

## ІЗБАСТЫ

Қыпшақ Избасты би, он жасар күнінде көш үстінде көп адаммен бір түлкі қуысып, бәрінен бұрын жетіп түлкіні соғып алды. Артынан келген жасы үлкен кісілер түлкінді бізге байла деп еді, Избасты бермеді. Қазақшылық әдетте жасы үлкенге мұндай соғып алған түлкіні байлаушы еді, мынау бала бізге байламайды деп, заманындағы ханына арызға келісіпті. Сонда Избасты ханға айтты дейді:

— Ойдан қашты бір түлкі, тауға қарап демалмай, жабыла кудық көп кісі, бәрі де қалды ере алмай; сол түлкіні кім алар, жалғыз жеткен мен алмай; ағайыннан дұшпан жауым жоқ, алдына салып айдап жүр, алтайы түлкі көре алмай; ұялып, тақсыр, жүрмеңіз, мұның төресін ондап бере алмай.

## ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ

Бір түлкі жүгіріп келе жатып абайсыз да бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келіп, түлкіні көріп:

— Әй түлкі батыр, неғылып тұрсын? — депті.

Түлкі айтты:

— Ой неғыласын, батыр, жаным райыс<sup>1</sup> тауып тұрмын: қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, — деді.

Мұны естіп ешкі мен де салқын су ішейін деп, секіріп апанға түскенде, түлкі-екең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөпіне кетті дейді.

## ҚАРҒА МЕН ҚҰРТ

Қарға ұшып жүргенде жерде жорғалап бара жатқан құртты көріп, тұмсығымен тістеп алып ұшып кетті. Құрт байғұс істің жаманға айналғанын біліп:

— Әй, қарға батыр, әке-шешенді де көріп едім, асқан жақсы құстар еді, — деді.

Қарға тәуір көріп, тұмсығымен «уһ!» деді.

— Апа-ағаларыңды да білуші едім, — деді құрт.

Қарға тағы «уһ!» деді.

— Бірақ соның бәрі де сенен жақсы емес еді, — деді.

Сонда қарға масаттанып «аһ!» дегенде, аузы ашылып кеткен соң, құрт жерге түсіп кетіп, құтылды дейді.

## САУЫСҚАН МЕН ҚАРҒА

Ала сауысқан бір бұтақтан бір бұтаққа конып, тынбай шыйкылдай беріпті, қасындағы құзғын-қарға үндемей отырыпты-мыс. Сонда сауысқан:

---

<sup>1</sup> Райыс — рақат. — Ред.

— Қарға тамыр, сен неге үндемейсін, әлде менің айтқан сөздеріме нанбай отырмысың, — депті.

Оған қарға айтты дейді:

— Рас, сауысқан мырза, еркін сөзіңе наныңқырамаймын; саны-сапасы жоқ көп сөйлеген мылжың шын сөзді азайтады деп білемін, — депті-міс.

## ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ДАУЛАСҚАНЫ

Жылқы, түйе, сыйыр, қой, ит, тауық, тышқан және бөтен жан-жануарлардың бәрі де адамның жылына ағалыққа таласты дейді.

Жылқы айтты:

— Мен, адам үстіме мінсе алысын жақын етемін, күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма дейін арқан істейді, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, — деді.

Түйе айтты:

— Сен адам жұмысын қылсаң арпа, сұлы, шөп асайсын, тамағың үшін құл болдың. Мына мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын, аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса — көде, жусан болса — жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлге де шыдап жүре беремін, жыл ағасы болу маған лайық, — деді.

Сыйыр айтты:

— Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді.

Қой айтты:

— Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді; жүнімді алып киіз істейді, жабағымнан күпі тігеді, арқан, жіп еседі, сүтімнен құрт, май алады, — деді.

Ит айтты:

— Мен болмасам сенің көбінді не ұры ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді, сенің бәріңнің мен бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп-абалап, иеме хабар беремін.

Тауық айтты:

— Мен болмасам кісі ерте тұрып, жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді, мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын, таң атты деп, көп отырса, жұмысыңнан қаларсың, жатар уақыт болды деп, түн ортасында да шақырамын, кеш болса тағы шақырамын, демалар мезгіл болды деп, — деді.

Тышқан не дерін біле алмай тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жыйналған көпке айтты:

— Бұл таластан ештеме өнбес, жылды қарап тұралықта, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын,— деді.

Түйе өзінің биіктігіне сеніп, менен бұрын кім көреді деп тышқанның сөзін қостап, бәрі де жылды қарап тұрды. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінді де отырды. Сонымен бәрінен бұрын жылды тышқан көріп, хабар беріп, жылдың басы болған. Түйе бойына сеніп құр қалды деген сөз — осыдан қалған екен.

## ҚАРА БАТЫР

(Ертегі)

Қара батыр деген ерді бала күнінде түрікпен елінің жортуылшылары ұстап алып, еліне апарған соң қой бақтырыпты. Аш, жалаңаш сақтап, жөнді тамақ бермеген соң, бала қойдың далада сүтін сауып ішіп, сонымен күн көріп жүріпті. Бір күні бала далада қамығып жылап отырғанда, алдына бір қарға келіп қонады. Бала қарғаға айтты:

— Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды алсана, біздің елге барсана, сағынып жүрген әкеме, тұмарды бере қалсана.

Қарға бір қарқ етті де, ұшып кетті. Бір мезгілде сауысқан келіп қонды.

— Ай, сауысқан, сауысқан, өлеске жеп тауысқан, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Сауысқан шық-шық етті де, ұшып кетті.

Келіп тырна қонды.

— Ұзын мойын тырналар, қайыры бар мырзалар, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Тырна тыррау-тыррау деді де, ұшып кетті.

Келді қаз.

— Әй, қаздар-ау, қаздар-ау, сізге бар-ды наздар-ау, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Қаз қаңқ-қаңқ етті де ұшып кетті.

Келді акку.

— Көлден ұшқан қуларым, құс төресі туларым, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Акку тоқталыңқырап, көлденендеп тұрды да, ол да ұшып кетті.

Біраздан соң қарлығаш келді.

— Әй, қарлығаш, тамыр-ай, жауда болдым қалар-ай, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Қарлығаш ұшып олай кетті, ұшып бұлай кетті, ақыр қыймай келіп, баланың қолына қонды.

Бала ойлады: әкем тұмарымды көріп таныса да, қай елде екенімді біле алмас; бұған бір белгі салайын деп, өзінің қолын пышақпен шаншып қанатты да, қанымен тұмар үстіне түрікпен елінің таңбасын салды. Сөйтіп болған соң, тұмарды қарлығаштың мойнына байлап, елінің, әкешешесінің жерін айтып, ұшырып қоя берді.

Қарлығаш ұшты аспанмен, баланың айтқан жоспармен, асқар-асқар таулармен, айдын шалқар көлдермен, батпак-лай шөлдермен, түрлі-түрлі жерлермен; қос қанатын қамшылап, аспаннан қатер көрінсе, таса жерді жамшылап, үстінен тері тамшылап, неше мерзім жерді өтті, неше мерзім елді өтті, нақ отыз күн болғанда, бір ауылға сол жетті, баланың айтқан аулы осы ма деп, меңзепті.

Бұл ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап жүрсе де, баланың айтқанына ешқайсысы ұсамайды. Сөйтіп шаршап қалғып отырғанда, бір ыңырсыған кемпірдің даусы шықты. Құлағын салып қараса, кемпір айтады:

— Ау, шырағым-құлыным, маңдайымда тулымым, көлге біткен құрағым, жалғыз ұлым шырағым! Жау алды ма білмедім, су алды ма білмедім, аң алды ма білмедім, жөнінді біліп, шырағым, құрбаның боп өлмедім, жыйырма төрт ай болды, мен жалғызды көрмедім!..

Сен тұра тұр деп кемпірді тоқтатып, шал айтады:

— Жалғыз біткен талшыбық, келбетің келген қарағым, бір дерегің білуге, дүниені кезіп қарадым, аш бұрадай жарадым, он екі мүшем сәгілді, аш күзендей бүгілді, таулардың насат тасындай, берік-ақ еді сүйегім, өрт шалғандай егілді. Қайда да кеттің, сұңқарым, үміт еткен тұлпарым, бір көрсетіп алмады, сол ғана болды-ау інкәрім.

Онда бір жас қыз бала әке-шешесін тоқтатып сөйлейді:

— Нар кескен деген алмастай, асыл еді негізің, бірге туған егізім, сен тұрғанда ойлаушы ем, арғымақ ат мінермін, асыл киім киермін, тең-құрбымнан ілгері, мен жарқырап жүрермін, биіктен талап тілермін, ойын-күлкі сауықпен, қызық дәурен сүрермін. Егізімнен айрылып, ақша беттен қан кетті, көңілімнен жан кетті, желкілдеп шыққан көк шөптей, жап-жас қана күнімде, міне бізден сән кетті. Әй, қартымыз, қартымыз, көзіңнің жасын тартыңыз, мен бүгін бір түс көрдім, әжептәуір іс көрдім, түсіме жору ай-

тыңыз: қолдан ұшқан сұңқарым, қайта қонып жүр екен, үйірден жойған тұлпарым, қайта келіп жүр екен, бірге туған құлыным, үйге келіп жүр екен. Бізге құдай берген-ді, кісі көрмес өлген-ді. Баба-түкті Шапты-әзіз, нақ сарт болып кетпесе, хабар алып шырақтан, бір қарлығаш келген-ді...

Бұл сөзді есіткен соң, қарлығаш тіп-тіке шал-кемпірдің алдына қонды. Бейшаралар жылап-сықтап тұмарды алып, танбасынан Қара батыр түрікпенге барғанын білісті. Соған соң ат жаратып, адам жыйып, түрікпен жұртына барып, көп тарту-таралғы беріп, баласын алып қайтты дейді.

## БАЙҰЛЫ

Байұлы жеті жасар күнінде ел көшіп, көп балалар: біреу тайына, біреу атына мінгенде, бір бала жыламсырап қарап тұрып қалды. Мұны көріп, Байұлы қасына барып:

— Сен неге атыңа мінбейсін? — деді.

Бала камығып:

— Атым жоқ, көшкенде әжеммен түйеге мінуші едім, — деді.

Сонда Байұлы аттан түсіп жаяу әкесіне барып:

— Мен атқа мінгенде, ер-тоқымымен маған бір жорға тай атап едіңіз, сол тайымды біреуге берсем сіз ұрыспайсыз ба? — деді.

Әкесі:

— Кімге бересін? — деді.

Бала қысылынкырап тұрып, жаяу жылап тұрған жарлының баласын көрсетті.

Бұған әкесі де түсініп, бетінен сүйіп:

— Тайынды кімге берсең де ерік өзінде, — деді.

Сонан соң Байұлы қуанып, тайды ерттетіп, манағы балаға әкеп беріп, қасына ертіп алды да, шауып кеп, көп балаға қосылды.

Сол уақытта бір ақсақал жақсы кісі қонақ болып жатыр екен; Байұлының әлгі мырзалығын көріп, разы болып, сыртынан бата берді:

— Ей, құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер, — деп.

Сол кісінің батасы қабыл болып, акырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, ұруға бас болды. Он екі ата Байұлы деген ру сонан болды деседі.

## ЖӘНІБЕК БАТЫР

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйрену үшін, Қаракерей Соқырабыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібекпен таңып отырған кісі екен, Жәнібекті көріп:

— Сен қай ұлсын? — деді.

— Қошқар ұлымын, — деді.

— Қошқардың адам есті бір ұлы бар деп еді, сол боларсын ба? — деді.

— Болармыз, — деді.

— Балам, не жұмысың бар, бұл жақта неғып жүрсін? — деді.

— Осы жақта бір қарт ағамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім, — деді.

— А-а!!! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсін, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсін, алдына келсе әділдігінді аяма — аймағың кетпес алдыңнан; қол бастап жол алайын деген ұл екенсін, жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың кісіге — бір кісі олжа салатұғын, олжанды аяма-саң — жолдасың қалмас жаныңнан; жүз жыйырма алтыға келіп отырмын, жас күнінде қалың бер де қатын ал, жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол, қартайған соң өкінбе, ұлым; қару жыйсаң мылтық жый, жаяу жүрсең — таяғың, қарның ашса — тамағың.

Мұнан шығып, Кішіжүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келді. Келсе бидің елі көш екен, көш үстінде кез болып сәлем беріп, ат үстінен көрісті. Мұнысын жақтырмай, бұл би де сұрады.

— Жаным, қай ұлсын?

— Қошқар ұлымын.

— Ұлым, неғып жүрсін?

Оған да айтты:

— Осы жақта бір қарт ағамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрайын деп едім.

— Е!-Е!-Е! — деді ол. — Азуы алты қарыс арғынның Қошқарұлы Жәнібек, Алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші.

Жәнібек:

— Мен сөз сұраймын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой, — деп, атының басын бұрып алып жүріп кетті...

Анадай бара жатқанда, би:



— Әй, Жәнібек,— деп шақырды. Жәнібек артына қарады. Сонда би:

— Атыңның басын бұрма, солай тұр, жүзім кішілігінен<sup>1</sup> бір ауыз сөзбен көңліңді қайтардым: өгізді өрге салма — қанатың талар, жаманға жүзіңді салма — сағың сынар,— деді.

## БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

Асан деген бай баласы, Үсен жарлы баласы,— екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айкай салып, жылай бастады. Үсен ойланып тұрды да айтты:

— Жылағанмен ешнәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

— Елді қайдан табамыз, қай жаққа кеткенін де көргеніміз жоқ,— деді Асан.

Үсен үндемеді, Асанды ертіп көшкен жұртқа келді. Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сұрлеуін тауып, сол сұрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сұрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады.

— Енді қайсысына түсеміз,— деп. Үсен қарап жүріп, біреуіне түсті:

— Мынау сұрлеу, бүгін жүрген көштің сұрлеуі екен — малдың жас тезегі бар,— деді.

Біраз жер жүрген соң Асан қарным ашты деп жылады. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды. Асанның онымен ісі болмай жүре берді. Үсен жүгіріп барып сыйпалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып жұмыртқаны алайын деп еді, Үсен алдырмай:

— Жолдан адасып көп күн жүрсек, бізге тамақ керек болар, үйректі де ұстап алайық,— деді.

Асан айтты:

— Қалай ұстаймыз?

Үсен:

---

<sup>1</sup> Кішіжүз деген мағнада.— Ред.

— Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім,— деп, манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды. Мұнан соң Асанды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалын шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай-ақ үйрек қайта ұшып, жан-жағында алам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды. Бітегенеден соң Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша алмай далбырлады да қалды; қараса, үйрек мойнынан тұзаққа ілініп қалған екен.

Үйректі Асан:

— Тірі алып, ойнап баралық,— деді.

Үсен айтты:

— Жоқ, әкем: үйрек қаз адал құстар, мұқтаждықта құдайтағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырды, бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал деп айтушы еді, әуре етпей бауыздап алалық,— деп, манағы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен бауыздап алды.

Мұнан соң келе-келе жатып, түс ауған уақытта, екеуі бір өзен-судың бойына жетті. Су ішіп сусындарын қандырып соң, Үсен айтты:

— Енді бір тамақ пісіріп желік.

Асан:

— От жоқ, неғылып пісіріп желік? — деді.

Үсен үндемей су жағалап жүгіріп кетіп, бір шакпақ тас тауып әкелді және шапанының бір кішкентай жыртылған жерінен азғана макта суырып алып, оны тастың үстіне қойып, бәрін бармағына ғана қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, макта тұтанды; сонан соң айналасына азғана тезек үгіп салып, Үсен өзі отты үріп тұтандырып жатып, Асанды қу тал жыйнап алып кел деп жіберді. Тал келтірілген соң от жағып, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді; онан соң үйректің жүнін жұлып, бұтарлап, бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады. Піскен соң екеуі де жесіп, тойып алысты.

Тамағы тойған соң көңілінен уайымы шығып, Асан су жағалап жүгіріп кетті, бір мезгілде дауыстады:

— Үсен, Үсен! Мынау тайыз жердегі балықтарды қарашы! — деп.

Үсен оған қарамай баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды, сол уақытта пышақпен инені алып, ептеп иді, қармақ істеді.

Сонан соң Асанды шақырып:

— Сен шегіртке тере бер,— деді де, өзі манағы қыл-

дан есіп қармаққа бау істеп байлап, талдан кесіп оған сап істеді. Сөйтіп, қармағы әбзелімен даяр болған соң, Үсен суға барып, Асанның жыйған шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Су әдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп жүретұғын. Әуелі шабақтар келді, біреуі бір, екеуі екі жемді иіскеп, тиіп-қашып, жұлқып өтіп жүрді. Сөйтіп тұрғанда шабақтар дүркірей келіп қашты. Қараса, бір шортан келген екен. Ол шортан жемге де қарамай, тәкәппарланып жайымен былғандап өтіп жүре берді. Шортан өткен соң манағы бытырап кеткен шабақтар тағы жалма-жан жыйылып келісіп, жемнің айналасында ойнап, бірін-бірі қуып, жемге де тиіп-қашып, соғып өтіп жүрді. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар және дүркірей қашып, жоқ боп кетті. Қараса, бір бөлек алабұғалар келген екен, жемді ең бұрын көрген біреуі тоқталмастан келіп асап келіп қалғанда, Үсен қармақты тартып алып, оны қырға шығарып тастады. Сол қалыпша Үсен бірталай алабұға алды.

Балықтың алынған қызығына айналып тұрып, балалар күннің кешке таянып қалғанын аңғармаған да екен. Бір мезгілде Үсен күнге карап:

— Аһ, күн кеш боп қалыпты ғой, жарықта өткел тауып алайық,— деп, қармақпен алған балықтарын біреуінің шапанына орап алып, манағы шақпақ тасын және сабы-бауымен қармағын да қалдырмай алып, енді өткел іздесті. Бұл турада Үсен кідірместен, манағы өздерінің түсіп келген сүрлеудің өткен жерін тауып алып, сол жерден өтешікті.

Біраз жүрген соң-ақ күн кеш болды және біраздан соң ымырт жабылып, жол көрінбеді. Түн болған соң, балалар екеуі де қорқайын деді. Сөйтсе де Үсен сыр білдірмей, енді жүрсек адасармыз деп тоқтады, тезек теріп от жақты. Біраз отырған соң Асан күндіз көп жүріп шаршаған бала, ұйқтап қалды. Үсен ойлады: әкем айтушы еді «елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады» — деп, ұйықтамай отқа күндізгі алған балығын пісіріп, ермек етіп отыра берді; есітуі бар еді: от жағып отырса, қасқыр келмейді-міс деп. Қарап отырса, бір мезгілде бір топ киік келді. Олар анадайдан одырайып қарап тұрып-тұрып, өз-өзінен үркіп жөнелді. Біраздан соң құлын, тайы бар бір үйір құлан келді; айғыры алдында басын тікшитіп, күйрығын шаншып, оскырынып, өзгелері танданып қарап тұрды-тұрды да, олар да шауып жөнелді. Бір мезгілде жақын жерде қасқыр ұлыды; алысырақта өгіз-шағала адамша шыңғы-

рып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлген адамша, әртүрлі дауысқа салды. Үсен түйінінкіреп, бойы мұздап, қолына манағы қармақтың таяғын қысыңқырап ұстап және отыра берді. Сөйтіп, әр жануарларды көріп және оттың жарығына жыйылған құрт-құмырсқа, көбелектерді қарап, бұл көбелек-қоңыздар неге көріне өлім іздеп отқа түсе береді екен деп, әртүрлі ойларға қалып, сүйеніп жатып, таңды атырды. Күншығыста таң әуел алтынмен бояғандай қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры қызылы тарап ағара бастағанда, Үсен Асанды да оята бастады: «Жүрер уақыт болды» — деп. Асан далала екенін ұмытып, үйдегі қалыбынша, жуық арада оянбай ыңырсыса да, Үсен қоймай оятып алып, қасына ертіп жолға шығысты.

Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатан шоқаттау жерге түсіп көрінбей кетті. Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей дағдарып тұрды. Сөйтіп, жан-жағына қарап тұрса, ілгергі аялында бір биік қыр үстінде, үлкен мола көрінді. Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: далала жүріп адассан, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады, дейді екен. Сол ақыл бойынша Үсен Асанды ертіп, молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қанқылдаған қаздың даусы шықты; Үсен енді білді жақын жерде көл бар екенін, оның үшін қаз сусыз жерді мекен етпейді. Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жынылдаған мал; жағасындағы жібектей жапырылған көкорай шалғынында қора-қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе өз ауылдарының малы екен. Малшылар Асан, Үсенді көріп, олар да қуанып, біреуі әкешешелерінен сүйінші сұраймыз деп шапып кетті, өзгелері балаларды атқа мінгізіп, ауылға алып жүрді. Жолда келе жатып малшылар айтты: — сендердің жұртта қалғаныңды біліп, кешеден ауылдың жан біткені іздеуге кетіп еді— деп. Нақ бесін мезгілінде балалар аман-есен үйлеріне келіп, әке-шешелеріне қосылды дейді.

## БАЛАНЫҢ АЙЛАСЫ

Бір әлім адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зыян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол

оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп әлімге ұмтылды, әлім айтты:

— Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

— Бар.

Әлім айтты:

— Олай болса біреуге жүгіnelік, төре саған тисе шағарсын,— деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеніз: мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өмірімше қызмет істесем де, адам қай уақытта шамамнан тысқары жүк артады да, жүре алмасам ұрып-соғып ренжітеді.

Жылан мұны есітіп, әлімнің мойнына бір оралды. Мұнан шығып жеміс ағаштарына келіп жүгінді. Бұл ағаш та айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеніз: менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты ұрып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді,— деді.

Жылан әлімнің мойнына тағы бір оралды. Онан кетіп, бір итке жолығысты.

Ит те айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар, мен иеме қанша түнкүн ұйықтамай мүлкін, малын, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, таяқтап ұрып мені қуып жіберді,— деді. Жылан және бір оралып, енді шағамын деді.

Әлім айтты:

— Енді тағы біреуге-ақ жүгінейік, төрелік тағы саған тисе, шаға бер.

Сонан шығып бір топ ойнап жүрген балаларға келді. Ішінде бір бала әлімге сәлем берді. Әлім сәлемін алып, сол балаға істерінің мәнісін айтты.

Бала есітіп болып:

— Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдйға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? — деді

Сонда жылан да айтты:

— Бұл сөз рас,— деп.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі на-  
нып болмас» деп.

Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да,  
манағы қобдйға кіріп жатты.

Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де,  
әлімнің қолына берді, «апарып алған орыныңызға қойы-  
ңыз» деп.

## ОҚУДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙІНЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

### А

Қамқор, дуагөй атам мен әже, сіздерге ықласты сә-  
лемдерімді жолдап қаламын. Өзім сіздердің он баталары-  
ңыздың арқасында сау-саламат бармын. Өткен почтадан  
жіберген сәлем хатыңызды, азын-аулақ ақшасымен, жолы-  
ғып алдым. Алда разы болсын, мендей нашар балаңызды  
естен шығармай тұрғаныңызға. Ықласыммен құдайтағала-  
дан тілеймін: сіздердің еңбек қамқоршылығыңызды бізге  
де қызметімізбен өтеуге жазғай еді деп. Оқыған оқуымыз  
турасында бұл күнде ұстаздарымыз сонша разы. Жаңада  
ең жақсы оқыған балалардың есебіне қосып, кенегесіне  
жазып қойды. Ата, сіз әрқашан ақыл айтушы едіңіз: «ба-  
лам, алаң болмай ұстаздарыңның айтқанын орнына келті-  
ріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс» деп,  
мен ол сөздеріңізді ұмытқаным жоқ...

Сіз жазасыз, ата, Қасенге қорасан<sup>1</sup> шықты деп. Аман  
жазылып кеткеніне қатты қуандым. Бізге ұстаздарымыз  
айтады: қорасанды егіп шығарған балаға қайта қорасан  
шықпайды, шыға қалса қатерсіз, жеңіл шығады деп. Осы  
сөзді жөні келсе ескеріп, жақын жердегі лекарьлерге<sup>2</sup> кіш-  
кентай інілерімді апарып, шешек ектірген қалай болар  
екен?

Қош, дауаларыңыздан үміткер балаңыз *Н.*

### Б

Ағамыз Ыбрайға көп сәлемдерімді жолдадым. Өзің-  
нен көптен ешбір хат-хабар болмады; тек ауру сыр-

<sup>1</sup> Қорасан — шешек.— Ред.

<sup>2</sup> Лекарьлерге — дәрігерлерге.— Ред.





И. Алтынсарин мұғалімдермен бірге Торғайдағы қолөнер училищасы оқушыларының арасында.



қауға душар болмасаң боладыдағы, шаруалық жұмыста да қолың тимейтін шығар. Сөйтсе де, уақыт тауып есендігінді білдіргейсін. Өзім денім сау, ұстаздарымыздың тәуір назарындамын. Бір-екі айдан соң екінші класқа шығармын деген үмітім бар.

Осы хатты тапсырушыдан Қадишаға екі қадақтай конфет жібердім, сен алып өзіне тапсыра көр. Әкеме бас құлдығымды айтып және менен өтін, маған берген ақшасын босқа шығарды деп ұрыспасын. Қадиша кішкене бала ғой, ағам жіберіпті деп, қуанып қалсын дедім.

Қош, аға, сау бол. Хат жаз дегенімді ұмытпа деп, — есендігінді құдайдан тілеп жазушы ініңіз *Н.*

## В

Мінекей, достым Мұратбай, мен екінші класқа шығып, енді бір-екі жұмадан соң елге де қайтуға тұрмын. Енді көп ұзамай-ақ сендерді көрсем керек. Осы күнде-ақ көзіме елестеп тұр, ауыл көкорай шалғындарға қонып, жан-жақтың бәрі желкілдеген көк шөп ішінде жыңылдаған малдың жүргендері. Көп жазуға уақыт жоқ, құрбы-құрдастарыма сәлем; ағама айт: менің күрең дөненімді кісіге мінгізбей, семіз сақтасын, барған соң өзім жаратып жайлармын. Достың *Н.*

## Г

Ағамыз Ыбрайға сәлем. Сен бекер қауіп етесін, менің азырақ ауырғанымнан; сені көріп әжемдерде үрей қалмаған-ды. Ауырғаным себебі, қыстың күні ауылы жақын жердегі бір ептешімнің<sup>1</sup> үйіне қонаққа барып едім. Ағаш үй жоқ екен, киіз үйде патсалық жеңіл киіммен жатып-тұрып жүргенде бойымды суық ұстады; сонан азырақ басым ауырған соң, қайтып дәрігерге айттым. Дәрігер дәрі беріп, енді жазылып келемін. Ай, аға, әкеме айтып, жылы ағаш үй салып алсаңызшы. Киіз үй жаздың күні қанша жақсы болса, қыстың күні сонша жаман ғой. Суық киіз үйде қыс күні бүрісіп, алдың отқа жылынса, арқан тоңып отырып, не таза жуынуға болмайды, не таза тамақ жеуге болмайды. Осындағы оқымысты дәрігерлер айтады: қазақтың дертінің көбісі — не бойын суыққа алдырғаннан, не таза-

---

<sup>1</sup> Е п т е ш і м н і н — жолдасымның. — Ред.

лық жоқтықтан пайда болады дейді; қотыр, бөрткен, таза болмағаннан, сүзек, шаншу, жөтел бәрі де суықтан дейді.

Еріккен соң, ойыма келгенін жазып, ермек етіп жатырмын. Көп мылжындады деп айыпқа бұйырма және менің үшін келемін деп азаптанба; әкем кәрі кісі, шаруашылық жұмысыңнан қаларсын. Інің *H*.

## ӘЛІМ КІСІ

Бір зор әлім молдадан жаңа дінге кірген бір адам:

— Тақсыр, мен иманды қалай етсем үйренемін? — деп сұрапты.

Әлім айтты:

— Шыққан күн мен айдан, көк пен жерден, су мен желден, жер мен таудан, жаңбыр мен қардан үйрен,— деді.

Сұрап тұрған адам бұл сөз не сөз екенін біле алмай дағдарып тұрды. Сонда әлім айтты:

— Далаға шықсаң көк пен жерді көресін, күн мен айды, көк үстінде жұлдыздарды, тауды-тасты, жел мен жаңбырды — осының бәрін көресін, соларға қарап ой жіберсең, оның бәрін адам жаратуға қолынан келер істер емес; олай болса, соның бәрін жоқтан бар еткен бір күдіретті ие болса керек, біз көрмеген. Сол ақылға ойланып жетіссең иманыңның жартысы тамам болғаны,— деді.

## ЛҰҚПАН ӘКІМ

Лұқпан әкімге бір сопысымақ адам бір жыйылыста айтты:

— Сіздің ауруға ем етуіңіз күна, құдайдың жіберген қаза-бәлесіне себеп табамын деген құдайға қарсылық болып табылады деп білемін,— деді.

Лұқпан айтты:

— Олай болса, сол айтқан сөзіңіз жазылған кітапты келтіріңіз, сенімді кітап болса біз тоба етіп дәрігерлікті қоялық,— деп.

Сопы бұл сөзді еш кітаптан көргені жоқ, кітап алып келе қоямын деп қозғалмады.

Жыйылып отырған халық шулап қоя берді:

— Сопы, Лұқпан жесірге байдай, жетімге атадай болып, неше мұнды бейшаралардың көзінің жасын тыйды,

сен бұл істі күна деп білсең кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып, жазаландырамыз,— деп.

Істің бұлайынша зорайып бара жатқанын көріп, Лұқпан халықтан өтініш етіп тысқа шығарып, сопыны оңаша қалдырып айтты:

— Алда разы болсын, молдам, білген шамаңызша бізді күнадан тыю үшін ақыл айтқаныңызға. Бірақ, бізден де сізге бір ақыл айтылсын: қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмсаңыз, сонан соң ақымыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін танып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз. Екінші, сіздің айтқан сөзіңізден оқып жетіспегендік көрінеді, құдайтағала адамға әртүрлі дене берді: қол берді жұмыс қылмақ үшін, көз берді көрмек үшін, аяқ берді жүрмек үшін, құлақ берді есітуге, ақыл берді ойла-нып, жаман-жақсыны аңғаруға. Сол берген денелерді тиісті орнына жұмсамасаң, құдайдың бұйрығына қарсылық болып табылса керек; оның үшін жүрмей, тұрмай, отырмай, көрмей, есітпей құдайға құлшылық етіп те болмайды. Сол реуішті жансыз нәрселердің де керексіз жаратылғаны жоқ. Бір шөпті у етіп жаратты, екінші шөпті оған басытқы етіп жаратты; бұларды да танып, біліп бұйрықты орнына жұмсамасаң күналы боласын, тиісті пайдалы орнына жұмсаудан обал болмаса керек,— деді.

## ЗИРЕКТІК

Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуға жүріп, қалайша салсам қолайлы, нық болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып ойланды: «Бұл өрмекші мынау жол арқылы көпір салыпты, астында тіреуі жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді» — деп. Сонымен, келді де, су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен.

## СИЛИНШІ ДЕГЕН ХАНЫМ

Қытай жұртының патшасының ханымы Силинші жібек құрттарын абайлап, қарап жүрсе, бұл құрттар өлерінде өзінің өрмегіне кіріп өледі екен. Ханым сол өрмекті алып

шыйратып жіп істеді, сонан тоқып жаңа жібек орамал істеді дейді. Мұнан соң сол құртқа назар салып қарап жүрсе, тұт деген ағаштың жапырағын жеп күн көреді екен. Ханым тұт ағашының жапырағын жыйып, әлгідей көп құрт жыйып асырап, ақырында, бұл құрттың пайдасын халқына үйретті дейді. Жібектің шығатын орнын ең әуелі сол ханым тауыпты-мыс.

Бұл уақытта Силинші ханымның өткеніне бес мың жыл болыпты. Қытай жұрты әлі күнге данышпан ханымын ұмытпай, жыл сайын соның құрметіне той етеді.

## МАЛДЫ ПАЙДАҒА ЖАРАТУ

Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

— Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жібересін, көзге түсетін ешнәрсең көрінбейді,— деді.

Үйші айтты:

— Тапқан малымның бір бөлімімен борышымды өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін.

Көрші:

— Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қашан ақша беруші едің? — деді.

Үйші айтты:

— Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе,— деді.

## ДҮНИЕ ҚАЛАЙ ЕТСЕҢ ТАБЫЛАДЫ

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

— 1791 жылы, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

— Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесін және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсін. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жыйып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк<sup>1</sup> ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жыйнақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым<sup>2</sup> бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі: баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қыйналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласын, Антон,— деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

— Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жыйырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Рас,— деді Антон,— мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым; ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым,— деді.

---

<sup>1</sup> Француз жұртының теңгесі; біздің ақшамызға шаққанда, бір франк жыйырма бес тыйын күміске есеп.— (Автор).

<sup>2</sup> Жұртым — үйім.— Ред.

## БІЛГЕННІҢ ПАЙДАСЫ

Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

— Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар.

Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті.

Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып бітіп, өзі қатын, баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты: әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы<sup>1</sup> таусылды, мық даярласын, деп. Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

— Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын,— деп.

Етікшілер істеген мығын көріп ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс.

## ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшақ Сейтқұл отыз үйлі тобымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қыялға түсіп, Сейтқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай тересіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткі-

---

<sup>1</sup> Мығы — шегесі.— Ред.



зіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жыйып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Қос, Сейітқұлдың өзі де, жыйылған халқы да малдары көбейіп, бай болды, ел жыйылып Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, мандай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жыйып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымшап биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауылшындауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден<sup>1</sup> қазақ қолды әртүрлі товар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат<sup>2</sup> жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті;

---

<sup>1</sup> К е н т — қала. — Ред.

<sup>2</sup> Қ о ң ы р а т — Қарақалпақ елінің қаласы. — Ред.



қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейтқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейтқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830-шы жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.

## ТАЗА БҰЛАҚ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

— Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол,— деп. Маңағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

— Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін,— деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

— Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағнасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек,— деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» — деп сұрады.

Жігіт айтты:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым

болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағнасы: көңілінді, бойынды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін,— деді.

## ӘДЕП

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек басұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

— Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша басұрасыз? — деп айтты дейді.

Сонда әкім:

— Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? — деді дейді.

## ҚАНАҒАТ

Әзірет Әлиден бір жүт<sup>1</sup> келіп сұрады дейді:

— Толық байлық қайтсең табылады?

Әли айтты:

— Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады; — соның үшін Әзірет Әлі,— байлық — қанағатта,— деді.

## МҰҢСЫЗ АДАМ

Бір патшаның ханымы ауру болып, жұрттан неше-неше дәрігер жыйдырып, ем еткізсе де ешбір дауасы табылмады. Патша мұнан соң бақсы-балгерлерді жыйдырып жарлық айтты:

— Балдарыңызды ашып, осы ханымға не ем болаты-

---

<sup>1</sup> Жүт — еврей.— Ред.

нын табыңыз, егер таппасаңыз бәріңізді де астырып өлтіремін,— деп.

Бақсы-балгерлер қорқып, сасып тұрғанда, ішінде біреуі айтты: «Мен бұл аурудың емін таптым». Сол сөзбен мұны ханға алып келісті. Бұл балгер ханға айтты:

— Дүниеде мұңсыз кісі тауып, соның көйлегімен қақтырсаңыз, бұл ауруға сол ем екен.

Патша жер жүзіне жасауылдарын таратып, қанша іздесе де мұңсыз адам табылмады; біреу бай, не бақты болса баласы жоқ, екеуі де болса не қатыны не баласының мейірімі жоқ, болмаса біреулерден көрген кемшілігі бар, болмаса не өзі, не қатын-балалары сырқау, ең болмаса сол айтылғанның бәрін құдай берген болса, қанағат жоқ болғаннан уайымы көп — тағы ілгерірек болмадым деп.

Күдер үзіп, мұңсыз адам жоқ екен деп қойған кезде, бір күн патшаның баласы келе жатса, бір кедей адам даладағы бұзылған тамның түбіне келіп айтады: «Бүгін жұмысымды бітірдім, қарнымды тойдырдым, енді не уайымым бар, кел жатып ұйықтайын» — деп, тамның қасындағы жыйынды салам үстіне жығылды да жатты, бітегене болмай қорылдап ұйықтап та қалды.

Патшазада мұны көріп, мұңсыз кісі таптым деп патшаға хабар берді. Патша қуанып жасауылдарын жіберді, ол мұңсызды алып келіңіз деп. Алып келген соң, бұл адамға алтын-күміс беріп, енді көйлегінді бер деп қараса, мұңсыздың үстінде көйлегі де жоқ екен.

## ӘДІЛДІК

Хусейін қазының терезесінің түбіне келіп, екі жаман киімді тіленші:

— Құдай үшін, қайыр беріңіз,— деді.

— Құдай өзі берер, барыңыз,— деді қазы.

— Пайғамбар ақы үшін.

— Ей, тіленшілер, енді басымды ауыртпай кетіңіз,— деп ашуланып, қазы оқып отырған кітабын жерге атып ұрды.

— Аһ, қазы, бейшарашылыққа бір нәрсе берсенші,— деп тіленшілер кетпей, жылап тұрды.

Сонда қазы ыза болып, ұшып тұрып, жұмыскерлерін шақырып бұйырды:

— Мынау бір-екі қыдырындыны зынданға тастаңыз,— деп. Бірақ ол арада тіленшілер жоқ болып кетті.

Мұнан соң үш күн өткен соң, қазыға көп қонақтар келіп, той болды. Қазының үйінің іші жарқыраған алтын, шамасыз сәулет, өзі терезесін ашып, сол терезе түбінде мүфтимен<sup>1</sup> әңгімелесіп, көзіп Бағдаттың қаласына салып отыр екен, сол уақытта терезе тұсына анакүнгі екі тіленші тағы келді.

— Қуаныштарыңыз қайырлы болсын, қазы, осы қуаныш үстінде бізді де бір нәрсе беріп қуантыңыз,— деп жылап тұрды.

Сонда қазы қасындағы мүфтиге айтты:

— Осы екі қыдырынды тіленшілер екінші рет келіп беймаза етеді, калипа қазіреті осындайларға жаза бұйырмайды. Сөйтсе де, бұл жолы бұйрықсыз да болса, осы екі тіленшіні ұстатып кісендетемін, Бағдаттай қаланың сынын бұзып, қыдырып жүрмесін,— деп, адамдарын шақырды.

Сол уақытта екі тіленшінің өздері үйге кіріп келіп, үстіндегі ескі киімдерін тастап, біреуі айбатты дауыспен ақырды:

— Қазы, мен сені қазы қойғанымда жұртқа қайырлы, байға, жарлыға бірдей, ақ-сарағат би болар ма екен деп үміт етіп едім, бұл жаңылысыма тоба қылдым. Жапар! Мынау оңбаған күртты алып, әділдікпен жазасын бер, жұртым көріп-білсін патша құрығы ұзын екенін, ерте ме, кеш пе қылған жамандық патшаға білінбей қалмайтынын, білінсе үлкен-кішілікке қарамай, жаза тартатынын,— деп.

Жыйылған қонақтар бұларды танып, аяқтарына құлап жығылысты. Тіленші болып келіп жүрген Нарунрашит деген калипа патшасы, қасындағы Жапар деген уәзірі екен.

## ПЕТР ПАТШАНЫҢ ТЕРГЕЛГЕНІ

Рига деген қаланы жаулап алғанның соңында, Петр патша Меншиков деген князьға және Шереметьев деген графқа наград есебінде жаулап алған жерлерден жер беріпті-міс. Осындай берілген жердің біреуі Рига қаласының бір қарапайым адамына тиісті жер екен, барып патшаға арыз етті:

— Не күнам бар, жерімді біреу алғандай? — деп.

Патша арызын тыңдап болып, айтты:

— Арызың дұрыс болса, тиісті қазыларға (сотқа) арыз ет.

---

<sup>1</sup> Мүфти — мұсылмандардың дін басысы.— Ред.

Ол кісі арыз берді:

— Меньшиков деген князь жерімді тартып алды,— деп.

Қазылар арызын алып сұрап еді, Меньшиков жауап берді, ол жерді маған наградқа патша берді деп. Қазылар Петр патшаға да хабар беріп, патша өзі де келді. Патшадан да жауап сұрап болып, ақырында қазылар:

— Петр патшаның бұл ісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін наградқа беріпті,— деп, жерді иесіне қайтаруға бұйырысты.

Патша билігін есітіп болған соң түрегеліп қазылардың бетінен сүйіпті:

— Әділдіктеріңе алда разы болсын,— деп және сол жерде айтты дейді:

— Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!

## МҰЖЫҚ ПЕН ЖАСАУЫЛ

Бір мұжық далада жүріп, біртүрлі әдемі тас тауып алып, көршісінен сұрады:

— Бұл тасты неғылсам болады? — деп.

Көршісі айтты:

— Патшаға алып бар,— деп.

Сонымен мұжық келіп патшаның алдындағы жасауылының аяғына жығылып, мені патшаға жолықтыр деп тілек етті.

— Не жұмысың бар? — деді олар.

— Патшаға сый алып келемін,— деді мұжық.

Жасауыл айтты:

— Патша саған не сый берсе, жартысын маған бер, болмаса жолықтырмаймын.

Мұжық бұған разы болды.

Мұнан соң, мұжықты патшаға алып келісті. Патша тасын алып, мұжыққа алда разы болсын айтып, мың теңге беріп еді, мұжық аяғына жығылып:

— Тақсыр, мың теңгені алмаймын арқама елу шыбық салдырыңыз,— деді.

Патша бір мағнасы бар шығар деп, жасауылына бұйырды — ақырын ғана мұның арқасына елу шыбық соқ деп. Жыйырма бес шыбығын салып болғанда, мұжық айтты:

— Енді маған болар, қалғанын бәлен жасауылға сал-

дырыңыз, алған сыйымның жартысын не де болса соған бермекші едім.

Бұл жасауылды шақыртып, оған келістіріп жыйырма бес шыбық ұрдырды. Сонан соң, бұл айласына разы болып, мұжыққа патша екі мың теңге бергізді дейді.

## ЖОМАРТ

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-ұсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

— Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа — тамақ, жалаңашқа — киім, үйсіздерге — үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағнасы не? — деп.

Жомарт айтты дейді:

— Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мән жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдай-тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күналі болармын деп қорқамын, — деді.

## САРАҢДЫҚ ПЕН ЖЫЙНАҚТЫЛЫҚ

Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жыямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырыпсын деп, қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:

— Сен білмейсін, ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, — деп.

Мұны есітіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті: «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың деп сонша кейіп тұрған адам бізге ешнәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық». Ішінде біреуі айтты:

— Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік.

Бұл сөзбен байға келіп, сәлем берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын есітіп, сол жердің өзінде бөтендерге қарағанда екі есе ақша шығарып берді және мұнан басқа төрт-бес қап астық беремін деп уәде етті. Мұнысын көріп жолаушылар танданып отырды да, өздерінің далада байды сараңға қойғандарын айтысты. Сонда бай айтты:

— Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жыйнағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетісті; жыйнақтылық — сараңдыққа қосылмайды, — деді дейді.

## САЛАҚТЫҚ

Кәрім деген мешер өзі жұмысқа тәуір жігіт те болса, жуынып кірсіз көйлек киіп, таза жүрумен ісі жоқ еді. Әркім айтушы еді:

— Саған не болды, Кәрім, бойыңнан кірінді ағызып жүргенше, жуынсаң болмай ма? — деп.

— Қолым тимейді, — деуші еді ол.

Сөйтіп жүріп, тұлабойын шыйқан қаптап және қотыр болды. Бұл күйде құрысып-тырысып жатқанында, әркім сұрайды:

— Кәрім, саған не болды? — деп.

Кәрім айтады екен:

— Күнам үшін құдайдың бір берген сазайыдағы, — деп.

Оған қарсы таныстары:

— Рас, Кәрім, құдайтағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жұмасына бір моншаға түсіп, не болмаса үйінде сабынмен жуынуды әдет етсең, бұл бәлеге душар болмас едің.

Сонымен Кәрімді ауру жататын үйге алып барып, таза жуындырып, таза киім киіндіріп, ем қылған соң, аз ба, көп пе жатып жазылды. Мұнан шыққан соң, Кәрім бір заводқа барып жалданыпты. Өздеріне де белгілі шығар, заводта нәрсе бояйтын бояулардың қайсысы у болады. Бір күні қожасы Кәрімге бір бояуды былғап қой деп беріпті.



Былғап отырып-отырып, кәдімгі үйренген қалыбынша, қолын жумастан барып, тамаққа отырып, нан жепті. Қолындағы бояудың жұғынының бәрі де жеп отырған нанына жабысып отырғанда, бір мезгілде Кәрімнің іші бүрісіп, ауыра бастапты. Әрлі-берлі, олай-бұлай аунақшып, біраз жатып, Кәрім ұзамай-ақ жан тапсырыпты,— әлгі бояу у бояу екен.

## АҚМАҚ ДОС

Бір мырза орманнан бір аю баласын ұстап алып, үйіне алып келіп, сонша жақсы күтіп асырапты. Бір күндерде мырза қатты ауырып, бір айдай төсектен тұрмай жатып, сол уақытта аюды да қараған кісі болмай, бұл да қатты жүдеп зарығыпты. Аурудан азғана тәуір болған соң, мырза бір күні далада, есік алдына отырып, күннің жылысымен маужырап қалғыйды, бірақ маңдайына, бетіне шыбын қонып, шыдатпайды. Соның бәрін де манағы аю көріп отыр екен, мырзаға тыныштық бермегені үшін шыбынға қатты кейіді. Сөйтіп, аю ыза бола тұра жұлқып кеткенде шынжыры үзіліп кетіп, жүгіріп барды да, мырзаның бетіне табанымен салып келіп кеткенде, мырза қалпақтай ұшып, сол жерде-ақ жан тапсырды дейді.

Бұл іс Дауыт пайғамбардың заманында болған екен. Аюды халық пайғамбарға сүйретіп алып барды, бұған қалайынша жаза береміз деп.

Әзірет Дауыт аюдан сұрады:

— Не себептен қожанды өлтірдің?

Аю жылап айтты дейді:

— Қожам мені баласындай күтіп, асыраушы еді, ол ауырған уақытта мені күткен кісі болмай, қожамның жазылуын тілеп зарықтым. Бүгін сол аурудан тәуірірек болып, қожамның далаға шыққанына қуанып қарап тұрғанымда, мырза есік алдына отырып, қалғыйын деп еді, шыбындар тыныштық бермеді; солған ашуым келіп ұрғанымда қожам, не себептен екенін білмедім, өліп қалды. Мен қожамға қастық ойламадым, шыбынды қырайын деп едім,— деді.

## ЖАМАН ЖОЛДАС

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жол-

дасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң, манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

— Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

— Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді,— дейді.

## **АЙУАННЫҢ ЕСТІСІ КӨП, БІРАҚ АДАМДАЙ ТОЛЫҚ АҚЫЛЫ ЖОҚ**

Ит адамға шын дос жануар. Дүние жүзінде иттің неше атасының ұлы бар: біреуі қора, біреуі үй күзетеді, біреуі малшы орнына мал бағады, біреуі аң, құс алып береді, біреулері, тіпті, ат орнына жегіліп те жүріледі; бұлардың бәрін де екінші кітапта уақытымен айтармыз.

Англия жұртының ең үлкен Лондон деген қаласында өрт болған уақытта, күйіп жатқан үйдің ішінде қалған балаларды алып шығуға үйретілген иттер бар. Соның біреуі Боб деген ит он екі баланы өрттен алып шығыпты.

Бір күні бір үй жанып, өрт сөндіргіш адамдар келген уақытта, бір қатын жылап тұрды, балам жанып жатқан үйде қалды деп. Өртшілер әлгі Бобты жіберді: Боб баспалдақпен үйге кіріп, түтін ішінде жоқ боп кетіп, біраздан соң баланы көйлегінен тістеп қана алып келді. Шешесі қуанып баласын алды, өртшілер иттің өрт шалған жері жоқ па деп қарап тұрғанда, Боб өршеленіп жанған үйге қарай тағы ұмтыла беріпті. Өртшілер ойлады шамасы үйде тағы бір бала бар шығар деп; сонымен Бобты және қоя берді. Біраздан соң Боб, ауызында бір тістегені бар, үйден жүгіріп шыға келді. Қараса, әкелгені бір үлкен қуыршақ екен.

## **ӨТІРІКТІҢ ЗАЛАЛЫ**

Үш кісі жаланға шығып, күн бойы құс аулап, жалғыз-ақ шүрегей үйрек атып алыпты. Кешке бір жерге келіп отырып сөйлеседі: бұл үйректі үшеуіміз жеп тоймаймыз,

біреумізге жөні болмайды деп. Ішінде біреуі қу жігіт екен, бұл айтты:

— Оған ақыл табылады. Үйректі пісіріп жауып қоялық та, үшеуіміз де жатып ұйықталық, қайсымыз жақсырақ түс көрсек, үйректі сол жесін,— деді.

Осыған сөз қойысып, үйректі пісіріп жауып, өздері жатып ұйқтағанда, манағы қу тұрды да үйректі жеп алып, табағының үстін әуелгіше жауып қойды. Ертең жолдастарымен бірдей тұрып қу сұрады:

— Не түс көрдіңіздер? — деп.

Біреуі айтты:

— Мен ақбоз атқа мініп, алтын таж киіп, көкке ұшып жүр екенмін.

Екіншісі айтты:

— Мен ұшпаққа кіріп, хор қыздары маған қызмет етіп жүр екен.

Сонда қу айтты:

— Екеуіндікі де рас, мен түсімде сендерге қарап тұрып едім, бірің патша болып көкке ұшып кеткен соң, енді бірің ұшпаққа кіріп кеткен соң, бір шүрегей үйрекке бола қайтып келіп жатар деймісін деп, үйректі мен жеп қойдым,— деді.

## ДАДАНДЫҚ

### А

Аңқау елге арамза молда тұрып, балаларға сабақ оқытыпты-мыс. Молда жазу да танымайтын, дадан өзбек екен, балалардың қолына қағаз беріп, шыймайлап оқытатын оқуы:

— Неке қыяр ат болар; бала туса шат болар — оған асыл зат болар; ат қояры семіз ат; сүндет басы үш түйе; ысқат деген бес түйе.

Бір күндерде сол елге бір шын молда келіп, әлгі бала оқыған медресеге келіпті. Сонда арамза молда жалма-жан бір балаға, келген молдаға есіттіріп, сабақ берді дейді:

— Е-е, ме-е демелік, өзге былшым не керек, он бес түйем, бір атым, жартысы сенікі, жартысы менікі.

### Б

Бір ноғай түн ортасында үйінен жалаңаяқ, жалаңбас қашып шығып, оны көрген соң қатын-баласы да үркіп үйін тастай қашып, үздік-создық көршісінің үйіне барып тығылыпты. Көршісі:

— Мұның не? — депті.

Демін алып, ноғай біраздан соң жауап берді:

— Үйімді көптен бері жын-шайтан аралап жүр еді, күнде жатып қалсам, шайтандар үйімнің төбесінде жыйылысып ойын салып, тасырлатып жүруші еді. Соларды қашыру үшін неше рет молдалар жыйдырып, дуа оқытып, көп пұлым шықты. Бүгін түнде тағы да бұрынғы қалпынша, тасырлатып жүрген соң, ұйқтай алмай жатыр едім, бір мезгілде шайтанның біреуі тарс еткізіп үйдің төбесін сындырып, маған қарай қарғыды, мен жалтарып қалып, бір жағымен қашып шықтым. Апыр-ай, шайтанның мүйізі де болады екен ғой, қашып бара жатқанда, қолым мүйізіне тиіп еді, — деді.

Көршісі есті кісі екен, қане шайтаныңды біз де көрелік деп, қолына фонарь алып, үш-төрт кісі ертіп, ноғайдың үйіне келді. Қараса, үйінің төбесін жұқа камыспен тоқып сылаған екен, ортасы құлап түсіпті және қарап жүргенде, бұрышта бір ешкі жайына күйсеп жатыр. Бітегене тұрған соң, үй төбесінде маңыраған лақтардың дауысы шықты. Мұны есітіп ешкі де түрегеліп маңырады. Соның артынша лақтар манағы құлаған жерден секіріп түсіп, енесіне қосылысыпты. Қараса, лақты ешкілер көршінің өзінікі екен, түнде үйдің төбесіне үйілген шөпке келіп жеп, ойын салуды әдет етіп жүріп, манағы үй төбесінің жұқа жерінен құлап түскен екен.

## В

Екі кісі жаздың бір әдемі күнінде сайранға шығып, бір ағаштың қасынан өтіп келе жатқанда, көкек шақырды дейді. Біреуі тұрып айтты:

— Көкек тек құс емес, ол мені көріп шақырғанын ырым етемін, маған ұзамай-ақ бір дәулет жолығады екен, — деді.

Қасындағысы айтты:

— Көкек саған шақырған жоқ, маған шақырды, дәулетке мен жолығамын, — деді.

Әуелгісі айтты:

— Сен итке неғылған дәулет?!

Оған қарсы екіншісі:

— Мен ит емес, сен ит! — деп екеуі ұрысысып, ұрыстан соң төбелесіп, екеуінің де аузы-мұрны қан болды. Мұнан соң екеуі де дәрігерге келіп, жараларына ем ет-

тіріп отырып, ұрыстың неден басталғанын айтысты. Сонда дәрігер айтты дейді:

— Ей, ақылсыздар, ол көкек сендер үшін емес, менің үшін шақырған екен; көкек шақырмаса, сендер төбелеспес едіңдер, төбелес болмаса, сендер жаралы болып, мен емдеп, ақы алып олжа таппас едім,— деді.

## Г

Менің бір дос адамым әңгіме етеді:

— 1875 жылда, жолаушы келе жатып, бір ауылға түстім. Әңгімелесіп отырғанда, бір бала келді, екі көзі жылағаннан ісіп кеткен. Бөтен балалардай ойнамай, тамақта жемей отырған соң аяп, қасымдағы кісілерден сұрадым, бұл бала неге қамығып жүр, ойнамайды, тамақ жемейді, деп. Сонда ауыл кісілері айтты:

— Бұл баланың кешегі күн ертемен шешесі қазаланды, өлген соң-ақ қасымыздағы қыр үстіндегі молалардың қасына апарып қойдық; кешке бұзау қайтарып жүрген балалар моланың қасына барса, манағы қатынның моласынан дауыстап шақырғандай көмескі бір үн келеді. Балалар бұзауларын тастай қашып, ауылға айтқан соң, үлкен кісілер де молаға жақындап барсақ, анық есіттік моладан үн шыққанын. Бұл сұмдықты көрген соң бір кесепатына ұшыраймыз деп, ауылымызбен көшіп, бүгін осы жерге қондық. Сол қатынның мынау он екі жасар баласы: «Әжем тірі жатыр ғой, көрден ашып алып бер» деп жылап, тілемеген адамы қалмады; әрине, ешкім көрге бармақ түгіл, қайта баланың, тіпті, өзін де жібермей, бағып тұрмыз.

Сонда манағы бала өзі де жылап қоя берді:

— Ағеке, сіз бір қайыр қылмасаңыз... әжем тірі қалуы рас, — деп.

Бұл балаға абайлап қарасам, сонша есті бала кескінді; қанша үлкендердің айтқанына болмай өз ақылына салып шешесін тірі қалды деп тұрғанына таңға қалып, алдыма шақырып, сүйіп отырып айттым:

— Тірі болса-болмаса да, шырағым, мен әженді барып көрейін.

Отырған кісілер үрпиісе түрегелді:

— Ойбай, мырза, айта көрмеңіз, өлген кісі тіріледі деп көр ақтарған не сұмдық, ол дүниедегі күнасын тартып жатқан қатынға бола өзіңіз мерт боларсыз, — деп.

Мен балаға үйіне барып киініп кел, деп шығарып жібердім. Отырған кісілерге айттым:

— Дұрыс, өлген кісі қайта тірілмейді, бірақ сіздер есін танып жатқан қатынды өлді деп біліп тірілей көмгенсіз; дауыстап шақырғанын естіп тұрып, ашып алмағаныңыздан қатты обалға қалыпсыз, ешбір құдайтағаланың кәләмінде<sup>1</sup> жоқ көрдегі азап адам құлағына естіледі деген, — дедім.

Сол арада манағы бала келді, ауылдан кетпен, күрек алып қасымдағы екі жолдасыммен, баланы ертіп молаға бардық, ауылдан қорыққаннан адам ермеді. Молаға барып сырттан құлақ салсақ та ешбір дыбыс естілмеді; сонсоң аштырып, екі кісі түсіріп карасақ, бейшара қатынның қолы-басы жара, қан, үстіндегі киімін айырып тастапты, өзінің әлі күнге денесі жып-жылы екен. Қатынды көрден алып, үстіне шатыр тіккізіп бір күн бактым, көрден алған уақытта аз ғана жаны бар ма деп едім, сол күннің кешіне-ақ суынып, шынымен жан тапсырды.

Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Білімді зор дәрігерлер айтады: қайсыбір аурулар бар — бір жұмаға шейін адамды есінен тандырып, ешбір жан бар белгісі болмай жатқызатын деп. Соның үшін өлікті тым асықпай, байқаңқырап көму керек.

## ЖАМАНДЫҚҚА ЖАҚСЫЛЫҚ

Қызылбас патшасының Абдулла деген уәзірі бар еді. Соның заманында жұрт бұзылып, бір күн уәзір патшаға келе жатқанда халық қамап: — «Дегенімізді істе, істемесең өлтіреміз» деп, ішінде бір батырырағы уәзірді сақалынан алып жұлықты. Уәзір ашу етпеді, бұлардан шыққан соң патшаға барып, жұрттың тілегін беріңіз деп өтініп, тілегенін патшадан алып берді және өзінің көрген кемшілігі үшін ешкімге жаза бермеңіз деп оны да тілеп алды. Ертеңіне уәзірге бір саудагер келіп:

— Таксыр, кеше сізді ренжітіп сақалыңыздан жұлыққан кісіні айтайын деп келдім, ол Нағым деген менің көршім еді, алдырып жаза беріңіз, — деді.

Бұл сөзді есіткен соң уәзір саудагерді қайтарып, Нағымды шақыртып алды. Нағым: «Менің кешегі ісімді біреу айтып танытқан екен» деп, қорыққанынан үрейі ке-

---

<sup>1</sup> Кәләм — сөз (арапша). — Ред.

тіп, келе-ақ уәзірдің аяғына жығылды. Уәзір Нағымды жерден көтеріп алып айтты дейді:

— Мен сені жазаландыру үшін шақырмадым, бірақ, көршің саудагер жақсы кісі емес екен, сенің білместігіңді маған келіп айтты, екінші рет ол көршіңнен сақтанып жүргендей екенсін, соны айтайын деп шақырып едім, енді аман бол! — деп ішкергі үйіне кіріп кетті дейді.

## САҚЫП

Сақып деген бір жақсы кісі мал жыйнамай жүріп, ақырында әл кеткенде қатты кедейшілік тартып, бір күні етігі болмаған соң жалаңаяқ далада жүргенінде, аяқтары тас жыртып ренжіңкірепті. Сөйтіп келе жатып, екі аяғы жоқ ағаш балдақпен жүрген бір тіленшіге жолықты. Мұны көріп, Сақып ах ұрып айтты дейді:

— Әй құдайым, ренжігеніме тоба қылдым, шүкір саған — менің жүруге аяғымды аман сақтағаныңа; мынау балдақты бишараға жаңадан аяқ табылса, жалаңаяқта болса жүріп жүруді дүниенің бір қызығы деп білер еді-ау деді — дейді.

## ТӘКӘППӘРШІЛІК

Вениямин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкергі бір есіктен шығарып салуға алып келіпті. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты:

— Еңкей, еңкей — деп.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тартса ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

— Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың.

Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:

— Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды; және көзіммен көрдім: басын жоғары көтерген тәкәппәрлердің нешеуінің әлек болғанын — деп.



## КИІЗ ҮЙ МЕН АҒАШ ҮЙ

1876 жылда, мен судиялық орында тұрғанымда, екі ептеш адам бір-бірімен ұрысып арызға келді. Біреуі мешер, біреуі қазақ — екеуіде іскер, қазақтарға жер үй, ағаш үй істеп, көп мал тауып жүруші еді. Ұрыстарының себебі: мешер айтыпты:

— Қыстың күні тоңармыз, өзімізге бір жер үй салып алалық.

Қазақ айтыпты:

— Жоқ, киіз қос істеп алалық, қысымызға да, жазымызға да бұл қолайлы, біреу жұмысқа шақырса, қосымызды қыс болсын, жаз болсын артып жүре берерміз.

Мешер айтыпты:

— Ой, киіз үйің құрсын, не күндіз, не түнде бір жылынбай, бүрісіп отырғаның.

Қазақ айтыпты:

— Сенің ағаш үйің құрсын, көшсең артуына көнбейтін.

Сонымен біреуі киіз үйді, біреуі ағаш үйді мақтап таласып отырып, бірін-бірі сөгіп, ақырында қайсымыздың сөзіміз дұрыстығын судияға сынатамыз деп маған келісіпті. Екеуі де өзіме белгілі ақкөңіл, бейнетқор адамдар еді.

Істің себебін білгенсоң, сұрадым:

— Айыңа екеуің қанша мал табасын?

Олар айтты:

— Екеуміз 40—50 теңге табамыз.

— Қос пен жер үйдің бағасы не болады?

Олар айтты:

— Екеумізге кішкентай ғана қос, кішкентай жер-үй болса болады, жұмысын өзіміз істейміз, отыздап теңгемен істеп болар еді десті.

Бұрын қайда тұрып жүруші едіңіз?

— Ел жайлауға кеткенде біреудің киіз үйін жалдап, жазына 10—15 теңге беруші едік, қыс болса кез келген үйде жатып тұрушы едік; не болмаса бір үйді меншіктел жатсақ, — оғанда акы беруші едік.

Сонан соң айттым:

— Екеуіңнің де сөздеріңіз дұрыс. Киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы; жаз ел жайлауға кеткенде, сіздер қыстауда қалып, бір қыстаудан бір қыстауға көшіп, сонда алып жүруге киіз қос қолайлы; және жаз қоста қону түгіл, ауасы да ағаш үйден жақсырақ болады. Соның

үшін сен қазақ бір шағын қос істеп ал. Қыс қазақ үй салдырмайды, ол уақытта сіздер әртүрлі уақ жұмыс істейсіз, көбісінше үйде отырып. Күн бойы далада жүрген жұмыс адамына, түнде бір мезгіл жылы жерде керек: дұрыстап дем алып, және жұмысқа ренжімей даяр болуға. Соның үшін, сен мешер, бір жер үй істеп ал. Сонымен жас қосты алып жүріп сонда тұрарсыз, қыс жер үйде тұрарсыз — және жыл сайын біреудің үйін жалдап жүрген ақшаңызға неше жылдық қос пен үй істеп алсаңыз, ақырында бұл пайдалы болар дедім.

Екеуі де төре маған тиді деп шығып бара жатқанда, және шақырдым:

— Екеуің жер-үйді бірігіп істейсіңдер ме, жоқ басқа істейсіңдер ме? — деп сұрадым.

Қазақ айтты:

— Үйін мешер өзі істей берсін, мен қос тауып аламын.

Сонда және төре айттым:

— Сен мешер жаз болса мынау қазақтың салған қосында бірге тұрарсың, соның үшін қостың жарты пұлын сен төле; сен қазақ қыс болса, мынау мешердің жылы земленкесінде бірге тұрарсың, соның үшін земленкені сенде бірге істе.

Екеуі де менікі дұрысқа шықты деп, құлдық ұрысып, шығып кетісті.

## ДӘНІШПАН ҚАЗЫ

Алжир жұртының патшасы Бауақас деген қол астындағы қалалардың біреуінде бір данышпан қазы бар, онан өтірік айтып ешкім құтылмайды, даугердің қайсысының ісінің ақ екенін айтпай табады деп есітіп, рас па екен білейінші деп, бір купес кескінді киініп, қазыға қарай жүрді дейді. Қалаға кіре бергенде, бір аяғы жоқ ақсақ тіленші қайыр сұрады. Бауақас қайыр беріп өтейін деп еді, тіленші етегінен ұстап айрылмады.

— Мен қайыр бергенім жоқ па, енді не керек — деді Бауақас.

Тіленші айтты:

— Қайыр бердің, бірақ тағы бір қайыр қыл, мені мінгестіріп орам ортасына жеткізіп таста, әйтпесе базардағы ат пен түйелер басып кете ме деп қорқамын — деді.

Бауакас тіленшіні мінгестіріп, орам ортасына жеткен соң тіленшіні түсірейін деп тоқтады. Тіленші түспеді.

Бауакас айтты:

— Енді неге тұрсын, түс, орам ортасына жеттік қой.

Тіленші айтты:

— Неге түсейін, ат менікі, атыма дау еткің келсе қазыға жүр.

Төңіректегі халық жыйылып, бұлардың дауын есітеді, бәрі де айтты:

— Қазыға барыңыз, ол қайсыңның ақ-қаранды табар — деп.

Бауакас тіленшімен қазыға келісті. Келсе, қазының алдында бұрынырақ келіп тұрған да даугерлер бар екен. Қазы ретпен сұрап отырып, бір молда мен мужикті шақырды. Бұл екеуі бір қатынға талас, молда менің қатыным, мужик менің қатыным дейді. Сөздерін тыңдап болып, оларға қазы айтты:

— Қатынды мұнда қалдырып, өздеріңіз ертең келіңіз.

Олардан соң рет бір қасапшы мен май сатушыға келді. Қасапшының тұла-бойы қан, майшының үсті-басы май. Қасапшының қолында ұстаған ақшасы бар, майшы сол ақша ұстаған қолынан ұстап жібермей тұр. Қасапшы айтады:

— Мен бұл майшыдан май сатып алып, ақшасын беруге қалтамды шығарып едім, майшы ақшанның бәрін тартып аламын деп қолымнан ұстады. Сол ұстаған қалыбымен ақшаны тартып алалмаған соң, саған бәле саламын деп сізге келді.

Майшы айтты:

— Бұл сөзі өтірік, қазы. Қасапшы маған май сатып алуға келген соң, бір бақыраш май кұйып бердім. Сонда қасапшы айтты: бір алтын айырып берейін деп.

Мен айырып берейін деп қалтасымен ақшамды шығарып, алдымыздағы тақтайға қойғанымда, қасапшы ақшаны алып қашайын деп еді, қолынан ұстай алып, жібермей сізге келтірдім — деді.

Тыңдап болып, қазы айтты:

— Ақшаны мұнда қойып, өздеріңіз ертең келіңіз.

Енді кезек Бақауас пен Тіленшіге келді. Бақауас бастан аяқ істің мәнісін айтып еді, тіленші дауыстады:

— Мұның сөзі өтірік. Мен атқа мініп қалаға келе жатыр едім, бұл купес жерде отыр екен, қалаға жеткізіп

таста деп өтінді. Сонансоң атыма мінгізіп қалаға келтірген соң түс десем аттан түспей, ат тіпті өзімдікі деп әуре етіп жүргені — деді.

Қазы азырақ ойланып тұрып:

— Атты мұнда қойып, өздеріңіз ертең келіңіз — деді.

Келесі күні көп кісі жыйылды қазының төресін есітеміз деп.

Әуелі молда мен мужик келді. Оларға қазы бұйырды:

— Қатын молданікі, мужикке елу шыбық ұрыңыз.

Айтқанынша сол жерде-ақ қатынды молда алып, мужикке жасауыл елу шыбық ұрды.

Екінші қасапшы мен майшы келді. Қазы:

— Ақша қасапшы сенікі, майшыға елу шыбық ұрыңыз.

Үшінші Бауақас пен тіленші келді. Қазы Бауақастан сұрады:

— Жыйырма аттың ішінен атыңды танып алармысың?

Бауақас айтты:

— Танырмын.

Тіленшіге тағы:

— Сенде танырмысың? — деді қазы.

Ол да айтты:

— Танырмын.

Сонан соң екеуінде маған еріңіз деп, ат-қораға алып келді. Қораға екеуі Бауақасты кіргізіп, ол көп аттардың ішінен тұптура барып өз атын ұстады. Оның артынан тіленшіні кіргізіп еді, ол да атты танып қасына барды. Сонансоң қазы орнына келіп отырып төре берді:

— Ат купес сенікі, тіленшіге елу шыбық соғыңыз.

Бұл істердің төресін беріп орнына келтірген соң, қазы үйіне барды, Бауақас қалмай ере келді.

— Сен неге келесін — деді қазы — әлде берген төреме разы болмадыңыз ба?

— Жок — деді Бауақас — төреңізге разымын, бірақ білгім келеді: «қатынның молданікі екенін, ақшаның қасапшынікі екенін, аттың менікі екенін қайдан білдіңіз?»

Қазы айтты:

— Қатын турасында білгенім, тәңертең қатынды үйіме шақырып: «қара сауытыма қара сыя күй дедім». Қатын жып-жылдам қара сауытты жуып, сонан соң қара сыя күйіп, бұл іске сонша ептілік көрсетті. Мұнан көрінді қара сыя сауытпенен айналысып көрген қатын екендігі; мужик қатыны болса, ондай іске епті бола бер-

мес еді. Осынан молданың сөзінің растығы білінді. Ақша турасында білгенім, ақшаны кеше кешке бір кесе суға салдым да, тәңертең тұрып қарадым — судың бетіне май шықпас па екен деп; май шыққан жоқ екен. Мұнан көрінеді майшының сөзі өтірік, қасапшынікі дұрыс екендігі; не үшін десеңіз — майшының майлы қолымен ұстап тұтынған ақша болса, су бетіне ақшадан май жүзіп шығар еді. Бәрінен сіздің ат турасында қыйынырақ болды; сен таныған атты тіленші де таныды, бірақ менің де ойымда сендерге ат таныту емес еді, ат қайсынды таныр екен деп атқораға алып барып едім. Сіз аттың қасына барғанда оқыранып, ат саған мойнын сазды; тіленші қасына барғанда құлағын жымыйтып, аяғын көтерді — мұнан ат сенікі екендігі білінді деді.

Сонда Бауақас айтты:

— Мен купес емес, Бауақас деген патсаңмын. Сенің тураңда жұрттың айтуы дұрыс па екен деп бұл үшін келіп едім, айтқанындай бар екенсің. Енді тілегің болса тіле деді.

Қазы:

— Маған сый керек емес. Патсамның осы мақтағаны да жетерлік сый деді — дейді.

## ҮШ ҰРЫ

Бір сарт қалаға бір есек, бір ешкі сатуға алып келеді; ешкінің мойнында қоңырауы бар екен. Мұны үш ұры көріп, біреуі айтты:

— Мен осы сарттың өзіне білдірмей ешкісін ұрлап аламын.

Екіншісі айтты:

— Мен қолындағы есегін ұрлап аламын.

Үшіншісі айтты:

— Оның бәрі де қыйын емес, мына мен сарттың өзінің үстіндегі киімін де ұрлап аламын.

Сол сөзбен бастапқы ұры сарттың артқы жағынан келіп, ешкінің мойнындағы қоңырауды алып, есектің құйрығына тақты да, ешкіні жетектеп далаға алып кетті. Бір аздан соң, сарт артына қараса ешкі жоқ.

Сөйтіп аң-таң болып тұрғанда, екінші ұры келіп:

— Не ғылып тұрсың? — деп сұрады.

Сарт:

— Ешкімді алдырдым — деді.

Ұры айтты:

— Мен көрдім, ешкі жетектеген біреу жаңа ғана осы орманға кіріп кетті, қусаң жетесін.

Сарт:

— Ендеше құдай үшін есегімді ұстай тұр деп, есегін ұрыға ұстатып, өзі ағашқа жүгіріп кіргенде, бұл ұры есекті алып жөнелді.

Бір аздан соң қайтып келсе, есегі тағы жоқ.

Мұнан соң сарт байғұс жылап жолға түсіп жүре берді.

Сарт сөйтіп келе жатса, жолдың үстінде, судың жағасында жылап отырған бір адамға ұшырап, «неге жылап отырсың» деп сұрады.

Ол кісі айтты:

— Бір байдың қызметкері едім, бай бір қапшық алтын беріп қалаға алып бар деп жіберіп еді; осы судың жағасына жеткен соң, дем алайыншы деп сүйсініп жатып ұйықтап кетіп, ұйқы ішінде абайсыз қапшықты суға итеріп жіберіппін, енді неғыларымды білмей отырмын.

Сарт:

— Ендеше суға неге түсіп алтыныңды алмайсың? — деді.

Кісі айтты:

— Жүзе білмегеннен судан қорқушы едім, қапшықты алып берген кісіге 20 алтын берер едім.

Сарт ойлады:

— Есегім мен ешкімді алдырған үшін маған бұл құдайдың жіберген олжасы шығар, қапшығын әперіп 20 алтын алайын деп, жалмажан шешініп, киімінің бәрін тастап суға түсті. Су ішінде олай-бұлай жүзіп, тайыз жерінде жүріп іздесе де қапшық табылмады.

Бір аздан соң шаршап қайтып келсе, киімін манағы үшінші ұры алып жөнелген екен.

## ҮНДІ

Үнді жұртының бір адамы бір жақтан үйіне қайтып келсе, үйдің қасындағы ағаштың басына кептіруге іліп қойған еті жоқ. Ағаштың айналасын әбден жүріп, қарап болған соң, орамға шығып жолай дауыстап сұрады:

— Аласа бойлы, қолында қысқантақ мылтығы бар, сонында тарақ-құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе? — деп.

Бұл кісіні әркім көрген екен, сілтеумен барып тауып,

ұрысын ұстапты-мыс. Ауылдас адамдары үндіден «ұрының түсі-түгін қайдан білдіңіз» деп сұрасыпты. Сонда үнді айтты дейді:

— Ұрының аласа бойлы екенін білгенім, менің қолыммен ілген етімді, ол ағаштан аяғының астына тас қойып, соның үстіне шығып алыпты. Қарт екенін білгенім, жүргендегі ізінен байқадым — адымының арасы тым жақын екен. Мылтығының қысқа екенін: етімді ұрларда, мылтығын ағашқа сүйеп қойған екен, сонда мылтықтың аузы ағаштың кішкене қабығын жырып кетіпті, жер мен сол жырылған қабықтың арасынан шамаладым. Ұрының қасында иті бар екенін, және ол иттің өзі кішкентай, құйрығы тарак-құйрық екенін білгенім, етімді ұрлап жатқанда, ит анадай бір құмайтырақ жерде отырған екен; соның құмға түсіп қалған ізінен, және былғандатқан құйрығының табынан байқадым депті-міс.

## ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Жиренше шешен жолаушы келе жатып, бір ауылдың тұсына келсе, ауылмен екі арада өзен суы тұрғансоң, өткелін біле алмай сасып тұрғанда, судың ар жағынан су алуға шелекпен бір қыз келді дейді. Жиренше дауыстап сұрады:

— Бұл өзеннің өткелі қайда? — деп.

Қыз айтты:

— Анау жакта бір өткел бар алыс, алыста болса жақын, берірек бір өткел бар жақын, жақын да болса алыс.

Мұның не сөз екенін аңғармай, жиренше жақын деген өткелге барып, жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты омбылап жығылып, үсті-басы былғанып, азар-мазар қайтып шықты. Соңа соң алыста болса жақын деген өткелге барып, оп-онай ар жактағы қыздың үйіне келді. Үйіне кіріп отырған соң, Жиренше қызға қарап:

— Жаным, қарным ашып алыстан келемін, тамағыңның тәттісін бер — деді.

Қыз айтты:

— Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті; бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы.

Жиренше — ащы да болса тәтті деген тамағыңды келтір — деді. Қыз тұрып шанаштан бір уыс тұз алып,



бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды. Жиренше мұны көріп:

— Жаным, құр тұзды қалай жеймін? — деді.

Сонда қыз үндемей, тұзы жоқ қара көже құйып берді. Жиренше, өзі де данышпан ақылды кісі, ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді; және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялды. Сол істерінен Жиренше қыздың есті қыз екенін аңғарып, ақырында өзіне қатындыққа айттырып алды дейді.

Қыздың аты Қарашаш-сұлу, жұртқа белгілі көркем, данышпан болған соң, заманындағы хан күндеп, Жиреншемен қас болды. Бір күні ханның көңілі шапқан соң, асбасшылар алдына бір қаз пісіріп алып келіп қойысты. Жиренше қасында отыр екен; хан оған бұйырды:

— Бұл қазды өзіме, ханымға, екі балама, және өзіңе, біріне артық, бірімізге кем жібермей бөліп бер; егер біреуімізге бір мысқал артық-кем болса, өзінді қатты жазаландырамын — деп.

Жиренше қолына пышақ алып, әуелі қаздың басын кесіп ханға берді:

— Тақсыр, сіз біздің басымызсыз, міне сізге бас — деп.

— Екінші — хан ханымсыз болмас, ханым хансыз болмас, құс мұрынсыз болмас; олай болса ханым сіздің мойыныңыз деп, оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды.

— Мынау екі балаңыз — сіздің екі қанатыңыз, оларға міне қанат деп, қаздың екі қанатын кесіп қойды.

— Мен өзім, тақсыр, бас та емес, аяқ та емес, — орташа ғана адаммын, мынау құстың орта денесі маған лайық деп, қаздың қалған денесін өз алдына қойды дейді.

Жана бір аз күн өткен соң, хан аң аулай далаға шығып жүріп, домалалап бара жатқан бір қаңбақты көріп, Жиреншеге бұйырды:

— Барып қаңбақтың көшу-қонуының қайда болатынын сұрап кел, жауабын дұрыс келтірмесең, жасауыларға ұрдыруға бұйырамын — деп.

Жиренше атын борбайға салып жіберіп шауып кетті де, қаңбақты қуып жетіп найзасымен шаншып тоқтатып, біраз тұрды-тұрды да, қайта ханға келіп айтты дейді:

— Тақсыр, қаңбақтан бұйрығыңызша сұрадым. Қаңбақ айтты:

— Сұрата жіберген хан тентек пе, сұрай келген сен

тентек пе, көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі — деп.

Осылайша әуре етіп жүре-жүре, хан Жиреншенің еш-бір тұзаққа түспегеніне өшігіп, енді лайығын тапса, тіпті, өлтіріп қатынын алуға ойланды. Бұл ыңғайын таныған соң, Жиренше қайғыда болып жүргенде, бір күні Қарашаш-сұлу байынан сұрады:

— Неге қамығасын — деп.

Жиренше мағнасын айтты. Қарашаш айтты:

— Достым, қайғырма, бұған бір ақыл табылар. Екі күннен соң хан, билерді үйге қонаққа шақырыңыз.

Жиренше елінен озған алаяқ шешен атанса да, өзі кедей екен дейді. Кедейлігі турасында әлі күнге қазақта қалған бір сөзде бар ғой: ханның сәулетті ордасында күн бойы әдемі төсек үстінде отырып, кеш өзінің қаралашығына келіп, тулақ үстіне жатып айтады-мыс: «ай-һай менің өз үйім — кең сарайым боз үйім» деп. Қатынының әлгі айтқан сөзін есітіп, Жиренше айтты:

— Хан-қараны шақырып, қай жерге отырғызамыз, және немен сыйлаймыз?

Қарашаш айтты:

— Оның ақылын маған қоя беріңіз.

Екі күн өткен соң, Жиренше ханды жан-жаранымен қонаққа шақырды. Хан да, жасауылдары да Жиренше бізді немен сыйлар екен, көрейік деп келіпті-міс. Сыйғаны үйге кіріп, сыймағанына далада киіз жайып, тегіс отырып болған соң, Қарашаш-сұлу өзі тұрып ханның алдына бір аяқшаға салған азғана сүт-қаймақты келтіріп қойды. Хан шынашағымен ғана қаймақтан аузына алып салып еді, бұл қаймақ ханның өмірінде жеп көрмеген арғықша бір тәтті дәм; және сол шынашағымен бір-екі алып жегенде тойып та қалды. Ханнан қалғанын қасындағы жақсыларына беріп, үй ішіндегі жан біткеннің бәрі де не тамақ екен деп аз-аздап алып дәмін татысты. Аттанар уақытта, хан Қарашаш-сұлудан сұрады:

— Сұлу, бұл берген тамағыңыз не тамақ, біз көрмеген бір тәтті дәм екен, үйретсең асбасшыларыма бұйырайын, әрдайым осындай тамақ істеуге.

— Сонда Қарашаш айтты дейді:

— Таксыр, сіз білесіз біздің жарлы екенімізді; ерім сізді жақсыларыңызбен қонақ етуге ниет еткенсоң, не тамақпен сыйласам болар деп уайымға қалдым; ақырында ойладым: дүниедегі тамақтың асылы — адамның сүті болса керек; не үшін десеңіз — бала бес-алты жасқа

келгенше жалғыз емшек сүтімен күн көреді. Соның үшін өз сүтімді сауып: осы қаймақты істедім — деді.

Хан «ах» деп санын бір соғып: шыға жөнелді — дейді. Ол заман да бұл заман да белгілі — емшегінің сүтін ішкен әйел шеше есебіне кіріп, қатындыққа алуға болмайтындығы.

Мұнансоң бір неше күннен соң, хан Жириеншені шақырып алып, қиянат істерімді кешіңіз деп өтініп, көп мал сыйлапты-мыс.

## ҚАРАҒЫЛЫШ

Ертеде бір бес ағайынды жігіт бар екен. Бесеуі бір байтеректің қасына жарты жер салған екен. Егіні піскен соң, түнде келіп біреу жеп кетеді екен. Сонан соң олар егінін күзетіпті. Әуелі үлкен ағасы күзетіпті, бірақ ешкімді көрмеді. Солайша төрт ағасы төрт күн күзетіпті. Бесінші күні ең кішісі күзетіпті, аты Қарағылыш екен. Қарағылыш күзеткен күні көктен бір кара бие келіпті; егінді жеп жатқанда Қарағылыш оны ұстап алыпты. Сонда әлгі кара бие айтыпты:

— Ей бала, мені жібер деді; менің бес құлыным бар, бесеуін бесеуіне берейін — деді.

Қарағылыш оны қоя берді. Сонансоң кара бие құлындарын алып келіп, ең кішісін Қарағылышқа берді, бөтен төртеуін төрт ағасына берді. Сонда бәрі жарысқанда Қарағылыш озады екен.

Бір күні Қарағылыш жұлындай жерден түтін көріпті; көрген соң соған барыпты, барса — бір жалмауыз кемпірдің үйі екен. Ол кемпірдің бес қызы бар екен; қыздарының ойнайтын, жататын, тамақ ішетін үйлері бөлек-бөлек екен. Сонда Қарағылыш қыздардың ойнайтын үйіне барып, кілемнің астына жатыпты. Қыздар келе бергенде кілемді көтеріп қалыпты. Сонда қыздар ойбайлап, шешесіне барыпты. Шешесі ұрысып жіберіпті. Сонан соң қыздар келіп ойнап отырғанда, Қарағылыш қыздарды ұстап алып, төртеуін екі қолтығына тығып, біреуін иініне тығып, атына мініп қашыпты; қашқанда кемпір Қарағылышқа жылап айтыпты:

— Қыздарымды ертең ұзатайын, бүгін өзің қон! — депті.

Сонан соң Қарағылыш қыздарын өзіне беріп, өзі қоныпты.

Кеш болған соң Қарағылышқа ұйықта деп, төсек салып беріпті. Қарағылыш тысқа шықса, аты бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып тұр екен. Сонда аты айтыпты:

— Сен бүгін ұйықтама, ұйықтасаң сені өлтіреді, жалмауыз кемпір темір тіс соқтырып жатыр — деді.

Қарағылыш үйге келіп ұйықтамай жатыпты. Сонда кемпір келіп, есікті қарап айтыпты:

Ұйықта шырағым! — депті де, кетіп қалыпты.

Бір аздан соң тағы келіпті. Сөйтіп жүргенде таң атып қалыпты. Сонан соң кемпір қыздарын ырғап-жырғап ұзатыпты, сонда айтыпты:

— Осы жерде үш бел бар, екеуіне қонбандар, ең шеткісіне қонындар — депті.

Күн кеш болған соң төрт ағасы ең ортадағысына қоныпты. Қарағылыш жаңғыз өзі ең шеткісіне барып қоныпты. Қарағылыш ертең тұрған соң, төрт ағасы жылап жатыр екен, есітіпті оларға бір кісі айтады екен:

— Қарағылышты әкеп берсендер, жіберейін — деп.

Соны Қарағылыш есітіпті де, соған келіпті; келсе — бір айдаһар екен. Ол айдаһар бөтен ағаларын қоя беріп, Қарағылышты алып қалыпты. Сонан соң Қарағылышқа айтыпты:

— Бермес ханның өлмес қызын әкеп бер! — депті.

Қарағылыш жарайды деп кетіпті.

Келе жатса бір тауды бір тауға қосып [жатқан] кісіге жолығады. Сонда Қарағылыш сұрапты:

— Не ғылып жүрсін? — деп.

Ол кісі айтыпты:

— Қарағылышқа жолдас болайын деп жүрмін — депті.

Сонымен жүргенде Қарағылыш тағы бір көлді көлге қосып [жатқан] кісіні жолдас қылып алыпты және бір мергенді және бір шапшанды; шапшан сонша асқан екен: екі отырған сауысқанның бірінің құйрығын біріне кесіп алып жалғайды екен. Солармен бір атқа мінісіп келіпті. Келсе бір екі тау көріпті: сол таудың бүйірінен ірің ағып жатыр екен. Мұның астында ханның ауылы бар екен. Қарағылыш ханға барып айтыпты:

— Сенің қызынды алайын деп келдім — депті.

Сонан соң хан айтыпты:

— Бес айла қыламын, бесеуін де тапсаң қызымды беремін, таба алмасаң өлтіремін! — деді.

Әуелі ат жарыстырамыз деп, ат жарыстырыпты. Сон-

да Қарағылыштың аты алдымен келіпті. Сонан соң хан жаяу кісі жарастырамын депті. Сонда Қаралығыш манағы жүйрікті шығарыпты; хан бір кемпірді шығарыпты. Ол кемпір бір шелек бал алыпты. Жарысардың алдында ол кемпір жүйрігіне балды беріп-беріп мас қылыпты, ұйықтатып тастап өзі кетіп қалыпты. Сонда жер тыңдаушы да айтыпты.

— Сол біреу адам келеді — депті.

Сонда Қаралығыш мергенге:

— Ат! — депті.

Мерген басындағы шелекті атыпты; шелектің дыңғырлаған дауысымен [жүйрік] оянып тұра салып, орнынан бір уыс топырақ ала салып жүгіріпті. Кемпірге жеткен соң [ол]:

— Шеше! — депті.

Сонда кемпір артқа қарағанда, көзіне топырақ шашып қалғанда, кемпір ойбайлап қалыпты. Сөйтіп жүйрік алдымен келіпті.

Сонан соң хан барлығын бір темір үйге қамапты да, жан-жағына кіркіс басыпты. Сонда манағы көл ұрттағыш екі ұртына екі көлдің суын ұрттап әкеліп, үйге шашыпты. Сонансоң хан қызын ұзатыпты. Манағы Қарағылыштың жолдастары орнында қалыпты, оларға Қарағылыш киім берген екен, олар алмапты. Сонан соң Қарағылыш қызды айдаһарға әкеліп беріпті де, өзі кетіп, келе-келе жатып, өзінің ағаларын тауып алыпты.

## ТАЗША БАЛА

(Ертегі)

Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, аркалап кетіпті. Қеле жатса бір өнерші байдікіне келеді. Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты. Өнерші бай бек қатты жауыз адам екен, ол жалданған жігітті бір сандыққа салып қойып, аштан өлтіріпті. Үйінде қалған ортаншы баласы, бұ да өнер үйренбекке талап етіп, ода ағасының кеткен жолымен кетіп, о да өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай оны да ағасынша аштан өлтіріпті. Үшінші ұлы Тазша

бала, о да ағаларындай өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алып, аркалап кетіпті.

Келе жатса бір қора қойға ұшырапты. Бұл қора қойдың қойшысына жолығып сұраса, бұл қойлар өнерші байдікі екен. Ол Тазшадан сұрайды:

— Балам, қайда барасын? — деп.

Тазша бала жауап береді:

— Өнер үйренуге барамын — деп.

Сонда шал тұрып айтады:

— Балам, бұл сөзінді бөтен ешкімге айтпа — деп, — өзіңе өтірік айтпа, жатқа (бөтендерге) шыныңды айтпа деген — деп.

Сонан соң бұл бала шалдың бұл айтқаны рас екен деп ойлап, өнерші байға барыпты. Байдың үйіне қонып, ертең жүрейін деп жатқанда, өнерші бай Тазшадан сұрайды:

— Балам қайда барасын, жолың болсын? — деп.

Тазша бала жауап береді:

— Мен өзіндей ер баласы жоққа еншілес бала боламын — деп.

Сонда өнерші бай айтады:

— Балам, сен біздікінде қал, маған бала бол, біздің бір ақ құнан қойды сойып, той қылып, асық жілігін етімен өзің жеп той, мен өзім жолаушы барамын — дейді де, өзі жолына кете береді. Бала (Тазша):

— Хош әке, жақсы бол! — деп, үйінде қала беріпті.

Бұл өнерші байдың үйінде бір қызы бар екен. Бұл Тазша балаға айтады:

— Аға, сен асық жіліктен өзің жемей, керегенің басына іліп қой, сонда бір ақ тазы келіп, жілікке ұмтылар, сонда сен балтамен ол тазыны лақтырып өлтір — деп.

Мұнан соң Тазша бала ақ құнан қойды сойып, той қылып, көршілерін шақырып, асық жілігін өзі жемей, қыздың айтқанын қылып, керегенің басына іліп қойғанда, айтқанындай ақ тазы келіп етті жілікке ұмтылғанда, Тазша балтамен жіберіп қалыпты; бірақ балтасы тазыға тимей, ит кашып құтылып кетіпті.

Өнерші бай үйіне келген соң, Тазша баланың мұндай істерді істегенін біліп, қатты ашу етіп, бұл итті аштан өлтірейін деп сандыққа салып қойыпты. Бұл байдың баранағы қызы, әкесі жоқта, сандығының түбін тесіп тамақ беріп, Тазшаны тойдырып тұрыпты.

Бірнеше күндер өткен соң Тазшаның өз әкесі балаларын іздеп шығып, өнерші бәйдікіне келіп сұрады:

— Бір Тазша деген балам бар еді, соны көрдіңіз бе? — деп.

Өнерші бай:

— Көргенім жоқ — деп жауап береді.

Бұлардың сөйлесіп тұрған сөздерін Тазша үйде сандықта жатып есітіп жатыр еді. Бай әлгідей дегенде, Тазша:

— Әке, мен мұндамын! — деп, сандық ішінен айқайлапты.

Даусымен баласын танып, байдың сандығынан шығарып алып, Тазша мен әкесі үйіне қайтыпты.

Тазша жолай әкесіне айтады:

— Әке, мен бір қара құнан қой болайын, мойныма жіп тағып, жетектеп барып базарға жақсы бағаға сат, бірақ жібінді алып қал — дейді.

Баласы сол жерде айтқанынша қара құнан қой болады, әкесі мойнына жіп тағып базарға апарып сатып, ақшасын алып, үйіне қайтады.

Ертеңіне баласы өз қалпына түсіп, әкесіне айтады:

— Әке, мен бір қара жорға ат болайын, мені базарға апарып сат, пұлымды ал, бірақ шылбырымды алып қал — депті.

Баласы айтқанынша ат болып, әкесі базарға апарып сатып, шылбырын алып, үйіне қайтты.

Ертеңіне баласы, Тазша, тағы өз қалпына түсіп, үйіне келіп, әкесіне айтады:

— Әке, мен бір жез бұйдалы нар-тайлақ болайын, сен мені базарға апарып сатта, бұлымды алып, бірақ, бұйдамды алып қалып, үйге қайта бер — деді.

Тазша айтқанынша тайлақ болып, әкесі базарға саттайын деп жетектеп келе жатса, алдынан баяғы өнерші бай шығыпты. Ол айтады:

— Маған мынау тайлағыңды сат — деп.

Тазшаның әкесі айтыпты:

— Тайлағым басы жүз тілла — деп.

Сонда өнерші бай бұлардың қайласын біліп, жаман оймен, тайлақты жүз тіллаға сатып алыпты да, үйіне жетектеп келіп, баяғы қызын шақырып алып, мынау тайлақты ұстай тұр депті де, өзі үйден пышақ алып, тайлақты бауыздайын деп, үйіне жүгіріп кетіпті. Қыз әкесінің жаман ниетін біліп, үйден бұ да пышақ ала шыққан



екен, әкесі үйге кірген кезінде, тайлақтың бұйдасын пышакпен қыйып жіберіп, босатып қоя беріпті.

Өнерші бай тұра салып үйінен шығып, қашып бара жатқан тайлақты көріп қуыпты. Тазша сонда түлкі болып қашыпты, өнерші бай тазы болып қуыпты, өнерші бай жете берген кезде, Тазша түлкіден үйрек болып ұшыпты, бай онда қаршыға болып қуыпты. Бір аздан соң, Тазша бала торғай болып қашыпты, онда бай қырғый болып соңына түсіпті. Онан соң Тазша торғай қалпында шаңыраққа ұшып келіп қонып отырғанда, бай — қырғый келіп таяна бергенде, Тазша қорқып, шүберек болып жерге түсіпті. Өнерші бай онда кісі болып, шүберекті қолына алайын дегенде, Тазша тары болып домалапты. Онда өнерші бай тауық болып шұқыйын дегенде, Тазша мысық болыпты да, өнерші байдың желкесіне мініп алып тістеп, тырнап, зорлықпен өнерші байды өлтіріпті. Сөйтіп, оның қызын өзі алып, барша мұратына жетіп, зор бай болып дәурен етіпті.

## АЛТЫН-АЙДАР

Бір хан болған екен, оның екі қатыны болыпты; олар бала таппапты. Сол уақытта бұл бай сапарға шығуға ойланып, қатындарына айтыпты:

— Мен келгенше не істеп, не тауып қоясындар? — депті.

Сонда үлкен қатыны айтыпты:

— Мен сен келгенше алтыннан әдемілеп үй салдырамын — депті.

Кіші қатыны айтты:

— Мен алтын айдарлы бір ұл, бір қыз табамын — депті, — ол баланың аты Алтын-Айдар болады — депті.

Сонан соң бұл хан сапар шығып кетті.

Хан бір-екі-үш жыл жүріп қайтып келіпті. Сонда манағы үлкен қатыны үй салдырып қойыпты, кіші қатыны Алтын-Айдар баланы тапқан екен, бірақ оны үлкен қатыны күндеп, бір сиқыршы қатынға айтып, баласын ұрлап алып, құдыққа тастапты. Ол кіші қатынға сен күшік таптың деп, күшік беріп, бәле қылыпты. Сонда бишара тоқал жылапты да, шарасыз көніпті. Манағы хан келіп, күшікті көріп, тоқал қатынды қуып жіберіпті.

Енді баланы әлгі кемпір құдыққа салып жіберіпті. Сонда құдайдың құдіретімен жабраиыл періште құс болып келіп, аяғымен көтеріп алып кетіпті де, қаланың шетіндегі бір кемпірге әкеліп беріпті. Ол кемпірдің ұлы, қызы жоқ екен. Сонда ол екі бала үш-төрт жыл тұрыпты. Сол уақытта әлгі кемпір өліпті. Сонан соң бала оқмылтық атып, құлан-бұлан аулап, етін тамақ қылып, терісін киім қылып жүріпті. Сөйтіп жүріп бір таудың шұқырына келіп, соны үй қылып, сонда тұрыпты.

Ол баланың тірі екенін біліп, бұрынғы қас қылған шешесі баяғы сиқыршы кемпірді жіберіпті: Алтын-Айдарлы баланы өлтіріп кел деп. Сонан соң ол сиқыршы кемпір баланы іздеп шығып келсе, бала аңға шығып кетіпті. Қарындасы үйде отыр екен, оған айтыпты:

— Ағаңа айт, мына жақта Қөлмесхан дегеннің бір биесі бар; күнде құлындайды, құлындары арғымақ, тұлпар болады — деді де, кетіп қалды.

Ол кемпір қастықпен өлтіруге ойлапты. Ол жолға барған кісі — жолда адасып кетіп, өледі екен. Кешке ағасы келіпті. Сонда қарындасы кемпірдің айтқанының бәрінде тамам айтыпты. Мұны есітіп, ағасы құлынды іздеп, сапар шығып кетіпті.

Жолда келе жатқанда бір дарияға келіпті. Ол дариядан жүрген, өткен кісі әлек болады екен. Бұл Алтын-Айдар өтіп келе жатса, дарияны бір перінің қызы толқын қылып, кемені аударуға келе жатыр екен. Ол аудар бергенде, Алтын-Айдарлы бала қолынан ұстап алып, қолындағы сақыйнасын, білезігін тартып алып, жолына жүре беріпті. Жүріп келе жатқан Қөлмесханға келіпті. Ол Қөлмесханның биесі құлындап жатыр екен. Қөлмесханға айтыпты:

— Ай, тақсыр, құлыныңызды ұлықсат болса алайын — депті.

Сонда хан:

— Ала ғой — депті.

Олар өздері де құлындарын ала алмайды екен. Ол құлынды туысымен бір перінің қызы бермей алып кетеді екен. Сол уақытта бала мұны күзетіп тұрғанда, бір перінің қызы бұлт болып келіп, құлынды алып бара жатқанда, Алтын-Айдар қылышпен бұлтты салып қалыпты. Сонда перінің кебісі мен құлынды алып қалыпты. Сонан соң ханға келіп, кебіс пен құлынды көрсетіпті. Сонда хан бұған бата беріпті. Бұл алып қарындасына келіп, құлынды, сақыйнаны беріпті де, және аңға кетіпті.

Сикыршы кемпір тағы келіп, құлын мен сақыйнаны көріп, қарындасына айтыпты:

— Мінекей, мен сендерге жақсылық ойлаймын — депті,— ағаң саған сақыйна алып келді — депті; тағы енді бір жакка жібер, онан барып, алтын сандық алып келсін — депті де, кетіп қалыпты.

Ағасы келген соң, қарындасы:

— Тағы бір жерде бір жақсы сандық бар деді, соны маған алып келіп бер — деді.

Сонан соң ағасы тұлпар құлынына мініп кетіпті.

Жолда бір кемпірді көріпті, ол кемпір жердің жарығын жамап отыр екен; бұған келіп:

— Шеше, не қылып отырсын? — депті.

Ол кемпір айтыпты:

— Мен осы жердің жарығын тігіп отырмын — депті.— Не үшін десек, осы жерге өзіндей батырлар келіп кіріп, бір сандық үшін өлді — деді.

Сонда бала:

— Маған да сандық керек — деп, келіп кіріп кетіпті.

Жердің астынан бір пері шығып айқайлапты:

— Тапал-тас үйде болсаң, хабарлас — деп айқайлағанда, Алтын-Айдарлы бала тас болып өліп қалыпты.

Тұлпары бір-екі күн келмеген соң, үйіне қайтып, жылап тұрыпты. Сонда қыз ағасының өлгенін біліп, тұлпарға мініп, кемпірге келіп, манағы жер жамап отырған кемпірді көріп, ағасын сұрапты. Кемпір айтыпты:

— Ағаң өлген, сен барма, барсаң сен де өлерсін — депті.

Сонда қыз айтыпты:

— Мен ағамды көріп өлермін деп, көріп кетейін деп!

Кемпір айтыпты:

— Сен жылай бар: «жер үстінде мен мұндық, жер астында сен мұндық» — деп.

Сонда ол қыз осылайша жылап кіріп бара жатқанда, алдынан бір пері қызы шығып, мұңын сұрап, мұны аяп ағасын тірілтіп беріпті.

Сонан соң бұлар бір үлкен көп ағаш көріп, соған келіп кіріпті де қарындасын тұлпарымен ағаштың шетіне қойып кетіпті де, өзі аралап ағаштың ішіне жүре беріпті. Сөйтіп жүріп бір ақ отау көріпті де, оған келіп кіріпті. Кіріп біраз отырған соң екі пері қызы ұшып келіп, сол үйдің төбесіне конып отырып, екеуі біріне-бірі айтыпты:

— Ай, мен бір қорықтым депті, неге десек мені бір бала, суда жүріп, көмені аударып жүргенімде қолымдағы

сақыйнамды тартып алды — депті. — Мен ол баланы көрсем, оған қатын болар едім — депті.

Сонда кішісі айтты:

— Мен де бір қорықтым деді. — Неге десен мен де бір ханның құлынын күнде алып кетуші едім, бір күні алайын деп келгенімде, бір бала күзетіп тұр екен. Мен ала бергенімде, менен құлынды тартып алып қалды. Ол табылса мен де оған қатын болар едім — дегенде:

— Міне қатын болсаңдар оларды тартып алған бала мен деп түрегелді. Сонансоң екі қыз да бұған некесін қыйып тиді. Бұл бала қыздарды отаумен көшіріп, мананы қарындасы мен тұлпарына алып келді. Сонансоң бәрі жыйылып бұрынғы орнына келді.

Сол жерде төрт-бес жыл өмір етіп тұрды. Неше күндер өтіпті, бала әр күнде аңға шығып жүреді екен. Бір күні аңға шығып жүрсе, бір адамды көріпті. Екеуі келе жатса, алдынан бір аң шықты да, көлбектеп жүре берді. Сол уақытта бала да, қасындағы кісі де атайын деп ұмтылғанда, әлгі аң кісі болды да, атайын деген кісіге айтты:

— Сенің мынау балаң — деді.

Балаға айтты:

— Сенің мынау әкең — деді, — сендерді Мыстан кемпір деген сиқыршы кемпір айырған — деді, өзі жоқ болды. Сонансоң әкесі мен баласы бірін бірі біліп жылап көрісіпті де, әкесі баласын үйіне әкеліп қонақ қылып, үлкен қатыны мен мыстан кемпірді шақыртып алдырып өлтіртіпті. Мұның шешесін бала таппадың деп қайыршы қылып, қаңғыртып жіберген екен. Соны алдырып, өзіне бұрынғыдай қатын қылыпты. Алтын-Айдар бала патша болыпты. Бұл баланың қарындасын, қатындарын алдыртыпты, бәрін жыйнап алып той қылдырыпты, ат шаптырыпты, барша мұраты басына жетіпті.



**III ТАРАУ**  
**ОҚУ МЕТОДИКАЛЫҚ**  
**ШЫҒАРМАЛАРЫ**



НАЧАЛЬНОЕ  
РУКОВОДСТВО

КЪ ОБУЧЕНІЮ  
КИРГИЗОВЪ РУССКОМУ ЯЗЫКУ.

СОСТАВИЛЪ

И. АЛТЫНСАРИНЪ.

Оренбургъ.

ТИПОГРАФІЯ Н. А. СЕХИДЖАНОВА — КИРГИЗСКАЯ

1879.

Сырткы беті.





## [ПРЕДИСЛОВИЕ]<sup>1</sup>

При поступлении в русские школы киргизских мальчиков, не знающих ни одного русского слова, преподаватели обыкновенно затрудняются, с чего и как начать обучение их русскому языку. Те руководства, которые составлены для русских детей, уже знающих свой родной язык, естественно не применимы для тех, которые не знают этого языка; вследствие чего и за неимением никаких подходящих руководств учителя или составляют для новопоступающих учеников рукописные словари, или же прямо заставляют их читать русские книги, предоставляя спрашивать, что покажется непонятным. Но такой порядок учения, с одной стороны, чрезмерно обременяет учителей и крайне замедляет дело, а с другой — имея значение лишь для навыка учеников в чтении, отзывается весьма вредно на изучении русского языка, которое, между тем, и должно быть главной задачей преподавателей русско-киргизских школ.

Киргизский мальчик, сразу поставленный в необходимость изучать в одно и то же время и значение слов, и грамматические изменения их, встречающиеся в книгах, не по систематическому при этом порядку, становится

---

<sup>1</sup> Бұл Ыбраһим Алтынсаринның «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» деген кітапшасына жазылған кіріспе сөзін біз аудармай, сол қалпында бастыруды мақұл көрдік.

Ыбраһим Алтынсарин грамматикалық ережелердің мысалдарын орыс және қазақ тілдерінде салыстырып түсіндіреді.

Осы шығармалар жыйнағында жоғарыда айтылған кітапша ешбір өзгертусіз, сол қалпында басылып отыр.— Ред.



втупик, не может ничего обобщать в своей голове ввиду разнообразной сложности встречающихся правил; дело доходит даже до того, что он решительно ничего не понимает. Например: в книге, данной для чтения, прежде всего может встретиться слово «он», ученик, по объяснению учителя, признает, что слово «он» соответствует киргизскому «ол»; но в следующий раз встречается то же слово, в виде уже «она», «ее», «его», «о нем».

Другое слово: «идти». Учитель объясняет, что оно значит; то в следующий раз встречается «шел», «шла»; нужно вновь объяснить, что это то же слово «идти», но выражает действие в прошедшем времени и в известном роде.

Или же, наконец, встречается глагол: «ходить»; а в другой раз ученики слышат слова: «выходить», «приходить», «проходить», и из объяснения значения последних видят, что в русском языке очень сходные слова имеют иногда значения, весьма разнящиеся друг от друга, решительно не соответствуя в данном случае киргизскому языку, в котором понятие о различных направлениях движения выражается совершенно разными словами, например: выходить — шыгуға, входить — кируге, проходить отуге, или же — сочетанием глаголов с деепричастием соединительным.

Из примеров этих очевидно, что как вообще всякий неразвитый мальчик, так в особенности киргизский, не в состоянии сразу понять и усвоить все указанные выше и подобные им изменения и построения неродного языка, вследствие большего отличия русского языка от киргизского. Поэтому, по нашему мнению, для киргизских детей, прежде, нежели они приступят к чтению русских книг с объяснением прочитанного, необходима некоторая систематическая подготовка к пониманию как отдельных слов, так и основных грамматических правил. Без такой предварительной подготовки, понятия учеников могут спутаться; дети не будут в состоянии составить себе определенного представления ни о какой грамматической особенности и долго будут говорить «он» вместо «она», «шел» вместо «иду» и т. п.

К такому именно заключению привел меня пятилетний опыт на учительской должности в одной из русско-киргизских школ. И лишь после преподавания по настоящему руководству, составленному тогда вчерне, дело обу-

чения русскому языку пошло у меня успешно и правильно.

Предлагая теперь настоящий труд в качестве начального руководства для обучения новопоступивших киргизских мальчиков и в качестве самоучителя вообще для киргизов, желающих учиться русскому языку, мы считаем долгом пояснить тот несложный прием, которого должны, по нашему мнению, держаться учителя при применении этого руководства к делу.

1. По изучению учениками наизусть названий предметов, разделенных в руководстве на VIII отделов, необходимо останавливаться над указанными в конце каждого отдела грамматическими правилами несколько более, нежели это сделано в руководстве, и по данным же последних образцов задавать учащимся новые вопросы и показывать тождественные примеры до того времени, пока они усвоят известные изменения окончаний слов по родам, числам, падежам и т. п.

Для наглядности и для того, чтобы не обременять мальчиков объяснениями, все грамматические изменения и окончания слов обозначены здесь крупными, а ударения курсивными буквами, на которые преимущественно и следует обращать внимание учеников, требуя от них осмысленного усвоения этих изменений и других, указанных здесь основных правил для правильного произношения русских слов.

2. После прохождения учениками настоящего руководства, рекомендую постоянно продолжать упражнение учеников в письменном переводе с киргизского на русский язык, сообразно с достигнутой подготовкой каждого из учащихся и согласно данным в конце руководства образцам. Кроме того, для таких переводов будет весьма пригодна составленная мною «Киргизская хрестоматия», которая поэтому и должна служить как бы продолжением настоящего руководства.

Без практических устных разговоров, конечно, невозможно научиться свободно и бегло говорить на каком бы то ни было языке; но научиться осмысленно пользоваться чужим языком — и научиться не в слишком продолжительное время — возможно, по нашему мнению, только в изложенном порядке, и

3) Так как настоящее руководство не есть полная грамматика, а лишь начальное руководство к ознакомлению с русским языком и его основными законами для

правильного пользования им в разговоре и письме, то учителя должны будут впоследствии, когда ученики станут уже понимать русские книги, ознакомить их с теми, более подробными и частными правилами грамматики, которые здесь не могли быть приведены. Это не представит затруднения для учащихся, уже усвоивших себе главные правила изучаемого языка по предлагаемому руководству.

*И. АЛТЫНСАРИН*





## НӘРСЕЛЕРДІҢ АТТАРЫ [Зат есім]

(Имя существительное)<sup>2</sup>

құдай бог  
пайғамбар пророк  
періште ангел  
кісі человек  
еркек кісі мужчина  
әйел женщина  
қарт старик  
жігіт молодец, юноша  
ата отец  
әже мать  
баба дед, дедушка  
үлкен шеше бабушка  
үлкен аға } дяди  
нағашы аға }  
аға старший брат  
іні младший брат  
апа старшая сестра  
қарындас } младшая сестра  
сіңлі }  
жиен }  
ағасының } племянник  
баласы }  
келін сноха  
жеңге тетка  
ұл сын

қыз дочь  
ұл бала мальчик  
қыз бала девушка  
қайын ата тесть  
қайын ене тёща  
қайын аға шурин  
бажа свояк  
балдыз свояченица  
әйелдің қайын ағасы свекр  
шешей свекровка  
құда сват  
құдағи сватья  
еркек ағайын родственник  
әйел ағайын родственница  
ру род  
тайпа отделение  
патша царь  
төре чиновник  
ақсүйек дворянин  
әкім начальник  
ұстаз учитель  
шәкірт ученик  
ептеш товарищ  
дос друг  
тентек шалун

сәудегер купец  
дәргер лекарь, доктор  
мал бағушы пастух  
жұмыскер работник  
егінші земледелец  
ұста кузнец  
ағаш ұстасы плотник  
тігінші портной  
ас пісіруші повар

дене тело  
тері кожа  
сүйек кость  
ет мясо  
қан кровь  
тамыр жилы  
бас голова  
мый, жұлын мозг  
шаш волосы  
бас төбесі темя  
мандай лоб  
желке затылок  
қас брови  
қабақ веки  
көз глаз  
көз жасы слеза  
кірпік ресница  
бет лицо  
шеке виски  
жақ щека  
мұрын нос  
құлақ ухо  
ауыз рот  
мұрт усы  
ерін губа  
тіс зуб  
тіл язык  
иек подбородок  
сақал борода  
мойын шея  
иін плечо  
көкірек грудь  
арқа спина  
қол рука

бармақ палец  
бас бармақ большой палец  
сұқ бармақ указательный  
палец  
ортан бармақ средний  
палец  
аты жоқ бармақ безымян-  
ный палец  
шынашак мизинец  
шынтак локоть  
іш брюхо  
жүрек сердце  
өкпе легкое  
қарын желудок  
ішек кишки  
талақ селезенка  
бауыр печень  
бүйрек почки  
бел поясница  
аяқ нога  
сан бедро  
балтыр икра  
өкше пятки  
өмір жизнь  
жан душа  
ақыл ум  
ой мысль  
есіту слух  
сөз слово  
иіс запах  
көңіл тілеу желание  
қуаныш радость  
қайғы печаль  
қорқыныш страх  
тырысу старание  
жалқаулық леность  
ақмақтық глупость  
қорқақ трус  
мырзалық щедрость  
сарандық скупость  
жылдамдық быстрота  
сабыр терпение  
лұқсат позволение

себеп причина  
шек сомнение  
сүйкімшілік любовь  
ашу гнев  
үндемеу молчание  
үміт надежда  
дауыс крик  
іс дело  
басы начало  
соңы конец

киім одежда, платье  
бөрік шапка  
төбетей }  
тақыя } тюбетейка  
қалпақ шляпа  
тымақ малахай  
көйлек, }  
жейде } рубашка  
дамбал подштанники  
бешмент бешмет, сюртук  
шекпен кафтан  
шапан халат  
қалта карман  
белбеу пояс, кушак  
ішік, тон шуба  
шалбар шаравары  
етік сапог  
мәсі ичеги  
кебіс калоши  
шұлық чулок  
шұлғау портянка  
орамал платок  
беторамал полотенца  
төсек постель  
кереует кровать  
көрпе одеяло  
жастық подушка  
киіз кошма, войлок  
кілем ковер  
мамық төсек перина  
тігу шитье  
ине иголка

жіп нитка  
біз шило  
тамақ, ас пища  
сусын питье, напиток  
ет мясо  
сорпа бульон, суп  
нан хлеб  
куырдақ жаркое  
палау плов  
ботқа каша  
тұз соль  
су вода  
сүт молоко  
ірімшік сыр  
қатық, } кислое  
айран } молоко  
май масло  
ұн мука  
сарымсақ лук  
бұрыш перец  
шай чай  
қант сахар  
ауыл аул  
киіз үй кибитка  
кереге решетка  
шаңғарақ кибиточный круг  
уық кибиточные палки  
үзік кибит. верхние кошмы  
туырлық нижние кошмы  
бау тесьма  
жіп, арқан веревка  
қала город  
дуан крепость  
орам улица  
үй дом  
ағаш үйдің керегесі стена  
үйдің сыртқы төбесі крыша  
есік дверь  
бөлме комната  
оқыйтын бөлме классная  
ас жейтін бөлме столовая  
жататын бөлме спальная  
есік алды передняя  
ас тұратын үй буфет

ас пісіретін үй кухня  
орындық стул  
жұмсақ орындық кресло  
стол стол  
шам свеча  
шамдал подсвечник  
шам қайшы съемы  
айна зеркало  
ұзын орындық скамья  
шәкірттер қағаз жазып  
отыратын стол парта  
класс тақтасы классная  
доска  
тас тақтай аспидная доска  
тас қалам грифель  
қалам перо  
қарасауыт чернильница  
қарасья чернила  
кітап книга  
жазу жолы строка  
кітап беті страница  
қағаз бумага  
қағаз табағы лист бумаги  
оқу чтение  
жазу письмо, писание  
үйрету обучение  
таза жазу чистописание  
есеп оқуы арифметика  
ескі сөз, өткендердің  
әңгімесі история  
жер жүзінің оқуы  
география  
сабақ урок

---

есік алды двор  
құйма забор  
қапқа ворота  
кішкене қапқа калитка  
ат азбары конюшня  
арба азбары каретник  
сыйыр азбары хлев  
жүк жыятын үй кладовая  
баз погреб  
монша баня

қазан котел  
ошақ таган  
темір көсеу кочерга  
жез қазан кастрюля  
шайнек чайник  
самовар самовар  
аяқ чашка  
табақ блюдо  
тас табақ тарелка  
қасық ложка  
пышақ нож  
шанышқы вилка  
стакан стакан  
шынаяқ чайная чашка  
тұз сауыт солонка  
ожау, шөміш ковш  
сүт сауыты молочник  
қант сауыты сахарница  
дастарқан скатерть  
қолорамал салфетка  
шелек ведро  
күбі бочка  
кеспек кадка  
күрек лопата  
балта топор  
ара пила  
қашау долото  
шеге гвоздь  
отын дрова  
арба телега  
күймелі арба повозка,  
тарантас, карета  
белағаш ось  
арба жәшігі кузов  
ат жегуші отыратын жер  
козла  
кіндік темір сердечник  
дөңгелек колесо  
шабақ спицы  
жетек оглобли  
тәжі тяжи  
мұрындық темір чекушка  
шана сани  
шана табаны полозья



абзель сбруя  
доға дуга  
тамақ бау гужи  
қамыт хамут  
шлея шлея  
ыңғыршақ седелко  
делбеге возжи  
арқалық черезседельник  
иер седло  
тоқым потник  
жүген узда  
тізгін поводья  
шылбыр чумбур  
ауыздық удила  
үзенгі стремяна  
айыл подпруга  
көпшік подушка  
құйысқан подхвостник  
өмілдірік нагрудник  
қамшы нагайка

---

көк небо  
күн солнце  
ай месяц, луна  
жұлдыз звезда  
жарық свет  
қараңғылық тьма  
жылылық теплота  
суық холод  
әуе воздух  
от огонь  
көмір уголь  
өрт пожар  
жалын пламя  
шырпы спички  
жел ветер  
дауыл буря  
құйын вихрь  
бұлыт облако  
қара бұлыт туча  
күн күркіреуі гром  
найзағай молния  
жауын дождь

қар снег  
бұршақ град  
енекем қосағы радуга  
уақыт время  
жыл год  
жаз весна  
жаздықүн лето  
күз осень  
қыс зима  
ай месяц  
тәулік сутки  
күндіз день  
түн ночь  
түс полдень  
жарты түн полночь  
ымырт сумерки  
кеш вечер  
жұма неделя  
бейсенбі четверг  
жұма пятница  
сенбі суббота  
жексенбі воскресенье  
дүйсенбі понедельник  
сейсенбі вторник  
сәрсенбі среда  
сағат часы  
минут минута  
өлшеу мера  
пут пуд  
қадақ фунт  
мысқал золотник  
шақырым верста  
құлаш сажень  
аршын аршин  
қарыс четверть

---

елі вершок  
жер земля  
тау гора  
дала степь  
сай лощина  
тегіс жер долина  
құм песок  
топырақ глина



шие вишня  
жидек клубника  
қой бүлдірген ежевика  
тоғай луга  
қамыс тростник, камыш  
шөп трава  
пішен сено  
тұқым семян  
байшешек цветок  
салом солөма  
қау шөп ковыль  
жусан полынъ  
жоңышқа (клевер)  
егінжай поле  
егін орны пашня  
соқа соха  
егін орағы серп  
орақ коса  
тары просо  
бидай пшеница  
арпа ячмень  
сұлы овес  
қарбыз арбуз  
қауын дыня  
асқабак тыква  
қыяр огурец  
капуста капуста  
картоп картофель  
тырма редька  
ұн мука

---

мал скотина  
айуан животное  
жүн шерсть  
тұяқ копыто  
тері кожа  
құйрық хвост  
жал грива  
май сало  
мүйіз рог  
түйе верблюд  
інген верблюдица  
өркеш горб  
бота верблюженок

жылқы лошадь  
айғыр жеребец  
бие кобыла  
ат мерин  
құлын жеребенок  
өгіз бык  
сыйыр корова  
бұзау теленок  
қой, қошқар баран  
сарық овца  
қозы барашек  
теке козел  
ешкі коза  
лақ козленок  
ит собака  
күшік щенок  
мысық кошка  
қыр айуаны зверь  
қасқыр волк  
түлкі лисица  
қарсақ корсук  
борсық борсук  
сасық күзен хорек  
аю медведь  
арыстан лев  
жолбарыс тигр  
піл слон

---

құс птица  
қанат крыло  
құс жүні перья  
мамық пух  
жұмыртқа яйцо  
шібіш цыпленок  
тауық айғыры петух  
шыбжық воробей  
қарлығаш ласточка  
сауысқан сорока  
торғай жаворонок  
тауық курица  
бөдене перепелка  
тырна журавель  
үйрек утка  
қарға ворона

бүркіт беркут  
қырғауыл фазан  
қаз гусь  
аққу лебедь  
шағала мартышка  
көгершін голубь  
қарағұс орел

тесть қайын-ата  
гость қонақ  
хвастун мақтаншақ  
повар ас-пісіруші  
свояк бажа

майор майор  
монах сопы  
лев арыстан  
волк қасқыр  
теща қайын-ене  
гостья әйел-қонақ  
хвастунья мақтаншақ-әйел  
повариха ас-пісіруші әйел.  
свояченица балдыз  
майорша майор-қатыны  
монахиня сопы-әйел  
львица ұрғашы-арыстан  
волчица ұрғашы-қасқыр

б) Біреуді жақсы көруді білдірер орында, сөздің аяғын *ушка, юшка, енька, ец, ица* деп өзгертеді, біздің тілде сөздің аяғына *әке* дегенді қосқан реуішті:

папа әке  
мама әже  
дядя үлкен-аға  
муж қатынның байы  
брат аға  
сестра апа

папенька әкеке  
маменька әжеке  
дяденька үлкен-ағаеке  
муженек байеке  
братец ағаеке  
сестрица апеке

в) Жанды-жансыз зат-мақұлықтың атын кішірейтіп айтқысы келсе, солардың атының аяқ жағы *итка, итко, енка, ка* болып өзгереді, біздің тілде осындай орындарда *шік* дегенді қосқан реуішті қараныз:

дом үй  
мальчик (еркек) бала  
дело іс  
лошадь ат  
книга кітап

домишко үйшік  
мальчишка балашық  
делишко ісшік  
лошаденка атшық  
книжонка кітапшық

Осы реуішті кісі атында кішірейтіп айтысады: Иван дегенді *Ваня*, Петр дегенді *Петя*, Сергей дегенді *Серезжа* деп, біздің тілде Ибрай дегенді *Ибыш*, Қорғанбек дегенді *Қоқыш*, Әбдібек дегенді *Әбіш* дегендей.

Орыс тілінде нәрсенің аты үш бөлімге бөлінеді, бұл бөлімдері мужский (еркек), женский (әйел), средний (орта) род деп аталады. Бізің тілде сөздің мұндай бөлімі жоқ. Сол бөлімдердің қай сөз қайсысына тиісті екендігін жанды мақлұқ болса мағнасына қарай, жансыз болса сөздің ақырғы қарпі не қаріпке бітуіне қарай айрылады. Міне отец, брат, дядя дегендердің мағнасында көрініп тұр еркек екендігі; мать, дочь, няня деген сөздердің мағнасынан әйел екендігі көрініп тұр. Бала деген сөзден еркек, әйел екендігі айрылмайды, соның үшін ол средний (орта) бөлімге немесе родқа тиісті сөзге қосылады.

Ақырын өзгертуін *склонение*, *склонять* дейді. Өзгерілгенде әртүрлі өзгеруінің әр бөлек аты бар, бәрінің аты *падеж*. Падеж алтау:

*Именительный* — кім? не? деген сұрауға қарсы жауап беретін.

*Родительный* — кімнің? ненің? дегенге жауап беретін.

*Дательный* — кімге? неге? дегенге қарсы.

*Винительный* — кімді? нені? дегенге қарсы.

*Творительный* — кіммен? немен? дегенге қарсы.

*Предложный* — кім турасында? не турасында? дегенге қарсы.

Осы айтылған үш түрлі *род*, *число*, *падеж*-да сөздің қалайынша өзгередінін ендігі жазылған үлгілерден (примеров) көріп, сол өзгерулерін анық жаттап, түсініп алыңыз:

### Единственное число

#### Падеж

*Именительный* лист, конь, чай

*Родительный* листа, коня, чая

*Дательный* листу, коню, чаю

*Винительный*<sup>1</sup> лист, коня, чай

*Творительный* листом, конем, чаем

*Предложный* о листе, коне, чае

<sup>1</sup> Винительный падеж аяғы жанды мақлұқ турасында болса родительныймен, жансыз нәрсе болса именительныймен бірдей болады. [Автор]

## Множественное число

Именительный *листы, кони, чаи*  
Родительный *листов, коней, чаев*  
Дательный *листам, коням, чаям*  
Винительный *листы, коней, чаи*  
Творительный *листами, конями, чаями*  
Предложный *о листах, конях, чаях*

### *Среднего рода:*

#### Единственное число

Именительный *окно, море, знамя,*  
Родительный *окна, моря, знамени*  
Дательный *окну, морю, знамени*  
Винительный *окна, моря, знамена*  
Творительный *окном, морем, знаменем*  
Предложный *об окне, о море, о знамени*

#### Множественное число

Именительный *окна, моря знамена*  
Родительный *окон, морей, знамен*  
Дательный *окнам, морям, знаменам*  
Винительный *окна, моря, знамена*  
Творительный *окнами, морями, знаменами*  
Предложный *об окнах, о морях, о знаменах.*

### Женского рода :

#### Единственное число

Именительный *сестра, дыня, ветвь*  
Родительный *сестры, дыни, ветви*  
Дательный *сестре, дыне, ветви*  
Винительный *сестру, дыню, ветвь*  
Творительный *сестрою, дынею, ветвью*  
Предложный *о сестре, дыне, ветви*

## Множественное число

Именительный сестры, дыни, ветви  
 Родительный сестер, дынь, ветвей  
 Дательный сестрам, дыням, ветвям  
 Винительный сестер, дыни, ветви  
 Творительный сестрами, дынями, ветвями  
 Предложный о сестрах, дынях, ветвях

Осы қалпынша өздеріңіз склоняты етіңіз: кафтан, мерин, малахай; войско, время, горе; сноха, стена, ось, реуіштілерді.

Жоғарыда айтылғаннан көрі бір түрліректе өзгертін сөздер бар. Айырмасының барын грамматикадан үйренерсіз. Әзірге ескеріңіз: дитя, мать, дочь деген сөздер, және мал балаларының турасында *енок-ка*, например: теленок реуіштілер, небо, чудо дегендер әлігі қалыптар бір түрлірек өзгертінін:

### Единственное число.      Множественное число

Именительный пад.	дитя	дети
Родительный	дитяти	детей
Дательный	дитяти	детям
Винительный	дитя	детей
Творительный	дитятею	детьми
Предложный	о дитяти	о детях
Именительный пад.	мать	матери
Родительный	матери	матерей
Дательный	матери	матерям
Винительный	мать	матерей
Творительный	матерью	матерями
Предложный	о матери	о матерях

Осылайша дочь дегенді склоняты етіңіз.

Именительный пад.	теленок	телята
Родительный	теленка	телят
Дательный	теленку	телятам
Винительный	теленка	телят
Творительный	теленком	телятами
Предложный	о теленке	о телятах



Ребенок, козленок, жеребенок, верблюженок, ягненок  
дегендерді де осылайша склоняты етіңіз.

Именительный небо, небеса  
Родительный неба, небес  
Дательный небу, небесам  
Винительный небо, небеса  
Творительный небом, небесами  
Предложный о небе, о небесах

Осылайша склоняты етіңіз «чудо» дегенді де.

Және ножницы (кайшы), вилы (айыр), чернила, дроба, сливки реуішті біраз сөздер жалғыз множественное числомен склоняты етілінеді; темнота, старость, молодость, гнев, любовь реуішті бір сөздер жалғыз единственное числода склоняты етілінеді.





## II

### ЗАТ-МАҚЛУҚТЫҢ ҚАСИЕТІНІҢ АТТАРЫ

[Сын есім]

(Имя прилагательное).

жақсы хороший  
жаман дурной  
ақылды умный  
ақмақ глупый  
батыр храбрый  
қорқақ трусливый  
сұлу красивый  
жұмсақ көңілді добрый  
қатты мінезді строгий  
жауыз злой  
тыныш спокойный  
күтімді аккуратный  
сараң скупой  
мырза щедрый  
бойдақ холостой  
қатын алған кісі женатый  
кәрі старый  
жас молодой  
ашуланшақ сердитый  
бай богатый  
жарлы бедный  
соқыр слепой

саңырау глухой  
сақау немой  
қылый кривой  
ақсақ хромой  
үлкен большой  
кішкене малый, маленький  
жуан толстый  
жіңішке тонкий  
алыс дальний  
жақын близкий  
айлакер хитрый  
әділ справедливый  
әдепті вежливый  
іждағатшыл старательный  
жалқау ленивый  
ақкөңіл честный  
іскер дельный  
пайдалы полезный  
залалды вредный  
жүйрік быстрый  
ақырын тихий  
терең глубокий

таяз, уақ мелкий  
ақ белый  
қара черный  
қызыл красный  
сары желтый  
көк синий  
жасыл зеленый  
жолақ полосатый  
шұбар пестрый  
көкшіл голубой  
қатты твердый  
жұмсақ мягкий  
кең широкий  
тар узкий  
тәтті сладкий  
дәмді вкусный  
ащы горький  
тұщы пресный  
домалақ круглый  
ұзын длинный  
қысқа короткий  
биік высокий  
аласа низкий  
жалпақ плоский  
жылы теплый  
суық холодный  
салқын прохладный  
ыстық горячий  
күшті сильный  
осал слабый  
ауру больной  
сау здоровый  
қолайлы удобный  
тұзды соленый  
сұйық жидкий  
қою густой  
кұрғақ сухой  
шикі сырой  
лайлы мутный  
дымқыл мокрый

ашыған кислый  
ауыр тяжелый  
жеңіл легкий  
тегіс ровный  
түзу, тура прямой  
қыйсық кривой  
жат чужой  
соңғы последний  
көптенгі давний  
арзан дешевый  
қымбат дорогой  
күміс серебряный  
алтын золотой  
бақыр медный  
темір железный  
жібек шелковый  
қағаз бумажный  
ағаш деревянный  
нық прочный  
қалың густой  
сирек редкий  
жиі частый  
өткір острый  
өтпес тупой  
ірі крупный  
уақ мелкий  
көңілді приятный  
жарық светлый  
қараңғы темный  
семіз жирный  
арық худой  
торы гнедой  
көк сивый  
қара карий  
күрең игрений  
жирен рыжий  
құла саврасый  
ала пегий  
шұбар чубарый

Осы сөздердің көбісін ойланып, салыстырып қарасаңыз  
«имя существительное» дан шыққан сөздер, например:

ақыл	ум	ақылды	умный
ақмақтық	глупость	ақмақ	глупый
дәм	вкус	дәмді	вкусный
ағаш	дерево	ағаш	деревянный
жібек	шелк	жібек	шелковый

Сол қалыпта существительное ияның аяғына *ский, нный, ой, ий* лерді қосумен прилагательное ияға айналды, например:

женщина	женский	әйелдікі
родство	родственный	ағайынның
работа	рабочий	жұмыскер
голова	головной	бастікі
радость	радостный	қуанышты
класс	классный	кластікі
баран	бараний	қойдікі
лисица	лисий	түлкінікі

Имя прилагательноеінің қайсы бір сөздерінің аяғын өзгертумен жана мағына шығатын орындары бар; және бұл «прилагательное» существительноемен қосылып род, число, падежге бөлінеді:

1) Егер бір прилагательное сөзді қалыбынан көрі артылдырыңқырап айтайық десек, біздің тілде ол сөздің алдына *ең, артықша* дегендерді қосамыз. Орысша тілде ондай орында сөздің аяғына: *айший, ейший, ший* дегендер қосылады.

Қараңыз:

крепкий	крепчайший	ең қатты
сильный	сильнейший	ең мықты
высокий	высший	ең биік
красивый	красивейший	ең сұлу

немесе

**самый красивый артықша сұлу**

Егер біреуден біреудің артықшылығын көрсетейік десек, біз сөздің аяғына *рақ, рек* дегенді қосамыз. Орыс тілінде мұндай орында сөздің аяғын *ее, е* деп өзгертеді, например:

мықтырақ	сильнее
биігірек	выше
сұлуырақ	красивее

2) Прилагательное сөздөрүн сущестительноеге қосып  
склонять еткенде, сущестительное мужсий родтын сөзіне  
қосылған прилагательноеның аяғы единственное числода  
*ый, ий, ой* болады; средний род болса — *ое, ее*; женский  
род болса — *ая, яя*. Множественное числода мужский род-  
та: *ые, ие*, средний мен женский родта *ыя, ия* болып өз-  
гереді.

Мужского рода:

Единственное число

- И. письменный стол, хороший чай, красивый конь
- Р. письменного стола, хорошего чая, красивого коня
- Д. письменному столу, хорошему чаю, красивому коню
- В. письменный стол, хороший чай, красивого коня
- Т. письменным столом, хорошим чаем, красивым конем
- П. о письменном столе, хорошем чае, красивом коне

Множественное число

- И. письменные столы, хорошие чаи, красивые кони
- Р. письменных столов, хороших чаев, красивых коней
- Д. письменным столам, хорошим чаям, красивым  
коням
- В. письменные столы, хорошие чаи, красивых коней
- Т. письменными столами, хорошими чаями, красивыми  
конями
- П. о письменных столах, хороших чаях, красивых  
конях

Среднего рода:

Единственное число

- И. большое окно, широкое поле, дикое племя
- Р. большого окна, широкого поля, дикого племени
- Д. большому окну, широкому полю, дикому племени
- В. большое окно, широкое поле, дикое племя
- Т. большим окном, широким полем, диким племенем
- П. о большом окне, широком поле, диком племени

Множественное число

- И. большие окна, широкие поля, дикие племена
- Р. больших окон, широких полей, диких племен
- Д. большим окнам, широким полям, диким племенам

- В. большие окна, широкие поля, дикие племена  
 Т. большими окнами, широкими полями, дикими  
 племенами  
 П. о больших окнах, широких полях, диких племенах.

### Женского рода:

#### Единственное число

- И. добрая женщина, умная няня, прекрасная мысль  
 Р. доброй женщины, умной няни, прекрасной мысли  
 Д. доброй женщине, умной няне, прекрасной мысли  
 В. добрую женщину, умную няню, прекрасную мысль  
 Т. доброю женщиною, умною нянею, прекрасною  
 мыслью  
 П. о доброй женщине, умной няне, прекрасной мысли.

#### Множественное число

- И. добрые женщины, умные няни, прекрасные мысли  
 Р. добрых женщин, умных нянь, прекрасных мыслей  
 Д. добрым женщинам, умным няням, прекрасным  
 мыслям  
 В. добрых женщин, умных нянь, прекрасные мысли  
 Т. добрыми женщинами, умными нянями, прекрасны-  
 ными мыслями  
 П. о добрых женщинах, умных нянях, прекрасных  
 мыслях

Осы қалыпша строгий учитель, щедрый отец, лисий малахай, деревянная дверь, длинная строка, скупая барыня, прилежное чтение, отцовское письмо, прошлое время, дегендерді склонять етіңіз.





### III

## ЕСЕП АТТАРЫ

[Сан есім]  
(имя числительное)

бір один	жыйырма үш двадцать три
екі два	жыйырма төрт двадцать
үш три	четыре
төрт четыре	жыйырма бес двадцать пять
бес пять	
алты шесть	жыйырма алты двадцать
жеті семь	шесть
сегіз восемь	жыйырма жеті двадцать
тоғыз девять	семь
он десять	жыйырма сегіз двадцать
онбір одиннадцать	восемь
онекі двенадцать	жыйырма тоғыз двадцать
онүш тринадцать	девять
онтөрт четырнадцать	отыз трицать
онбес пятнадцать	қырық сорок
оналты шестнадцать	елу пятьдесят
онжеті семнадцать	алпыс шестьдесят
онсегіз восемнадцать	жетпіс семьдесят
онтоғыз девятнадцать	сексен восемьдесят
жыйырма двадцать	тоқсан девяносто
жыйырма бір двадцать	жүз сто
один	екіжүз двести
жыйырма екі двадцать два	үшжүз триста



төртжүз четыреста  
 бесжүз пятьсот  
 мың тысяча  
 бір мың одна тысяча  
 төрт мың четыре тысячи  
 бес мың пять тысяч  
 елу мың пятьдесят тысяч

миллион миллион

екеу двое  
 үшеу трое  
 төртеу четверо  
 бесеу пятеро  
 жетеу семеро  
 ондап десятеро  
 екіесе вдвое  
 төртесе вчетверо  
 он есе вдесятеро, в десять  
 раз

бірінші первый  
 екінші второй  
 үшінші третий  
 төртінші четвертый  
 бесінші пятый  
 алтыншы шестой  
 жетінші седьмой  
 сегізінші восьмой  
 тоғызыншы девятый  
 оныншы десятый  
 онбірінші одиннадцатый  
 онекінші двенадцатый  
 онбесінші пятнадцатый  
 оналтыншы шестнадцатый  
 жыйырмасыншы двадцатый  
 елуінші пятидесятый  
 жетпіс екінші семьдесят  
 второй  
 сексен бесінші восемьдесят  
 пятый  
 жүзінші сотый  
 жүз бірінші сто первый

үш мың екі жүз он бірінші три тысячи двести одиннадца-  
 тый бес мың алты жүз он тоғызыншы пять тысяч шесть-  
 сот девятнадцатый.

Бұл есеп аттарының да аяқ қаріптері род, число, па-  
 дежге бөлінеді:

### Единственное число

муж. рода	сред. рода	женск. рода.
И. один ковер,	одно одеяло,	одна кошма
Р. одного ковра,	одного одеяла,	одной кошмы
Д. одному ковру,	одному одеялу,	одной кошме
В. один ковер,	одно одеяло,	одну кошму
Т. одним ковром,	одним одеялом,	одною кошмою
П. об одном ковре,	об одном одеяле,	об одной кошме

### Множественное число

И. одни ковры, одни одеяла, одни кошмы  
 Р. одних ковров, одних одеял, одних кошм  
 Д. одним коврам, одним одеялам, одним кошмам

- В. одни ковры, одни одеяла, одни кошмы  
 Т. одними коврами, одними одеялами, одними кошмами  
 П. об одних коврах, одних одеялах, одних кошмах

Бір один-нен соңғылары жалғыз множественное числомен склоняты етілінеді. Қараңыз:

- И. два, две, двое, три, трое, четыре, четверо  
 Р. двух, двоих, трех, троих, четырех, четверых  
 Д. двум, двоим, трем, троим, четверем, четверым  
 В. Не именительныймен, не родительныймен бірдей.  
 Т. двумя, двоими, тремя, троими, четырьмя, четверыми  
 П. о двух, двоих, трех, троих, четырех, четверых

Осы көрсеткен қалыпша склоняты етіңіз: два дня, три ночи, четыре сажени, двое учеников, четверо работников деген реуіштілерді.

Бестен бастап, сонан былайғы сандардың бөтен сөзге қосылғанда өзгертін реті:

- И. пять дней, сорок пастухов, двести саженей  
 Р. пяти дней, сорока пастухов, двухсот саженей  
 Д. пяти дням, сорока пастухам, двумстам саженям  
 В. пять дней, сорок пастухов, двести саженей  
 Т. пятью днями, сорока пастухами, двумястами саженями  
 П. о пяти днях, сорока пастухах, двухстах саженях

Осыған қарап өздеріңіз: десять четвертей, пятьдесят рубашек, триста скатертей, тысяча полотенец деген реуіштілерді склоняты етіңіз.

Первый, второй, третий жана онан басқа біздің тілде «нші» деген қосылған сандар имя прилагательное реуішті склоняты етілінеді. Соның үшін өздеріңіз: первый ученик, третье окно, пятая кровать дегендерді склоняты етіп үйреніп аларсыз.



## IV

### МЕСТОИМЕНИЕ

#### ДЕГЕН СӨЗДІҢ БӨЛІМІ [Есімдік]

муж. жен. средн.	
мен я — —	
сен ты — —	
ол он она оно	
біз мы — —	
сіз вы — —	
олар они оне они	
өзімді я	} себя
өзінді ты	
өзін он, она оно они, оне	
менікі мой моя мое	
сенікі твой твоя твоё	
оныкі его её его	
бізідікі наш наша наше	
сізідікі ваш ваша ваше	
олардікі их — —	
өзімдікі	} свой своя свое
өзіндікі	
өзінікі	
өзіміздікі	} свои
өзіңіздікі	
өздерінікі	
мынау, осы сей, этот	
анау тот	

сондай такой	
кім кто	
не что	
қайсы который	
қандай какой	
кімдікі чей	
өзі сам	
нақ-өзі самый	
бәрі весь	
біреу некто	
бір нәрсе нечто	
қайсыбір некоторый	
әлдебіреу кто-то	
әлде-не что-то	
кімде-болса	} кто-нибудь что-нибудь
неде-болса	
	} кто-либо что-нибудь
керек кім хоть кто	
әрқайсы каждый	
әрбір всякий	
ешкім никто	
ештеме ничто	
ешқайсы никакой	

Осы сөздердің *ый, ий, ой* ға біткендерінің бәрі де прилагательное имя реуішті склоняты етіледі; бұлардан басқасының склонениясын енді қараңыз.

Единственное число	множественное число
И. я, ты, он	мы, вы, они
Р. меня, тебя, его	нас, вас, их
Д. мне, тебе, ему	нам, вам, им
В. меня, тебя, его	нас, вас, их
Т. мною, тобою, им	нами, вами, ими
П. обо мне, о тебе, о нем	о нас, о вас, о них

Женский мен средний родтарда «он» деген сөздің өзгеруі:

Единственное число		Множественное число
средний род	женский род	
И. оно	она	они оне
Р. его	ее	их
Д. ему	ей	им
В. его	ее	их
Т. им	ею	ими
П. о[об] нем	ней	о них

#### Единственное число

И. (жок) кто, что	} множественное жок
Р. себя, кого, чего	
Д. себе, кому, чему	
В. себя, кого, что	
Т. собою, кем, чем	
П. о себе, о ком, о чем	

Никто, ничто дегенді де осылай склоняты етіңіз.

#### Единственное число                      Множественное число.

муж. род.	жен. р.	средн. р.	
И. тот	та	то	те
Р. того	той	того	тех
Д. тому	той	тому	тем
В. им.	не р. бірдей	ту то им.	не р. бірдей
Т. тем	тою	тем	теми
П. о том	той	том	тех

} родтардың  
бәрінде де

Этот дегенді де осылай склонять етіңіз.

И. весь, вся, все, все  
 Р. всего, всей, всего, всех  
 Д. всему, всей, всему, всем  
 В. им. не р. бірдей всю все им. не р. бірдей  
 Т. всем, всею, всем, всеми  
 П. (обо) о всем, всей, всем, (обо) о всех

Барша родка  
 бір қалыпта

Единственное число

Множественное число

муж. род	жен. р.	средн. р.	
И. мой	моя	мое	МОИ
Р. моего	моей	моего	МОИХ
Д. моему	моей	моему	МОИМ
В. им. не род.	мою	мое	имен. не род
	мен бірдей		мен бірдей
Т. моим	моею	моим	МОИМИ
П. о моем	моей	моем	МОИХ

Осы қалыпта *твой, свой, наш, ваш* дегендерді де склонять етіңіз.

И. сам, сама, само, сами  
 Р. самого, самой, самого, самих  
 Д. самому, самой, самому, самим  
 В. самого, самое, само, самих  
 Т. самим, самою, самим, самими  
 П. о самом, самой, самом, самих

И. чей, чья, чье, чьи  
 Р. чьего, чьей, чьего, чьих  
 Д. чьему, чьей, чьему, чьим  
 В. им. не род чью чье имен. не родит.  
 мен бірдей. мен бірдей  
 Т. чьем, чьею, чьим, чьими  
 П. о чьем, чьей, чьем, чьих



V

**АҚЫРЫ ӨЗГЕРІЛМЕЙТІН СӨЗДЕР**  
[үстеу демеу]

(Наречие и союз)

қашан, кезде,  
шақта, мезгілде,  
ғанда, генде когда  
жеткен кезде когда дошел  
келгенде когда пришел  
енді теперь  
бүгін сегодня  
бүгінде ныне  
кеше вчера  
ертең завтра  
күндіз днем  
түнде ночьюю  
ертемен утром  
кешке вечером  
жаздыкүні летом  
қыстыкүні зимою  
күздікүні осеньюю  
әрқашан всегда  
қайуақытта иногда  
ешқашан никогда  
ілгері вперед  
бұрын прежде

соң после  
тезарада вскоре  
әзір сейчас  
дереу тотчас  
бір заманда никогда  
уақыт жоқ некогда  
мұнан былай отныне  
көптен издавна  
әуел бастап сначала  
жастан смолоду  
осы жергеше доныне  
ол жергеше дотоле  
жана еще  
бәрі все  
жаңадан снова  
тағыда опять  
қайда где  
қайдан откуда  
қайда куда  
мұнда здесь  
осында тут  
онда там

тересінде около  
 қасында возле  
 әржерде везде  
 әрқайда  
 ешқайда нигде  
 айнала кругом  
 айналасында вокруг  
 үйде дома  
 ішінде внутри  
 алдында впереди  
 артында позади  
 ортасында среди  
 тысқарысында вне  
 бір жерде где-то  
 мұнан отсюда  
 онан оттуда  
 әрқайдан отовсюду  
 ішкеріден изнутри  
 тысқарыдан снаружи  
 алыстан издали  
 алдынан спереди  
 артынан сзади  
 қайдан да болса откуда-то  
 бері сюда  
 онда, анаған туда  
 бар жерде всюду  
 үйге домой  
 тысқары, тысқа шық вон  
 бойлай, ұзын бой вдоль  
 кесе поперек  
 қайдада болса куда-то  
 ешқайда никуда  
 дауыстап, қатты громко  
 ақырын тихо  
 жаяу пешком  
 салт верхом  
 қанша сколько  
 жиі часто  
 сирек редко  
 жетер довольно  
 аз мало  
 көп много  
 бірнеше несколько  
 екеулеп вдвоем

үшеулеп втроем  
 бір заман  
 күндерде бір } однажды  
 күн }  
 бір рет раз  
 екі есе дважды  
 бес есе пятью  
 көп рет многократно  
 неше рет неоднократно  
 бір ретте ни разу  
 ешбір нисколько  
 жат ішінде вчуже  
 қысқа ғана вкратце  
 дұрысын поистине  
 еріксіз } поневоле  
 шарасыз }  
 дұрысынша поправде  
 лайықты |  
 кезінде | кстати  
 бірге вместе  
 әлде разве  
 (әлде барайын ба разве  
 итти)  
 яқпа, ақпа ужели, неужели  
 (солақпа ужели так)  
 анық дұрыс подлинно  
 бәлі, дүп-дұрыс точно  
 анық рас действительно  
 расақ и вправду, в самом  
 деле  
 солай так, да  
 емес не  
 (жақсы емес не хорошо)  
 бәлкім может быть  
 ешқалайда никак  
 мекен, бекен едва ли, чуть  
 ли вряд  
 (распа екен едва ли правда)  
 болғаны, бірақ только  
 бірақ лишь  
 жалғызак единственно  
 басқа кроме  
 (сенен басқа кроме тебя)  
 бек очень



(бек жаман очень дурно)

сонша весьма

артығырақ слишком

ең жақсы отлично

өте-мөте черезчур

анау құрлы гораздо

өлшеу қыларлық

емес несравненно

тіпті, мұқым совсем,

вовсе

ешбірде нисколько, ничуть

хәм, де, де и, да

сенде, менде и ты, и я

жылқы да, и лошадь

түйе де и верблюд

жана тағы, солаяқ также

бірақ но

олай болса да однакож

оның арасында между тем

көрі нежели

(онан көрі нежели он)

соншама столь,

А сколько

(сен олай, а мен былай ты

так, а я этак)

қанша сколь, сколько

бейне будто, словно

соның үшін ибо, потому что

ни кім, еді чтобы, дабы

(бұйрылса еді чтобы, дабы приказано было)

немесе или, либо

ба, ма ли

(жаман ба,

жақсы ма хорошо ли, дурно ли)

егер если, ежели

сада хотя

(жаман болса да,

маған жақсы, хотя дурно, для меня хорошо)

олай болғанда следовательно

олай болса стало быть

осылай болғанда то бы

егерде если бы



## VI

### ПРЕДЛОГ

#### ДЕГЕН СӨЗДІҢ БӨЛІМІ [жалғау]

Біздің тілде де, орыс тілінде де қысқаншақ сөздер бар: ішінде, турасында, шейін деген реуіште. Мұндай сөздер біздің тілде сөздің аяғына тіркеледі, орысшада басына тіркеледі. Ол сөздер осы:

без, безо сіз, например; ақылсыз сыз без ұма  
для үшін, кітаптар үшін для книг

Ради бола, ептешіме бола ради товарища  
до шейін, үйге шейін до дома

из, изо, то, ото дан, ден, нен жерден из земли  
у қазақша ге, ға

дегенге келеді: сенде у тебя

к, ко қаз, ге, ға дег. кел.: атаға к отцу

про, сквозь өте, әйнектен өте сквозь стекло

чрез, через арқылы, ауыл арқылы через аул

под, подо астында, стол астында под столом

пред алдында, оның алдында пред ним

в, во ішінде, бөлме ішінде в комнате

на үстінен, сенің үстіңнен на тебя

над, надо үстінде, үстінен

үстімізден: біздің үстімізден над нами

при алдында, әкім алдында при начальнике

за орнына, сыртында, молда орнына за учителя

ішкап сыртында за шкапом

о, об, обо турасында, аға турасында о брате  
с менен, пенен, қарындас пенен с сестрою  
по бойынша, бойымен, соның бойынша по этому  
орам бойы мен по улице.

Осы предлогтар қосылған сөздерді аңғарып қарасаныз, әр қайсысы бір белгілі падежбен өзгереді. Мұның ішінде: без, для, ради, до, из, за, от, у дегендері қосылған существительногоның аяғы родительный падежбен айтылады; к деген қосылса, дательный падежбен; *про, чрез, сквозь* — винительный падежбен; *над* — творительный падежбен; *при, об, о* — предложныймен.

Винительный мен творительныйға бірдейлері: *за, под, пред*, винительный мен предложный ға бірдейлері: *в, на, о, об*; родительный, винительный, творительныйларға бірдейлері: *с, дательный, винительный, предложныйға бірдейлері: по*.

Жоғарыда көрсетілген жөн менен орысша қосып айтыңыз: сыртында, тігінші үстінде, ақсүйек алдында, дос пенен, теңіз бойына, тау арқылы, класстан, базарға шейін, керегеден өте, бас ішінде, атам турасында деген реуиштілерді.



## VII

### ГЛАГОЛ

#### ДЕГЕН СӨЗДІҢ БӨЛІМІ [Етістік]

болуға еді быть  
оқуға читать  
жазуға писать  
жаттауға твердить  
жүруге ходить  
тұруға стоять  
отыруға сидеть  
қарауға смотреть  
тыңдауға слушать  
көруге видеть  
баруға идти  
келуге придти  
шығуға выдти  
алып келуге принести  
алып баруға отнести  
жақсы көруге любить  
шақыруға звать  
ашулануға сердиться  
сөйлеуге говорить  
күлуге смеяться  
алуға взять  
беруге дать  
тартып алуға отнять  
сұрауға спросить

жауап беруге отвечать  
үйретуге учить  
үйренуге учиться  
жалқаулануға лениться  
тастауға бросать  
сындыруға ломать  
сыйлауға дарить  
ұрыссуға ссориться  
ренжітуге обидеть,  
оскорбить  
татуласуға мириться  
қорқуға бояться  
тұруға жить  
өлуге умереть  
жығылуға падать  
дауыстауға кричать  
сыбырлауға шептать  
құюға налить  
төуге вылить  
жеуге есть  
ішуге пить  
нануға верить  
өтірік айтуға врать, лгать  
қайтаруға возвратить

алуға взять  
 ұшырасуға встретить  
 жығуға валить  
 пісіруге варить  
 жұтуға глотать  
 қуалауға гнать  
 июге гнуть  
 ашуландыруға гневить  
 қайғылануға { горевать  
 печалиться  
 қонақ болуға гостить  
 қарсы сөйлесу грубить  
 жаншу давить  
 беруге дать  
 қалтырауға дрожать  
 тоңуға зябнуть  
 үруге дуть  
 түтім болуға дымить  
 істеуге делать  
 бөлуге делить  
 күтуге ждять  
 аяуға жалеть  
 көңіл тілеуге желать  
 күндеуге завидовать  
 амандасуға здороваться  
 сыңғырлатуға } звонить  
 қоңырау қағуға }  
 еснеуге зевать  
 ойнауға играть  
 ықылық-атуға икать  
 өзінде болу иметь  
 іздеуге искать  
 жөтелуге кашлять  
 тоба қылуға | каятсья  
 өкінуге |  
 лақтыруға кидать  
 қайнауға кипеть  
 салуға { класть,  
 положить  
 ұруға { колотить,  
 бить  
 жұмарлауға комкать  
 бітіруге кончить  
 шөп шабуға косить

қыйсайтуға кривить  
 турауға крошить  
 жабуға крыть  
 шылым тартуға курить  
 жатуға лежать  
 ұшуға лететь  
 жалауға лизать  
 мінуге лезть  
 жабыстыруға лепить  
 үруге лаять  
 алып жүруге нести  
 жазаландыруға наказать  
 үміт етуге надеяться  
 бастауға начать  
 атауға называть  
 түнеуге ночевать  
 тәуір көруге нравиться  
 иіскеуге нюхать  
 бағуға пасти  
 жер жыртуға пахать  
 түкіруге плевать  
 итеруге пихать  
 шыңғыруға пищать  
 жүзуге плавать  
 көтеруге поднять  
 жылауға плакать  
 төлеуге платить  
 адасуға плутать  
 билеюге плясать  
 тамақпен сыйлауға  
 подчивать  
 енбектеуге ползать  
 есіне түсіруге помнить  
 бүлдіруге, бұзуға портить  
 ораза ұстауға поститься  
 жоғалтуға потерять  
 терлеуге потеть  
 байқауға пробовать  
 амандасуға прощаться  
 кешуге простить  
 өтінуге | просить  
 сұрауға |  
 соңына түсуге преследовать  
 секіруге прыгать

себуге прыскать  
 жасыруға прятать  
 қорқытуға пугать  
 шідерлеуге }  
 шиеленістіруге } путать  
 ісуге пухнуть  
 жырлауға петь  
 шегіншектеуге пятиться  
 жұмыс қылуға работать  
 қуануға радоваться  
 жаралауға ранить  
 жыртуға рвать  
 өкіру, өкіріп }  
 жылау } реветь  
 кіснеуге ржать  
 маңырауға блеять  
 мөңіреуге мычать  
 түсіріп жіберуге ронять  
 өсуге расти  
 шабуға рубить  
 кесуге резать  
 сөгуге ругать  
 кекіруге рыгать  
 қазуға рыть  
 отыртуға садить  
 отыруға садиться  
 жарқырауға сеять  
 қыруға скоблить  
 сырғанауға скользить  
 ренжуге скорбеть  
 шыйқылдауға скрипеть  
 қапа болуға скучать  
 сараң болуға скупиться  
 қызмет етуге служить  
 соңына түсуге следить  
 батылдық етуге сметь  
 күлуге смеяться  
 тығуға совать  
 ұялуға {  
 совеститься  
 стыдиться  
 босқа шашуға сорить  
 емуге сосать  
 сөз таластыруға спорить

қорлық беруге срамить  
 қорқытуға стращать  
 тырысуға стараться  
 қартаюға стареть  
 төсеуге стлать  
 күзеуге стричь  
 жонуға строгать  
 атуға стрелять  
 ас пісіруге стряпать  
 суытуға студить  
 суынуға стыть  
 қағуға стучать  
 сүрінуге споткнуться  
 кептіруге сушить  
 себуге сыпать  
 ерттеуге седлать  
 шыбық соғуға }  
 кесуге } сечь  
 астық шашуға сеять  
 сүйретуге тащить  
 жасыруға таить  
 еруге таять  
 қараңғы болуға темнеть  
 сүртуге, қыруға тереть  
 сабыр етуге терпеть  
 жоғалтуға терять  
 қысуға тискать  
 тоқуға ткать  
 түртуге толкать  
 жағуға топить  
 таптауға топтать  
 сауда қылуға торговать  
 қапа болуға тосковать  
 қайрауға точить  
 жүрек көтерілуге тошнить  
 жоғалтуға тратить  
 мысқыл етуге трунить  
 сөндіруге тушить  
 тығыздауға теснить  
 тартуға тянуть  
 қармақ салуға удить  
 кешкі ас жеуге ужинать  
 істей білуге уметь  
 кесірленуге упрявиться

көңіл тілеуге хотеть  
қақыруға харкать  
мақтауға хвалить  
ауруға хворать  
айла етуге хитрить  
тарсылдатуға хлопать  
қарқылдап күлуге хохотать  
сақтауға хранить  
қорылдауға храпеть  
дауыс қарлығыға хрипнуть  
ақсауға хромать  
қытырлауға хрустеть  
арықтауға худеть  
сүзуге цедить  
патшалық етуге царствовать  
сүюге целовать  
сәнденуге  
қылымсуға } церемониться  
қаралауға чернить  
сызуға чертить

қасуға чесать  
жамауға чинить  
калам шығаруға чинить  
перо  
тазартуға чистить  
түшкіруге чихать  
қадірлеуге чтить  
жатырқауға чуждаться  
түйынуға чуять  
адымдауға шагать  
тентек етуге шалить  
ақтаруға шарить  
тиюге шевелить  
атып тастауға швырять  
тігуге шить  
ысылдауға шипеть  
күңіренуге шуметь  
аяуға щадить, жалеть  
кербезденуге щеголять  
қытықтауға щекотать  
күшіктеуге щениться

Осы сөздерден аңғарылған шығар глагол деген зат мақылұқтың істеген әрбір істерінің аттары екендігі. Енді бұл глаголдың қалайша өзгеріп, өзгергенде қай мағнада болып кететіндерін қарастыралық:

## 1

а) Бұрын айтып өтілген предлог сөздерінің *по, вы, под, на, из, ис, до, за, от, у, про, пере, раз, о, об, воз* дегендері глагол сөзінің алдыңғы жағына қосылумен тіпті мағнасын өзгертіп жібереді, например қараңыз:

ходить — жүруге

Входить кіруге, выходить шығуға, проходить өтуге, отходить әрі кетуге, доходить жетуге, походить жүре түсуге, подходить қасына келуге, находить үстінен шығуға, табуға, заходить кіріп-шығуға, уходить шығып кетуге, обходить айнала жүруге, восходить жоғары шығуға, сходиться төмен түсуге, переходить кесе өтуге дегендер реуішті.

Осы жөнменен предлогты қосып қараңыз: *идти, ехать,*



*нести, делать, дать, знать, говорить, ждать, играть* дегендерге.

б) Біздің тілде біреу турасында айтсақ, например: тығыздауға дейміз, өзіміз турамызда айтсақ, тығыздануға дейміз, сөздің орта жеріне *ну* дегенді қосып. Орыс тілінде осындай орында глагол сөзінің аяқ жағына *ся* дегенді қосады, *себя* дегеннің орнына. Сол қалыпша үйретуге *учить*, үйренуге *учиться*, тазартуға *чистить*, тазарынуға *чиститься*, қайтаруға *вернуть*, қайтуға *вернуться*.

в) Глагол сөздерінің аяғы осы уақыттағы іс турасында айтылса *ая, яя, а, я* болып, өткен уақыттағы болса *в, вши* болып өзгертіндері бар. Біздің тілге салыстырғанда бұлайша келеді: *бегая жүгіре, смотря қарай, меняя алмастыра, бегав жүгіріп, смотрев қарап; менявши алмастырып.*

## 2

а) Абайлап, ойланып қарасаңыз осы глаголдардың қайсысы *существительноеға*, қайсысы *прилагательноеға* ұқсас. Ондай сөздердің асыл түбі бір екені рас; қай тілде де болса сөзден сөз шығады, қараңыз: *ақсауға — хромать, ақсақ — хромоу, тігуге — шить, тігу — шитье, жығылуға — падать, жығылу — падение, жеуге — есть, жеу — еда, ішуге — пить, ішу — питье.*

Сол қалыпша өздеріңіз глаголдан *существительноеға* айналдырып қараңыз: *наказать, писать, иметь, мечтать, падать* деген реуіштілерді.

б) Біздің тілде «жүруге» деген реуішті сөздің астына *үші* дегенді қоссақ жүруші болады. Сондай орында, орыс тілінде, глаголдың «ть» деген ақырын тастап, орнына *щий*, *мы* дегендерді қояды. Например: *сүюші любящий, сүйілюші любимый, сыйланушы награждаемый.*

Егер біз өз тілімізде «жүруші» дегенінің өткен уақытта жүргенін айтқымыз келсе, әлігі «үші» дегеннің орнына *ған, қан, кен, ген* дегендерді қоямыз. Орысша оның есебіне *вший, тый, нный* дегендер қойылады. Например: *сүйген любивший, сыйлаған награжденный, ұмтылған забытый.*

Осылайша болып өзгерілген *ый, ийға* біткен сөздердің бәрі де имя прилагательное есебінде род, число, падежбен *склоняты* етілінеді, например: *любимый человек, любимого человека* деген реуішті. Бірақ *склоняты* етуге келмейді, егер ұмытылған деген реуішті сөздің орнына ұмтылды немесе орысша *забыть, любим, награжден* десек.

Например: «алуға» деген сөзден егер әзір алғанымызды айталық десек, біз айтамыз: аламын өткен уақыттағы алғанымызды айтқымыз келсе: алдым, болашақ уақыттағы алатынымызды айтқымыз келсе: алармын дейміз. Осындай глаголдың уақытқа қарай, және айтушының жөніне қарай сөздің ақырының өзгеруін *спряжение, спрягать* дейді; уақыт реті әлгі айтылған қалпынша *настоящее* (осы уақыт), *прошедшее* (өткен уақыт) и *будущее* (болашақ уақыт) деп аталады. Осыған қарап, қай орында сөздің ақыры қалай өзгертілу ретін әбден жаттап алыңыз.

Тянуть дегенді спрягать етелік:

### Настоящее время

#### Единственное число

1. тартамын тяну
2. тартасын тянешь
3. тартады тянет

#### Множественное число

- тартамыз тянем  
тартасыз тянете  
тартысады тянут

### Прошедшее время

- |                                       |               |          |
|---------------------------------------|---------------|----------|
| 1. тарттым я тянул                    | тарттык мы    | } тянули |
| 2. тартамын ты тянул                  | тарттыңыз вы  |          |
| 3. тартты он, она, оно<br>тянул, а, о | тартысты они, |          |

### Будущее время

- |                    |          |                  |          |
|--------------------|----------|------------------|----------|
| 1. тартамын буду   | } тянуть | тартамыз будем   | } тянуть |
| 2. тартасын будешь |          | тартарсыз будете |          |
| 3. тартар будет    |          | тартысар будут   |          |

### Бұйрық мағнасында (повелительное)

- |                        |                       |
|------------------------|-----------------------|
| 2. тарт тяни           | тартыңыз тяните       |
| 3. тартсын пусть тянет | тартыссын пусть тянут |

Осы қалыпша спрягать етізіз: гнуть, тонуть, обмануть деген реуіштілерді.

### Настоящее время

Единственное число

- 1) читаю, смотрю
- 2) читаешь, смотришь
- 3) читает, смотрит

Множественное число

- читаем, смотрим  
читаете, смотрите  
читают, смотрят.

### Прошедшее время

- |                 |     |                      |     |   |                     |
|-----------------|-----|----------------------|-----|---|---------------------|
| 1) я            | }   | читал, смотрел, а, о | мы  | } | читали,<br>смотрели |
| 2) ты           |     |                      | вы  |   |                     |
| 3) он, она, оно |     |                      | они |   |                     |
|                 | оне |                      |     |   |                     |

### Будущее время

- |           |   |                  |        |   |                  |
|-----------|---|------------------|--------|---|------------------|
| 1) буду   | } | читать, смотреть | будем  | } | читать, смотреть |
| 2) будешь |   |                  | будете |   |                  |
| 3) будет  |   |                  | будут  |   |                  |

### Повелительное

- |                          |                       |
|--------------------------|-----------------------|
| 2) читай, смотри         | читайте               |
| 3) пусть читает, смотрит | пусть читают, смотрят |

Осы қалыпша спрягать етізіз: думать, рассуждать, иметь, владеть, рисовать, отвечать, греть деген реуіштілерді.

### *Видеть, косить, любить*

### Настоящее время

- |                           |                        |
|---------------------------|------------------------|
| 1) вижу, кошу, люблю,     | видим, косим, любим    |
| 2) видишь, косишь, любишь | видите, косите, любите |
| 3) видит, косит, любит    | видят, косят, любят    |

## Прошедшее время

- |   |          |                              |
|---|----------|------------------------------|
| 1) я видел, косил, любил, а, о                        |          |                              |
| 2) ты видел, косил, любил, а, о                       | мы, вы,  | } видели<br>косили<br>любили |
| 3) он, она, оно видел, косил, любил, они, оне<br>а, о | они, оне |                              |

## Будущее время

- |                          |                               |                |                                |
|--------------------------|-------------------------------|----------------|--------------------------------|
| 1) я буду                | } видеть,<br>косить<br>любить | мы будем       | } видеть, ко-<br>сить, любить. |
| 2) ты будешь             |                               | вы будете      |                                |
| 3) он, она, оно<br>будет |                               | они, оне будут |                                |

## Повелительное

- |                                   |                                  |
|-----------------------------------|----------------------------------|
| 2) видь (смотри) коси,<br>люби    | видьте (смотрите) косите, любите |
| 3) пусть видит, ко-<br>сит, любит | пусть видят, косят, любят        |

Осы қалыпша әуелгі видеттің жәнімен вязать, сидеть, резать, щадить дегендерді; екінші косить дегеннің қалыпшына катить, махать, льстить дегендерді; үшінші любить дегеннің өзгеру ретінше ловить, давить, шуметь дегендерді өзгертіңіз.

## *Беречь, влечь*

## Настоящее время

- |                      |                   |
|----------------------|-------------------|
| 1) берегу, влеку     | бережем, влечем   |
| 2) бережешь, влечешь | бережете, влечете |
| 3) бережет, влечет   | берегут, влекут   |

## Прошедшее время

- |                 |                               |          |                     |
|-----------------|-------------------------------|----------|---------------------|
| 1) я            | } влек, ла, о<br>берег, ла, о | мы, вы   | } влекли<br>берегли |
| 2) ты           |                               | они, оне |                     |
| 3) он, она, оно |                               |          |                     |

## Будущее время

- |        |                 |        |                 |
|--------|-----------------|--------|-----------------|
| буду   | } беречь, влечь | будем  | } беречь, влечь |
| будешь |                 | будете |                 |
| будет  |                 | будут  |                 |

## Повелительное

- |                          |                       |
|--------------------------|-----------------------|
| 2) береги, влеки         | берегите, влеките     |
| 3) пусть бережет, влечет | пусть берегут, влекут |

Осы қалыпша стричь, небречь дегендерді өзгертiңiз.

## Смеяться, сердиться

### Настоящее время

- |                        |                     |
|------------------------|---------------------|
| 1) смеюсь, сержусь     | сеемся, сердимся    |
| 2) смеешься, сердисься | сееетесь, сердитесь |
| 3) смеется, сердится   | смеются, сердятся   |

### Прошедшее время

- |                 |  |          |            |
|-----------------|--|----------|------------|
| 1) я            | } смеялся, лась,<br>сердился, лась,<br>смеялось, сердилось | мы, вы   | } смеялись |
| 2) ты           |  | они, оне |            |
| 3) он, а<br>оно |  |          |            |

### Будущее время

- |        |                       |        |                          |
|--------|-----------------------|--------|--------------------------|
| буду   | } смеяться, сердиться | будем  | } смеяться,<br>сердиться |
| будешь |                       | будете |                          |
| будет  |                       | будут  |                          |

## Повелительное

- |                             |                          |
|-----------------------------|--------------------------|
| 2) смейся, сердися, сердись | смейтесь, сердитесь      |
| 3) пусть смеется, сердится  | пусть смеются, сердятся. |

Осы қалыпша бояться, церемониться, чуждаться, рыться, мыться дегендерді спрягать етiңiз.

## Быть

### Прошедшее время

- | Единственное число |             | Множественное число |        |
|--------------------|-------------|---------------------|--------|
| 1) я               | } был, а, о | мы, вы              | } были |
| 2) ты              |             | они, оне            |        |
| 3) он, она, оно    |             |                     |        |

## Будущее время

буду	будем
будешь	будете
будет	будут

## Повелительное

2) будь	будьте
3) пусть будет	пусть будут

## *Идти*

### Настоящее время

1) иду	идем
2) идешь	идете
3) идет	идут

### Прошедшее время

1) я	} шел, а, о	мы, вы	} шли
2) ты		они, оне	
3) он, а, о			

Будущее времяда глаголдың бөтендерінен бір түрлі настоящее времяға ұқсасырақ спрягать етілінеді, иду, пойдешь, пойдет; пойдём, пойдёте, пойдут деп.

## Повелительное

2) иди	идите
3) пусть идет	пусть идут

Осы қалыпша придти, выдти, сойти, пройти дегендерді өзгертіңіз.

---

## ҚАЗАҚШАДАН ОРЫСШАҒА КӨШІРУГЕ ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР

(Образцы для первоначальных переводов с киргизского  
на русский язык)

Бір күні әкем маған айтты:

— Школға барғың келе ме?

Мен жауап бердім:

— Барамын.

Сонансоң, келесі күні әкем ерте тұрды, ал мен ол уақытта ұйықтап жатыр едім.

Ол мені оятты да айтты:

— Жүрелік!

Мен тұрдым, киіндім, бет-қолымды жудым да, әкеме айттым:

— Міне мен даяр!

Біз школға келдік.

Школ жақсы үй екен: терезелері үлкен, есіктері кең. Бір үлкен бөлме ішінде ұзын скамьялар тұр, а алдыңғы жағында молда отыр.

Әкем мені соған алып келді.

Молдамен амандасты да айтты:

— Міне, мынау ұл баламды сізге келтірдім оқытуға.

Молда, маған қарап:

— Бұрын оқып па едің? — деді.

Мен айттым:

— Азырақ оқып едім.

Сонансоң молда орнынан тұрып, мені кішкентай балалардың қасына отырғызды.

Школда кырыққа шейін бала бар екен.

Қолыма әліпби берісті, міне мен оқый бастадым.



Келесі күні молда келді, мені шақырды да берген сабағын сұрады.

Мен жақсы жауап бердім.

Соның — үшін молда мені мақтады да айтты:

— Жақсы үйренгенсін. Мұнан бұлайда осылайша үйрен!

Сонансоң молда жаңа сабақ көрсетті.

Мен тағы жақсы жаттап алдым.

Молда тағы мені мақтады да айтты:

— Үйрен, үйрен, достым, егер жақсы үйрене берсең, соңыра өзін де біреуді үйретерсін.

Мен енді школға жаттықтым. Балалармен танысып, қай уақытта сабағымды жаттадым, а қай уақытта ойнап жүрдім. Біздің арамызда жақсы, ақылды балалар да бар еді, тентектері де бар еді. Ақылды, момын балаларды молдаларымыз жақсы көруші еді; бірақ тентектерге ұрсушы еді және жазаландырушы еді.

Кішкентай балалар арасында бір аурулы арық бала бар еді, оны Оспан деп атаушы еді. Бір күні Исмайл деген тентек соны ұрды да, бәкісін тартып алды. Оспан жылады. Мен мұны көріп, аурулы ептешімді бек аядым да, қасына келдім. Менің қалтамда бәкі бар еді, алдым да Оспанға бердім. Оспан айтты: «Бөтен бәкі керек емес». Сол уақытта бізге молда келді. Оспанның сұрады:

— Неге жылайсың?

Ол айтты:

— Әншейін жыладым.

Молда:

— Әке-шешенді сағындың ба?

Оспан айтты:

— Жоқ.

Молда:

— Саған біреу тиді ме?

Оспан үндемеді.

Сонансоң, шәкірттердің біреуі айтты:

— Оны Исмайл ұрды.

Молда Исмайлға айтты:

— Саған ұят емес пе — осындай аурулы ептешіңе тиюге? Оспан, сен оны ұрсаң да, маған сенің үстіңнен арыз етпеді. Сені ол аяды.

Исмайл артықша ұялды да, Оспанның қасына келіп айтты:

— Мен сені ренжіттім, кеш мені!

Бейсенбі күні кешке школға әкем келді, қарындасым да онымен бірге келді.

Әкем молдадан ұлықсат сұрап, мені үйге алып келді. Мені көріп, ах, әкем қалай қуанды!

Ол айтты:

— Мен молдадан есіттім, сен сабақты жақсы оқысың екен. Соның үшін, егер бұрын сені бір рет жақсы көрсем, енді екі есе жақсы көремін.

Міне саған сый деп, бір әдемі бәкі, бір қаламсап және бір кітап берді.

Есік алдына шықтым, жанжаққа қарадым.

Күн бек жылы еді, айнала жек шөп, оның үстінде мал жатыр.

Қойшы бір қора қойды ауылға айдап келеді.

Қойларды көріп, қозылар маңырай бастады, сонансоң қойларға қарсы жүгірісті.

Мен әкемнен сұрадым:

— Қозылар қайда жүгіріп барады?

Әкем айтты:

— Әжелеріне жүгіріп барады.

Сол уақытта бір қозы сүрінді де жығылды. Қойлардан бір қара қой, мұны көріп жүгіріп келіп, әлігі қозыны орнынан көтерді де, оның аяғын жалай бастады.

Сонда әкем айтты:

— Көремісің, анау қозының әжесі, баласының жығылғанын көріп, оны орнынан көтерді де, қозының аяғын жалап жатыр, немесе біздікінше сүйіп жатыр.

Келесі бейсембіде үйге қайтып, әке-шешеммен бірге базарға бардым.

Кімі мал сатады, кімі киім, кімі шұға, кімі темір нәрселер сатып жатыр.

Базарда алма да, конфет те, шеттеуік те көп екен.

Әкем сұрады:

— Не жегің келеді?

— Алма, шеттеуік — дедім.

Әкем маған алма сатып алып берді.

Бұл алмадан өзім азғана жедім де, көбірек бөлімін үйге алып келдім, кішкентай қарындасыма бердім.

Ол қалай қуанды! Самаурын даяр екен. Әжем шай құйды да, бізге шай ішкізді.

Шайдан соң тайымды ерттеуге бұйырдым.

Ерттеген мезгілде, мен тайға міндім де орамға шықтым.

Бір орамда көрдім: бір төре орыс бір қазаққа орысша айтады:

— Сені уез бастығы шақырады.

Қазақ, айтқанына түсінбей: «менің саған бересім жоқ» — дейді.

Төре, түсінбегенін көріп, тағы бірдеме сөйлейді.

Қазақ: «олда, бересім жоқ, не сөйлейсің, кое бер» — дейді.

Сонансоң, орыс та сөге бастады, қазақ та: «а құдай, мен осы орысқа нағылдым» — дейді.

Сол уақытта, мен кастарына келдім де, қазаққа орыстың айтқанын түсіндірдім.

Екеуі де күлісті де өз жолдарына кетісті.

---

Алдаберген бай мында жеті жүз он бесінші жылда, он бесінші ақырапта туыпты.

Оның үлкен баласының аты Сапарбай үлкен ақмақ кісі екен.

Бір күні Сапарбай далала бір қасқыр көріп, сонына түсіпті. Қасқыр ақырында бір інге жүгіріп кіріпті.

Сапарбайдың қанжығасында кетпені бар еді. Сол кетпенмен інді казуға кіріскен шақта, сол жағынан бір қарсақ өте қашыпты. Қасқырды тастап, Сапарбай қарсақты қуыпты.

Бүтін күн кешке шейін қуып қарсаққа жеткен кезде, бір түлкі інінен шыға қашты.

Сапарбай қарсақты тастап, түлкінің сонына түсе бастады.

Астындағы аты бек мықты, жүйрік ат еді; олайда болса шыдай алмады, бір жерде тоқтады да жығылды.

Сол уақытта мал арасында жүрген Алдаберген келіпті.

Жығылған атты көріп, және жығылған себебін есітіп, Алдаберген айтты:

— Әй ақмақ ұлым, сен әлде ұмыттың ба мақалды:

— «Екі қоян артынан қуған бірінде ұстай алмайды». Саған әуелі қасқырды алуға керек еді. Сен бұл істі бітірмей, екінші біреу артынан қуыпсын. Екіншіге жетпей жүріп, үшіншінің сонына түсе бастапсын, ақырында, міне, ешқайсысын ұстай алмапсын.

---

Менің екі тайым бар. Бірі торы, екіншісі қара. Бірақ торысынан қарасы жүйрігірек.

Оспанның ең жүйрік атынан көрі менің тайларым әрі сұлу, әрі<sup>1</sup> жүйрік.

Тайларым есіме түскенде, мен ойлаймын: мұнда жақсы болса да, үйде де жаман емес; молда жақсы кісі де болса, әкем онан да жақсырақ. Ең жақсырағы менің бабам.

Бұл бабам менен сұрады:

— Өрік жақсы ма, мейіз жақсы ма?

Мен айттым:

— Өрік тәтті болса да, мейіз де жаман емес.

Бір күні тағы сұрады:

— Түйе ме, ат па? қайсысы жүйрігірек?

Мен айттым:

— Ат.

Қайсысы керегірек, нан ба, конфет пе?

Жауап бердім:

— Конфет қанша тәтті болса, нан сонша тоқ.

Тағы сұрады:

— Қой пайдалырақ па, сыйыр пайдалырақ па?

Мен айттым:

— Сыйыр қанша керек болса, қой да сонша керек.

Сұрасты:

— Қолдарында неше бармағың бар, аяқтарыңда нешеу?

Мен айттым:

— Қолымда нешеу болса, аяғымда сонша.

---

Екі қазақ бір ноғайға қонаққа келіпті.

Ноғай оларды түске асқа қалдырып, салмамен сыйлай бастапты.

Қазақтың біреуі салманы қасықпен аузына салғанда, аузы күйіп, көзінен жас шығыпты.

Бірақ, аузы күйгені турасында айтуға ұялып және көзін қолымен сүртіп, айтыпты: «ах, біздің үйдің малжаны аман болса еді».

Екінші қазақтың да, қасықпен салманы жұтып қалғанда, аузы күйіпті.

Бұл айтты: «ой, үйінді жау шапса да, ыссы десең болмай ма».

Б і т т і.  
К о н е ц

---

<sup>1</sup> Әрі в смысле союза и. Жеребенок мой и быстрее и красивее.

## IV ТАРАУ

# ХАЛЫҚ АҒАРТУ МӘСЕЛелЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ





## ҚАЗАҚТЫҢ БОЛЫСТЫҚ МЕКТЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ЗАПИСКА

1876 жылы, бұрынғы халық ағарту министрі граф Толстой Орынбор оқу округінің оқу орындарын тексеру үшін Орынбор қаласына келген кезде... Орынбор өлкесінің қазақтарын оқыту мәселесі де талқыланған еді. Онда еңалдымен талқыға салынған мәселе — қазақ арасына орысша хат таныту жолдары және бұл үшін қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы генерал-адъютант Крыжановский, Орынбор оқу округінің попечителі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатнасты; бұлардың бәрі де орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға әбден болады деген қортындыға келген еді; бірақ ол кезде қырғыз даласында ашылмақ болған орыс-қазақ болыстық мектептерінің оқу жұмысын жүргізетін, — қазақ тілін білетін, — оқытушылар жоқ, оларсыз, мектепке келгенде бір ауыз орысша білмейтін қазақ балаларына орыс тілін үйрету жалпы мүмкін емес, делінген еді. Сондықтан Торғай, Орал облыстарына жақын қалалардың бірінде қазақтар үшін оқытушылар мектебі ашылсын деп қаулы алынған болатын. Осыдан кейін 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің ерекше инспекторы деген қызмет тағайындалған еді. Бұл қызметке сол облыс қазақтарының бірі — Алтынсарин шақырылып алынды. 1881 жылы

Орскі қаласында (Орынбор губерниясы) қазақтың оқытушылар мектебі ашылды.

Осы айтылып отырған Алтынсарин мектеп инспекторы қызметіне кірісуімен-ақ Орынбор оқу округінің попечителі мырзаға өзінің осы жөндегі мынадай пікірлерін білдірген болатын: 1) Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы мырзаның, сол кезде мектеп ашу үшін қазақтарға тіпті түтін салығын да тағайындап, болыстық мектептер ашу мәселесін көтеруі әзір тым ертерек; өйткені ол мектептерде оқу жұмысын жүргізу үшін орыс, қазақ тілдерін білетін оқытушылар жоқ, ал оқытушылық қызметіне Орынбор атты-қазақ әскерінен қазақ тілін білетіндерді немесе солар сыяқты басқа сауатты адамдарды шақырғанмен, олар, Алтынсаринның пікірінше, ойдағыдай нәтиже бермейді, өйткені олардың бұл жұмысты атқаруға арнаулы әзірлігі жоқ; 2) сондықтан болыстық мектептерді ашу жұмысын қазақтар үшін оқытушылар мектебі ашылғанға дейін кейінге қалдыра тұру пайдалырақ болар еді және де, екінші жағынан, ол кезде округтік оқу басқармасы тарапынан осы мектептер жайында ұсыныс та жасалған болатын. Болыстық мектептердің орнына Алтынсарин, әуелі, қазақ арасындағы қалалар мен бекіністерде уезд басына бір-бірден орталық мектептер ашылып, оның әрқайсысында 50 қазақ баласы жатып оқыйтын интернат болсын және ол мектептерге сол жерлерге келіп қоныстанған орыстардың балалары да үйлерінен қатнап оқыйтын болсын, ал бұл мектептердің оқытушылық қызметіне, қазақ тілін білмегенмен де, қазақ тіліне ұқсас татар тілін білетін, Қазан оқытушылар семинариясын бітірген шоқынған татарлар шақырылсын, деген еді; және 3) бұл орталық мектептер сыртқы түрі жағынан да, ішкі оқу жұмысы жағынан да, барлық жағынан бірдей үлгілі түрде қойылғаны жөн болар еді, егер осылай етіліп жөнге қойылса, онда империяның отырықшы аудандарының бәрінен шалғай жатқан қазақ даласынан ашылмақшы болып отырған қазақ бастауыш мектептері олардан ең жақсы оқу әдістері жөнінен де, мектеп тәртібі және шаруашылық жөнінен де жақсы үлгі алған болар еді; сондықтан Алтынсарин мынадай ұсыныс жасады: сол кезде болыстық мектептерге жыйналған және жыйналып жатқан ақша жоғарыда айтылған орталық мектептер үшін берік, мүмкін болса, тас үйлер салуға жұмсалсын және тазалық сақтауға, ұқыптылық, тәртіп орнатуға жағдай туғыза-



тындай етіп ол мектептерді жақсы жабдықтауға жұмсалсын, егер осылай істелсе, бұл айтылғандарды барлық оқу орындарында іске асырудың жалпы пайдалы екенін былай қойғанда, қазақ сыяқты оқу жұмысын жаңадан ғана бастап отырған халықтың балаларына отырықшылық тұрмыс дәстүрлерін үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа, әдепке және тәртіпке үйрету жөнінде мұның зор маңызы болған болар еді.

Бұл пікірді ұлы мәртебелі округ попечителі Лавровский мырза мен бұратаналар мектебінің округтік инспекторы Катаринский де, сол кезде соғыс губернаторы болған генерал-майор Константинович те мақұлдап, Алтынсаринге жоғарыдағы өзінің ұсынысы бойынша істей беруге ерік берген еді. Осы рұқсат бойынша, соңғы бес жыл ішінде, оқу басқармасының ыждағаты және бұрынғы облыс начальниктерінің көмегі бойынша, уездік қалалардың бәрінде де бір-бір екі кластық мектеп ашылып, оларға, 20 мың сомнан 40 мың сомға дейін тұратын, тас үйлер салынды; тек Ырғыз уезінде ғана мектепке арналып 4 мың сомға әзір үй сатылып алынды. Қауым қаржысынан немесе қазақтардың жеке берген қаражатымен, Алтынсаринның ізденіп алған немесе өзі елден жыйнаған ақшасымен бұл мектептер тым жақсы жабдықталды және әртүрлі оқу құралдары алынды. Бұл мектептердегі оқытушылардың көпшілігі Қазан оқытушылар семинариясын бітіргендер, олар өз жұмыстарын, тексерушілердің айтуына қарағанда, барынша адал, ойдағыдай жүргізіп жатыр. Ал оның үстіне, округтік оқу басқармасының сұрануымен Орскі қаласында, жоғарыда ескертіліп өткен, қазақ оқытушылар мектебі де ашылды. Бұған соңғы үш жыл ішінде жоғарыда айтылған орталық мектептерден 30 дан аса оқушылар келіп кірді. Быйылғы жылы бұдан бірінші рет қазақ оқытушылары оқуларын бітіріп шықты, олардың 10 ы Торғай облысының қазақтары да, 2 үі Орал облысының қазақтары.

Сонымен, қазақ облыстарында ашылуға жобаланған мектептерден ашылмай қалғаны тек болыстық мектептер ғана болып отыр. Осы жағдайды еске ала келіп, Алтынсарин мырза, өткен 1883 жылы жоғарыдағы, өзінің айтқан, бастықтар мақұлдаған пікіріне сүйене отырып, онымен қабат, біріншіден, үш жүз мың халқы бар Торғай облысына, сол кезде 120 ғана оқушысы бар, төрт екі класты мектептің өте жеткіліксіз болатындығына, екіншіден, үкімет жыл сайын 30 мың сомдай қаражат жұмсап,

қазақтардан оқытушылар даярлап отырған да, жас оқытушыларды әдейі арналған жұмысына пайдаланбай қалдыру өте орынсыз болатынына сүйене отырып, Торғай облысының соғыс губернаторы мырзаға болыстық мектептер салуға қаржы әзірлеу керектігі жайында баяндама хат жазып жіберген еді. Осы баяндамада қажетті қаржылардың табылу жолы да, қазақ арасына қолайлы келетін мектептердің түрі де көрсетілді: ол мектептер, еңалдымен, қазақтың тұрмыс жағдайларына сай келуі үшін, олар қыстаған кезде қыстап, көшкен кезде бірге көшіп жүретін болсын делінді. Бұл ұсынысты облыс губернаторының орнында отырған действительный статский советник Ильин мақұл көріп, сол кезде-ақ жүзеге асыру жөнінде батыл бұйрық берді. Ал Алтынсарин осыдан кейін облысты аралап, облыстың осы қалай деген беделді қазақтарын, қазақтың жалпы халық ағарту жұмысына үй басына халықтың бай жағынан 1 сомнан, кедей жағынан 30—40 тыйыннан алым жыйнауға көндірді. Бұл талап ойдағыдай орындалды. Торғай облысының болыстық қауымдарының бәрі де ұсынылған алымды жыйнауға приговор тапсырды, оны сол кезде-ақ губернатор өз пұрсатымен бекітті. Сонымен, болыста мектеп салу жұмыстарының барлық мұқтаждарына, атап айтқанда, болыстарда мектеп үйлерін алғаш салу жұмыстарына, мектептің жаз кешіп жүрулеріне керекті киіз үйлер алуға, оқу, шаруашылық құралдарын алуға, одан кейін бұл мектептерге үнемі қаржы беріп тұруға небәрі, жалпы алғанда, жылына 35—40 мың сомдай түтін алымы жыйналатын болып белгіленді.

Енді барлық болыстарда бірдей болмаса да, әзірге, ең болмағанда, 3—4 болысқа бір мектеп салу жұмысына кірісу ісі ғана қалды. Бірақ быйылғы жылы, не себептен екені белгісіз,— мүмкін қандай да болса бір әкімшілік жұмыс жөніндегі пікірден туған болу керек,— Торғай облысының соғыс губернаторы генерал-майор Проценко мырза уезд начальниктеріне: 1-шіден, жоғарыда көрсетілген алым мөлшерін едәуір азайту керек депті; бұл шара, осы айтылып отырған жұмыстар, яғни мектеп үйлерін салу сыяқты жұмыстар, көп қаражат тілейтін болғандықтан, қазақтарды оқыту жөнінде жоғарыда баяндалған жоспарымыздың бәрін бұзумен тең болып отыр; 2-шіден, қазір қолдағы бар және өткен жылдардағы алымдардағы жыйналған акшаны барлық болыстардан жыйнап алып, Ырғыз уезіндегі бір ғана

орталық мектеп үйін салу жұмысына жұмсалсын депті; Ырғызда, жоғарыда айтқанымыздай, 4 мың сомға сатылып алынған үй, шынында да, жарамсыз болып шыққан еді. Ырғыз мектебіне үй салу қажет бола тұрғанымен де, қазіргі кезде бұған асығу, сірә, қажет бола қоярма екен; өйткені оған керекті жарамды үй қазірдің өзінде-ақ жалданылып алынды және екі-үш жылдан кейін оған Ырғыз уезінің өзінен осы 2—3 жылдың ішінде ақшалай жыйналатын алымдардан түскен қаржымен де дербес мектеп салуға болады; ал оның бер жағында, Ырғыз уезіндегі мектеп қорында қазір 10 мыңдай сом ақша бар сыяқты. Қалай болған күнде де, басқа уездердің, атап айтқанда, Торғай, Николаевскі және Елек уездерінің қаржысын, олардың өз жандарынан беріп отырған қаржысын олардан басқа, олармен ешбір материалдық байланысы жоқ уездегі мектепті салу жұмысына алып қою және жалғыз Ырғыз мектебіне бола бірнеше болыстық мектептер ашу жұмысын тоқтату ыңғайсыз сыяқты. Өйткені, казак болыстарының мектепке деп түтін алымын белгілеу туралы қаулы шығарғанда көздегені тап осы болыстық мектептерді салу және салғанда басқа уездің балалары үшін емес, тек өз балалары үшін салу болған еді.

Сонымен, ашамыз деп әзірленген болыстық мектептер енді ашылмай қалып отыр және облыс губернаторының жоғарыда айтылған бұйрығына қарағанда, олардың келешекте ашылуы да екіталай. Өйткені, орталық мектептерді ұстау, олардың үйін ондау жөніндегі шығындардың бір бөлегі, Красноуфимскі реальное училищесіндегі 4 стипендиаттың стипендиясы және басқа да шығындар казактардың осы болыстық мектептерге арнап белгілеген алымынан жұмсалмақ. Сондықтан, осы шығындарға керек ақша шығарылғаннан кейін және жана бұйрық бойынша алым мөлшерінің кемітілуінен кейін, қалатын қаражаттың осы болыстық мектептерді ашуға және ұстауға жетуі де екіталай болып отыр<sup>1</sup>. Оның бер жағында, жоғарыда айтқанымыздай, быйылғы жылы 12 казак оқытушылары оқуын бітіріп, болыстық мектеп-

---

<sup>1</sup> Ырғызда мектеп үйін салудан ақша артылып қалатын болса, онда облыстық бастықтар екі ғана болыстық мектеп салуға, оның бірін Елек уезінде, екіншісін Николаевский уезінде салуға рұқсат етіп отыр. Ал Торғай облысында 40 шамалы болыс бар; сондықтан, егер 4 болысқа бір ғана мектептен ашқанның өзінде де енді 10 мектеп ашуымыз керек болады. (И. А.)

тердің салынбағандығынан қызметсіз қалуға тиіс болып отыр, бұдан былай қазақ оқытушылары жыл сайын оқуларын бітіріп шығып отырады, ал олар әзірленген істеріне пайдаланылмағандықтан, бір-екі жылдан кейін өздерінің өткен арнаулы пәндерін ұмытып та кетеді; сонымен оқытушылар мектебінің өзі үкіметтің де, облыс халқының да одан күткен ұлы пайдасын бере алмайтын болады. Реті келгенде ескерте кетейік, бұл ретте оқу жұмысының бастықтары тұңғыш қазақ оқытушыларының жұмыссыз қалып жүрмеуі үшін шаралар қолданды. Олардың төртеуіне Орал облысынан оқытушылық орын тауып берілді, төртеуі Красноуфимскидегі реальное училищеге жіберіліп, онда қазақ тұрмысына ыңғайлырақ келетін, былғары өндірісі сыяқты бірқатар техникалық білім үйреніп жатыр, ал қалған төртеуін Торғай облысы мектептерінің инспекторы, олар өздерінің мамандығын ұмытпауы және оны тәжірибе жүзінде үйрене беруі үшін, мұғалім көмекшісі етіп, орталық мектептерге жібермек болып отыр. Алайда, оларды осылайша орналастыру тек осы жолы ғана мүмкін болып отыр; бірақ осы жылы да оқу бітіріп келген оқытушылардың бәрі тынақты түрде тағайындалды деуге болмайды. Олардың қазір оқытушының көмекшісі етіліп алынып отырған төртеуінің жұмысы уақытша жұмыс деп танылуға тиіс. Екі жылдан кейін қазір реальное училищеге жіберіліп отырған төртеуі де оқуын бітіріп келеді. Келесі жылдары тағы да оқытушылар келе бастайды. Егер жобаланған болыстық мектептеріміз келешекте де болмайтын болса, сонда бұл оқытушыларды қайда жібермекпіз? Қазіргі орталық мектептерді салудан, оларды ұстаудан қалатын қаржыны салынса салына қоятын екі-үш мектеп үш жүз мың халықтың талабын қанағаттандыра алар ма?..

Жоғарыда баяндағанымға тағы да қосуды қажет деп табатыным — халқы бірыңғай қазақ дерлік, Торғай облысының халқы үш жүз мыңға жуық деп есептеледі; осынша халықтың арасында қазір 5-ақ мектеп бар, оның төртеуі екі класты мектептер де, біреуі — тек 10 баланы ғана оқыта алатын қолөнер мектебі, осы айтылған мектептердің оқушыларының жалпы саны 200 ден аспайды. Ал оның бержағында, отырықшы халықтармен сыбайлас болып отырған қазақ халқының арасында өзінің көрші халықтарының тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді; өйткені, 1-шіден, олардың қазіргі экономикалық және саяси жағдайының өзі аяқ-

тарын аттап басқан сайын дерлік, мысалы орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет деп отыр; екіншіден, бұл халық өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз зирек халық. Қазақтың осы ынтасын татар, өзбек, башқұрт сыяқты көрші ұлттар пайдалана бастап, қазірдің өзінде едәуір пайдаланып отыр. Ал егер осы бұзылмаған, іскер, дарынды халық, орыс арасында үш жүз жыл тұрса да, фанатизм бойына сіңгендіктен, азғана бөлегі болмаса, әлі күнге надандықтан шыға алмай отырған татарлардың ықпалына біржолата түсіп кетсе, онда бұл өте өкінішті болған болар еді. Осы жағынан да, онымен қатар, өз қоластындағы халықтарын ой-пікір жағынан және экономика жағынан дамыту жөніндегі үкіметтің жалпы мүдделері жағынан қарағанда да қазақ даласына орыс-қазақ мектептерін тез тарату қажет-ақ болар еді. Бұл мектептер татарша оқуды толық ығыстырып шығармаса да, онымен тең түсетін бір күш болар еді, халықтың ілгері дамуына зыянын тигізіп отырған соқыр сезімдердің бетін қайтаратын дұрыс көзқарас таратушы орын болар еді. Бұл, қазақтың әзірге жойылмай келген, ешқандай дін ықпалына түспей тәжрибелік негіздерге сүйенген дәстүрлерімен бірге, халықтың адамгершілік жағынан азуына жол бермеген болар еді. Қазақ арасында орыс-қазақ мектептерін салуды тілейтін тағы бір себебіміз — бұған керекті қаржыны қазақ қауымдарының өздері беріп отыр, бұл қаржы ешкімге ешқандай ауыртпалық келтіріп отырған жоқ; бастықтардан сұралатыны осы қаржы туралы приговорды бекіту, мектеп ашу және сол мектептердің жұмысын басқару.

Қортындымда, кейбір мырзалардың: қазақтар үшін қазіргі уақытта техникалық, ауыл шаруашылық және әйелдер мектептерін ашу пайдалырақ деген пікірі туралы бірнеше сөздер айтқым келеді. Бұл мектептердің бәрін ашу, бір жағынан, олардың қазақ халқының күші жетпейтін қымбаттығынан, екінші жағынан, оқудың пайдалылығын, мысалы әйелдер оқуының пайдалылығын, жұрттың әлі түсініп болмағандығынан, оларды қазіргі кезде ашу мүмкін еместігін бұл арада айтып жатпай-ақ, тек мынаны ғана айтып өтейін: біріншіден, қазақ халқы тек жаңа ғана оқый бастаған халық, сондықтан оның оқуы ең әуелі әліппеден басталуға тиіс, ал оның осы әліппесі бастауыш орыс-қазақ мектептері болу керек; екіншіден, қазақтың келешегін дұрыс жолға қою үшін, ал онымен қатар, империяның жеке бөлімдерін бір-бірі-

мен жақындастыру туралы үкіметтің өзінің міндетін орындау үшін, біздің ойымызша, еңалдымен, қазақ даласына жалпы, отандық орыс тілін, орыс жазуын енгізудің қамын істеу керек; бұларды басқаның бәрінен қазақтың өз ортасынан орнатылған халық орыс-қазақ мектептері ғана дұрыс тарата алады; өйткені, халықтың өз ортасынан орнатылған және оңай, қарапайым, жалпыға бірдей түсінікті негізде орнатылған мектептер ғана халықпен біте қайнаса байланысты болатыны, жалпы алғанда, талассыз болар деп ойлаймыз. Мұндай халық мектептерінің тағы бір артықшылығы — оларда оқыған адамдар өзінің туған жерінде қалады, сөйтіп, алған білімі қаншалық аз болғанымен де, айналасындағы халықтың экономикалық тұрмысына және олардың ой-пікіріне қалай да пайдалы ықпалын тигізіп отырады; және сенімсіз дүмше молдалардың өлшеусіз қанауларынан халықты барған сайын қорғап отырады, сөйтіп қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен жазуына мәдениет пен білімнің тілі деп қарайтын болады, оларға құмары артады және аздықөпті орыс рухында өседі; ал үшіншіден, бұдан былай жоғары білім алуына қазақтарға жол ашық; өйткені оларға барлық жоғары және орта дәрежелі оқу орындарына түсуге жалпы право берілгенінің үстіне, қазір Орынбор, Троицкі гимназияларында және тіпті Қазан университетінде қазақтар үшін ерекше стипендиялар да бар; егер бұлар жеткіліксіз болатын болса, қазақтар үшін тағы да стипендия тағайындауға болады. Бірақ олар үшін, қымбатқа түсетін және халыққа түсініксіз, дербес жоғары дәрежелі оқу орындарын ашудың бүгінгі таңда қажеті бола қояр ма екен.





---

## 1881 ЖЫЛЫ, 6 ОКТЯБРЬДЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫНА БЕРГЕН РАПОРТЫ

Николаевски уезінде Троицкі қаласында уақытша тек қазақ мектебі ғана бары, ал бұл уезде жобаланған екі класты орыс-қазақ мектебін салу жұмысына әлі кірісілмегені, ұлы мәртебелі тақсыр, өзіңізге мәлім. Ал облыстық басқармадағы мәліметке қарағанда, 1881 жылға дейінгі мектеп қорының сомасы 7418 сом 96 тыйын екен, ал осы жылғы алым мен келесі, 1882 жылғы алымды қосқанда ол 10—12 мың сомға дейін көбеймек.

Сондықтан:

1) Басқа уездердің барлығында да жобаланған екі класты мектептер салынып болғанын не салынып жатқанын, ал Николаевски уезінде мектеп үйін салуға керекті материал жағы орманның жақындығынан, және керекті заттың бәрін де табуға болатын Троицкі қаласының жақындығынан басқа уездерден анағұрлым жақсы жағдайда екенін еске алып;

2) Троицкідегі уақытша мектеп қазір Троицкіге жақын болыстарды ғана қамтыйтынын, ал онда қазақ балаларына орыс тілін сөйлесіп үйренетін орыс балалары жоқ екенін еске алып;

3) Мектеп Троицкіде уақытша тұрғандықтан, оның шаруашылық жағын көріне жақсартуға мүмкіндік бермей отырғанын еске алып және;

4) Ново-Николаевски қаласының жанында, болыстық мектеп үшін дайындалған, енді екі класты мектеп салу



жұмысына жұмсауға болатын 50 мың дайын кірпіш бар екенін; оның үстіне Арақарағай болысының қазағы Әлім Қалықбаев жаңа мектеп үйі салынатын жерге өз күшімен 500 бөренені тегін жеткізіп беретін болғанын, ал жергілікті қауым мектепке керекті қалған ағашты да жеткізіп беруге ризалығын білдіріп отырғанын еске алып, — мен Николаевскі уезінде екі класты мектеп үйін салу жұмысына келесі, 1882 жылдың көктемінен кірісе беруге мүмкін болар, ал оған керекті материал дайындау жұмыстарына, мысалы, ағаш жеткізу, кірпіш сатып алу, жұмысшылар, шеберлер жалдау сыяқты жұмыстарға осы қыстан бастап кірісе беруге болар деп білемін; ал онсон, 10—12 мың сом ақша, материалдың басқа жерлерден арзандығына, ағаш, кірпіш тасып әкелу тегінге жуық түсетіндігіне қарағанда, ең кемі, мектеп үйінің негізгі жұмыстарына жетер, ал ішкі бөлек-салақ жұмыстар, қажет болса, 1883 жылдың көктеміне дейін немесе осы жылғы жаңа алымды жыйнағанға дейін қалдырыла тұрар деп білемін.

Осыларды баяндай келіп, сіздің ұлы мәртебеңізге, Николаевскі уезінде екі класты орталық орыс-қазақ мектебін тез салып бітіру үшін Николаевскі қаласында мектеп үйін салуға керекті материалды осы қыста дайындау және оны салу жұмысына келесі жылғы көктемнен бастап кірісу жайында бұйрық беруіңізді мүмкін және қажетті деп таппас па екенсіз деген өтініш етемін. Ал онсон, бұл мектепті, уезд начальнигі мен менің бақылауым арқылы, Халық ағарту министрлігінің екі класты мектептер жөніндегі ережесінің 14-бабына сүйене отырып, шаруашылық әдіспен салу пайдалырақ болар еді деген пікірімді білдіремін.

Осылар жайындағы бұйырығыңызды күтемін.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*  
*Орынбор қаласы.*



---

## ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫНА РАПОРТ

Сіздің ұлы мәртебеңізге мағлұм болсын, уақытша Ақтөбе мектебін мен осы айдың 23 күні аштым. Мектептің ашылуына қазақтар көп жыйылды. Мектепті ашарда әуелі молда дұға оқыды, одан кейін мен қазақтар арасына орыс білімін таратудың тұрмыстағы және рухани пайдасын түсіндіріп, сөз сөйледім, ақырында мәжілісті шамалы қонақасымен аяқтадық. Мектеп ашқанымыз жыйналған жұртқа өте жақсы әсер еткен сыяқты көрінді. Мектепке баласын бергісі келетіндер өте көп болып шықты, өйткені, белгіленген комплектінің, яғни уезд бастығы болыс басына үш баладан бөліп, қазна есебіне алынбақ 25 шәкірттің санын үш, төрт (және тіпті одан да көп) есе көбейтуге болатын болып шықты. Сондықтан мен жыйналған қазақтарға: белгіленген комплектіден тыс тағы да 10 шәкірт алуға болады, бірақ олар өз есебінен оқыйтын болсын дедім, бұған сол мектепте болған жыйналыста 8 адам ризалығын білдірді. Сонымен, осы айдың 23 күні Бөрте болысының ауылдарынан қазна есебіне 6 бала, өз есебінен оқыйтын 8 бала алынып, мектеп сабағы басталып та кетті. Қалған шәкірттер ауылдарының алыстығынан мектепке әлі келе алмай жатыр; келгендерін мектеп менгерушісі ала береді.

Бұған қоса айтарым, мен, арнаулы тапсырма чиновнигі Кейкин мырзаның көмегімен, мектептің шаруашылық жұмыстарын жайғастырып, оқытушыларға қазақ ба-

лаларына орыс тілін оқытудың әдістері және мектептің есеп жұмыстарын жүргізу тәртібі жайында, мектеп пен мұғалімдердің айналадағы халықпен және мұсылман медресесімен қатнасы қандай болуы керектігі жайында нұсқау беріп болғаннан кейін, осы айдың 26-нда Ақтөбе мектебінен жүріп кетемін.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*1881 жыл, 24 октябрь.*

*Бөрте болысындағы мешіт.*



---

## ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫНА РАПОРТ

Өткен октябрь айының 24 күні жіберген № 88-ші рапортыммен Сіздің ұлы мәртебеңізге Елек уезінде уақытша Ақтөбе мектебінің ашылғанын, мектеп ашылған күні оған Бөрте болысынан қазна есебінен және өз есебінен кірген қазақ балаларының санын хабарлаған едім. Сонымен қатар, бұл туралы Електің уезд начальнигіне де хабарлап, онан алыстағы болыстардың балалары мектепке алдымыздағы 1882 жылдың 1 январына дейін жеткізілуін болыстардан талап етуді өтінген едім, сонымен қатар, егер бұлай болмаған күнде мектеп алатын балаларының бәрін тек жақындағы болыстардан ғана алуға мәжбүр болады деп ескерткен едім. Қазірде уақытша Ақтөбе мектебінің меңгерушісі маған, мен кеткен күннен бастап 9 декабрьге дейін мектепке тек Қараторғай болысынан 2 бала ғана жеткізілді деп хабарлап отыр. Сонымен, қазна есебіне алынған оқушылардың саны енді 8, ал бұған өз есебінен Бөрте болысынан келген оқушыларды қосқанда, небәрі 16 бала болып отыр.

Ақтөбе мектебінің ашылғандығы және бұл мектепте оқыйтын балаларды жеткізу қажеттігі туралы болыстарға күн-ілгері хабар берілді, ал мектеп ашылысымен, бала жеткізуге 22 октябрьден 1882 жылдың 1 январына дейін, яғни 2,5 ай шамасындай мерзім берілді; сондықтан ендігі жерде алыстағы болыстардан оқушылар келуін күте беру қолайсыз. Неге десеңіз, біріншіден, болыстарға жа-

рияланғаннан кейін үш айдан астам уақыт ішінде оқушыларды жеткізбегенінің өзі бұл болыстардың уақытша Ақтөбе мектебіне балаларын бергісі келмейтіндігін дәлелдейді; екіншіден, мектеп ашылған кезде кірген оқушылар үш ай ішінде едәуір оқып, ілгері кеткендіктен, жаңадан кіретіндерге қалай дегенмен, класта дербес бөлімше ашу керек болады, өйткені бұларға бұрынғылармен бірдей сабақ беруге болмайды; ал егер оқушылар алуды 1 январьдан да әрі соза беретін болсақ және оларды әр мезгілде алатын болсақ, онда мектепте жаңадан бірнеше бөлімдер ашу керек болады; мектепте тек жалғыз оқытушы болып отырғандықтан, бұлай ету мүлде мүмкін емес.

Сондықтан, Сіздің ұлы мәртебеңізден: Ақтөбе мектебіне жақындағы болыстардан алдымыздағы 1882 жылдың 1 январынан бастап бала алуға рұқсат етуіңізді өтінемін. Ал егер менің бұл ұсынысым мақұлданатын болса, ол туралы маған және, уақыт ұту үшін, мектеп меңгерушісіне хабар етуіңізді өтінемін.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*19 декабрь, 1881 жыл.*

*Торғай қаласы.*



---

## 1882 ЖЫЛЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

### *Облыстағы оқу жұмысының жалпы жайы*

Торғай облысының төрт уезінде, атап айтқанда, Торғай, Ырғыз, Елек және Николаевскі уездерінің әрқайсысында бір-бірден мектеп бар. Торғай уезінің мектебі — Торғай қаласында, Ырғыз уезінің мектебі — Ырғыз қаласында, Николаевскі уезінің мектебі — Троицкі қаласында және Елек уезінің мектебі қырдағы Бөрте болысында; бұл мектеп уақытша Ақтөбе мектебі деп аталады, өйткені ол Ақтөбе бекінісіне көшірілмек, онда мектеп үйі салынып жатыр. Бұл мектептердің алдыңғы екеуі екі класты мектептер; олар орыс-қазақ мектептері деп аталады, өйткені оларда қазақ балалары да және көшіп келіп қоныстанған орыс балалары да оқыйды; үшіншісі — Троицкідегі екі класты мектеп, ал төртіншісі — Ақтөбе немесе Бөрте мектебі, — бір класты мектеп. Соңғы екі мектепте өңкей қазақ балалары ғана оқыйды. Осы есепті жылдың аяғында ғана Ақтөбе мектебіне Гирьял станциясынан өзбетімен қатнап оқыйтын үш қазақ-орыс балалары алынды; алған себебіміз, бір жағынан, олардың ата-аналарының соңымыздан қалмай сұрауы болды да, ал екінші жағынан, бұл балалар қазақ балаларының орыс тілін сөйлесіп үйренуі үшін керек болды. Ілкі кезде әрбір мектепте оқушылардың толық саны 50 баладан болсын делінгенмен, қазір әрбір мектепте тек 25 қазақ

баласына ғана арнаулы қаражат беріліп отыр. Оқушылардың мұндай толық алынбау себебі қазіргі кезде қоғамдық қаражаттың жеткіліксіздігінен болып отыр; бұл қаражат әзірге түгелімен мектеп үйін салуға жұмсалып жатыр; мұны төменде түсіндіреміз. Бірақ қазақ балаларының шын саны әрбір мектепте 25 баладан емес: Торғай мектебінде — 29, Троицкі мектебінде — 33, Ақтөбе мектебінде — 36, тек Ырғыз мектебінде ғана 24; олардың ішіндегі комплектіден тыс оқушылардың бірқатары 25 оқушыға беріліп отырған қаражаттың есебінен оқып жатыр да бірқатары оқушылардың өздерінің, яғни олардың ата-аналарының қаржысымен оқып жатыр. Өз жағынан оқып жатқан қазақ оқушыларының саны Ақтөбе мектебінде — 11, Троицкі мектебінде — 3 және Торғай мектебінде — 2. Сонымен, Торғай облысындағы қазақ оқушыларының жалпы саны — 122. Үйлерінен қатнап оқыйтын қазақ оқушылары Ырғыз мектебінде — 26, Торғай мектебінде — 13 және Ақтөбе мектебінде — 3, барлығы — 42.

Басқа мектептерден Елек уезінде жеті медресе бар, бұларда тек Мұхамбет діні ғана оқытылады, орысша оқытатын кластары жоқ, ондай кластарды ашуды қазіргі кезде қолайсыз деп жүрміз, өйткені, онда қазақтар арасында орынсыз әңгіме туып кетуі мүмкін және медресе немесе қазақтың діни оқу орындарында сабақ беретін қазақ оқытушылары да жоқ, ал мұндай оқу орындарында тек қана қазақ оқытушыларына жол берілуі мүмкін. Мұның үстіне, Торғайда бастауыш қолөнері мектебі ашылмақ, бұл мектепте, қазақ балаларына, көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа ауысу кезеңінде тұрған жергілікті халықтың мұқтажына сәйкес ағаш ұсталық өнері оқытылмақ және, мектепке қазақ қыздарын тарта алсақ, қол ісі де оқытылмақ. Бұл қыздар, осы мектептің жобасын жасаушылардың ойынша, ілкі кезде үйлерінен қатнап оқыйды, оларға қарапайым халықтың тұрмысына керекті, мысалы, киім тігу, киім пішу сыяқты, шәлі тоқу, түбіт шарқат тоқу, жіп шалу сыяқты және, қазақтардың қолында көп болатын жүн, қыл сыяқты материалдардан өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілемдер тоқу сыяқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретіледі. Онсоң бұл мектеп өзінің қолөнерлік оқу орны ретіндегі тікелей міндетінің үстіне, қол істерін үйреніп жүрген қыздарды орысша оқуға да қызықтырып тартатын орын болуға тиіс; осы жолмен қазақ қыздарына да бастауыш



білім беруге негіз саламыз ба деген үмітіміз бар. Бірақ бұл жұмыстың ойдағыдай болуы күманды сыяқты, өйткені, менің сұрастырып көруіме қарағанда, қыздарын қолөнер мектебіне жібергісі келетін бірде-бір адам табылмай отыр. Попечительдік совет пен Орынбор оқу округінің попечителі мырза бұл қолөнер мектебін ашуға рұқсат етседағы, мен әлі оны ашуға кіріскен жоқпын; себебі, бұл мектептің «Яковлев мектебі» деп аталуына рұқсат күтіп отырмын, өйткені, жергілікті қауым өздерінің осы мектепке қаржы берген қаулыларында мектептің осылай деп аталуын сұранған еді. Қазақ даласында, шағын ғана негізде, бірінші рет ашылайын деп отырған қолөнері мектебінің жұмысы ойдағыдай басталып кетуіне және оның жақсара беруіне әлгі айтылған өтініштің қабыл алынуы көп көмек болған болар еді; ал бұған қарамастан, бұл жаңа мектепке үй табу жұмысына қолөнерлік аспаптар және басқа заттар алу жұмысына қазірден бастап кірісіледі.

Осы жоғарыда айтқанымыздан халық ағарту жұмысының Торғай облысында тек жаңа ғана басталып келе жатқандығы көрінеді; бірақ бұл қазіргі кезде халықтың орыс мектептеріне ынтасының аздығынан емес және халық ағарту жұмысына облыс әкімдерінің салақ қарап отырғандығынан да емес, мұның себебі бұл іске тек соңғы кездерде ғана (атап айтқанда: оқу округінің құпия кеңесшісі Лавровский бұратаналар мектебін Катаринский мырза басқарып отырған мерзімінің соңғы жылдарында ғана, Торғай облысының губернаторы қызметін генерал-майор Константинович атқарған соңғы — 1878—1882 жылдардың ішінде ғана) шындап көңіл бөліне бастады және ілкі кезде мектептің санын көбейтуге онша қызыға бермей, еңалдымен әрбір уезде азды-көпті орнықты мектеп салу керек деп табылды, оның үшін қолдағы бар қаржының бәрі әрбір уезде мектеп үйін салуға жұмсалсын делінді. Ал оның үстіне, сол кездің өзінде-ақ қазақтың оқытушылар мектебін ашу туралы өтініш жасалған еді. Мұндай қортындыға келудің басты себебінің бірі — қазақ балаларын оқытуға бейімделген, қазақ даласының түкпіріне келіп, шамалы ғана жалақыға оқытушы болып тұруға риза болатын оқытушылардың жоқтығы және оларды тауып алудың мүмкін еместігі еді. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген төрт мектептегі қазақ балалары оқуларын бітіргеннен кейін, олардың ішінен бала оқытуға қабілеттілерін оқытушы етіп алуымызға және басқа

қоғамдық қызметтерге пайдалануымызға болатын кезде ғана, егер қаржы жағы көтеретін болса, жергілікті, мысалы, болыстық мектептерді ашуға кірісу қажет делінген еді. Бұдан біраз кейінірек, оқытушылар мектебі ашылған соң және бұл мектеп оқытушыларды дайындап шығара бастаған соң қазақтың өзінен шыққан оқытушылар да жеткілікті болады ғой деп жорамалдаған едік.

Осы тұрғыдан қарай келіп, жыл сайын үй басы 20 тыйыннан, ал кей жерлерде 10 тыйыннан жыйналған алымнан құралған небәрі — 1881 жылғы мәлімет бойынша, Торғай уезінде — 4 556 сом 88 тыйын, Елек уезінде — 23 236 сом 50 тыйын, Ырғыз уезінде — 4 208 сом 68 тыйын және Николаевскі уезінде — 16 171 сом 36 тыйын, — қолда бар қоғамдық қаржыға барлық жерде, яғни әрбір уезде мектеп салу жұмысына кірісілді. Қазіргі күнде Торғайда мектеп үйі салынып болды, Ырғызда — дайын үй сатылып алынды, Ақтөбеде — салынып болуға жуықтады және Николаевскі уезінің уездік қаласы болмақ, Ново-Николаевскіде алдағы 1883 жылдың көктемінен бастап, мектеп салу үшін материалдар дайындалып жатыр. Сонымен, қырдағы уездік қалаларда (Торғайда, Ырғызда, Ақтөбе және Ново-Николаевскіде) орталық мектептердің тұрақты үйлері Ырғыз бен Торғай қалаларында салынып болды, ал Ақтөбе мен Ново-Николаевскі қалаларында салынып жатыр. Алғашқы екі мектептің оқушылары мектептің өз үйлерінде орналастырылды; ал соңғы екі мектептің оқушылары, біріншісі Бөрте болысында, екіншісі Троицкі қаласында уақытша пәтерлерде жатады.

Осыларды айта келіп, округ бастықтарының қарауына мына пікірді мәлімдей кетуді қажет деп табамын: егерде жоғарыда айтылған мектептердің әрқайсысы бүкіл бір уезге арнап ашылып, қырдағы уездік қалада салынатын болса, соның өзі-ақ бұлардың уездік мектеп сияқты сыйпат алатындығын және олардың жоғарыда көрсетілген арнаулы міндеттерінің өзі де бұлардың ауылдық мектептерге қарағанда жоғары түрдегі мектеп болып табылатындығын көрсетеді. Сондықтан, бұл мектептерге қазіргісінен гөрі негіздірек мән беріп, оларды нығайту үшін бұл Торғай, Ақтөбе, Ырғыз және Троицкі (Николаевскі) мектептерін уездік немесе қалалық мектептерге айналдырып, оларға уездік, қалалық мектептердің праволарын беруді лайық деп табуға болмас па екен. Бұған қоса айтатыным, қазірде орталық мектептерге арнап

салынып жатқан үйлер, менің ойымша, қалалық немесе уездік мектептерге де жарамды болады, мүмкін, тек болмашы түрде ғана икемдеу керек болар. Қалай болған күнде де қазіргі орталық мектептерді осылайша қайтадан құру оқытушыларды да, оқушыларды да бір көтеріп тастар еді, оларға бірқатар праволар мен артықшылықтар да берген болар еді; мұндай праволар мен артықшылықтардың қазақтар орысша білімнің мәнін де, қазақ арасына білім таратудың негізгі мәнін де түсіне алмайды.

### *Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары*

Торғай облысының мектептерінде оқу жұмысын Қазанның оқытушылар семинариясын бітіріп шыққан жас оқытушылар жүргізіп жатыр; бұлардан басқа, қазақтардан шыққан жүзбасы сұлтан Бабин, бұл Неплюев атындағы кадет корпусын бітірген, және Троицкідегі қазақ мектебін бітірген Байжиенов бар. Бұлардың алдыңғысы Торғай мектебінің бірінші класының оқытушысы, екіншісі Троицкі мектебінің бірінші класының оқытушысы. Мектептердің бәрі де қажетті оқу құралдарымен толық жеткілікті түрде жабдықталды және жабдықталып жатыр. Бірақ, бұл оқу құралдарының бәрі де өзінің ана тілін білетін орыс балаларына ғана арнап құрастырылған; ал қазірде, мектепке кірген кезінде бір ауыз орысша білмейтін, бұратаналардың балаларын оқытуға ыңғайыланған іске татырлық бірде-бір оқу құралы жоқ. Міне бұл жағдайларда қазақ балаларына орыс тілін оқытудың ойдағыдай жүруі, басқа жерлердегіден гөрі, оқытушылардың жеке бастарының қабілеттілігіне ғана байланысты. Сондықтан, қазір қазақтарға білім енді беріле бастаған кезде, ең әуелі қабілетті оқытушылар болуы керек екенін еске алып, мен Торғай облысының мектептеріне педагогикалық қызмет жөнінде қабілеті бар және тәжірибесі мол адамдарды тартуға талай әрекет жасаған едім. Бірақ менің бұл әрекеттерім әрдайым ойдағыдай орындала бермеді, өйткені, алыста жатқан қазақ даласына қабілетті және тәжірибелі адамдардың ешбіреуінің келгісі келмеді, оған біріншіден, оқытушыларға белгіленген жалақының аздығы, ал екіншіден, екі класты мектеп оқытушылығына мемлекеттік қызмет правосы берілмейтіндігі себеп болды. Бірақ, мектеп жұмысын бірден жақсы жүргізіп кете алатын ондай тәжіри-

белі оқытушылар болмағанымен, менің қарамағымдағы мектептер, көбінесе, арнаулы мектептерді бітірген, адамгершілік жағынан бұзылмаған, жұмыстарына ыждағатпен кірісетін жас оқытушылармен қамтамасыз етіліп отыр. Осы есеп жылының ішіндегі жүргізілген тексерудің қортындылары мектеп жұмыстарының әбден қанағаттанарлық түрде екенін көрсетті; оқытушылардың көпшілігі өткен жылдардың ішінде қазақ балаларына бейімделіп алғаны және тәжірибе жүзінде қазақ балаларын оқыту әдісін меңгеріп алғаны байқалды. Сондықтан, оқушылар да оқыған пәндердің бәрінен де тым-тәуір білім алғандарын көрсетті. Торғай, Троицкі және Ырғыз мектептерінің жоғарғы кластарының оқушыларына қазір география, черчение, тарих, бөлшекті ішіне ала есеп және жаратылыс тану пәндері оқытылады. Орыс тілінің грамматикасымен қазақ оқушылары мектепке кірген жылынан бастап, орыс сөздерін үйрене бастағанда-ақ, таныса бастайды; орыс тілі оларға әуелі мен құрастырған «Оқу құралым» бойынша, кейін Ушинскийдің немесе Қирпичниковтың грамматикалары бойынша үйретіледі. Бұл арада тағы бір айта кететінім: бұратана елдердің балаларына тарих, география, жаратылыс тану сыяқты пәндерді оқытатын оқу құралдар тандап алу, менің ойымша, бұратаналар оқуымен шұғылданатын адамдардың қай-қайсысына да қыйыншылық келтіретін мәселе. Сондықтан, көбінесе, қай пәнді болса да оқытуға керекті оқу құралын тандап алу оқытушылардың өздеріне жүктеліп отыр. Бірақ, менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күнілгері сөйлесіп, тандап алу керек сыяқты; өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды. Өйткені бұратана елдердің балаларын, белгілі бір бағыт-нұсқау алмай-ақ өзбеттерімен оқыта беру оқытушылардың бәрінің бірдей қолынан келе бермейді. Осыны ескере келіп, мен осы есеп жылының ішінде бұл мәселені мектеп оқытушыларымен бірге әбден талқыладым; олармен бірге отырып Паульсонның, Ушинскийдің, Водовозовтың және Бунаковтың оқу құралдарын қарастыра келіп, екі класты мектептердің бірінші кластарында оқу жұмысы Н. Бунаковтың Әліппесі және Оқу құралы (бұл мектепте және үйде оқуға арналған, 1882 жылы басылып шыққан кітап) бойынша жүргізілуі керек, ал екінші кластарда, яғни жоғарғы

кластарда жеке пәндер, мысалы: тарих, география, жаратылыс тану және грамматика сықылды пәндер осы пәндердің әрқайсысына арналып жасалған оқу құралдары бойынша жүргізілуі қолайлы болады деген қортындыға келдік. Осындай жалпы пікірімізге сүйене отырып, мен быйылғы жылы қажетті мөлшерде Бунаков мырзаның кітабын жаздырып алғалы отырмын.

Басқа пәндерден, Ырғыз мектебінде орыс оқушыларына ән сабағы оқытылады; мұны ән-күйге әуес казначей Бажанов дейтін кісі үйретіп жүр; бұл өнерде де Ырғыз оқушылары зор табыстарға жетіп отыр. Торғай мектебінде дәрігер Орлов оқушыларға шешек егу және оны іс жүзінде қолдану жайын оқытып жатыр. Егер бұл іс ойдағыдай жүріп кетсе, шешектен жүздеген, мыңдаған адам қырылатын қазақ даласында мұның баға жетпес пайдасы болған болар еді.

Жалпы айтқанда, біздің негізгі сеніміміз бойынша, қазақ балаларына, басқа білімнің барлығынан да төрі, мүмкін болғанынша орыстың тілі мен жазуын жіті білу керек. Сондықтан, менің қарамағымдағы мектептердің басты міндеті қазақ балаларына орыс тілі және орысша дұрыс жазуды үйрету болып отыр. Осы себептен, мысалы, тарих, география сыяқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы осы жоғарыда айтылып отырған басты міндетке байланыстыра қойылып отыр; бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандарын ауызекі айтып шығуды, ал одан кейін (кейде) жазба түрде баяндауды талап етеді, сондықтан, оқушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсінісе білуіне және өздерінің сөзбен түсіндіргендерін, ойларын жазып бере білуіне айтарлықтай көмектеседі. Мектептеріміздің орыс тілін және дұрыс жазу сабағын оқыту жөніндегі осы жылғы өзім көрген табыстарына қарағанда, оқып жатқан қазақ балалары, оқуын бітіргеннен кейін, істі орыс тілінде өзбетімен жүргізе алады деген үмітім бар. Бірақ бұл арада мектептер өзбетімен жеңе алмайтын бір жаман жағдай бар. Көптеген қазақ балалары сүйектеріне біткен тыянақсыздық себепті, оқуларын бітірмей, мектепте бір немесе екі жыл оқығаннан кейін аулында қалып қояды, бұған кейде оқушылардың өздері, кейде ата-аналары себепші болады; мысалы, осы есеп беріліп отырған жылдың ішінде 19 бала, 1881 жылы — 18 бала, 1880 жылы — 21 бала оқудан шығып кетті. Сонымен, кейбір реттерде оқытушылардың да және оқушылардың да еңбек-



тері, ешкімге елеулі пайда келтірмей, босқа кетеді. Мұндай жағдайдан құтылу үшін мен, кейбір оқытушылар мектебінің үлгісі бойынша, балаларын орысша оқытқысы келетін қазақтарды балаларын мектепке алмастан бұрын олардан, балалары оқуын толық бітіргенге дейін мектептен шығарып алмаулары жөнінде қолхат алынатын, ал мектепті бітірмей алып кеткен күнінде балаларын уақытша тәрбиелеуге жұмсалған шығынның бәрі олардан өндіріліп алынатын болсын деген ұсыныс енгізіп едім. Бірақ, облыс бастықтары менің бұл пікірімді мақұлдамады, олар мұндай шарамен қазақтардың орыс мектептеріне балаларын оқытудан көңілдерін суытып алармыз деп қауіптенеді-ау деймін; сөйтсе де, меніңше, мұндай жағдайларда, халық мәселені теріс түсінуге үйренбесі үшін әрқашан істің пайдалы болатын жағын қарастыру тәуір ғой деп ойлаймын. Өйткені, мектеп оқуын бітірмей кеткен балаларының шала сауаттылығына олар өзін кінәламай, балаларға хат таныта алмайды, білім бере алмайды деп мектепті кінәлайтыны даусыз. Мәселеге мұндай көзқарас, мектептің қойған шарттарына көнбеген балаларды мектепке алудан тікелей бастартудан гөрі көбірек зыян келтіреді. Оның үстіне мен өзімнің мынадай ойымды да білдірейін: мектепті бітіріп шығар-шықпасына сенімі жоқ жүз балаға шығынданғаннан гөрі азды-көпті сауатты болып шығатынына сенімді аз бала үшін, тіпті он бала үшін мектеп ашқан артық.

Бұл арада жұмысын 1881 жылғы ноябрь айында ғана бастаған Ақтөбе мектебінің оқу жұмысы айтылмай қалып отыр; бұл мектеп қазақ медресесінің үйінде, қазақ молдаларының және жалаң дін сабағын оқып жатқан ересек шәкірттердің арасында. Бірақ бұл мектептің оқытушысы Мозохиннің аса зор қабілеттілігінің, жақсы мінезділігінің және ыждағаттылығының арқасында, бұл орыс мектептері үшін қолайсыз жағдайлар мектептің оқу жұмысын ойдағыдай жүргізуге ешбір кедергі жасаған жоқ. Молдалар және шәкірттер тарапынан бәсеке, күндеушілік болады ғой деп ойлап едік, бірақ, оның орнына, медресе шәкірттерінің өздері орыс-қазақ мектебіне кіре бастады. Бұл мектепке кіріп оқуға талаптанушылар көп болғандықтан, Торғай облысының соғыс губернаторы осы есепті жыл ішінде Ақтөбе мектебіне желіп кеткен сапарында Ақтөбе мектебіне штат бойынша белгіленген 25 баланың үстіне тағы да 10 оқушыға қоғамдық қаржыдан қаражат босатуға бұйрық берді. Бұл мек-

тептің бірінші бөлімінде қазір орыс тілі, орысша жазу және есеп сабақтары басталып жүріп жатыр; екінші бөлімнің оқушылары диктовкамен әжептәуір дұрыс жазады, оқығандарын түсінікті түрде айтып береді, орыс тілінің негізгі грамматикалық ережелерімен қазірдің өзінде-ақ танысып қалды. Бұл мектепте мен байқаған бір ғана кемшілік — жергілікті қазақ қарттарының тілегі бойынша тағайындалған дін оқытушысы молда Құбынияз болып отыр. Бұл бір өте сыңарезу, топас және өзіне берілген кенесті де түсіне алмайтын адам. Сондықтан, оны дін оқытушылық қызметінен мүлде босатып жіберген мақұл болар еді, бірақ олай етіп мектеп төңірегіндегі қазақтарды және олардың қарттарын ренжітіп алмайын дедім де, молданың өзінің ризашылығымен, сол Ақтөбе мектебінің өзінде өз жанынан келіп оқып жатқан, Мұхамбеттің діни оқуына жақсы таныс бір қазақты оның көмекшісі етіп тағайындадым. Ақтөбе мектебінде дін сабағын қазірде осы қазақ жігіті оқытып жүр.

### *Оқу құралдарының жайы*

Жоғарыда айтқанымыздай, мектептердің бәрінде де оқушыларға да, оқытушыларға да қажетті кітаптар мен оқу құралдары бар. Ал енді, өзбетімен оқып, білімдерін арттырғысы келетін қазақтардың кітаппен және басқа да оқу құралдарымен пайдалана алатын орын — қазірде де және алдағы жерде де бірталайға дейін осы қырдағы төрт уездегі қазіргі орталық мектептер ғана болатынын еске ала отырып, жоғарыда айтылған мектептердің жанынан (оқушыларға және оқытушыларға арналған) кітапханалар ашуға ұйғарылды. Осыған арнап, төрт құрметті қамқоршы: Троицкі қазақ мектебінің құрметті қамқоршысы Қарпыков 260 сом, Ақтөбе мектебінің құрметті қамқоршысы Беркінбаев — 109 сом. Торғай мектебінің құрметті қамқоршысы Бірімжанов 200 сом және Ырғыз мектебінің құрметті қамқоршысы Құлыбеков — 100 сом қаржы беріп отыр. Бұл ақшалар қазір алынды; оның бірқатары Торғай облыстық басқармасының сақтауында, ал бірқатары менің қолымда. Осы 1883 жылы, бұл туралы бұратана халықтар арасындағы оқу жайын білетін адамдармен күнілгері кеңесіп алып, кітап жаздырғалы отырмын. Осыны баяндай келіп, беделді қазақтарды халық ағарту ісіне бұдан былай да көмектесуге көңілдендіру үшін, ал онымен қатар, Торғай облысының орталық



мектептерінің осы құрметті қамқоршыларының үкіметтің игілікті істерінің қандайын болса да орындауға әзір тұрулары жалғыз бұл емес екенін еске ала келіп, мен осы баяндаманың соңын ала бұл, қай жағынан қарағанда да құрметті казактарды және менің қарамағымдағы мектептерімнің қамқоршыларын наградтау туралы ерекше ұсыныс енгізгелі отырмын...

### *Мектептің шаруашылық жағы*

Осы есепті жылдың ішінде аралап көргенімізде Троицкі және Ақтөбе мектептерінің үйлері өте тар екені байқалды. Бірақ бұл қолайсыздық жуық арада жойылуға тиіс, өйткені бұл мектептерге арнаулы үйлер (Николаевскіде және Ақтөбеде) салынып жатыр; ал егер іс осылай болып шығатын болса, онда айтылып отырған екі мектеп өз орындарында қалады, оларды көшіреміз деп отырған Николаевскіде және Ақтөбеде жаңа оқушылар алуымызға мүмкін болады (басында да бір жағынан осы көзделіп еді); ал олай болған күнде де Троицкі мектебі мен уақытша Ақтөбе мектебіндегі жоғарыда айтылған қолайсыздықтар шамалы ғана қосымша үйлер салу және жағдай жасау арқылы жойылатын болады. Оның үстіне, Ақтөбе мектебінің жанында монша жоқ еді және бұл мектеп монша деген мүлде болмайтын қазақ болыстарының ішінде тұрғандықтан, жақын жерде басқа монша да жоқ еді. Сондықтан, мен Елек уезд начальнигі мырзадан мектеп жанында шымнан монша салуға қоғамдық қаржыдан 50 сом ақша сұрап алып, оны қазір салдырып та қойдым. Бұл Ақтөбе мектебінің қазақ болыстарының ішінде болуының тағы бір қолайсыз жері — жақын жерде дәрігер де, аурухана да болмағандықтан, ауырған оқушыларды емдеуге ешбір мүмкіндік болмады. Сондықтан, және менің ұсынысым бойынша, Торғай облысының соғыс губернаторы мырза, Ақтөбе мектебі меңгерушісінің көмекшісі, фельдшер атағы бар, Кейкинге ауырған балаларды емдеу үшін қажетті дәрі-дәрмек жіберілсін, ал ауруы қатты болған жағдайда, ондай оқушылар жақын жердегі ауруханаға жіберілсін; ал ауруханаға жіберу мүмкін болмаған жағдайда, бұл туралы Орынбор қаласында тұрған Елек уезінің дәрігеріне хабар берілсін, деген бұйрық берді. Осы жоғарыда айтылған кемшіліктерден басқа қарамағымдағы мектептерде ешбір кемшілік жоқ: барлық мектептерде де балалардың тамағы тоқ

және сапасы жақсы (салма немесе сорпа, бесбармақ беріледі, шекер мен шай және нан беріледі); мектеп үйлері таза, ұқыпты ұсталады; оқушылар айына екі рет моншаға барып тұрады және үстіне киіп жүрген киімдері майлық-сулықтары, төсек-орындары барлық мектептерде де тиісті дәрежеде таза.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*Торғай қаласы.*



1882 жылы Торғай облысы басқармасының қарамағындағы мектептердің ведомоствосы

А. Тікелей Халық ағарту министрлігіне қарайтын мектептер	Мектеп саны								Мектеп үйлерінен 1882 ж. 1 январьда	
	1 январьда		1 январьда		Ашылғаны		Жабылғаны		Мектептің өз үйі	Жалдап алған үй
	1882 ж.	Олардың жанындағы қолөнері кластарының саны	1883 ж.	Олардың жанындағы қолөнері кластарының саны	1882 ж.	Олардың жанындағы қолөнері кластарының саны	1883 ж.	Олардың жанындағы қолөнері кластарының саны		
Екі класты селолық мектептер . . . . .	3	—	3	—	—	—	—	—	2	1
Бір класты селолық мектептер . . . . .	1	—	1	—	—	—	—	—	—	1
Тікелей Халық ағарту министрлігіне қарайтын барлық мектептер . . . . .	4	—	4	—	—	—	—	—	2	2

Торғай қаласы.

Торғай облысы мектептерінің инспекторы  
И. АЛТЫНСАРИН

**1882 жылы Торғай облысы басқармасының қарамағындағы  
мектептердің оқытушылары туралы ведомость**

	Дін оқытушы- лары	Оқытушылар	Оқытушы әйелдер	Барлық оқытушылар	Оларды дініне қа- рай бөлгенде			
					Православ- ныйлары	Рим-като- ликттері	Протес- танттары	Басқалары
Екі класты мектептерде . . . . .	5	6	—	11	6	—	—	5
Бір класты мектептерде . . . . .	1	2	—	3	1	—	—	2
Халық ағарту министрлі- гіне қарайтын барлық мек- тептерде . . . . .	6	8	—	14	7	—	—	7
Барлығы . . . . .	6	8	—	14	7	—	—	7
Жоғарғы оқу орындарын бітіргендер . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
Мұғалімдер семинариясын бітіргендер және арнаулы дайындығы және білімі барлар . . . . .	2	5	—	7	7	—	—	—
Орта дәрежелі оқу орында- рын бітіргендер . . . . .	—	1	—	1	—	—	—	1
Оқытуға правосы жоқтар . . . . .	4	2	—	6	—	—	—	6
Тегін оқытушылар 50 сом- нан кем алатындары . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
50 сомнан 100 сомға дейін алатындары . . . . .	5	—	—	5	1	—	—	4
100 сомнан 150 сомға дейін алатындары . . . . .	1	1	—	2	1	—	—	1
150 сомнан 200 сомға дейін алатындары . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
200 сомнан 300 сомға дейін алатындары . . . . .	—	7	—	7	5	—	—	2

*Ескерту:* Жоғарыда көрсетіліп отырған дін оқытушылары дін оқытудан басқа мектептерде ешбір жұмыс істемейді.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИИ.*

*Торғай қаласы.*

**1882 жылы Торғай облысы басқармасының қарамағындағы мектептердің оқушылары туралы ведомосты**

А. Тікелей халық ағарту министрлігіне қарайтын мектептер	1882 жылы болған оқушылар			1883 жылы болған оқушылар			Дініне қарай бөлгенде			1883 жыл оқуға кіргені			1882 жылы оқу бітірмей шыққаны			Мектепті бітіргендер.			Әскери қызметтен жеңілдік алғандары			
	Еркек	Әйел	Барлығы	Еркек	Әйел	Барлығы	Православныйлары	Рим-католиктері	Протестанттары	Басқалары	Еркек	Әйел	Барлығы	Еркек	Әйел	Барлығы	Еркек	Әйел	Барлығы	Үшінші разрядтық	Екінші разрядтық	
Екі класты селолық мектептерде . . . .	115	—	115	125	—	125	39	—	—	86	28	—	28	17	—	17	1	—	1	—	—	—
Бір класты селолық мектептерде . . . .	19	—	19	39	—	39	3	—	—	36	22	—	22	2	—	2	—	—	—	—	—	—
Тікелей халық ағарту министрлігінің қарамағындағы барлық мектептерде .	134	—	134	164	—	64	42	—	—	122	50	—	50	19	—	19	1	—	1	—	—	—

Торғай облысы мектептерінің инспекторы *И. Алтынсарин.*

## ЕКІ КЛАСТЫҚ МЕКТЕБІНІҢ МЕНГЕРУШІСІНЕ НҰСҚАУ ХАТ

Оқытушыларға және оқушыларға арналған оқу құралдарын сізге жібере отырып, сізден және сіздің қарамағыңыздағы мектептің басқа оқытушыларынан, өзім қарап шығып, орыс-қазақ мектептерінде қолдануға өте пайдалы деп тапқан мына кітаптарға назар аударуларыңызды көп-көп өтінемін.

1) бірінші кластар үшін мен және менің қарамағымдағы мектептердің барлық оқытушылары дерлік, басқа оқу құралдардың бәрінен де гөрі Н. Бунаковтың әліппесі мен оқу кітабын, Тихомировтың элементарлық грамматика курсы (бұл — қыйын түсіндірулерден, грамматикалық терминдерден қаша жазылған, орыс тілін әртүрлі үлгілер бойынша, жетекші сұрақтар бойынша үйрететін грамматика, әсіресе, біздің мектептерімізге қолайлы) және мысалдар жыйнағын (жаттап алу үшін жазылған), көбінесе Крыловтың мысалдарын, қолайлы деп тауып отырмыз.

2) екінші кластар үшін: Сент-Илердің зоологиясы, Гердтің минералогия қысқаша курсы, Оливердің ботаникасы (ал енді бұл ботаника маған онша ұнамайды, сондықтан қарап шығу үшін басқаларын да жаздырып отырмын), жаратылыс тарихының оқу атласы, Крюгердің элементарлық физикасы, Пуцыковичтің географиясы — оқушылар үшін, Пуликошскийдің географиясы — оқытушылар үшін, Островскийдің немесе, уақыт жететін болса, Фармаковскийдің Россия тарихы, ал оқытушылар

үшін Беллярминовтың Россия тарихы мен Гуревичтің тарихи хрестоматиясы, Тихомировтың таза жазу ережесі;

3) оқушылармен кешке ауызша әңгімелесу үшін Зобовтың табиғат жайындағы әңгімелерін, Константиновичтің химия жөніндегі әңгімелерін және Фигьенің маңызды жаңалықтары мен өнер-табыстарын ұсынамын, және

4) бұлардан басқа, оқытушылардың оқуына және өнеге алуларына пайдалы деп ұсынатындарым: Бобровскийдің педагогикасы халық-оқу әдебиетінің жүйелі шолуы, Каменскінің «Ұлы дидактикасы», Бунаковтың «Ана тілі», Корфтің «Біздің досы», Реклюдің «Жер, құрылық және мұхит» деген кітабы, Советовтің «Екіншілік пен мал шаруашылығы» және басқалары. Ескерте кететінім халық мектептерінде оқытылатын сабақтардан ең ыңғайлы, ең түсінікті болатын оқу құралдарын келешекте де қарастырып отырамын, ал ондайлар табыла қойса жаздырып алып, қарамағымдағы мектептерге жіберіп отырамын. Ал, онсоң, орыс тілі, оның грамматикасы, география, сызу, тарих, жаратылыс тану сыяқты пәндердің дербес оқытылуына қарамастан, мысалы Зобовтың табиғат жайындағы (бұл кітапты мен өте-мөте ұсынамын), Фигьенің маңызды жаңалықтар және өнер-табыстар жайындағы, сонымен қатар, Константиновичтің химия жөніндегі әңгімелер сыяқты кітаптарды (кештіғұрым және басқа орайы келген жағдайлардың бәрінде) оқушылармен бірге қайта-қайта оқып, ауызша әңгімелер өткізіп отыруды, әңгімені орыс тілінде, әрине, түсіндіре отырып, айқын өткізуді өте пайдалы деп білетінімді айта кету борышым деп білемін; бұл әңгімелердің аяғында оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет. Мұндай әңгімелерді оқушылардың қызығып тындайтынын және жеңіл ұғып алатынын мен өз тәжірибемде көргенмін. Химия мен физиканы оқығанда, түсіндіргенде керек болатын аспаптарды қаржы табылған бойдан жаздырып алуға тырысамын. Әрбір оқу құралының алдына қойған мақсатын және оның мазмұнын айқын түсініп алу үшін оқытушылардың өздері жоғарыда аталған кітаптардың бәрін қалай да басынан аяғына дейін әбден мұқият оқып шығулары керек, ал сонан кейін оларды оқыту жұмысына пайдалану қажет дегенді айта кетуді артықшылығы болмас деп ойлаймын. Орыс тілін, жаратылыс тану ғылымын, географияны және тарихты оқыту жұмысы әрбір мектепте күнілгері белгіленген бір жүйемен, оқу



құралымен жүргізілуі керек; өйткені, тәжірибеге қарағанда, оқыту, тәрбиелеу жұмысына дәйекті көзқарасы бекіп болмаған кейбір жас оқытушылар оқу құралдарының беталды өзгерте береді оның үстіне, халық мектептерінде өтілетін пәндердің оқыту әдістері мен тәртіптерінің өзін де өзгерте береді, сөйтіп оқушыларды біресе бір түрлі әдіспен не бір оқу құралы бойынша, біресе екінші түрлі әдіспен не екінші бір оқу құралы бойынша оқуға зорлайды, немесе дұрысын айтқанда, бастаған ешбір пәнін ешуақыт түгел, тәртіппен өтпейді. Ондай оқытушылар оқушыларды адастырады, сонан кейін қойылған сұраққа оқушылардың жауап бере білмегеніне ренжіп, өздері де ашулана бастайды, тіпті оқушыларға өшігуге дейін барады. Осыдан келіп оқушыларды бұрынғыдан да адастырып, мүлде шатастырып, оларды, тіпті, ешбір жауап бере алмайтын халге жеткізеді. Әрине, оқыту жұмысын бұлайша жүргізуден ешбір жақсылық күтуге болмайтынын күн ілгері-ақ айтуға болады; оқушылардың түсінбеушілігін оқытушылардың өз кінәсі деп білмей, оқушылардың оқуға зер салмайтындығынан немесе топастығынан деп білетін мұндай оқытушылардың қатты адасатыны айтпай-ақ түсінікті. Менің тәжірибемде мұндай оқытушылар педагогтер ұсынып отырған оқу құралдарымен ешуақытта дұрыс танысып алмайды, олардың ешбіреуін аяғына дейін оқып шықпайды, оқушылардың жалпы мінез-құлқына, ақыл парасатына, онымен қатар, орыс балаларына қарағанда қазақ балаларының ана тілінде өзгешеліктер болатынына, ана тілінің басқалығына зер салмайды, осылардың бәрін еске ала отырып, шындап еңбек сіңірмейді. Мұның аяғы балаларды басы да жоқ, аяғы да жоқ, бірдемеге ешбір тәртіпсіз оқытуға әкеліп соғады. Осы айтып отырғанымның көбінесе соған қатысы бар бір оқытушыға, ол кіммен істес болып отырғанын ешуақытта да ұмытпауы керек екенін осы арада ескертпей кете алмай отырмын. Ол балалармен істес болып отыр, егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек; мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек; мұндай сөздер оқушыларға ғана түсініксіз болып қоймайды, басқа тындап отырған адамдардың құлағына да жақпайды; ондай шет тындаушылар бұл оқытушының терең

білімі не ойы жоқ екенін, ол тек ғылыми терминдермен, сөздермен ғана мақтанғысы келетінін, ал педагогтік және оқытушылық әдістер жөнінде оның өте тапшы, үстірт қана түсінігі бар екенін, немесе жалпы көрнекті оқытудың бәрі де оқыту әдістерінің түсініктілігіне, оқытушылардың түсіндірулерінің ұғымдылығына негізделуі керек екенін ұмытып, педагогтік, оқытушылық әдістерге екінші қатардағы бір нәрсе деп қарайтынын көреді. Алайда, өзінің табиғи қабілеттілігіне қарағанда, бұл жас оқытушы өз пәніне енді тереңдеу зер салар, өзінің қателерін түзетер, сөйтіп ол, айта кетпей амалым жоқ, өзінен көп ілгері кеткен, өнерлес жолдастарынан қалмас деп сенемін. Оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалайтынын мойындаса; оның бұған өзінің де көзі жетеді.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*12 февраль, 1883 ж.*



---

## ОРЫНБОР ОҚУ ОКРУГІ ПОПЕЧИТЕЛІНЕ БАЯНДАМА ХАТ

Қазіргі кезде Торғай облысының қырдағы қалаларында — Ырғызда, Торғайда, Ақтөбеде және Николаевскіде бір-бір екі класты мектептен ашылып отырғаны Сіздің ұлы мәртебеңізге мәлім. Бұл мектептер уездік қалалардың өзінде және уезд басында бір-бірден ашылған соң, өз-өзінен-ақ, халық алдында ғана емес, сонымен қатар, қазақтың әкімшілік орындарының алдында да уездік мектеп деген маңыз алып, қазақ халқы оларды бітірген адамдар қалған сауатсыз халыққа қарағанда белгілі бір право және артықшылық алатын болар деп күтіп отыр. Бұл жөнінде қазақтар маған да келіп мәнжайын сұрастырып көріп еді, бірақ, мен, әрине, қазақтардың ойынша, оларға қанағаттанарлық жауап қайыра алмадым.

Сондықтан, біріншіден, қазақ арасында халық ағарту жұмысы жаңа ғана басталып отырған кезде олардың қазіргі орыс-қазақ мектептерінен, әсіресе, жоғарыда айтқанымыздай, қазақтар уездік мектеп деп танып отырған мектептерден күтетін дәмесінен түңілдіру қолайсыз болатынын, ондай жағдайларда халық мектептеріне бала оқыту пайдасыз деген сөз шығып кетуі мүмкін екенін еске ала отырып; ал екіншіден, осы қырдағы мектептерді бітіріп, мемлекет қызметіне право алған қазақ балалары қазақ елін басқарып отырған, орыс пен қазақ тілдерін, жазуларын бірдей білетін адамдарға, көбінесе, мұқтаж мекемелерге де, мысалы, уездің басқармаларға да пай-

дасыз болмайтынын еске ала отырып, — мен Сіздің ұлы мәртебіңізден осы аталып отырған мектептерді, — не олардың қазіргі оқытушыларын ең болмағанда, бірінші кластардың оқытушысы етіп қалдырып (оның қазіргі оқытушыларын бірінші класс оқытушысы етіп қалдыру қажет болатын себебі — оқытушылар институттарын және басқа жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіргендердің ішінен орыс тілі мен қазақ тілін бірдей білетін оқытушылар табылмас еді, ал онсыз қазақ балаларына орыс тілін, орысша жазу-сызуды үйрету мүмкін емес), уездік мектептерге айналдыру туралы, немесе бұл мектептердің білім беру көлемін қазіргі күйінде қалдырып, оған, бәлкім, кейбір қосымшалар ғана енгізіп, қазіргі екі кластық мектептерге уездік мектеп правосы берілу туралы сұранбас па екенсіз деген өтініш жасауға батылым барып отыр. Бұлай етсек, менің ойымша, қазақ даласындағы мектеп жұмысы едәуір нығайып, келешекте де тоқтаусыз дамый берген болар еді.

*Осы айтылғандар жөнінде бұйрық күтемін. И. АЛТЫНСАРИН.*

*5 октябрь, 1883 жыл.*



## ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫ ИЛЬИНГЕ БАЯНДАМА ХАТ

Өзіңізге белгілі, ұлы мәртебелі тақсыр, Сіздің қоластыңыздағы облыста қазақ қауымдарының шығарған қаулылары бойынша болыстық мектеп салуға деп үй басына салық салып, жыйналған ақшаны тап осы кезде, қырдағы уездік қалаларда — Ырғызда, Торғайда, Ақтөбеде және Николаевскіде — қалалық екі кластық мектеп салу жұмысына пайдалану қолайлы деп табылған еді; мұның себебі — арнаулы қазақ оқытушылар мектебінен және жоғарыда айтылған екі кластық мектептерден оқытушылар даярланып шыққанға дейін болыстық мектептерге қолайлы оқытушылар табылмайды делінген еді. Ал онымен қатар, облыс бастығы мен оқу округінің басқарушысы қазақтан оқытушы табыла қойған күнде болыстық мектептерді де аша беру керек деген пікір айтылған еді. Қазір, өзіңізге мәлім, қырдағы уездік қалаларда екі кластық мектептер де ашылып отыр, онымен қатар, қазақ оқытушылар мектебі де ашылып, мұнда Сіздің қоластыңыздағы облыстан, жергілікті екі кластық қазақ мектептерінен келген 20 дан аса оқушы оқып та жатыр. Бұған оқушылар, шамасына қарай, келешекте де жыл сайын алына бермек.

Сондықтан:

1. Жоғарыда аталған екі кластық мектептердің әрқайсысы да 50 қазақ баласына арналып ашылып, мектеп үйлері де соған мөлшерленіп салынғанын, қазір бұл мектептердің әрқайсысында 25—30 шамалы ғана бала-

лар оқып жатқанын, өйткені, мемлекеттік казначейство-сының беріп отырған қаржысы бұдан артық оқушы алуға жетпей отырғанын, ал онан соң, Ырғыз уезінен басқа қазақ қауымдарының бірде-бірі көмек көрсетпей отырғанын еске алып;

2. Екі жүз мыңдай халқы бар облысқа 120 шамалы ғана қазақ балалары оқып жатқан қазіргі төрт бастауыш мектептің өте жеткіліксіз екендігін еске алып;

3. Үкіметтің қазақтар жөніндегі игілікті ойы қандай болса да, — қазақтарды орыстармен рухани жағынан біріктіру ме, қазақ халқын рухани және экономикалық жағынан дамыту ма, немесе, ақырында, қазақтарды көршілес Азия халықтарының рухани әсерімен әртүрлі соқыр сезім бұғауында қалдырмауы ма, — осының бәріне де, менің терең сенімім бойынша, жол көрсете алатын, қажетті жағдайларда қарсы тұра алатын бірден-бір құрал — орыс-қазақ мектептері арқылы қазақтарға, олардың қоныстарына апарып таратып, орысша білім беру екенін еске алып;

4. Үш жылдан не тіпті екі жарым жылдан кейін қазақтың өзінен оқытушылар шығатынын, бұл оқытушыларды, облыс бастығының жоғарыда айтылған ниетіне қарамастан, даярланып шыққан істеріне пайдаланбау өте қолайсыз болатынын, өйткені, бұдан кейін қазақтар да өздерінің балаларын оқытушылар мектебінде немесе басқа халық мектептерінде оқытудың пайдасы бар-жоғына күман келтіре бастаулары мүмкін екенін еске алып;

5. Қалалық мектептерде оқығанын оқушыларды көбейту үшін және кейін болыстық мектептерді ашу үшін көп ақша керек екенін, ондай ақшаны аз уақыттың ішінде тауып алу мүмкін емес екендігін еске алып, — мен осы айтымғандарды күн-ілгері Сіздің ұлы мәртебеңізге хабарлап қоюды өзімнің борышым деп санадым; осы себептен халық мектептеріне қор жасауға керек алымды көбейту туралы қазақ қауымдарына күн-ілгері ұсыныс енгізуді қажет деп таппас па екенсіз; өйткені қазір бұған алынып отырған алым өте аз (үй басына 10—20 тиын ғана).

Бұл арада, тағы да Сіздің ұлы мәртебеңізге айтуға тиісті борышым — қазақ халқы орыс тілін білудің, орысша сауатты болудың керектігін қазір айқын түсініп отырғанымен де, олардың бұл санасы әлі де уездік өкімет орындарының көмегісіз және олардың түсіндіруісіз мектепке жыйналатын ақша алымын өзбетімен көбейтуге

барғандай дәрежеге жете қойған жоқ; ал бұл алым үй басына, тіпті, бір сомнан алынатын болған күнде де қазақтың қазіргі материалдық жағдайында оларға оншама салмақ болып түспейді. Қазақтарға осы дарынды, ақыл-иесі мол халыққа қазір, кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру — қалай дегенмен — аса қажет болып отыр..

Осы айтқандарым жайында хабар күтемін.

Сіздің ұлы мәртебеңізді аса қадірлейтін, Сізге шын берілген бағынышты пендеңіз,

**И. АЛТЫНСАРИН.**

*20 октябрь, 1883 ж.*





---

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУШЫ ИЛЬИНГЕ  
БАЯНДАМА**

Менің 2 октябрьде жіберген хатыма қосымша, Сіздің ұлы мәртебіңізге хабарлайын дегенім — Ырғыз уезінде, халық мектептеріне қаржы жыйнауға шек қойылып отырған жағдайда, жергілікті екі кластық мектепке ұстап отырған қаржымыздан артылып қалып отырған ақша бар. Бұл ақша, бәлкім, азғана қосымша қосылса, тағы бір бастауыш мектепті, мысалы Қарабұтак фортында мектеп ашуға жетіп қалар еді-ау деп ойлаймын. Қарабұтак пункті, менің ойымша, оның төңрегіндегі қазақ балыстарының балаларын мектепке тартып, оларды көшіп келген орыс балаларымен бірге оқытуға қолайлы жер.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*30 октябрь,  
1883 ж.*

---

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СОҒЫС ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУШЫ ИЛЬИНГЕ  
БАЯНДАМА ХАТ**

Сіз қырдағы уездерде болыстық мектептерді ашу түрі мен тәртібінің қандай болатыны жайында менің ойымды білгіңіз келгендіктен, бұл жөнінде Сізге мына пікірімді білдіремін: менің ойымша, таза қазақ арасында болатын бұл мектептердің құрылысы осы халықтың тұрмыс жағдайларына ыңғайлануы керек; сондықтан бұл мектептер қазақтар қыстаған кезде қыстап, көшкен кезде көшіп жүрулері керек. Оның үшін, мысалы, болыс көлемінде орталық болатын және шаруашылық жағынан қолайлы келетін бір орынды тандап алып, менің ойымша, жергілікті материалдардан (шикі кірпіштен, т. с.), мүмкін болғанынша берік, бір кластық бөлмесі бар, оқытушы жататын, ас пісіретін бөлмесі, ауыз үйі, шоланы бар мектеп үйін салу керек. Мұнда қазақ балалары жеті жарым ай, яғни 15 сентябрьден 1 майға дейін, қазақтар, дағды бойынша, жазғы жайлауларына көшкенше, оқый алады; ал 1 майдан бастап мектеп басқа қазақтарша, киіз үйге шығып алып, көшкен кезде мектепке көлік бере алатын немесе әр ауылдың мектепке кезекпен көлік беруі жайында ресми бұйрық бере алатын бір беделді, қызмет адамымен бірге, көшіп отыруы керек. Мектептің осы айтылған түрде көшіп жүруі қазақтарға ауыр бола қоймайды; себебі, қазақтардың көшуі жылдан-жылға сиреп және алысқа ұзамайтын болып келеді; ал мектептің көшуіне 4—5 тен артық көлік керек болмайды. Мек-

тепке киіз үй, оқытушыға жолым үй алуға 300 сомдай ғана ақша керек, ал оның қыстыгүні болатын жерінде үй салуға 1000—1500 сом ақша керек.

Бұл мәселе жөнінде толығырақ пікірімді, егер кажет болатын болса, қырдағы уездерге барып қайтқаннан кейін тапсыра аламын.

Бұл арада тағы бір айта кететінім, болыстық мектептерде оқу ісін жүргізудің жоғарыда айтылған тәртібі ең алғаш рет қарағанда өте қыйын сыяқты болып көрінуі мүмкін, бірақ ондаған жылдардан бері қазақ балаларын осы тәртіппен оқытып келе жатқан молдалар іс жүзінде мұндай ешбір қыйыншылық көрмей-ақ келеді.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН*

*30 октябрь,  
1883 ж.*



**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ  
МЕКТЕПТЕРІНІҢ  
1883 ЖЫЛҒЫ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ Е С Е П**

**1**

*Облыстағы оқу жұмысының жалпы жайы*

1882 жылы берген есебімде мен облыстағы жалпы оқу жұмысының жайы туралы да және қазақ даласына орыс-қазақ мектептерін тарату сыяқты алдымызға қойып отырған мақсатымызға бірте-бірте осы жолдан аумай отырып жетуіміз үшін қазіргі кезде қолданылып отырған жобаларымыз бен пікірлеріміз туралы да толық айтқан болатынмын. Осы есепті жылдың ішінде бұрынғы 3 екі кластық және бір кластық мектептерге Торғай қаласында тағы бір қолөнерлік мектеп қосылды; бұл мектеп жоғары ұлықтардың рұқсатымен Яковлев мектебі деп аталды. Менің өткен жылдардағы есептерімнен, уездік қалалардан ашылған осы жоғарыдағы мектептерді неғұрлым берік негізге қоюды ойлап, оларға лайықты үйлер салудың амалын қарастырғанымыз, ондай үйдің Торғайда салынып болғанын, Бірғызда сатылып алынғаны, Николаевскі мен Елек уездерінде салынып жатқаны да мәлім болатын. Осы есепті жылдың ішінде Елек уезіндегі Ақтөбе бекінісінде мектеп үйі салынып болды, ал Николаевскі уезінің Қостанай деген жердегі уездік қаласында салынып болуға жуықтады, оның қазір тек ішкі жұмыстары мен оған ағаш жұмыстары ғана қалып

отыр. Бұл үйлер қауым қаражатына, осымен қоса жіберіліп отырған жоспар бойынша, шаруашылық әдіспен, күйдірген кірпіштен салынды, төбелері қанылтырмен жабылды. Ақтөбе мектебі мен Троицкі мектебін уақытша отырған үйлерінен жаңадан салынып жатқан үйлеріне көшіруді осы жылғы күзге дейін кідірттік; өйткені, қазір Елек уезінің Бөрте болысында тұрған Ақтөбе мектебі жайында Торғай облысы соғыс губернаторының ісін уақытша атқарушы мырза оның осы күнгі уақытша орнын тұрақты орынға айналдыру, оның осы күнге дейін орналасып отырған қауым үйін оған біржолата беру туралы қауым алдына мәселе қойды; өйтпейінше Ақтөбе бекінісінде салынып отырған өте үлкен үйді ұстауға қаржы да жетіспейтін еді. Троицкі мектебі де әзірге Троицкіде қала тұрады; себебі — оның үйі, жоғарыда айтқанымыздай, әлі әбден салынып болған жоқ.

Бұрынғы 4 мектептегі оқушылардың жалпы саны: Торғай мектебінде — 32 қазақ баласы, қатнап оқыйтын 9 орыс баласы бар; Ырғыз мектебінде — 26 қазақ баласы, 23 орыс баласы; Троицкі мектебінде — 33 қазақ баласы, ал Ақтөбе мектебінде 27 қазақ баласы, 3 орыс баласы бар. Осы жылғы ноябрь айының 15 де ғана ашылған, жаңа Яковлев қолөнері мектебінде пансионда — 7 бала, қатнап оқыйтын — 3 бала бар. Сонымен, бүкіл облыстағы орыс-қазақ халық мектептеріндегі оқушылардың жалпы саны — 168. Оқытушылар саны: Торғай мен Ырғыз мектептерінде — төрт-төртен, олардың екеуі православие христиан дінінің және Мұхамбет дінінің оқытушылары; Троицкі мен Ақтөбе мектептерінде — үш-үштен, олардың біреуі Мұхамбет дінінің оқытушысы, Яковлев мектебінде — екеу, олардың біреуі ағаш ұсталық-токарьлық өнер үйрететін (онымен қабат, хат тану үйрететін) оқытушы, екіншісі киім тігу өнерін үйрететін оқытушы. Мұхамбет діні бұл мектепте әзір оқытылмайды; оны оқытуға жергілікті екі кластық мектептің дін оқытушысын шақырмақпыз.

Жоғарыда айтылған мектептерден басқа, осы есеп жылының ішінде, осы кезге дейін үй басына 10—15 тыйыннан алынып келген алым мөлшерін көбейту туралы мәселе көтерілді; өйткені, жуырда Орскі оқытушылар мектебін бітірген қазақ оқытушылар келеді; ол мектептің оқушыларының бәрі дерлік бұрын менің қарамағымдағы мектептерден тәрбиеленіп шыққандар және Торғай облысының қазақтары; сондықтан, өткен 1879—1880 жылда-

ры ашуға ұйғарылған болыстық мектептерімізді ашу үшін қаржы әзірлейтін мезгіл жетіп отыр. Осы жөнінде Торғай облысы губернаторының ісін уақытша атқарушы действительный статский советник Ильин мырзаның үй басынан жылма-жыл алынатын алымның мөлшері Елек пен Николаевскі уездерінде үй басына 1 сомнан, ал Торғай мен Ырғыз уездерінде — 50 тыйыннан болсын деп қазақ қауымдарына берген ұсынысы қазір жүзеге де асырыла бастады, кейбір болыстық қауымдар, менің алып отырған хабарыма қарағанда, осындай алым белгілеу туралы қаулы да шығарып қойды. Сонымен, көп ұзамай бастауыш болыстық мектептер ашылатынын еске алып және қазақ уездеріндегі оқу орындарының бәрі бірдей правосыз болмауын көздеп, бұлай болған күнде орыс-қазақ мектептері қазақтардың алдында беделін түсіріп алатынын ескеріп, мен уездік қалаларда ашылып отырған қазіргі төрт мектебіміз уездік немесе тиісті қалалық мектептерге айналдырылсын, оларды бітіріп, білім алғандардың мемлекеттік қызметке правосы болсын деген өтініш енгізіп отырмын; бұлай болмаған күнде қазақтардың басқа губернияларға барып қызмет істеуі былай тұрсын, тіпті, өздері азды-көпті білімі бар қазақтарға мұқтаж болып отырған дала облыстарының өзінде қызмет етулеріне де жол жоқ болып отыр.

## 2

### *Мектептердегі оқу жайы*

Торғай облысының мектептерінде оқу жұмысын жүргізіп жатқандар, көбінесе, Қазанның оқытушылар семинариясын бітірген жастар; тек үш қазақ оқытушылары ғана семинария бітірмегендер; бұлардың біреуі Торғай мектебінде, біреуі Троицкі мектебінде, енді біреуі оқытушының көмекшісі есебінде Ақтөбе мектебінде істейді. Колөнері мектебінде ағаш ұсталық-токарь өнерін және хат танытуды Симбирскідегі граф Орлов-Давыдов колөнері мектебінен тәрбиеленіп шыққан оқытушы жүргізеді, ал киім тігу өнерін жергілікті татар тігіншісі үйретеді. Есепті жылдың ішінде мен оқу жұмысын жалпы алғанда қанағаттанарлық деп, ал оқытушыларды — қазақтарға орыс тілін оқытудың әдісін меңгеріп алған деп тауып отырмын. Оқушылардың оқытын оқу құралдары: 1-ші

класс үшін — Бунаковтың әліппесі, мен бастырып шығарған «Қазақтарға орыс тілін оқытуға арналған оқу құрал» мен «Қазақ хрестоматиясының» 1-бөлімі, Бунаковтың оқу құралы, ал орыс тілін тәуірірек білетіндері үшін — Тихомировтың элементарлық грамматикасы, Лубенец пен Евтушевскийдің есеп кітабы; оқушылар, қабілеттілігіне және орыс тілін білулеріне қарай, өзбеттерімен қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне, жазба түрде, ал кейде ауызша, сөз аударарды; 2-ші класс үшін — Бунаковтың оқу кітабы, Пуцекевичтің географиясы, Острогорскийдің қысқаша орыс тарихы; мұнда кейде жеке уақыттар Беллярминовтың жалпы тарихы бойынша түсіндіріледі; Тихомировтың грамматикасы, ал кластың жоғарғы бөлімі үшін — Кирпичников-Гильровтың грамматикасы.

Бұлардың үстіне, оқушылармен кешкісін әңгімелесу үшін және оқып түсіндіріп беру үшін мен мұғалімдерге мына кітаптарды ұсындым: Зобовтың табиғат туралы әңгімелері, Константиновичтің химия жөніндегі әңгімелері, Фигьенің маңызды жаңалықтары мен өнер-табыстары, Сент-Илердің зоологиясы, Гердтің қысқаша минерология курсы, Крюгердің физиканың элементарлық курсы және Реклюдің физикалық географиясы.

### 3

#### *Оқу құралдарының жайы*

Халық мектептерінде оқытылатын ғылымдарды өтуге қажет кітаптардың, оқу құралдарының және карта, глобус, счет сыяқты көмекші құралдарының бәрі де мектептерде жеткілікті, сондай-ақ, оқытушыларға қажет оқу құралдары жағынан да әзір кемшілік сезілмейді. Оқтын-оқтын шығып тұратын баспалардан әрбір мектеп: «Семья мен мектеп» немесе «Халық мектебі» журналын жаздырып алады. Әрбір орталық мектеп жанынан кітапхана ашу үшін (мұны мен 1882 жылғы есебімде баяндағанмын) қазақтардың жыйнап берген 600 сомнан аса ақшасына қазір әртүрлі көмекші көрнекті құралдар алдырғалы жатырмын; бұлар, мысалы, Гестерманның техникалық коллекциясы (зығыр, мақта, жүн, жібек, былғары, қағаз, әйнек сыяқты заттарды өндіру және оларды пайдалану үлгілері, бал арасын ұстау жайы т. б.), ұзын-



дық, ауырлық өлшеу коллекциясы, таразылар, физикалық, химиялық кабинеттер, барометр, микроскоптар, компастар, электр-магнит, істейтін телеграф, сыйқырлы фонарьлар, т. б. Қаражатымызға қарай бұл құралдардың, әрине, арзандау, түсініктілеу болатындары алдырылады. Менің бұларды керек деп тапқан себебім, біріншіден, мысалы, электр сыяқты заттарды жалаң кітаптан түсіндіру оқушыларға олар жайында толық түсінік бермейді, ал екіншіден, қазақтар мектептен тек өздеріне түсініксіз кітаптарды ғана көрмей, мүмкін болғанынша, ғылым мен өнердің үлгілерін де көрсін деген ой еді. Орталық мектептер жанындағы кітапханаларды байытудың амалын қарастыра бермекшімін, сөйте келіп, ерте ме, кеш пе, оларды қазақ халқының кітап оқып, өзбетімен білімін көтерумен шұғылданатын сауатты адамдарының талабын азды-көпті қанағаттандыра алатын дәрежеге жеткіземін деп сенемін. Бұған сенетін себебім — қазақтар мұндай пайдалы іске келгенде тартынбайлы, ал екінші жағынан, Торғай облысының халыққа өкімі жүретін және ықпалы күшті кейбір әкімдері қазақтарға білім беруге ерекше тілектес.

#### 4

#### *Оқу орындарына жұмсалатын қаржының шығатын жері*

Торғай облысының халық ағарту жұмысына мемлекет казначействосынан барлығы — 8 710 сом беріледі; бұдан: Торғай мектебіне — 2 943 сом 50 тыйын, Троицкі мектебіне — 2 731 сом 40 тыйын, Ақтөбе мектебіне — 2 390 сом және Ырғыз мектебіне — 645 сом беріледі, онан соң Ырғыз мектебіне Ырғыздың қалалық қаржысынан 800 сом, қазақ қауымдарынан — 1 400 сом беріледі, Яковлев колөнері мектебі түгелімен қазақтардың есебінен ұсталады; оған осы жылы 1697 сом берілмек. Сонымен, Торғай облысының халық мектептеріне жұмсалатын жалпы шығын — 12 607 сом болып отыр.

#### 5

#### *Мектептердің шаруашылық жағы*

Осы есепті жыл ішінде жүргізген тексеруім бойынша мен мектептердің шаруашылық жағын, жалпы алғанда, қанағаттанарлық деп тауып отырмын. Тек Троицкі мектебінің үйі ғана тарлау, бірақ ол да оқушылардың ден-

саулығына зыян келтірерліктей тар емес сыяқты, ондай қортындыға келетін себебім,— онда айта қалғандай бірде-бір ауру-сырқау болған емес. Бұл үйдің қолайсыздығы туралы мен бұрынғы есептерімде талай рет айтқан едім; бірақ Троицкіде 600—800 сомнан арзан қолайлы пәтер табуға мүмкін емес екенін және Қостанайда мектепке дербес үй салынып жатқанын еске алып, мен бұл мектепті басқа бір үйге көшіруге әзір шара қолданған жоқпын. Оған тағы бір себеп болған нәрсе — мектептің қазіргі үйіне,— шағын да болса 8 бөлмесі бар, бөлек ас үйі, моншасы, сарайы тағы сондай қосалқы жайлары бар үйге, меніңше, шамалы ғана ақы, атап айтқанда 300 сом, төленіп отыр. Оқушылардың тамағы азиялықтардың қалауынша дайындалады, мысалы, таңертең нанмен, шекермен, әркімнің тілегенінше, шай беріледі, сағат екіде, ішінде үлкен бір кесек еті бар қою кеспе беріледі, ал, кешке, сағат 6—7 шамасында, нанмен, шекермен шай беріледі, ал кейбір мектептерде май салған ботқа және нан беріледі. Парта, тақта, стол сыяқты оқу мүліктері және ас пісіретін үйге, асханаға керекті аяқ-табақтардың және басқа да ыдыстардың бәрі де барлық мектептерде молынан жеткілікті.

*Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметін атқарушы*  
*И. АЛТЫНСАРИН.*

*Қостанай қаласы.*



1883 жылы Торғай облысы басқармасының қарамағындағы мектептердің ведомості

Тікелей халық ағарту министрлігіне қарайтын мектептер	Мектеп саны								Мектеп үйлерінен 1883 ж. 1 январьға	
	1 январьға		1 январьға		Ашылғаны		Жабылғаны		Мектептің өз үйі	Жалдап алған үй
	1883 жыл	Олардың жаңындағы қолөнері класс саны	1884 жыл	Олардың жаңындағы қолөнері класс саны	1883 жыл	Олардың жаңындағы қолөнері класс саны	1884 жыл	Олардың жаңындағы қолөнері класс саны		
Екі кластық селолық мектептер . . . . .	3	—	3	—	—	—	—	—	2	1
Бір кластық селолық мектептер . . . . .	1	—	1	—	1	—	—	—	1	1
Тікелей халық ағарту министрлігіне қарайтын барлық мектептер . . . . .	4	—	5	—	1	—	—	—	3	2

283

*Ескерту.* Осы есепті жыл ішінде ашылды деп отырған мектебіміз, Торғай қаласында ашылған Яковлев қолөнері мектебі.

*Мектеп инспекторы И. Алтынсарин.*

*Қостанай қаласы.*

**1883 жылы Торғай облысы басқармасының карамағындағы  
мектептердің оқытушылары туралы ведомость**

	Дін оқытушы- лары	Оқытушылары	Оқытушы әйелдер	Барлық оқыту- шылар	Оларды дініне қарай бөлгенде			
					Православ- ныйлары	Рим-като- ликтері	Протестант- тары	Басқалары
Екі кластық мектептерде .	5	6	—	11	6	—	—	5
Бір кластық мектептерде .	1	4	—	5	2	—	—	3
Халық ағарту министрлі- гіне қарайтын барлық мектептерде . . . . .	6	10	—	16	8	—	—	8
Барлығы . . . . .	6	10	—	16	8	—	—	8
Жоғарғы оқу орындарын бітіргендер . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
Оқытушылар семинариясын бітіргендер және арнау- лы дайындығы және бі- лімі барлар . . . . .	2	6	—	8	8	—	—	—
Орта дәрежелі оқу орында- рын бітіргендер . . . . .	—	1	—	1	—	—	—	1
Оқытуға правосы жоқтар .	4	3	—	7	—	—	—	7
Тегін оқытушылар . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
Айына 50 сом алатындар .	—	—	—	—	—	—	—	—
50 сомнан 100 сомға дейін алатындар . . . . .	5	—	—	5	1	—	—	4
50 сомнан 150 сомға дейін алатындар . . . . .	1	2	—	3	1	—	—	2
150 сомнан 200 сомға дейін алатындар . . . . .	—	—	—	—	—	—	—	—
200 сомнан 300 сомға дейін және одан жоғары ала- тындар . . . . .	—	8	—	8	6	—	—	—

*Мектеп инспекторы И. Алтынсарин.*

*Қостанай қаласы.*

Торғай облысының оқу басқармасы бойынша 1883 жылы жұмсалған қаражаттың ведомості

Тікелей халық ағарту министрлігіне қарайтын мектептер	1888 жылы түскен ақша							1883 жылы жұмсалғаны	Кітаптар мен оқу құралдар алынғаны	
	Мемлекет казначействосынан	Земстволардан	Қалалық қауымдардан	Селолық қауымдардан	Жеке адамдар мен қауымардың берген ақшасы		Оқуға төлеуден			Барлығы
					Үнемі беретіні	Бір жолғы беретіндер				
Екі кластық селолық мектептер . . . . .	6 320	—	800	1 400	—	560	—	9 080	8 836,47	658,70
Бір кластық селолық мектептер . . . . .	2 390	—	—	1 300	—	109	—	3 799	3 792,26	268,28
Барлығы . . . . .	8 710	—	800	2 700	—	669	—	12 879	12 628,73	926,98

Торғай облысы мектептерінің инспекторы И. АЛТЫНСАРИН.

Қостанай қаласы.

**V ТАРАУ**

**ЭТНОГРАФИЯ  
ЖӨНІНДЕГІ  
ЕНБЕКТЕРІ**





## ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӨЛГЕН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ОҒАН АС БЕРУ ДӘСТҮРІНІҢ ОЧЕРКІ <sup>1</sup>

Өлген адамды казактар әдетте үш-төрт сағаттан артық, ал көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамайды; сол сағатта өлген адамның үйіне төңіректегі ауылдың молдалары шақырылады; олар шақырысымен тез келіп жетеді. Шариғат бойынша өлікті арулап жуып, жаназасын оқып көмгеннен кейін, оның көйлек-көншектері және де басқа киім-кешектері кедейлерге беріледі, содан кейін молдаларға садақа үлестіріледі, бұл садақа — ысқат деп аталады. Ысқат, казактардың түсінігі бойынша, молдаларға, шариғат заңы арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнасын сату деген сөз. Мұхамбеттің шариғаты бойынша ысқат — өлген адамның тірі күнінде, балиғыға жеткен кезінен бастап, күніне бес рет оқылатын намаздың оқылмай қалған қазалары үшін және рамазан айын (мұсылмандардың ораза ұстайтын айының аты) оразасыз өткізгені үшін құдай жолы (садақа) түрінде кедейлерге берілуге тиіс. Бірақ осы шариғат бойынша: «Өлген адамның күнасын көтеру», яғни өлік басында — «көтердің бе?» — «көтердім» деп уәде беру міндеті, — молдаларға жүктелмеген; мұндай сөздерді молдаларға казактардың өздері айтқызады. Шариғат бойынша өлген адамның тірі кезіндегі әрбір

<sup>1</sup> Осы еңбек 1870-жылы шыққан Россияның географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің 1-санды запискасында басылған.— Ред.



күніне 30 қадақ бидайдан, ал рамазан айының әрбір күніне 35 қадақ бидайдан,— небәрі 365 күнге — 277 пұт 20 қадақ бидай ысқат берілуі керек. Бұл бидай жергілікті баға бойынша ақшаға шағылады. Ақша малға аударылады, мал келіп молдаларға үлестіріледі. Ал енді, бұл есеп бойынша өлген адамның үйінен өте көп мал немесе ақша шығару керек болатын, оны төлеуге кей адамның бүкіл мал-мүлкі жетпейтін болғандықтан, әдетте, молдалар, әйтеуір, қайткен күнде де шарифат талабын сақтау үшін ысқатқа шығарылған малды аса қымбат бағалайды, мысалы, 20 сомның жылқысын 100 сомға не онан да жоғары бағалайды, осы баға бойынша ысқат малын алады. Бұл дәстүрді қазақтар былайша орындайды: өліктің бір жағында, басына таман, оның баласы не туысқаны отырады, ал екінші жағында, қолына құран алып, молда отырады. Сонан, өлген адам, жоғарыда айтқанымыздай, балиғыға жеткеннен бері (күйлі адамның балаларын 13 жастан, кедей балаларын 15 жастан бастап есептегенде) неше жас жасаған болса, өлген адамның туысқаны молдаға құранды өлік үстінен сонша рет беріп: — «Әкемнің, ағамның, не сондай бір туысқанымның күнасын қабыл етесін бе?» — деген сұрақ қойып отырады. Молда, құранды ала беріп, — «қабыл еттім»<sup>1</sup> деп жауап қайырып отырады. Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады; беттерін тырнап, қан қылады; бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі. Сонан кейін, Мұхамбет заңы бойынша, молдалар өлік басына келіп, жаназа оқыйды. Жаназадан кейін өлік бейітке апарылады.

Бейіт ауыл төңірегіндегі ең биік жердің үстінен қазылады, ал оның үстіне салынатын ескерткіш алыстан көрінетін болуы үшін, мүмкін қатары биік етіліп жасалынады; еркектердің ескерткішінің төбесіне — найза, әйелдердің бейітінің үстіне — бақан немесе піскек, ал балалардікіне — бесік, қойылады. Бұл бейіттерді жергілікті

---

<sup>1</sup> Шарифат бойынша өлік үстінен құран емес, өлген адамның бір қымбатты заты берілуі керек. Бұл ретте молдаға; «осы марқұмның оқый алмай кеткен намазы, ұстай алмай кеткен оразасы үшін кешірім жасауға оның осы затын аласың ба?» — деген сұрақ қойылады. Молда: «аламын» деп жауап беруі керек. Қазіргі кезде қазақтарда ысқаттың осы заңды тәртібі көбінесе сақталып отырады (И. Ал.).

қазақтардың бәрі де жақсы біледі; елсіз, жолсыз ендалада келе жатқан жолаушыға ол бейіттер жөн сілтейтін белгі болып табылады; өйткені қазақтар бейітке қарап бара жатқан бағытын түзейді де даңғыл жолдың үстіндегі жолаушылар сықылды жүре береді. Өлген кісіні жерлейтін орынды қарастырғанда, оның бейітінің суға жақын болу жағы еске алынады, өйткені, жүргіншілердің сол бейітті бағдарлап су тауып ішу мақсаты көздері тіріледі.

Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына кара жамылады. Өлген кісінің әйелі, оның қызы, апа-қарындастары және ауыл әйелдері күн сайын (ас бергенше), таңертең тұрады да, керегенің көзіне беттерін беріп отырады, содан кейін үш-төрт сағат уақыт бойы өлеңге қосып дауыс шығарады, — бұл «жоқтау» деп аталады. Бұл жоқтау өлеңде марқұмның өзі, оның тірі кезіндегі істеген істері мақталады, оның қайтыс болғандығы, үй-ішінің және туған-туысқандарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі. Бата оқып келген қонақтардың алдында өлген адамның өмірі туралы жоқтау айту — оның қызына немесе, егер жас болса, оның әйеліне тапсырылады. Ал егер бұлар өз жанынан жоқтау өлеңін шығарып айта алмайтын болса, онда өлең шығара білетін басқа біреуден үйреніп, жаттап алады.

Бата оқу үшін өлген адамның алыста тұратын ағайын-туғандары, дос-жарлары, тамыр-таныстары келеді. Келген адамдар, өздерінің дәулетіне қарай, өлген адаммен көңілместігіне қарай, ысқатқа, жерлеуге шығарылған шығынның орнын толтыру үшін екі, үш, жеті не он шақты жылқы немесе түйе жетектеп келеді, бұл «аза» деп аталады. Келушілерді өлген адамның туысқандары зор құрметпен қарсы алады, ал әйелдер жоқтау айтып қарсы алады; жоқтау, қонақтар біраз уақыт тындап, құран оқуға кіріскенге дейін созыла береді, құран оқылған кезде басылады.

Өлген адамның ер-тұрмандары, киімдері, қару-жарақтары және басқа жақсы заттарының бәрі үй ішінде ілулі тұрады; үйдің сол жағына ұшы сыртқа шығарылған ұзын найза қойылады. Найзаның ұшына үлкен орамал байланады. Егер өлген адам жас болса — қызыл, орта жастағы адам болса — кара, карт болса — ақ орамал байланады. Мұның мәнісі — бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргіншілерге білдіру. Бұл заттардың бәрі кейде бүкіл жыл бойы сол қал-

пында тұра береді. Қырық күн өткен соң — қырқы, жыл толғаннан кейін — асы беріледі.

Бір ай бұрын төңіректегі және алыстағы ауылдарға ас берілетін күн туралы (астың сауыны айтылып) хабар беріледі. Асқа қатысқысы келетіндер бәйгіге қосу үшін аттарын жаратуға тиіс болады. Тағайындалған мерзімде, ауылдың қасына толып жатқан қаз-қатар киіз үйлер тігіледі, содан кейін келушілерді қонақ ету үшін астың малы сойыла бастайды.

Бай қазақтардың асы ас берушіні көп шығынға ұшыратады; мысалы, менің өзім білетін бір байдың асында 100 ге жуық жылқы, одан әлдеқайда көп қой сойылды, 30 пұт күреш асылып, оның үстіне 10 пұт мейіз салынды, келген қонақтардың көптігі сонша, олар 200 киіз үйге орналастырылды, асқа қосылған аттардың бас бәйгісіне 40 жылқы, 4 түйе тігілді<sup>1</sup>.

Қонақтарға тігілген үйлерге кілемдер төселіп, көрпелер жайылады; шақырылған адамдардың бәрі осы үйлерге келіп орналасады. Асқа келген әрбір құрметті қазақ саба-саба қымыз әкелуге тиіс; жасы үлкен адамның әкелген сабасы сондай жасы үлкен қарт адамдардың алдына қойылады. Қонақасы берген кезде әрбір қазаққа, оның құрметтілігіне қарай еттің тиісті сыбағалы мүшесі тартылады, атап айтқанда: қарттар мен молдаларға — бас тартылады, оның бір құлағы балаға беріледі; сұлтандар мен жалпы құрметті адамдарға — жая, қабырға, бір кесек бауыр және құйрық тартылады. Ішек-қарын ауыл әйелдеріне беріледі. Мойын малшыға беріледі. Сыйрақтары мен бүйректері балаларға беріледі. Бұл дәстүрлер сақталынбаса, қонақтар қатты зәбірленіп қалады.

Ет, палау жеп, қымыз ішіп болғаннан кейін жыйналған жұрттың бәрі ат шабысты қарау үшін қырға шығады. Бұл арада, ат бәйгіден келгенше, күрес басталады; күресте жыққан адам азын-аулақ бәйгі алады. Бәйгіде аты озып келген адам мен күресте жығып шыққан адам бәйгілерін түгел ала алмайды; бәйгіні олардың туысқандары, таныстары үлесіп әкетеді. Сондықтан, кейде аты озып келген адам мен күресіп жыққан адам, тек жеңістің даңқына риза болып қала береді.

Бәйгіден кейін қонақтар тарайды, өлген адамның үйіне ілініп қойылған заттардың бәрі жыйналып алынады,

---

<sup>1</sup> Кейде бұдан да көп бәйгі тігіледі, ал бұрынғы заманда бәйгіге, басқа мал-мүлікпен қатар, күндер де берілген (И. А.)

ұшына белгі тағылған найза сындырылады; өлген адамға молда құран оқығаннан кейін, өлген адамның әйелінің басындағы қара орамал алынады, сөйтіп бәрі де дағдылы қалпына келтіріледі.

Ас тек ер адамдарға ғана беріледі; ал егер әйелдерге беріле қалса, қонақасыдан басқа жоғарыда айтқанымыздай, бәйгі, күрес және де басқа қызғылықты сән-салтанаттар көрсетілмейді және үйге әйелдің қайтыс болғандығы жөнінде белгілер де қойылмайды. Балиғыға толмай өлген балаға, жоғарыда айтылғандай, жаназа оқып жерлеуден басқа, ешқандай ас беру деген болмайды.

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1870 жыл*




ЗАПИСКИ  
ОРЕНБУРГСКАГО ОТДѢЛА  
ИМПЕРАТОРСКАГО  
Русскаго Географическаго Общества

---

ВЫПУСКЪ ПЕРВЫЙ

---

1870.



КАЗАНЬ

Въ университетской типографіи

1870

Сыртқы беті

---

## ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰДА ТҮСУ, ҚЫЗ ҰЗАТУ ЖӘНЕ ТОЙ ЖАСАУ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ОЧЕРКІ<sup>1</sup>

Қазақтардың өзара қоғамдық қатнастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде, өздерінің достығын жегжат болып нығайтқысы келген адамдар, бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді. Бұл әдет қазіргі уақытта қалып барады, мұны көршілес халықтардың бірқатар ықпалының нәтижесінен (олардың ықпалы бұл жағынан өте аз) деуге болар еді. Бірақ, солай бола тұрса да, бұл әдет көп реттерде әлі күнге дейін бар. Екі-үш жасар ұлы бар дәулетті қазақтың қай-қайсысы болса да, баласына өзі сықылды дәулетті және беделді біреудің қызын айттыруға тырысады. Баласы 10—11 жасқа толысымен-ақ, оның ата-анасы тиісті кәдесін беріп, қалыңдығына ұрын жібереді. Баласын өзінің күйіне және жалпы жағдайына қарай жасы толмай тұрып та, жасы толғаннан кейін де үйлендіре алады, бірақ көбінесе, балиғыға жеткенше үйлендіріп қояды. Ауқатты қазақтар баласын 11—12 жасында-ақ үйлендіре береді; ал енді мынадай реттерде, мысалы, біреудің жалғыз баласы болса, сондықтан ол, қазақтарша айтқанда, «баласына келін әперіп, қызығын көргісі келсе» онда баласын 8—9 жасында үйлендіре салады. Сол сыяқ-

---

<sup>1</sup> Осы еңбек 1879-жылы шыққан Россияның географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің 1-санды запискасында басылған.—Ред.

ты, осындай реттерде он жастағы не одан да жас кызды да күйеуге бере береді. Онансоң, кейде он жасар бала, алды 7—8 жасқа келген балалары бар әйелге де үйленіп қалады. Бұл, әдетте, баланың ағасы өліп, оның артында әйелі қалған жағдайда кездеседі. Мұндай жағдайда әйел әменгерлік дәстүр бойынша, өлген күйеуінің туған інісіне тиеді, ал егер оның туған аға-інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне күйеуге тиюге тиіс. Ал егер өлген кісінің жесірді алатын жас туысқандары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) кейде алпыс немесе жетпіске келген шалға тиюге тиіс. Қазақтардың жалпы неке шарты бойынша жесір әйелдің екінші ерімен жас айырмашылығы да, оның тілегі де, сол сыяқты басқа дәлелдері де есепке алынбайды. Әменгерлердің мұндай правосына басқа рудың адамдарының қандай да болса қол сұғуы бітіспес дау туғызады, мұндай араздықтың түбі, кейде кісі өліміне апарып соқтырады<sup>1</sup>.

Әйелінен айырылып қалған қазақ екінші әйел ала алады, алғанда екінші қайын атасына айып төлеп алады, бұл айыптың белгілі мөлшері жоқ, бірақ солай бола тұрса да, көбінесе, қымбатқа түседі. Қазақ кызы әйелі өлген адамның айттыруын өзіне кемшілік деп санайды. Ондай күйеу — «үйі сынық» деп аталады, бұл оның күйзелгенін көрсетеді. Мұндай жағдайларға карамастан қазақ байларының көбі бірнеше қатын алады. Бұл көп қатын алудың себебі, діннің жол беруін былай қойғанда, мынадай себептерден де болады: әйелін өзі сүйіп алмай, ата-аналарының қосуды бойынша алған қазақтар, мұндай әйелінен өзі сүйетін қасиетті әрқашан таба бермейді, осының салдарынан ондай ерлі-зайыпты адамдардың арасы сұйды, шығысалы. Соған кейін, күйі көтерсе, ол екінші әйел алады, бұрынғы әйелін де өзіне қалдырады<sup>2</sup>.

Егер екінші әйелі жөнінде де қателескен болса, онда ол өзін-өзі мұнысына ыза болып, кейде, үшінші әйел алады. Онансоң, көп қатын алуға тағы басқа да, қазақтар-

---

<sup>1</sup> Жесір дауы деген зор дау: ол дауға правосына қол сұғылған қазақтың момындығы да, іс қозғауға оның ойының жоқтығы да бөгет бола алмайды. Шет адамның мұндай ретте қол сұғуы жәбірленген адамның бүкіл руына қорлық болып есептеледі, сондықтан бұл іске оның барлық руы жұмылады. Сонымен, қарсы жақтың мұндай зәбір беруден бастартпауы екі жақтың ру араздығын туғызады. Оның соңы барымтаға не тіпті ашықтан-ашық ұрысқа апарып соқтырады (И. А.).

<sup>2</sup> Әйелін өз еркімен қоя беру қазақта еркектер үшін лайықсыз іс деп саналады, жұрт ондай адамды күлкі етеді (И. А.).



дың ойынша, өте маңызды, мысалы, әйелінің мұрагер болатын ұл таппауы сыяқты, себептер де болады. Қазақтарда өздерінің көп қатын алуларының мақсатын айтпай-ақ түсіндіретін бір мақал бар. Оны орысшаға аудармай-ақ қазақ тілінде жазайын: «Байтал көп болса, құлын да көп болады»<sup>1</sup> дейді қазақтар.

Даңқты қазақтар әрқашан өзін-ақ баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпте алысты болжағандық бар екенін, өйткені, қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының өте күштілігіне қарағанда (би деген атақ қазірде де бар), жауласып отырған рулардың басты адамдарының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара татуласуына себеп болды деуге болады. Қазақ арасында қазір берік орын теуіп отырған әдет, атап айтқанда, өзін-ақ сегіз атадан жақын туыскандарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін, осы себептен енгізілген болар.

Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхамбеттің заңы тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұқсат етеді. Бұл қазақтан басқа мұсылмандардың бәрінде де бар.

Екі-үш қатыны бар қазақтардың ең алғашқы үйленген әйелі бәйбіше деп аталады. Оны ері де, басқалар да сыйлауға тиіс. Барлық үй шаруашылығын басқару ісі соған жүктеледі. Қалған әйелдері тоқал деп аталады. Осы аттан қазақтардың оларды онша көп сыйламайтындығы көрінеді, солай бола тұрса да олардың көбі ерінің сүйікті жары болып табылады.

Дәулетті қазақтар әрбір әйелін жеке үйге, тіпті, бөлек ауылға қояды. Бірақ, көпшілігі бір үйде-ақ тұра береді.

Баласына қалың бергісі келген ата-ана, құда болғысы келген адамның үйіне өзін-ақ екі-үш жақын адамдарын жіберіп, құда болу жөнінде сөз салғызады. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сөйлесіп келіседі. Дәулетті адамдардың беретін қалыңмалы, басқаша айтқанда, қарамалы, әдетте, келісуіне қарай, ірілі-уақты 47 жылқы

---

<sup>1</sup> Мұны В. Н. Плотников орысшаға: «Если много будет кобыл, то и жеребят будет много» деп аударған екен (И. А.).

болады. Қалыңмалдың мөлшері жөнінде мынадай бір өзгешеліктер бар: Кішіжүзде (бұрынғы Орынбор облысы қазақтарының батыс жағы мен орта жерінде) қалыңмалға 50 жылқы (бес жыйырма) беріледі. Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оның үстіне, қалыңмалмен қабат, бесжаксы туралы да келісіледі. Бесжаксыны қалыңдығының сәукелесіне арнап, күйеу беруге тиіс. Ең бай қазақ бесжаксыға 500—600 сом береді, орта дәулетті адам 200—300 сом береді, мұндай кәде, көбінесе, ақшалай төленеді.

Екі жақ сөз байласқаннан кейін, сөз салуға жіберілген адамдар ауылына қайтады. Осыдан кейін, көп кешікпей, күйеубаланың ата-анасы оның қайын атасының үйіне, жоғарыда айтылған шартты әбден бекіту үшін, 5—10 адамнан құралған құдашылар жібереді. Құдалардың келе жатқан хабарын есітіп қалыңдықтың ата-анасы ауылдан оқшаулау бір жерге үй тігеді де, оның ішіне кілем жайып, көрпе төсеп, көпшіктер қояды; қонақтар сол үйде қабылданады, бірақ мұның өзгеше салты болмайды.

Ертеңіне құдалар айттырылып отырған қыздың әкесінің үйіне шақырылады. Бұл арада мынадай бір қызық әдет болады.

Қонақтар қалыңдықтың үйіне шақырылғанға дейін бір топ әйел жыйналып, сұйық қамыр әзірлейді, балшық әкеледі, оның бәрін жеке табақтарға салып қояды, бірнеше жаулық, арқан дайындап қояды, үйдің жанында өгіздер байлаулы тұрады. Бірнеше әйел әлгі айтылған балшық, қамырларын қолдарына алып, есіктің жанында көрінбей тұрып алады, содан кейін үйге құдалар шақырылады. Бұлар келіп табалдырықтан аттай бергенде, жасырынып тұрған әйелдер, қапылыста бассалып, біреулері құдалардың бетіне қамыр жағады, екіншілері балшық жағады, содан кейін күштеп бастарына жаулық тартады, теріс қаратып өгізге мінгізеді, сөйтіп таңып тастайды да, өгізді далаға қарай қуып ала жөнеледі. Осыған әбден күлісіп алғаннан кейін екіншісіне кіріседі. Арқанның бір ұшын шаңрақтан өткізіп алады да, екінші ұшына, бет-аузы қамыр-қамыр, балшық-балшық болған құдалардың біреуін байлап, арқанның ана ұшынан тартып, байғұс құданы шаңраққа салбыратып іліп қояды. Шаңрақтан түсіріп алып балшыққа аунатады, апанға салады, тағы сондай әзілін істейді.

Құдалардың мұндай түріне қарағанда, мысалы, өгіз-

дің үстіне таңылған құданы өгіз тулап жығып кеткенін көргенде, шынында да, ішек-сілең қатады, сақалы желпілдеген еркектің басына жаулық тартқан кезде, тіпті күлкінді тыя алмайсын. Бірақ мұның бәрі бейшара құдаларға қандай болып тиетіндігін ешкім ойламайды.

Ақырында мұның бәрі аяқталып, құдалар қалыңдықтың үйіне шақырылады. Осы арада оларға кәде беріледі. Бірінші, ең бағалы кәде күйеудің әкесіне беріледі, екінші кәде сол ауылдың үлкеніне беріледі, сонан кейінгісі келген қонақтарға үлестіріледі. Кәденің бағалы болуы берушінің көңіліне, мырзалығына байланысты; бірақ, көбіне, оның бағасы бесжаксының сомасына теңелуі керек. Көбінесе, бесжаксының өзі де кит кигізудің есебінен күйеудің ата-анасына қайтарылып беріледі.

Құдалар аулына қайтқаннан кейін, күйеудің әкесінен кәде, қалыңмал, бесжаксы алу үшін енді ол ауылға қалыңдықтың әкесінің өзі барады, немесе өзінің орнына баласын, не туысқанын жібереді.

Ауыл адамдары күйеудің аулына келген қонақтарды да қалыңдықтың аулында болған тәртіппен, сондағы әзілмен қарсы алады. Барған құдалар қалыңдықтың аулында қандай келемежге ұшыраса, күйеудің аулына келген құдалар да нақ сондай келемежге ұшырайды.

Келген қонақтар, қазақтардың дәстүрлі тойынан кейін, қалыңмал алуға кіріседі, егер қалыңға арналған малдың ішінде ауру, не басқа бір кемшілігі бар мал болса, ондай мал қалыңмал қатарынан шығарылады, оның орнына басқа мал қосылады. Күйеудің әкесінің беретін кәделері, бұл сапар, қалыңдықтың әкесінен алынған кәделерден, бағасы жағынан алып қарағанда, кем болады, бірақ қалыңдықтың әкесінің шеккен мұндай зыяны басқа бір реттермен өтеледі.

Алғашқы құда түскеннен кейін екі-үш жыл өткен соң күйеудің ата-аналары күйеуді қымбатты кәделермен қалыңдығына жібереді,— бұл кәде «ілу» деп аталады. Бай адамдардың беретін ілуі, орта есеппен, 40—50 жылқы болады. Ілумен бірге және басқа да заттар — әртүрлі жібек, шұға, шыт сыяқты (әйелдерге үлестіру үшін) жіберіледі; бұл кәделер «жыртыс» деп аталады. Жыртыстың бағасы 200 сомға дейін барады.

Күйеу қайнына барғанда мүмкін қатарынан жаксы киінуге, ер-тұрманы сай жаксы ат мінуге тиіс, атқа салынатын ер-тұрман таза күміспен не, ең болмағанда, күміс жалатқан заттармен әшекейленуге тиіс. Күйеу ба-

сына бөрік кимеу керек, өйткені бөрік оның бетін түгел жаба алмайды, ал қазақтың әдептілік тәртібі бойынша, сондай жағдайда, күйеудің беті түгел көрінбеуі керек, сондықтан ол бөріктің орнына, бұл жолы, оқалы<sup>1</sup> тымақ киюге тиіс. Күйеудің жанында үш-төрт жолдасы болады, олардың жасы үлкені кәде үлестіру сыяқты шаруашылық жағын басқарады. Бай күйеудің жолдасының ішінде әнші, күлдіргіш, сықаққой адамдары да болады.

Күйеу қалыңдықтың аулына келген соң қайындары шығып, ілуге әкелген малын көреді, егер оны аз деп тапса, немесе мал басында кемістік бар деп тапса, күйеу байғұсты ауылға түсірмей, кейін қайтарып жібереді. Күйеу қайын атасына оның көңіліндегідей ілу әкелуге тиіс, тек сонда ғана ол көңілді-құрметті түрде қарсы алынады.

Ашық түрде рұқсат етілген тәртіп бойынша келіп, қалыңдығын ең алғашқы рет көруге келген күйеу, шаруашылық жағынан қаншама есебіне жетік болсадағы, қалыңдығын көруге өте ынталы болғандықтан, қайын атасының<sup>2</sup> арсыз-ұятсыз талаптарына, көбінесе, еріксіз көнеді. Ақырында, аларын алып, көңілі тынған қайын атасы, күйеудің ауылға келіп түсуіне рұқсат етеді.

Ауылдан екі шақырымдай жерге шатыр тігіледі, оған төңіректегі ауылдың, күйеуді қарсы алуға шақырылған әйелдер жыйналады. Шатырға қарай келе жатқан күйеу мен оның жолдастары, әйелдер шатырдан шыққан кезде тегіс аттарынан түседі. Әйелдер жақындап келген кезде, күйеу бас иіп, тәжім етеді. Сонан кейін қалыңдықтың жақын туыскандары оны қолтықтап, жолдас-жораларымен бірге, күйеуге арнап тігілген, кілем төселіп, жақсы төсек салынған шатырға әкеліп кіргізеді. Осы арада күйеу жолдастарының үлкені — отағасы әкелген кәделерінің бірқатарын әйелдерге үлестіреді: қалыңдықтың туыскандарына бүтін бір кесек матадан, басқаларына бір кезден, екі кезден әртүрлі мата береді, қалыңдықтың туысқан-

---

<sup>1</sup> Күйеу қайын атасына, қайын енесіне, қайын ағасына және қайын атасының жасы үлкен тумаларына неке қыярға дейін жүзін көрсетпеуге тиіс, сондықтан олармен әлдеқалай кездесіп қалған кезде жасырынып қалуы не қашып кетуі керек (И. А.).

<sup>2</sup> Күйеудің алғашқы ұрын келуден бұрын қалыңдығымен көрісуіне қатты тыйым салынады. Егер қайындары ондай көрісуді сезіп қалса, онда күйеу сау кете алмайды, — қайындары оған айып салады, немесе, қолға түсіп қалса, сабап жібереді (И. А.).

дарының қыздарына көрімдік деп аталатын аса құнды кәделер беріледі. Екі тоғыз, яғни тоғыз-тоғыздан екі бөлек зат қайын атасына жіберіледі, онымен қатар, оған күйеудің әкелген аты ер-тұрманымен жіберіледі. Егер ол ат пен ер-тұрман ұнаса, қайын атасы алып қалады, ал ұнамаса, күйеуден ер-тұрманы сәнді жақсы ат талап етеді. Бұл осы жолы берілмесе де, қайын атасының көңілі толғандай етіліп, кейінірек беріледі.

Оған дейін қалыңдықтың ауылында мал сойылып той басталады. Ат шабыс, күрес, алтын қабақ ату сықылды қызғылықты сауықтар жасалады, домбыра тартылып, өлең айтылады, күйеуді, қалыңдықты және олардың ата-аналарын мақтаған жырлар жырланады, осынысы үшін акындар сыйлық алады.

Бұл кездерде күйеу басқа қыздармен, келіншектермен үнемі шатырда отырады, бірақ мұның ішінде, қалыңдығы болмайлы. Олардың қай-қайсысы болса да күйеуден тәжім етуді талап етуге праволы, рұқсат етілмей тұрып күйеу орнына қайта отыра алмайды. Әдетте әйелдер күйеуді ұзақ уақыт түрегелгізіп қояды, тәжім етуін талап етеді, ал егер күйеу мұны орындамаса, онда олардың кез келгені күйеуді шапалақпен тартып жіберуге не итеріп жіберуге толық праволы. Егер күйеуге бұл да әсер етпейтін болса, онда әйелдер ұрыс-керіс шығарып, тарап кетеді; мұның соны жаманға айналады, мысалы, қайын атасы күйеуді қуып жіберуі мүмкін. Ал қазір осы дәстүр кейбір аңғарғыш казактардың арасында қалып барады. Күйеудің бұл арада көретін бар қызығы — қалыңдығының аулында болған осы күндерінің бәрінде ол, жалпы алғанда, күйеуге тілектес қыздардың арасында болады.

Күн кешке айналып, түн болады, қалыңдықтың ата-анасы әдеттегісінен ерте жатады; ал әйелдер қалыңдықты қасындағы басқа бір ауылға алып кетеді (бірақ күйеуге әзір жолатпайды).

Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына күйеу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс, бұл кәле «қызқашар» деп аталады. Осы үйде жұрт екі топқа бөлінеді. Оның бірі кәдеге жалданылып алынған, күйеу жағын жақтайтын топ та, екіншісі қалыңдық жағын жақтайтын топ. Соңғы топ қалыңдықты жасырып қояды. Күйеу жағы оны іздеп тауып алған кезде тартыс басталады. Бұл тартыстағы қалыңдық жағының мақсаты қалыңдықты қорғап, бермей қалу да, күйеу жақ топтың мақ-

саты қалыңдықты тартып алу болады. Ақырында біреулерінің қолы жараланып, біреулерінің бет-аузы даладай қан болып, киімдері жыртылғаннан кейін, әдетте, әрқашан күйеу жағы жеңеді, олар қызды тартып алып, оны жеңгелерінің қолына береді, жеңгелері қызды күйеуге алып барады.

Ауылда осы тартыс болып жатқан кезде, күйеу шатырдан қайын атасының үйіне апарылады. Қайын атасы мен қайын енесі бұл кезде, жоғарыда айтқанымыздай, ұйқтап қалулары керек.

Үйдің сол жағына, есікке таман күйеуге жақсы төсек төселіп, жібектен не басқа бір бағалы матадан жасалған шымылдық құрылады. Күйеу келіп, табалдырықтан аттай бергенде оған үш рет тәжім еткізеді де, үй ортасында жанып тұрған отқа әкеліп, қолына сұйық май құйылған темір бақыраш береді. Күйеу бұл майды отқа құяды. Май жалындап жанған кезде, кемпірлер от басына келіп, әуелі жалынға қолдарын тигізеді, сонан кейін маңдайларын, төстерін сыйпап тәубе етеді. Бұдан кейін күйеуді төсегіне отырғызып, тамақ береді, ақырында шет адамдардың бәрі кетіп қалады.

Қалыңдықты күйеуге алып келген кезде, әйелдер мынадай ырымдар істейді. Есік алдына келіп, өтірік өліп бір кемпір жатады. Күйеу оған азғана кәде береді, бұл кәде — «кемпір өлді» деп аталады. Төсек жанында ит болып, қалыңдықты төсекке жібермей тағы бір кемпір жатады. Оны қойғызу үшін және оны ол жерден кетіру үшін күйеу оған «ит ырылдар» деп аталатын кәде береді. Кемпір осы кәдеге риза болады да, үйден шығып кетіп қалады. Одан кейін жеңгелері қалыңдықты күйеуге алып келіп, оны күйеудің қасына отырғызады. Осы арада бір әйел олардың көрпесінің шетін көтеріп, жабайын деп отырғансыйды, ол үшін ол «көрпе қыймылдатар» деген кәде алады.

Осыдан кейін күйеу мен қалыңдық бір төсекке жатады<sup>1</sup>.

Күйеу қайын атасының аулында үш күндей болып, өз аулына қайтады. Қайтарында қайындары оның үстін-

---

<sup>1</sup> Бұл арада бір ескерте кететін нәрсе — Мұхамбет діні неке қыймай тұрып, күйеу мен қалыңдықтың бірге жатуына қатаң тыйым салады. Бірақ қазақтардың бұл жөнінде өз дәстүрі бар, сондықтан күйеудің жоғарыда айтқанымыздай, қалыңдығымен бір жатуына ешбір кедергі жоқ (И.А.).



дегі киімдерін сыпырып алып, оның орнына шамалы киімдер кигізеді.

Сонымен, некелері қыйылып қосылғанша, күйеу, әйелдерге үлестіретін азды-көпті бағалы кәделер алып, қалыңдығына келіп-кетіп жүреді. Күйеу болып көрген қазақтардың бәрі дерлік неке қыйылғанша қалыңдығына осылайша келіп-кетіп (қалыңдық ойнап.— Ред.) жүрген уақытын өз өмірінің ең қызықты, ең жақсы дәуірі деп есептейді.

Күйеу қалыңдығына ұрын келіп кеткеннен кейін, қалыңдықтың ата-анасы көптеген кілем, шапан, ішік сықылды жасау әзірлей бастайды, зергерлерге сәукеле жасатады. Мұны келіншек бір жылдай киіп жүреді. Әкесі әзірлейтін басты-басты жасаулардан басқа, шешесі өзінің сүйікті қызына, әкесінен жасырып білезік, сырға, көйлек сыяқты заттар әзірлейді.

Барлық қыздардың да жасаулары бірдей бола бермейді. Мысал үшін бұл жерде өзім білетін бір байдың берген жасауын айтып өтейін. Ол қызының жасауына: үй және жасау артатын 25 түйе, кәнауыздан, жібектен, жай маталардан тігілген 125 шапан, 50 кілем, оның 20-сы үлкен, қымбат кілемдер де, қалғандары орташа кілемдер; 25 ішік, оның біреуі жанат ішік, 10 түлкі ішік, қалғандары қарсақ, қасқыр ішіктер, бәрі де мауытпен, жібекпен тысталған; 300 сомдық отау, 5 ат, оның екеуі қызы мінетін жорға, жүз сомдық ат-тұрман, төсек-орын, бірнеше көрпе, көйлектер берді, бұлардан басқа тағы да, бағасы ең кемі 400 сом тұратын, аяқ-табақ, киіз сыяқты шаруашылық заттар берді.

Қалай болған күнде де ұяты бар, ауқатты қазақтардың жасауға беретіні оның алған қалыңмалынан және күйеудің берген кәделерінен<sup>1</sup> кем болмайды. Мұның тек бір жаман жері: қызының келешек үй жұмысының керегі үшін емес, ата-аналарының өз данқы үшін берілген бұл жасаулар, қалыңмалға төленген қолма-қол ақшалар мен малға қарағанда, жас қосылған ерлі-зайыптарға оның оннан біріндей де пайда келтірмейді. Кейбір қазақтар малының көбін қалыңмалға, ілуге және басқа кәделерге

---

<sup>1</sup> Қалыңмалға және басқа кәделерге күйеудің барлық дерлік мал-мүлкін сыпырып алып, ақырында оған келіншегі мен жалаң отауын ғана беретін жағдайлар да болады. Кедей күйеулер бұған наразылық білдіріп, қазақ әкімдеріне шағынса да, ондай наразылықтар, қазақ дәстүрі бойынша, қабылданып, қанағаттандырыла бермейді (И. А.).



беріп, акырында өзі қатты жоқшылыққа ұшырайды. Қалыңдығымен келген жасау оның шаруасын көтере алмайды, ол жасаулардың да жартысына жуығы дерлік келіншек түскен күндері-ақ, әдет бойынша туған-туысқандарына үлестіріліп беріледі.

Әкесі баласын үйлендіруге бел байласа (атастырғаннан кейін бір жыл өткен соң), онда оған «той-малы» деп аталатын тағы да 30—40—50 жылқы айдатып, оның үстіне әйелдерге арналған, ілу ілгенде берілетіндей, басқа да заттай кәделер беріп, қасына жолдас ертіп күйеубаланы қалыңдығының аулына жөнелтеді. Келіншектің отауына керек киіздің жартысын күйеудің өзі береді. Той-малы, кәделер тағы басқалардың үстіне күйеу қайын атасына «сүт ақы» деп бір жақсы түйе беруге тиіс, сонымен қатар, «жаныма-жақсы» дейтін тағы бір кәде беруге тиіс, бірақ бұл кәде ешкімге деп арналып берілмейді.

Күйеу қалыңдығын алайын деп келген кезде, қалыңдық әкесі, ілу іле келгендегідей, айдап келген малын жаратпаса, құдасының өтінішін қабылдамауы мүмкін (мұндай жағдайлар да кездесе береді). Бірақ, әңгімені ұзарта бермеу үшін, күйеуді қабылдады делік.

Ұзақ уақыт әбігерленіп тойға дайындалғаннан кейін (бұл дайындық кейде екі-үш айға да созылады), акырында, неке қыятын күн де келіп жетеді. Бұл күні той жасалып, ат шаптырылады, балуан күрестіріледі және тағы да басқа сауықтар болады. Той өткен соң ұзатылатын қыз, апа-сіңілерін, жеңгелерін және басқа қыздарды қасына ертіп алып, туысқандарын аралап танысады. Әрбір туысқан және жақын-жоралары таныса келген қызға сыйлық беруге тиіс: біреулері кілем, біреулері шапан береді, ал кейбіреулері бірнеше кілем, шапан, ішік береді. Сол күні кешкісін төңіректегі ауылдың барлық жастары ұзатылатын қыздың үйіне жыйналып — ойын-сауық жасайды, өлең айтады, домбыра тартады, ән салады, қыз бен жігіт айтысады — қыз жеңілсе жеңген жігітке орамал береді, жігіт жеңілсе қызға шапан кигізеді. Бұдан кейін барып неке кыю<sup>1</sup> дәстүрі істеледі. Осы жерде ғана, жұрттың ұмытқан нәрсесі жаңа есіне түскендей, екі куә алдында қалыңдықтан оның осы ұзатылғалы отырған күйеуіне шығуға ризашылығы сұралады. Некелесушілер көбінесе үнде-

---

<sup>1</sup> Неке кыюды молда Мұхамбеттің тімі жолымен өткізеді, сондықтан, қазақ дәстүріне қатнасы жоқ нәрсе болған соң, оны бұл арада суреттеп жатуды артық деп санаймын (И. А.).

мейді, олардың үндемегені риза болғаны деп, молда неке қыюға кіріседі. Неке қыйылған күннің ертеңіне қыз жағы күйеудің жолдастарын шақырып, оларға жасауға берілетін бұйымдарды көрсетеді. Сонан кейін бұл бұйымдар түйеге артылып, келіншектің қайын атасының аулына қарай жөнелтіледі де, келіншекке ат ерттеледі. Қыздың әкесі, шешесі, аға-інілері және басқа туысқандарының бәрі ең соңғы рет құшақтасып қоштасады, сыңсу басталады. Бұл күні туысқандарының шын көңілімен жылаған көз жасы көл болады, ал ұзатылған қыз бейшара бәрінен де көп жылайды; қыздың қасындағылар оған: тақыянды тастап, сәукеле, ки деп көп жалынады, қыз бұған көпке дейін көнбейді; бірақ, киер күні жеткен соң не шара, жеңгелері оны жас келіншекше киіндіріп, жөнелтеді.

Қызын күйеуінің аулына дейін, әдетте, шешесінің өзі шығарып салады, қыздың шешесі ол ауылда үш-төрт күн болып, еліне қайтады. Қыздың шешесіне құдалары ат мінгізіп, түйе жетектетіп, оны шығарып салады.

Келіншек түскен күні ауылға олардың тойын тойлауға, келіншекті және оның жасауын көруге жұрт жыйналады. Келіншектің отауы атасының үйінің оң жағынан тігіліп, отау ішіне жасаулары ілінеді. Келген жұрт оны көріп, біреулер мақтайды, біреулер, сараң екен деп, келіншектің әкесін сөгіп кетеді. Жас жігіттер келіншек отырған шымылдықтың ішіне кіріп, келіншектің бетіне жапқан пердесін көтеріп қарайды, оның киімін<sup>1</sup> көреді.

Кешке келіншекті атасының үйіне әкеліп кіргізеді. Келіншек келерден бұрын ол үйге қонақтар, күйеудің барлық туысқандары, жыршылар жыйналады. Келіншектің ең алғаш атасының үйіне келуі мынадай түрде болады: екі әйел оны екі жағынан қолтықтап, бір топ әйел оған ере келіп үйге кіреді. Келіншек табалдырыктан атаған бойдан, ошаққа жеткенше тізесін бүгіп үш рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды (бұл майды катындардың бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды). Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосып: «от — әулие, май — әулие» деп беттерін сыйпайды. Осыдан кейін келіншекті үйдің сол жағына, есік-

---

<sup>1</sup> Келіншек түскен кезінде бетіне перде жамылып жүреді. Бүркенішін тек бір ай, екі ай, не одан да көбірек уақыт өткеннен кейін ғана алады (И. А.).

ке таман апарып, отырғызады. Сол кезде жыршы беташар өлеңін айтады. Онда: «Атанды сыйла — ол сенің әкең, ененді сыйла — ол сенің шешен, күйеуінді сыйла — ол сенің қожан, өсек айтпа» деген сыяқты өсиеттер айтылады. Жыршы оқтын-оқтын «қайын атаңа бір сәлем» не басқаларын айтып, соған «бір сәлем» деген кезде, — келіншектің қасында отырған әйел келіншектің бетіндегі бүркенішін бір көтеріп, қайта жабады, келіншек тұрып, сәлем етеді. Әрбір осындай сәлемнен кейін, сәлем арналған адам, осы сәлем үшін беретін кәдесін жариялауы керек. Қайын атасы айғыр үйір жылқы, туысқандары шапан атаулары мүмкін, т. с. с. Беташардан кейін әйелдер келіншекті өз отауына апарып енгізеді, тек содан кейін ғана ұзақ күнге шаршаған келіншек шамалы демалуға мүмкіншілік алады. Жасаудың ең жақсыларын, қайын атасы алады, қалғандарын, бір-бір шапаннан, ішіктен және басқа заттан, күйеудің өзге туысқандарына үлестіреді.

Қорыта келе бір айта кетерлік нәрсе: келіншек өзінің түскен күнінен бастап, екі-үш жыл бойы қайын атасына, күйеуінің және басқа да жасы үлкен туысқандарының бәріне көрінбейді. Олардың үйіне барса, оның төріне шықпайды, есік жақта болады. Қайынағаларымен әлдеқалай кездесе қалса, жүзін тайдырады, сәлем етеді, сәлем еткені үшін қайынағалары оған: «көп жаса» деп алғыс айтады. Ал онансоң, келіншек өзінің күйеуінің ер-әйел туысқандарын шын атымен атай алмайды, сондықтан олардың әрқайсысына өзінше ат қойып алады. Бұл дәстүрдің қандай екенін мына бір күлкі әңгімеден айқын түсіне аласыздар:

«Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аты: Көл, Қамыс, Қасқыр, Қой және Пышак екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің аржағында, қамыстың бержағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні ауылға жүгіріп келіп: «Сарқыраманың аржағында, сылдыраманың бержағында маңраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жеткізіндер» — депті.


**И. АЛТЫНСАРИН.**

*1870 жыл.*



**VI ТАРАУ**  
**ХАТТАРЫ**





1860

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

Аса тілектес досым Николай Иванович!

Осы айдың 15 күні кешке таман, үйім толы қонақ, Сейдалин Сұлтан мен екеуміз әңгімелесіп, бір қазақ әншісінің әнін тыңдап отыр едік. Қағаз тапсырғаны үшін қол қойылатын кітабын алып бір казак-орыс кіріп келді; Орынбордағы жолдастарымнан және Сізден бір хат жоқ па екен деп жалма-жан оған қарай қолымды соза беріп едім, ол маған қолындағы кітабын ұстата берді. Қарасам ресми конверт екен; ренжіп қалдым. Ешнәрсе ойламай-ақ пакетті столға тастай бердім де, алғаным үшін кітабына қол қойдым. Содан кейін селсоқтау қалыппен тағы да ән тыңдауға кірістім. Келесі күні конвертті ашып қарасам,— құдай-ау, бұл не деген ғажап! — Сіздің қолыңызбен жазылған жазуды көрдім...

Сіздің маған жақсы көңіл бөліп, ақыл бергеніңізге мың бір рақмет, осы ақылыңыздан мен өзіме пайдалы көп нәрселер алдым... Мен бұл арадан өзіме жолдас таба алмадым.— Қазачий деген халық есерсоқ және өсекшіл халық қой.

Бекініске<sup>1</sup> келген күнімнен бастап, тек бір ғана қолайсыздықты, оңбағандықты, өтірік-өсекті көрдім. Мені осындай істерге қаншама тартқысы келсе де, әзір құдай аман сақтап келеді. Мұнда мектеп жоқ, келесі көктемге дейін болатын да емес. Мұндағы қазақтардың балаларын маған оқытқысы келетін жақсы көңілін суытып ал-

<sup>1</sup> Орынбор бекінісі (қазыр Торғай).— *Ред.*

мау үшін мектеп ашылғанша оқып жатқан балаларға бір пәтер босатып бергізіңіз деп Баронға ресми түрде өтініш жасадым. Бірақ, амал не, ол өтінішімнен жақсы нәтиже шықпады. Сондықтан, мен осында өзімнің жайлы бөлмемде келесі көктемге дейін ешбір жұмыссыз отыра беруге тиістімін. Дегенмен, қазір екі шәкіртім бар, олар менімен бірге тұрады. Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды; мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр. Ал өз жайыма келсем, мен мұнда зеріге қоятын емеспін, бойкүйезім де бірте-бірте жойылып келеді. Өйткені, өзімді басқаша ұстап жүрмін... Осымен Сізді құттықтаймын және бұл үшін Сіз де мені келесі хатта құттықтай аласыз.

Мен енді Тілеумен бірге Троицкіге барғалы жатырмын; шығыс<sup>1</sup> жақтың барлық жастары менің сонымда. Зерігер емеспін, олар мені өте жақсы көреді. Сейдалиннің ісі кеше аяқталды. Жарайды, қош болыңыз, мені ұмытпаңыз, хат жазыңыз.

*Сіздің ЫБРАЙЫҢЫЗ.*

*1860 жыл, 18 ноябрь.*



---

<sup>1</sup> Орынбор генерал-губернаторствосына қарайтын казак жері ол кезде: батыс, орта және шығыс делініп үшке бөлінген — Ред.

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

Николай Иванович, мұныңыз не, ешуақытта хат жазбайсыз? Тым болмаса ермек үшін бірдеңе жазсаңыз қайтеді. Сіздің, зеріккіш досыңыз бұл жердегі елге рақат көремін деп келіп, аюдың үңгіріне түсіп кеткені, ол үңгірден шығып жарық сәуле көруінің өзі қыйын екені, Сізге Николай Иванович, белгілі ғой.

Бірақ, құдайдың мұнысына да шүкір, өйткені мені әзір ақ аюдың немесе кара аюдың тырнағына түсірген жоқ. Біздің бекіністің ауасы енді ғана тынышталып, тазарып келеді, өйткені, Краманенков кетерінде, бастықтарға апарып көрсету үшін, біздің бекінісімізден арба-арба өтірік-өсектер мен коқыр-соқырларды өзімен бірге алып кетті. Қазақ арасы деген маған мамық-төсек, кең жайлау ғой; бірақ маған енді орыс қоғамының керектігі сезіліп жүр; олардың арасында болсам мен орыс тілін үйрене берер едім, білгенімді ұмытпас едім. Ал ондай қоғам мұнда жоқ; мұндағы мырзалар бір-біріне ит пен мысықша қарайды; өзара жерілдесе береді.

Қазақтардың менен күтіп жүрген үміті зор; әсіресе, құрметті адамдар маған мектепке балаларын беруге ынталы екендіктерін көрсетіп отыр, оларға еңалдымен мемлекеттің заңын үйрет деп өтініш жасап жүр, сондағы ойлары кейін олардан зақуншіктер, демек, өсекшілер шықсын дегені ғой. Міне, олардың көздегені осы.

Мен әзір оларға бұл жөнде ешнәрсе деген жоқпын. Олардың бұл ойын, тіпті, мақұл көретін болғанның өзінде



де, өзім ешқашан заңның ешбір статьясын оқымаған соң және заңнан ешнәрсе түсінбейтін болған соң, мен оларға не деп уәде бермекшімін. Мұның бәрі жақсы! Бірақ, бір жаман жері әжем, шешем, жеңгем және тағы басқалары маған ренжіп, мазамды алып болды, шаруашылығым күйзеліп барады, не істерімді білмеймін... Мен өзімнің аңқаулығымнан, немесе шынын айтқанда, құрғақ қыялдарға, бос армандарға әуестеніп кеткендігімнен олардың бәрін де ұмытып кетіппін ғой. Сондағы іздеп жүргенім не екен! Мен туысқандарыма сенген едім, бірақ «денеңе өз көйлегің жақың» деген емес пе. Ал оның бержағында, мен өзімнің ең үлкен борышымды ұмытып кеткен екенмін. Ондай үйішімді, жақындарымды өз карауыма алған соң, еналдымен оларды қамтамасыз етуге тырысуым керек еді ғой. Орыс тілін, одан кейін басқаларын үйреніп алайын деген ойға беріліп, орыс тілін өте нашар білуге қарамастан, мұғалім болудың соңына түсіп кетіппін; оқу үшін ешқандай қаражат таба алмай отырғанда, менен туысқандарыма қандай қайыр тиюші еді; ал оқу үшін керекті басшылықсыз мен жөн тауып жүре алмаймын ғой. Бұл кемшіліктердің бәрін елемей, өзім, өз біліміммен мұның бәрін істей беруге әлім келер ме. Маған бірнеше кітап жібереді-ақ делік. Бірақ онымен іс бітпейді. Орыс балаларына арнап жазылған кітаптардың сөзін орысша ешнәрсе білмейтін қазақ балаларының мыйына оп-оңай құя алмайсын. Әсіресе маған, бір адамға, жәрдемшісіз, оқу құралысыз ол өте қыйын! Балалар күнбе-күнгі тәжірибеден тәлім алар деуге — мұндағы қоғамның түрі мынау; ал тіпті, бұдан басқа, бұдан гөрі мәдениеттірек қоғам болғанның өзінде де тәжірибеге сене беруге болмайды. Олардың көретіні тек казактар, солармен ғана сөйлеседі; ал орыспен тек зорлап қана сөйлестіресің, одан келер пайда өте аз. Бірақ, қалай дегенмен де, осыдан басқа жол жоқ. Өздері ойдан шығарып жаза алмайтын болған соң, түсінбей оқыттын болған соң, «я», «жок», «ит», «төбет» деген сыяқты дара сөздерді де айта білмейтін болған соң, оларға мен көшіріп жазуды үйреткенмен не пайда шығады. «Облыстық басқарманың мынадай нөмірлі бұйрығы бойынша» деген сыяқты ресми сөздерді жаттаудан не пайда болмақ. Сондықтан, орысша екі-үш сөзді ғана біліп алып, мектепте оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансып, қазақ арасына барады да, өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе, зақуншік

етіп көрсетеді. Бұған қазақтар сене қалады. Сөйтіп, олар өздерінің азғантай білімін жауыздыққа жұмсайды, қазақтардың өздерін аяусыз жәбірлейтін болып шығады. Мұның тағы бір бәлесі: ереже бойынша, оқушылардың ата-аналары баласын мектепке бұл жетіде беріп, екінші жетіде айнып қалса, мектепке жібермей қоюға да ерікті. Сонда бұдан не шығады деңіз? Бұдан шығатыны — егер мен бүгін ашуланып, тентек болған бір баланы жазалай қойсам, ертеңіне, ретін тауып, ол ата-анасына қашып кетеді. Баласы үйіне қайтып барған соң, ата-анасы оқытушыдан «қорлық көріп жүр» екен ғой деп баласына жаны ашыйды да, сүйікті баласын мектепке жібермей қояды. Мені де, әрине, әбден боқтап балағаттап алады. Сонымен, мысалы, бұл айда менде 10 шәкірт болған болса, екінші айда бір де шәкірт қалмауы мүмкін. Мен, әрине, балаларды жазалауды сүйетін онша қатал адам емеспін. Бірақ, кейде, балаларды тентектіктен тыймай да болмайды. Тентек етіп өсірсең балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласын. Бірақ қазақтар мұның бәрін түсіне қояр ма екен?

Ақырында, бекіністің бастығы мектепке көбірек зер салатын болса, оны тезірек салып бітіруге тырысатын болса, бұл да жақсы болған болар еді. Бірақ, олар мұндай жұмысқа немқұрайды қарайды ғой.

Міне осы себептерден, әсіресе, шаруашылығымның бүлініп бара жатқандығынан, мен Лев Николаевичке хат жазып, мені бұл қызметтен босатуын және мүмкіндігі болса, қазақ арасындағы бір қызметке тағайындауын сұрап, өтініш еттім; бұлай болғанда, мен, қызмет бабындағы міндетімді атқара жүріп, шаруашылығымды да тәртіпке келтірген болар едім. Егер Сізге, Николай Иванович, қолайсыз болмайтын болса және қыйыншылық келтірмейтін болса, Сіз осы жөнінде Лев Николаевичпен сөйлесіп көріңізші және мұны Алексей Александровичке де айтыңызшы. Кім біледі, ондай қайырымды адамдар маған жәрдем етіп қалар. Онан соң, олардың бұл мәселеге қалай қарайтынын маған хабарлауыңызға болмас па екен...

Мен мұнда белгілі аңшы болып алдым: Ақ-көл көліне барып, бір жеті аңшылық етіп, сондағы қазақтардың көмегімен 8 мегежін, бір қабан атып алдым, 3 торайын тірілей ұстап алдым. Оларды Баронға және мырзаларға сыйлайын деп отырмын. Қысқасы, мен оларға соғым, қонақасы жеткізіп беріп тұрам. Бұл арада қабан деген өте көп. Торғайда қыс жоқ десе де болғандай.

Жаза қойғандай басқа ешнәрсе жоқ. Я, айтпақшы,

Бұқардың ханы — Батыр өліпті. Оның орнында қазір тақта оның баласы Мұзафар отырған көрінеді. Форттан хабар келді.

Менің сізге деген аса құрметімді қабыл алыңыз. Е. С., Алексей Александровичке, оның қайырымды үй-ішіне дұғай-дұғай сәлем айтыңыз.

*Сіздің ЫБРАЙЫҢЫЗ.*

*19 январь [1861 ж.]  
Орынбор бекінісі.*

## **А. А. БОБРОВНИКОВКЕ**

**Аса қайырымды Алексей Александрович пен  
Наталья Моисеевна!**

Мен Орынбор бекінісіне келгелі Сізге бір де хат жаза алмадым, менің бұл батылсыздығымды кешіріңіз. Мұның себебі, көбінесе, мен өзімді өте шамалы ғана адаммын деп білемін де, сіздермен хат жазысуға батылым бара қоймайды. Ал егер енді келіп, сіздерге өзім туралы хабар етуге және қатесі аралас бірнеше ауыз сөз жазуға бел байлап отырсам, менің бұл батылдығымды да кешірерсіз.

Менің өткен қысты қалай өткізгенімді және қазіргі тұрмысымның қандай екенін сіздерге айтып жатудың да қажеті жоқ, — мұның жайы сіздерге мәлім десе де болғандай. Тек сіздерге айтарым: Орынбордан мұнда қызық көремін деп келіп мен бекіністің бір ала-сапыран кезінде тап келіппін, — тіпті өз басымның қалай аман қалғанына таңмын. Барып тұрған жалғыздық, жұрттың бәрінен де, оның қай-қайсысынан да сақтана жүру, жабырқану, түңілу, — міне, менің Орынбор бекінісіндегі жайым осы. Қызмет жөніндегі бір іспен айналысайын десем — ешқандай іс жоқ; оқыйын десем кітап жоқ; қазақ балаларын оқытайын десем — мектеп салынбаған және оған ешбір қаражат та жоқ; ақырында, апрельдің 6-нан бастап демалысқа жібер деп өтініш етіп едім, мұны да шешпей жатыр. Не істерімді білмеймін! Ал бекіністе, менінше, тек айдаудағыларға ғана тұруға мүмкін ғой деймін. Қысты күні бір ғана қызық бар: әрдайым жөн-жосақ білетін қазақтар кездеседі; осы қарапайым, ақкөңіл, адал, ал кейде тіпті қызық адамдармен әңгімелесіп, көңіліңді көтересін. Осындай жағдайларда менің мұнда жалғыз жүргенім өкінішті емес, — жалғыздық менің ежелгі серігім ғой — және ешбір ойын-сауықтың жоқ.

тығы да өкінішті емес, маған бәрінен де өкініштісі — мен ақылды адамдардың адал кеңестерінің арқасында тапқан білімімнің бәрінен айрылып барамын. Оның үстіне, ешбір пайдалы қызмет істемей, қайдағы жоқ бір нәрселерді үнемі көріп отырып, сезімім дөрекіленіп, ақылым топастанып барады. Менің білім іздегенімді өзіңіз білетін едіңіз ғой, ал енді міне қараңғылыққа тап болғанымды да көріңіз.

Мұның бәрі де Сізге жай жабырқану сыяқты болып көрінуі мүмкін. Рас, менде жабырқану да бар, бірақ мен үйімді, мен жоғында күйзеліп жатқан шаруашылығымды ойлап жабырқанам. Қазірдің өзінде де дағдылы армандарымнан арыла алмай отырғанымды өзім де мойындаймын. Жұрт дұрыс айтады, мені жақсы білетін адамдар: ешбір қайғы-қасірет көрмей жүріп-ақ басына бос қыял келеді де отырады, жері тар, ауасы ауыр сыяқты, айналасы толы әділсіздік сыяқты көрінеді — деп мақтаушы еді. Осындай әбден тыйтығына жеткен жанға не істерсін?

Мұны қоя тұрайын. Кешегі күні, көптен күткен жаңа бастығымыз — Яковлев келді. Бекініс у-шу болып, бір серпіліп қалды да, қайтадан өзінің дағдылы ұйқысына бас қойды.

...Николай Иванович не істеп жатыр? Мен оларды Орынборда жоқ деп естідім. Бұл дұрыс па? Егер бір сенімді жолдасым болса мен Сіздің өзіңіз туралы және Николай Иванович туралы хабар беруін өтінген болар едім...

...Осымен хатымды тоқтатайын, Алексей Александрович, қош болыңыз! Менің шыжбайыма кешірім етіңіз. Мүмкін болса, маған бір хат-мат жазып жіберіңіз.

*Әрдайым өзіңізге шын берілген қызметшіңіз АЛТЫНСАРИН.*

Өткен жылы Орынбордан кетерімде мен жол қаражатын алған жоқ едім, оны осы күнге дейін ала алмай отырмын. Қыстыкүні екі рет рапорт жазғанмын, бірақ оған не дегендерін білмеймін, соны қалай білер екенмін?

*1861 жыл, 6 июнь.  
Орынбор бекінісі.*

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

Аса қайырымды Николай Иванович!

...Мен бекініске келген күнімнен бастап белгілі бір ереже бойынша тұрып жатырмын: тамақты көп жеймін, көп ұйықтаймын, аз ойлаймын. Істер ісім аз, қазақ ауылдарына жиі-жиі шығып тұрамын. Біздің бастығымыз Менгденнің орнына Яковлев болды,— топографтар корпусының капитаны. Бекініс бәзбаяғы күйінде, бәз-баяғы қалпында, өзгерген ешнәрсе жоқ, бейқам, топас. Жуырда ғана өз ауылыма барып қайттым. Онда барысымен, онсыз да қатып жүрген басыма, көп қолайсыз әңгімелерге кездестім. Дегенмен, кейбір жақсы адамдардың көмегімен ісімнің бәрі де жөнделді. Үй жағдайының жайын көздеп, августың 8 күні генералға мені қазақ арасына жібертіңіз деп хат жазып едім, одан не боларын білмеймін, нәтижесін шыдамсыздықпен күтудемін.

Бадин маған Сіз сәлемдеме беріп жіберді деді. Оныңызға шын жүрегімнен алғыс айтамын, ал оны алысымен тағы да хат арқылы хабарлармын. Көптен бері Сізге хат жазғаным жоқ. Бұл үшін Сіздің алдыңызда кінәлі екенімді айтып жатудың да қажеті болмас... Мені бір топас еріншектік басып алды. Ұрсуыңызға да болады, оған толық хақыңыз бар. Бірақ тек ренжи көрмеңіз...

Бұдан басқа не жазайын қош болыңыз! Өзіңізге шын берілген Ыбрай Алтынсариныңызға кішкентай да болса сәлем айтып, хат жазып жіберіңіз.

*1861 жыл, 30 август.  
Сүлеймен сұлтанның ордасы.*



1862

**Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Қымбатты Николай Иванович!**

Сіз маған әлдеқашан хат жазып едіңіз; бірақ мен Сізге жауап қайырғаным жоқ, себебі, жазарлықтай ешнәрсе таба алмадым. Өзім туралы жазатын ештеңе де жоқ, өйткені, ешқандай түсіндірусіз-ақ бәрі де өзіңізге белгілі. Күндерім жайлап өтіп жатыр, зерігетін емеспін. Жанымда төрт шәкіртім бар,— соларды оқытып жатырмын. Қазақтарға орыс тілін үйретуге арналған оқу құралы — олардың жетекші оқу құралы болып отыр. Сіздің мұны жазғандағы ойға алған адал мақсатыңыз орындалып жатыр. Бұл оқу құралында әсіресе балаларға орыс тілін бірте-бірте үйрету тәртібі өте тамаша баяндалған екен! Біздер, қазақтардың орыс тілін білуінің барлық пайдасын білетін адамдар. Сізге шын көңілімізбен алғыс айтамыз. Рас, мұның қазақша аудармасында бірқатар қателер бар екен, бірақ оқытушы балаларға дұрыстап түсіндірсе ол қателердің ешбір зыяны болмайды. Сіздің маған сату үшін жіберген 8 кітабыңызды мен әлдеқашан сатқанмын; бірақ Сізге ақшасын жібере алмай отырмын, өйткені, Сіздің қазір қайда тұрғаныңызды білмеймін.

Мен әлдеқашан, тіпті ресми түрде, қазақ арасына жіберіңіз, Тобылға — туған жеріме жіберіңіз деп өтініш еткен едім, бірақ менің тілегіммен санаспай, әлі күнге дейін бекіністен жібермей отыр. Жібере қойса мен бұл бекіністен кетерде көзіме жас алмай-ақ, кеткеніме өкінбей-ақ кетер едім, қоштасуым да маған ауыр болмас еді, қайта, көңілім жадырап, қуана-қуана кетер едім. Менің келешек-



те қызмет орнын тандап алуым жөнінде Сіздің маған берген адал, туысқандық кеңесіңіз үшін шын көңіліммен алғыс айтамын... Бірақ мен қазір Сіздің бұл берген кеңесіңізден, ұят та болса, бастартайын деп отырмын... Мұның себебін көп айтып жатпай-ақ, Сізге мынаны ғана айтайын: маған ғалымдікке жету, өз көңіліме қонатын қоғам тауып алу мүмкін емес. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Ал кейбір ақылдысымақтардың: қазақ тентек, қазақ қанішер халық деулері мәңгібақыт тек қағаз бетіндегі мағнасыз сөз болып қана қала бермек. Ал қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіз — қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақтарды оқыту жөнінде бастықтарымыз, бекіністердің жанынан мектеп салудан гөрі, үйлерінің онсыз да қызыл төбелерін боятқанды, онсыз да ақ қабырғаларын ақтай түскенді тәуір көреді...

Адам баласының өміріндегі ең үлкен мәселе — қалай тұру керек, қайда тұру керек, деген мәселе ғой. Бұл мәселе менің алақөңіл ақылымнан көпке дейін дұрыс жауап ала алған жоқ еді. Енді мен үйімде тұрғаным тәуір ғой деген ойға келіп отырмын. Менің өзіме де түсініксіз, бір үлкен түңілу басып жүр. Түңілу болғанда өте жаман, бүкіл жан-тәнімді тітірететін, біздің бейшаралық өміріміздің — бұл не құдай-ау! — барлық пақыршылығын көз алдыма біртүрлі айқын елестететін түңілу басып жүр. Менің ойымша, көңілдің хошы, бақыт дегеннің бәрі де ата-бабаның өмір сүрген және жерленген жерінде, туған ошағыңның басында жақсырақ, ал қайғы дегеннің қандайы да, тіпті, ажалдың өзі де сол жерде жеңіл болатын сыяқты. Мен, сол ағайын-туманың жақын тұтуы мені тартар, сөйтіп менің тынысымды тарылтып жүрген ауыр қайғым басылар деген сенімдемін. Ақырында, мен не іздеп жүргенімді, білімге шөлімді қандырғаннан кейін не істейтінімді айтайын. Үйішімді далаға тастап, адамның мойнындағы ең басты, ең керекті парыздарын атқарудан бастартып ұмтыла қойғандай бір елеулі, маңызды мақсат бар ма? Бар деп айта алмайтын сыяқтымын. Мен өзімді, басқалардың бәрі тыныш, бақытты өмір сүріп отырғанда, өзіне бақ бермеген дағдының рақымсыздығына үнемі шағынып, құдайдың бергеніне риза болмай үнемі жылап отыратын кемпірмен салыстырамын да, оған күйінемін, мұнымды ерсі көремін. Менің бұл жағдайымды, құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола



аламын, ал басқа ұлттарға, халықтарға, әрине, түк пайдам болмайды. Сіз: кемпірлер маған ұрысып, аяғымды аттаған сайын қорқытып отырады ғой деп дұрыс жазасыз. Бұл рас, өйткені, кею кемпірлердің көбінің, әсіресе, қайғы-қасірет шеккен кемпірлердің белгілі мінезі ғой. Бірақ, олар, туған жалғыз баласына, немересіне қашанғы ренжи берердейсіз? Жок, Николай Иванович, менің шаруашылығымның шаталғаны, сіздің шамалағаныңыздай олардан емес, — өзімнен, менің алакөңілдігімнен және салақтығымнан. Бірақ бұл мәселені қоя тұрайық.

Бір хатыңызда Сіз менің хатымды басқаларға көрсетіп едім, олардың бәрі де сені мақтады депсіз. Қайырымды Николай Иванович! Маған олардың мақтауынан не пайда бар?!

Мен қазақтың ескі өмірінен ол-пұл жыйнап алдым және әлі де жыйнап жатырмын, оларды кезінде өзіңізге жіберермін. Орақ-Мамайдың әңгімесінен Сіз қызығарлық ешнәрсе таппассыз, сондықтан мен ондайларды қойып, қазір енді қазақтың әртүрлі әдет-ғұрыптары жөніндегі мәселелермен шұғылданып жүрмін. Егер реті келіп қалса, оларды да жазып, Сізге жібермекшімін.

Менің бастығым — Яков Петрович Сізге сәлем айтып, бас иеді, сонымен қатар, Д. П. Яковлева да Сізге және Е. С.-ға дұғай сәлем жолдауды өтінді.

*1862 жыл, 26 январь.*

*Орынбор бекінісі.*

*Өзіңіздің АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

## **Е. С. ИЛЬМИНСКАЯҒА**

Екатерина Степановна, менің шын жүректен шыққан сәлемімді қабыл алуыңызды өтінемін. Николай Ивановичтің жазған хатының аяғына өз қолыңызбен жазған бірнеше жол сәлеміңіз үшін және мені еске алып, маған зер салғаныңыз үшін көп-көп алғыс айтамын. Сіздер қазір Қазанда боларсыздар деген оймен осы хатымды Қазанға жіберіп отырмын. Ал егер сіздер әлі күнге дейін Қазанға келмеген болсаңыздар, онда менің бұл хатымның жоғалғаны да! Егер, шынында да, сіздер Қазанға келіп орналасқан болсаңыздар, онда жаңа қоныстарыңызды құттықтап, сіздер үшін дүниедегі бар жақсылықты тілеймін. Екатерина Степановна, Николай Иванович ұмытшақ адам. Сіздің

ойыңызға түсе қалған кезінде мені оның есіне салып қойыңыз,— сөйтсеңіз мүмкін, маған бір хат жаза салар, мен мұндай хатты әрбір почтадан күтіп отырамын.

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1862 жыл, 26 январь.  
Орынбор бекінісі.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

### **Қымбатты Николай Иванович!**

Сіздің Материал деген шығармаңызды оқып шықтым. Менің ойымша және мұндағы қазақтардың ойынша да бұл шығармаңыз өте жақсы жазылған. Оның аудармасынан да және сөздерінен де мағнасын өрескел бұзатын қате таба алмадым. Ал енді кездескен кіші-гірім қателерді, құдай қаласа, август айының ішінде Қазанға барамын, сонда өзіңізге айтармын...

Қандай да болса бір мәселе жайындағы өз пікірлерімнің дұрыстығына мен ешуақытта сене қоймаушы едім; бірақ Сіздің хатыңызды оқып шыққаннан кейін, оның ішінде менің пікірлеріме ұқсас сіздің бірнеше пікірлеріңізді көргенде, едәуір көтеріліп қалдым. Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын. Дегенмен, меніңше, қазақтың төл тілінде қажетті сөз табылмай қалған жағдайда, қазақша жазуларға кейбір парсы немесе араб сөздерін қабылдау бөтен болмайды ғой деймін. Осы оймен өзімнің кейбір қазақша хаттарымда оларды қолданып отырамын. Молдалар, өздерінің адам басын қатыратын ерекше хасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Біздің елімізге молда дегендер өте көп жайылып барады. Оларды қазақ арасынан қуып шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ, өйткені, молданың абройына тілі тиген кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ кәпір болып көрінеді. Егер, құдай оң сапарын беріп, Қазанға бара қойсам, онда мен Сіздің көмегіңізбен таза қазақ тіліне жаратылыс тарихынан бір нәрсе аударған болар едім. «Балалар дүниесі» (Детский мир) маған өте ұнап кетті, өйткені, онда менің аудармақ болып жүрген нәрселеріме жарамды мақалалар көп екен. Молдалардың оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрінен адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халық-

тар сыяқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек. Бар күшімді жыйнап мен «Балалар дүниесінен» бір мақаланы қазақшаға аударып көргелі отырмын; тірі болсам оны Сіздің шолып шығуыңызға жіберемін.

Сізге соңғы хатымды жазғаннан кейін бірнеше күн өткен соң қатты сырқаттанып қалдым, сырқатым әлі күнге дейін созылып келеді. Сізге бір жазған дәптерімді жібергім келіп еді, бірақ оны да жібере алмадым. Алланың рахымымен, жуық маңда науқасымнан айығып, содан кейін Қазанға баруға қолдан келген шараның бәрін істемекшімін.

Екатерина Степановна! Сізге көп-көп дұғай сәлем.

1862 ж.

Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

### Менің қамқоршым Николай Иванович!

Кешегі күні Сіздің хатыңызды алып, бүгін оған жауап жазуға асығып отырмын. Шынында да, менің ойым толқыған еді; бірақ, оның себебі Сіздің ойлағаныңыз емес, — Сіздің хатыңыздан маған, шын мағанасында емес, достық ретінде кейігендігіңізді байқаған едім. Мен Сіздің маған шын жаныңыз ашыйтынын және менің білімге ұмтылған жақсы талабымды қойып, өзімді күшпен арқа малшысына айналдырып жібермеуімді тілейтініңізді жақсы түсінемін. Ал мен, Николай Иванович, білімге қатты талаптанған адам болсам, онда маңызды себепсіз өз ойыма қарсы шығады дейсіз бе? Өзіңіз жазғандай, Сіздермен бірге тұру, жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды, білімімді арттыру — мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтын ойым еді, мұны мен өзімнің қыялым ғой, бұл ешуақыт іске аспайды ғой деп түсінуші едім. Қазір сол қыялдағы бақытыма қайырымды адамдар жол ашып отырған кезде, мен мұның бәрінен аулақ бола аламын ба? Мен осы хатымның басында Сіздің хатыңыздың, Николай Иванович, қаталдығын айтсам, оған мені өкпелеп қалған екен ғой деп ойлай көрмеңіз... Қазіргі кезде менің халім адам күлерлік хал: «былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады» деген қазақ мақалының кебі. Сондықтан, ақылдан адаса қою да онша қыйын емес. Бірақ, әзірге,

басқалардың маған көрсетіп отырған кішіпейілділігі мен қайырымдылықтарын түсіне алатын шамам болғандықтан, хат жазғаныңыз үшін және сол хатпен бірге кітаптар жібергеніңіз үшін Сізге рақмет айтамын. Мен, шынында да, мұнда бар керегімнен құралақан, жалғызбын, тіпті, айрылмас серігім — кітаптарым да жоқ еді. Сіздің жіберген кітаптарыңыз маған енді бірнеше күнге болса да ермек болады, сөйтіп күнібұрын дөрекіленіп бара жатқан ақыл-ойымды сергітеді. Сіз мені В. В. мен Я. П. нің есіне салыңыз, қызмет бабында менің дағдырым азды-көпті соларға байланысты ғой. Бұл үшін мен Сізге шын жүрегімнен алғыс айтамын. Зер салуына тұрмайтын мен сыяқты адамды әрқашан есіне алып жүрген Е. С. қа да рақмет. Сіз, Николай Иванович, менің Қазанға баруымды август айына дейін қалдырған өзіңіз. Демек, бұл туралы мақұл деген жауап аламын деп асығуымның ешбір жөні жоқ. Ал уақытша да болса Қазанға барып қайтуға қолдан келген шараның бәрін істейтінімді айтып жатудың да керегі шамалы.

Келесі почтамен Сізге өзімнің істеп жатқан жұмыстарымды жазармын. Әзірге қош болыңыз.

*Сол, өзіңізге берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1862 жыл, 27 август.*



---

1864

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

### Аса марқабатты Николай Иванович!

Сіздің өткен жылғы 24 октябрьде жазған хатыңызды мен осы 1864 жылы 15 мартта алдым.

Мен өзім соншама дөрекілік жасап, көп уақыт үндемей жатқанымнан кейін Сізден хат алғанымға көпке дейін сенген жоқ едім. Мен осы жылы талай рет Сізге хат жазғым келседағы, оны қалай бастарымды, ұзақ уақыт жазбағанымға,— Сізді, тіпті, ұмытқан сыяқты болғанымға не жауап берерімді білмедім.

Николай Иванович! Мен әлі күнге дейін Орынбор бекінісіндемін. Өткен екі-үш жыл жайында ешнәрсе айтпай, осы жылғы жайымды-ақ айтайын. Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді; бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқый білетін және орысша, татарша жаза білетін болды... Мен әуелі оларға зат есімге ғана жататын, зат аттарын үйретемін; содан кейін заттың сынын көрсететін — сын есімді үйретемін, осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып: ақ адам деген сыяқты сөйлемдерді құрып үйретемін. Одан әрі етістік, жақтау, септеу, орысша сөздерді, жынысқа бөлуді және есеп үйретемін. Осыдан кейін келіп самоучительден сөйлем аудартып үйретемін. Менің бұрын тәрбиемде болған екі шәкіртім бұл ережелерді қазір үйреніп болды дегенге болады. Олар сөздерді ауызша аударып, «Балалар дү-

ниесін» оқып, одан да сөз аударып жүр. Шәкірттерім аздап орысша сөйлей біле бастаған кезде, мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Оған менің заң жағынан правом бар. Қысқасы, бұл шәкірттерім төрт жыл ішінде, мектепті бітіргенге дейін, әжептәуір сөйлеп, ол-пұлды біліп қалар деген үмітім зор. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеніз күле беріңіз,— мен кейбір, оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де косып айтамын.

Егер Сізге қыйындық келтірмейтін болса, маған 5—6 самоучитель және балалар үшін өзіңіз пайдалы деп табатын, тағы басқа да кітаптар жіберуіңізді сұрар едім. Оған керекті ақшаны почта арқылы дереу жіберер едім. Ақшаның кешікпей жіберілуінде дау жоқ; өйткені бұл кітаптарды қазна есебіне аламын. Бұл сыяқты кітаптар алуға деген қаражатты жұмсау маған жүктелген.

Жұмыс мұнда қыйын; әртүрлі істеген еңбектерім үшін бірнеше рет наградаға ұсынылып едім, бірақ одан ештеңе де алғаным жоқ,— мейлі біркесе бермей-ақ қойсын!

Менің үнемі ұмтылған тілегім — қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады.

Осы жазғандарымнан менің енді ресми түрде белгілі жұмысқа байланысты адам екенімді, сондықтан әзірге Петербургке немесе Қазанға бара алмайтынымды көріп отырған боларсыз. Мен Сізді бұрынғы марқабатты Николай Иванович деп біліп, мені тек ұмытпауыңызды өтінемін. Менің бұл арадан реті келіп босана қойсам-ақ уақытша да болса, Қазанға барып қайтам деген ойым бар. Егер быйыл бара алмасам да, ендігі жылы, қалай да барамын! Қалай болған күнде де Сізді сау-саламат көремін. Осы ой менің әбден бойымды билеп алған, күні-түні ойымнан кетпейді. Бұл менің тап шын тілегім; құдай бұл тілегімді беруге тиіс.

*Сіздің ЫБРАШЫҢЫЗ.*

*1864 жыл, 16 март.  
Орынбор бекінісі.*

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

Аса ақкөңіл Николай Иванович!

Менің Сізге соңғы хатымды жазғанымда бір апта да өткен жоқ, сонда да шыдай алмай, хат жазғым келіп отыр. Сізге енді әрбір почта арқылы хат жазып тұруға өзіме-өзім уәде бердім; өйткені Сіздің соңғы хатыңыз мені соншалықты серпілтті. Сөйтсе де, хатымның бір жолын жазбай жатып-ақ не туралы жазсам болар екен деп ойланып отырмын. Мұндағы біздің тұрмысымыз бір қалыпты, бос өтіп жатады. Ол жайында жазайын десең «жаман емесбіз, лаждап тұрып жатырмыз» дегеннен басқа ешнәрсе дей алмайсың. Мұндағы ат төбеліндей мырзалар тобына қарапайым, қайрымды Яков Петрович бас болып отыр; атағы майор және кавалер. Ол әлсін-әлі өзінің майор екендігін есімізге салып, өзінің дәрежесіне сай еркелік те істеп қояды; бірақ біз оның алдында тіл қатпай, бас ие береміз, содан кейін ол қайтадан тыныштала қалады. Міне, менің алдымда есігі ашық, төрт бұрышты үй тұр. Ауыз үй толған әртүрлі ауыл шаруашылық құрал-саймандары: шөп шабатын, жер жыртатын саймандар және басқа да заттар. Ұзындығы 3,5 сажындай келетін залдың ішінде столдар, орындықтар, скамьялар тұр. Бұлар кара, сары, қызыл бояулармен қалай болса солай бояла салынған. Үйдің ішкі қабырғалары ақ балшықпен әбден мұқият ағартылған; бұрыш-бұрыштарында үлкен-үлкен образдар, ал залдың есігіне қарсы төрде патшаның суреті. Осы сән-салтанаттың ортасында «жоғары білімді» жас дәрігер тұр. Мен сыпайы түрде кіріп келіп, майорға, оның қасындағы әңгімелесіп отырған адамына бас идім. Майор маған рахымы түсіп қолымды алды. Сол арада залға қылыш асынған казак офицер кіріп келіп, бекініс тыныш екендігі туралы майорға рапорт берді. Майор сыпайы түрмен, мен-мендеу салқын жүзбен оның рапортын қабыл алды да, оған «отырыңыз» деді. Ол отырды. Мен де орнымнан тұрып, жайыммен ғана оның жанына келіп отырдым. Екеумізде де үн жоқ, қасымызда отырған екі аристократқа қарай, солар сөйлесе қалса әңгімелерін тындап жай отырмыз.— Ал мырза, карта ойнасақ қайтеді? — деді біреуі. Мен үндемедім.— Ал, қайтеміз енді,— деп жұрт мені де столға әкелді. Карта жайылды, ойын басталып кетті. Қартаны бір-екі рет айналдырғаннан кейін ықлассыз ойнаған ойыным ішімді пыстыра бастады. Ақырында, мен майорға келгеніме өкін-



дім, одан әрі картадан жаңыла бастадым. Яков Петровичпен одақтас бола қалсам ол әбден жынданып, терісіне сыймай кетеді. Ақырында келіп: нашар ойнайтынымды біле тұрып, маған неге карта ойнаттыңыз деген сөзді айтып саламын. Майор ашуланып қалады. Ойын ақырында тоқтайды. Содан кейін тарап кетеміз. Екі күннен кейін тағы да кездесеміз, мені тағы да картаға зорлай бастайды... Кейде майордың қонақасысы бұдан да көңілсіз болып өтеді, менің ең көңілсіз өткізетін уақыттарым сондай уақыттар... Онда әйелдер болды. Олардың бірі Перовский марқұм туралы әңгіме айтып, онымен қалай бірге отырғанын, тағы басқаларын айта бастайды. Екіншісі отырып, көкірек ауруды сөз қыла бастайды, үшінші біреуі — писарьдың не болмаса ат күтушінің әйелі — мыжырайып күліп, басқалардың айтқанын тындап отырады. Ақырында: — Асқа желіңіз, мырзалар! — деген шақыру естіледі. Әркім өзінің дәрежесіне қарай, тәртіппен, бірінен соң бірі столға келеді, ішеді. Амалсыз, тоя ас ішіп, мен осы үйден шығып, үйіме, үйдегі жұпыны кереуетім мен жанға жайлы шапаныма қарай бет алғанда ғана еркін дем аламын. Кешкісін далаға шығып, олай-бұлай көз жібересін, — көзіңе құлазыған, шет-шені жоқ кең даладан басқа ешнәрсе көрінбейді. Қара жусаннан басқа ешбір қылтанақ, ешқандай шөп жоқ. Еріксіз тоқтап, кез келген жерге отыра қаласың. Торғайдың жай ағысына қарап, өзіңе-өзің еріксіз: бұл не деген өмір, япыр-ай, бар өмірім осылай өтіп кетер ме екен? — дейсің. Өткен өміріңнің жақсы жақтарын есіңе түсіре бастайсың... Өстіп отырғаныңда бетіңе самал жел соғып, жаныңа жай таптырып, аздап көңліңді көтере бастайды. Мен сол арада көп отырып, көп ойлап, ақырында үйге келемін. Егер Сіз, бұрынғыша, мені жақыннан білгіңіз, көргіңіз келетін болса, менің қазіргі тұрмысым, міне, осы.

Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, олардың ішінде менің өз туысқандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін. Қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды адамшылықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде, менің жұмысым болмаса дағы мен өте қатты күйінемін. Бас-аяғы он жыл ішінде миллионер бай болған, оған дейін ешнәрсесі болмаған, осы елдің күшті жемқорларының бірі — олардың істеп жүрген істерін менің жаратпайтынымды біліп қалды; ондай адам-

дарды олар аса жек көреді. Сондықтан, ол, мені бұл арадан қуып жіберудің амалын істеп жүр, бірақ, мұны әзір істей алған жоқ, кім біледі, мүмкін, бұл тілегіне де жетер, бірақ, мен бұлардың бәрін елең қылмай, жайбаракат жұмысымды істеп жатырмын. Қазақ арасынан бірнеше жігіттерді тандап алдым, олармен қатты доспын. Кейде солармен жай әңгімелесіп уақыт оздырамын. Я, айтқандай, орыстан да бір досым бар; ол жуырда кадет корпусын бітірген жас жүзбасы. Ол өте адал және тамаша жақсы адам, бірақ ол да мен сыяқты көп сөйлемейтін адам екен.

Қазанға бару туралы мен әзір ештеме ойлап жүрген жоқпын. Бекініске облыс басқарушысының көмекшісі келеді деп күтіп отырмын, ол июньде келуі керек. Қазанға бару туралы сонымен сөйлеспекпін. Қазанға баруымның қажеттігін дәлелдейтін себеп ойлап жатырмын, бірақ оның рұқсат етуіне ішім сенбейді. Сондықтан, мен Қазанға бара қойсам, шәкірттерімнің демалыс уақытын пайдаланып, уақытша, үш айға ғана барамын. Басыма бір ерекше жағдай туып қалғандай болмаса, екі жылға дейін қызметтен мүлде босат деп етініш етуге батылым бармайды. Бұл жылы мен барайын, бармайын, бірақ, Сіз, Николай Иванович, мені ұмытпаңыз, хабарласпай қойып, жазаламаңыз. Сіздің хатыңыз маған қызғылықты болғанымен, менің хатым Сізге қызғылықты бола алмайды; өйткені менің хатым — Сізге баратын мыңдаған хаттың бірі ғана. Ал Сіздің маған жазған хатыңыз — бірден-бір мені ойландыратын, жұбататын хат. Осымен хатымды аяқтайын, сау болыңыз.

Елена Степановнаның аман-сау болуын және Николай Ивановичпен қартайғанша бірге ұзақ өмір сүруін тілеймін.

Құдай үшін, Николай Иванович, маған бірнеше самоучитель және басқа кітаптар, тым болмаса «Балалар дүниесін» жіберудің қамын істеңізші; онан соң, жалпы тарих жөнінде жазылған қысқаша бір кітап жоқ па екен, қарастырыңызшы.

**АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.**

*1864 жыл, 14 апрель.*



---

1871

**Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Шапағатты төрем, Николай Иванович!**

Сіздің соңғы жазған хатыңызды, екі ай демалыста болғанымнан кейін, жуырда ғана алдым. Сіз бұл хатыңызда қазақ арасына орыс алфавитін енгізу жөнінде пікір айтқан екенсіз. Бұл талассыз пайдалы пікір ғой. Дегенмен, оны жүзеге асыру, меніңше, үлкен қыйыншылыққа кездеседі. Қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептерінде орыс алфавитін қолдану (бұл мектептерге қазақтар балаларын орыс тілін үйренсін, орысша жаза білсін деп беріп отырғандықтан) кейбіреулердің ойлағанындай, қазақ арасында әңгіме, күдік туғызады деп ойламаймын. Бірақ мәселе мынада: орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасына, тап біздің ойлағанымыздай, жеңіл және тез сіңе қоймайды. Бірінші жағынан, фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс-еместігінен, оның үстіне, елімізде тарап отырған татар жазуының әсерінен — міне осылардың бәрін еске ала келгенде, жалпы оқуға арналған кітаптар мектептің есігінен шықпай, соның өзінде қала береді. Шәкірттеріміз немесе мектепті бітірген жастарымыз қазақ арасына барып, ол кітаптардың мазмұнын түсіндіре қояды екен деп сенуге де бола бермейді. Өйткені мектеп бітіріп шыққандардың көбі (мүмкін тіпті барлығы да) мектептен шығысымен, мойнына артылған жүктей болып отырған оқу құралдарын атып ұрып, оны қайтып есіне де алмайтыны бізге белгілі. Ал, араб әрпімен жазылған кітаптарды алатын болсақ, егер бұл кітаптар пайдалы кітап болса, еңалдымен, мазмұны

қызық болса, мектептен тыс ел арасына тез жайылып, қазақ жастарын білімге тартуға жетекші бола алады. Шынына келгенде, қазақ сөздері орыс әрпімен анағұрлым дұрыс жазылатын болса да, татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зыян келтіретін болса да, көп уақыттарға дейін татар жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін біз еске алуымыз керек. Неге десеніз, қазақтың діні сол жазумен жазылған, қазақтар арабша, татарша намаз оқыйды; осы себептен олар татарлар мен өзбектерге бұрынғыдан гөрі анағұрлым жақындай түсіп отыр, байланысы күшейіп барады; орыс мектебін бітіргендер татар тілін қазақтарға тез жақындатып отырған адамдарға карағанда әзір ешбір артықшылықпен пайдаланбайтын болғандықтан, молданың күн көрісі пайдалырақ болып отырғандықтан татар медреселерінде оқыйтын қазақ шәкірттерінің саны азаймай отыр және ол азаймайды да; жат әріппен жазылған біздің оқу құралдарымыздың күші, меніңше, өте нашар. Біз бұл арада сол құралдың өзімен, бірақ сапасы жағынан басқа, олардың ақылына ақыл қосып, оларды шындыққа, басқаша айтқанда, оқуға жетектейтін құралмен, қазақтардың өздеріне таныс, оны ешкім де жек көрмейтін құралымен іс етуіміз керек; бұл оқуымыз да жоғарыда айтқандай сапалы болса болғаны. Мәселенің ең мәнді жері: қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірің тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін, бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқып, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар, зор күш болар еді. Бұл арада әріптің арабша не орысша болуы — араб әрпінің ептеген зыяны болғанмен ісімізге онша кесел келтірмейді. Ал араб әрпінің ол зыянынан құтылуға болады. Міне менің шын пікірім осы.

Сіздің тағы бір өтінішіңіз оқу құралын құрастыруда қабілетті бір көмекші тауып бер дегеніңіз еді. Амал не, мен бұл жұмысқа лайық ешкімді атай алмай отырмын. Бірақ менің Сізге айтайын деп отырған бір ойым бар, — оның шешуін өзіңіз біліңіз. Сіздің қолға алып отырған ісіңіз маңызды іс; мұның ең қыйын жері — оқу құралын түзудің жоспарын жасау, сол жоспарға қарай материал таңдап алу ғой. Міне мұның тап осы жағын, меніңше, жақ-

сылап талқылау керек. Мұның үшін Сіздің жаныңызда қазақ елінің жергілікті жағдайын жетік білетін бір адамның болғаны жөн болар еді; ал онан соң, материалды Сіз тек Қазанда ғана теріп ала аласыз, оны қазақ арасынан келіп аламын деп ойлап жатудың да қажеті жоқ. Сіз өзіңіздің хаттарыңызда мені соншама мақтағандығыңыздан, мен, шынында да, бұл қолға алып отырған ісіңізде мен Сізге пайдалы бола алар едім-ау деген ойға келіп жүрмін. Мені орнымнан босатпай-ақ, бастықтарымы арқылы екі айға Қазанға алдыра алмайсыз ба? Сөйтсеңіз, Сізбен ақылдасып және кітаптың бағытына түсініп алып, Сізден оның бірқатар материалын алып кетіп, осында аударған болар едім. (Мұнда маған көмекшілер де табылады). Ал аударған жағымды Сізге жіберіп отырар едім. Бұл жұмыс маған өте қыйын сыяқты көрінеді; оны бір кісінің істеп шығуы қыйын. Мұндай істі жабылып көмектесіп қолға алған жөн болар еді, бірақ, әзір ондай ешкім жоқ қой. Мен өз тарапымнан мүмкін деген көмегімді ұсынып отырмын, бұдан нендей пайда боларын өзіңіз шешіңіз.

Мен демалыс сұрайын деп ойланған едім, бірақ заң бойынша маған демалыс беруге болмайды; өйткені, осы жылы екі айлық демалыста болып қайттым. Қалай болған күнде де Сіз маған пікіріңізді жазып жіберіңіз, өйткені, жібере қалса, басқа ойым жоқ, мен үлкен қуанышпен Сіздің Қазаныңызды да, Николай Иванович, Сізді де және шарапатты Екатерина Степановнаны да көріп қайтқан болар едім.

Жаңа мектептер қандай негізде ашылмақ: қазақ балалары орыс балаларымен бірге оқытыла ма? Мектеп дегеніміз мектепке шын ұқсас болуы үшін оған қаржы көбейтіле ме? Жақсы оқытушылар беріле ме? Мектеп бітіргендердің және оқытушылардың қай жөнінен болса да бір артықшылығы бола ма? — Осыларды білгім келеді. Мұндай жағдайлар болмаса мектепте, әрине, ойлаған ойымызға жеткізбейді. Мектеп — қазақтарға білім берудің басты құралы, олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз орната салынатын болса, ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы (бір жөні тәуір) білім берілетін болсын, артта қалған халықты мектепке қызықтырып тарту үшін мектеп бітіргендерге қай жөнінен болса да бір артықшылық берілетін болсын, сонда ғана оқушылардың саны ешбір күмәнсіз өте тез өседі. Осылай еткенде ғылыммен қаруланған, әр

нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады, сонда татар фанатизмінің де күлі көкке ұшады. Егер, қолыңызда бар болса, өзіңіздің қазақ сөздігіңіздің, немесе ол сөздікке арналған материалыңыздың бір данасын маған жібере алмас па екенсіз?

*Қош болыңыз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1871 жыл, 31 август.  
Торғай қаласы.*



---

1873

**Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Шапағатты төрем, аса қайырымды Николай Иванович!**

Менің Сізге жазған хаттарымдағы пікірлеріме Сіз риза емессіз-ау деп ойлауға дәлелім толық бола тұрса да, өзім туралы Сіздің есіңізге салып, Сізге шын берілгенімнің, Сізді шын сүйетіндігімнің ешқандай өзгермегендігімді жазуды қажет деп тауып отырмын. Сізге хат жазып, мазаңызды алуыма себеп болған бір нәрсе — жақын арада алынған мынадай хабар еді. Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша біздің Соғыс губернаторымыз қазақ балалары үшін Қазанда жазылатын орыс алфавиті мен оқу құралын құрастыруға қатысу үшін мені Қазанға жібергелі отыр деген хабар еді. Бұл жөнінде мәселе көтерген Сіз екеніңізді Сіздің хаттарыңыздан білгендіктен, министрдің мені жіберуі туралы бұл ұсынысы Сізге мәлім шығар деп ойлаймын. Сонымен, бұл осылай бола қойса, мен өте бақытты болған едім; Қазанда болсам, жақсы адамдарды көрсем, олардың ақылын тындап, тәлім алсам деген менің алда-қашанғы тілегім, ақырында, орындалады деп сене алар едім; сонымен қатар, осы жағдайды пайдаланып, қазақша өлеңдерімді тәртіпке келтіріп, аудармасын және ескертулерін қоса жазып әзірлеп қойдым. Тек бірқатар мәселелер жөнінде білетін адамдармен ол жайында ақылдасуым ғана қалып отыр. Менің Сізден ендігі сұрайын дегенім: менің өзіме кесел болған, ондаған жыл жас өмірімді босқа дерлік кетірген қолайсыз істеріме кешірім етпес пе екенсіз, ал осы кешірім етуіңіздің белгісі ретінде маған хат жазып, жоғарыда айтылған жұмысқа



баруыма сене алатынымды, ал баратын болсам, қашан баратынымды хабарлауыңызды өтінер едім.

Мен әлі күнге Торғайда, уездік басқарманың іс жүргізушісі болып отырмын; бірақ жағдайдың өзгеруіне байланысты бұл қызметті атқарып жарығаным жоқ; біресе уезд бастығының аға көмекшісі болып, біресе уездік судья болып, бір қызметтен екінші қызметке тек ауыса беріп жүрмін; бірақ мұның бәрі де уақытша қызметтер; орнықты және тәуірірек орынды әлі тапқаным жоқ. Менің қызметіме бастықтарым өте риза, бірақ міндетті қызмет мені мүлдем тойғызып барады. Ендігі барлық ойым бұрынғыша ғылымда және ресми жағдайдан тыс қоғамға араласуда ғана болып жүр. Сондықтан мен Қазанға шын баратын болсам, бұл маған ұлы оразадан кейінгі қызыл жұмыртқа тойындай үлкен той болған болар еді, немесе көптен ет көрмеген адамның мұрнына келген қуырдақтың тәтті иісіндей иіс болған болар еді. Қазанға барғаннан кейін мен істің жағдайына қарай және есті адамдардың маған берген кеңесіне қарай іс еткен болар едім.

Екатерина Степановнаға менің шын көңілден құрмет білдіретінімді айтыңыз.

*Сізге шын берілген және Сіздің бағынышты пендеңіз,*

**И. АЛТЫНСАРИН.**

1873 жыл, 20 март.  
Торғай қаласы.

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қайырымды қамқоршыларым — Николай Иванович пен Екатерина Степановна!**

Мені естеріңізге алып, хат жазған екенсіздер; естеріңізге алғандай Сіздерге не қызмет еткенімді білмеймін; ондай қызметім жоқ болар деп ойлаймын және оныңызға рахмет айтуға лайықты сөз таба алмай отырмын; осының бәрі сіздердің қайырымдылықтарыңыздың арқасы ғой деп білемін. Мен сіздердің хаттарыңызды бекініс комендантының үйінде, ресми қонақасы да отырып алдым. Бұл қонақасы инспектор граф Борхтың және Ырғыздан келген қонақтар: коменданттың, уездік судьяның және Ырғыз уездік начальнигі аға көмекшісінің келуіне байланысты беріліп отырған қонақасы еді... Мұндағы жұрт менің, мүмкін тіпті, ұзақ уақытқа кетіп қалатыныма бірден-ақ қыналды

және сонымен қатар, менің бұл жөніндегі қуанышымды да мақұл көрді; бұлардың кетуіме қиыналуы да, қуанышымды мақұлдауы да шын айтқан сөздері ғой деп ойлаймын; ал қазақтарға келсек, олар маған ренжіп, ақсақалдары да, басқалары да ренжіп: «ағайын арасынан кетіп, не бақыт табасын» деп отыр. Сізге шынымды айтайын, мұның бәрі де жақсы, айналамдағы адамдар маған осылайша қарамаса, ол өзіме ауыр тиген болар еді. Сонымен, Сіздің хатыңызды алғаннан кейін адам баласының достары тұратын жақсы қаланы көремін деген толық сеніммен, қайрымды Яков Петровичтен, август айына дейін елге барып, шаруашылығымды және үй жайларымды жайғастырып келуге демалыс сұрадым; елден келісімен Сіздің бұйрығыңызды асығыстықпен күтемін. Жолға шығатын күнімді анық білу үшін және оған дұрыстап дайындалу үшін маған комиссияның жұмысы, Сіздің ойыңызша, қанша уақытқа созылатынын білу керек болып отыр. Егер, ықыласыңыз құлап, мүмкіндігіңіз болса, осыны маған хабарлағаныңыз жөн болар еді. Мұны жаза қойсаңыз ол хатыңызды июльдің аяғына дейін Троицкідегі Николаевскі уезд начальнигінің аға көмекшісі Тілеу Сейдалиннің атына, ал одан кейін жазсаңыз Торғайға жіберуге болады. Бұл хабарды беруіңізді қатты тілек етемін, өйткені, онда көп тұрып қалатын болсам, үй ішіммен барар едім. Ал егер аз тұратын болсам, әуелі жалғыз өзім ғана барып, кейін жағдайына қарай, амал істеуім керек болады. Егер Сізге қиын болмайтын болса, мен мұның жайын менің есебіме, Троицкіге телеграмма арқылы хабарлауыңызды сұрар едім. Өйткені, біздің почтамыз түйе керуені сықылды жүреді.

Мұның бәрі де шешілген, енді ойлайтын ешнәрсе жоқ сыяқты бола тұрса да, менің көңілім тынышталмай отыр; қымбатты затын ұстап, онымды біреу жұлып кетіп жүрмесін деп, жан-жағына жалтақ-жалтақ қараған адам сыяқты болып отырмын. Менің мінезім, менің жағдайым: келешегімнің бәріне де мені сенімсіз қарайтын адам етіп отыр. Ал, оның бержағында, менің мұнда бұдан былай қалуым мүмкін емес екенін күн сайын сезіп отырмын. Мен қазірдің өзінде-ақ жарым-жартылап шірідім. Шіру енді екінші жартыма қарай жылжып келеді. Менің даусым да Сізге батпаққа батып бара жатқан адамның даусы сыяқты болып көрінуге тиіс. Пайдалы және пайдасыз жұмыстарда, ал кейде, өте қиын, жүріп-тұру керек қылатын жұмыстарда он жыл өмірім өтті. Ақырында, осы өзім тұрған

ортада ақылым да топастана бастады. О, Николай Иванович, атам,—оқытушылар семинариясының директоры, менің бұл үмітімнің бір жерінен үзіліп кетпеуінің қамын істеңіз. Өзіңіздің қолыңыздан келгенінше амал істеп, Сіздің жаныңызда болуыма мүмкіндік беріңіз; адамшылық істің бәріне әділ қарайтын түкпірде тығылып жатқан бейшара мүсәпірді ондаған жылдар өткеннен кейін де іздеп тауып алатын жақсы адамдармен ашық кеңесіп, таза ауа жұтуыма мүмкіндік беріңіз,—сонда ғана мен шіріген жағымды жазып алуыма, қайтадан адам болуыма, сөйтіп келесі он жылға жетерлік ақыл тауып алуыма мол сенемін. Артықтау сөйлеп кеткеніме кеңшілігіңізбен ғафу етіңіз. Яков Петровичтің де бір-екі ауыз сөз қосуына орын қалдыруым керек болып отыр. Көріскенше сау болыңыз, аса қайырымды Николай Иванович пен Екатерина Степановна!

*Сіздің қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1873 жыл, 7 июнь.  
Торғай қаласы.*



### Аса қайырымды Николай Иванович!

Мен ноябрьдің 11-нен бері қарай Торғайдамын. Орынбордан шыққаннан кейін жол маған өте қолайсыз болды. Қар түсті, күн суып кетті. Орынбордан әуелі тарантаспен шығып, Орскіге әрең жеттім. Осы арада алқа-салқасы шыққан тарантасымды тастадым. Бұл жерден енді шанамен жүрдім. Верхне-Уральскі маңында қар жоқ екен, ал кейін, тағы да қар басталды. Торғайға жуықтай бергенімде тағы да арбамен жүруіме тура келді. Сонымен, біресе шанамен, біресе арбамен жүріп отырып, өзімнің Торғайыма әрең жеттім. Күннің біресе суық, біресе жылы болуы, осы уақытқа дейін суық тиді дегенді білмейтін қазақтығыма қарамастан, менің денсаулығымға үлкен әсер етті. Мен тек енді ғана тәуір болып келемін, қазір көңлім жаман емес. Сондықтан, ең бірінші борышым Сізге өзім туралы хабар беру деп біліп отырмын.

Біздің Торғай, басы жетпіске келген қартымен тегіс аман. Қар түскеніне бірнеше ғана күн болды; қыстауларына қайта көшіп, қазақ ауылдары әбігерленіп қалды. Бірнеше күннен бері ел қыстауға қарай шұбап жатыр, ойпаттау жерлерге қоралар жасалып, әйелдер жабыла қамыс орып жатыр. Тіпті, балалар да бос жүрген жоқ, — алыстан тек бөрік сыяктанып көрінетін 6—7 жастағы құрттай балалар да тайларына мініп алып, қыстауларына қарай бұзау айдап келе жатады... Ал біздің қаламыз, Торғай қаласы тып-тыныш ұйқыда, істеп жатқан ешбір кәсібі жоқ; тек анда-санда ғана қартымыз, ақырып-жекіріп, бұл тыныштықты бұзып отырады. Таң ата торғайлармен бірге тұрып, өзінің ауласын айналып, сол арада-ақ қазақтар-

дың арыздарын тындап, оларға іс-міс жоқ ақырып жатқан бұл қартты көрген адам, мынау шалды жыны қаққан болар деп ойлайтын шығар. Бірақ сырттан қарағанда мұнша айқайшыл болып көрінгенмен ол қайрымды, ақыл иесі және алпыс жылдық тәжірибесі бар адам.

Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым. Оны мынадай өлеңдермен бастадым:

Кел балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Істің болар қайыры  
Бастасаныз алдалап,  
Оқымаған жүреді  
Қаранғыны қармалап.  
Кел балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқысаныз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегенің алдыннан  
Іздемей-ақ табылар.  
Кел, балалар, оқылық, т. т.  
Мал-дәулеттің байлығы  
Бір жұтаса жоқ болар.  
Оқығанның байлығы  
Күннен күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.  
Кел, балалар, оқылық, т. т.  
Әлпештеген ата-ана  
Қартаятын күн болар.  
Бар дәулеттен айрылып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата-анан қартайса,  
Тіреу болар бұл оқу,  
Қартайғанда, мал тайса  
Сусын болар бұл оқу.  
Кел, балалар, оқылық, т. т.

Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Әрине, мұны қазақ балаларына лайықтап жазамын. Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақ-

тарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сыяқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті, ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектерінің өзгерулері сыяқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сыяқты әңгімелер тәуірірек болады. Өлең жағын мен, мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызғылықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарихи және географиялық-ғылыми әңгімелер келтірмекпін. Менің бұған шеберлігім және білімім жететінін, жетпейтінін білмеймін, бірақ, қалай да істеп көремін. Сондықтан, менің жоғарыда айтқан программама өзіңіздің қалай қарайтыныңызды жазып жіберуіңізді өтінемін.

Мұнда келгеннен бері мен Сіз туралы ешбір хабар алғаным жоқ. Бірақ жуырда көріскеніміз бүгіндідей есімде, сондықтан, Сіз жайында бір хабар алғым келеді. Екатерина Степановнаны, Николай Алексеевичті және Сіздің бүкіл қайырымды үй ішіңізді аса қадір тұтатынымды білдіремін.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1876 жыл, 3 декабрь.  
Торғай қаласы.*



1877

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

### Аса қайырымды Николай Иванович!

Соңғы кезде біздің ел арасында көп жайылып кеткен әртүрлі дау-жанжалдарды тыю үшін бүкіл уезді аралап, ұзақ уақыт командировкада жүргендігімнен, көптен бері Сізге хат жазып, өзім туралы хабар бере алмадым. Маған тапсырылған бұл жұмыстарды ойдағыдай орындап, қырдан тек жуырда ғана қайттым; енді Сізге менің өзім, үй ішім, құдайға шүкір, аман-есен, сол туған жерім — Торғайда тұрып жатқаным туралы хабар беруге асығып отырмын.

Оқытушылар семинариясының ашылуы, өзіңізге де ендігі мәлім болар, белгісіз уақытқа, кейінге қалдырылып отыр. Осы жылғы март айының ішінде мен, Катаринский арқылы, қазақ мектептерін басқаратын инспектордың көмекшісі болып қызмет ет деген ұсыныс алдым; оның тұратын жері Гурьев немесе Хан ордасы болатын көрінеді. Бұл маған онша қолайлы болмайтын болса да, қызметімнің түрін өзгертейін деген оймен, бұл қызметке баруға ризалығымды білдірдім.

Мұның қолайлы болмайтын себебі: мен үлкен бедел алып отырған туысқандарымның және таныс халықтың арасынан алысқа кеткелі отырмын, мұнда, менің, жаңадан қолға алған қызметтерімнің бәрі де көңілдегідей болар еді; ал Орал қазақтарына мен тіпті таныс емеспін, екіншіден, қырдағы тәуір деген шаруашылықтардың бірі бола бастаған өз шаруашылығымнан да алыстаймын, және үшіншіден, сізден жасыратыны жоқ, мен сірә бас-



тықтармен жақсы істесе алмаспын, сондықтан бастықтардың жанында, бағынышты болғандықтан өз ойымша ешнәрсе істей алмайтын жерде болғанымнан гөрі шет түкпірде қызмет еткенімді тәуір көремін. Семинарияда болсам бір сәрі еді, өйткені бұл мүлдем жаңа оқу орны, оған жергілікті жағдайларға қарай жаңа тәртіптер енгізу керек. Бұл сыяқты жұмысқа ілкі кезінде мен сыяқты, білімі шамалы, бірақ халыққа деген сүйіспеншілігі мол қазақтың араласуы қажет те ғой. Семинарияда мен қандай қызмет атқарсам да өз орнымда болар едім, өйткені, ол қазақ даласының шығыс жағында болмақ, ал ол жақта мен өз адамымын. Мұндай шын игілікті істің ашылуына сенімім зор, мұнымен салыстырғанда қазақ арасындағы халық мектептерінің бәрі де жай нәрсе.

Мен ел аралап кеткендігімнен, міне үш ай бойына, менің оқу құралым баяғы күйінде қалып қойды. Оны қазір де қолға ала алмаймын-ау деп отырмын.

Өйткені Уездік басқармада жұмыстың көптігі сонша, одан күндіз де, түнде де бас көтере алмаймын; сондықтан, егер жаңағы айтқан қызметіме баратын болсам, бұл кітабымды сол Орал облысына барып аяқтайтын болармын.

Сіздің самоучителіңіз қазақ арасына таратылды; кейбіреулер ақшасын әлі төлеп болған жоқ, сондықтан, Яков Петрович, бұл ақшаны солардың бәрінен түгел жыйнап болғаннан кейін жібермекші. Яков Петровичтің айтуына қарағанда, жаратылыс тарихы да алынған екен, бірақ ол оның ақшасын Сізге жіберген, жібермегенін білмей отырмын, қалай болған күнде де жуырда мұның бәрі істелмек.

Екатерина Степановнаға миллиондаған алдияр.

*Шын құрметпен И. АЛТЫНСАРИН.*

*1877 жыл, 18 июнь,  
Торғай.*



1879

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Сіздің 7 июльде жазған хатыңызды алдым, менің барлық істеріме араласып, жәрдем етіп отырғаныңызға шын жүрегімнен алғыс айтамын.

Амал жоқ, мен қазір Қазанға бара алмайын деп отырмын. Облыста ұзақ уақыт командировкада болғанымнан кейін, жуырда ғана Орынборға барып келіп, онан соң өзіме үй салып алу жұмысына кірісіп, көп шығынданып қалдым. Сондықтан, Қазанға барар қаржым да болмай отыр. Осы жылы Орынборға үш рет барып қайтқаным менің онсыз да тайыз қалтамды едәуір босатып кетті. Бірақ маған бұл ғана қырсық болып отырған жоқ, бұл жөнінде маған осындағы таныстарым да жәрдем берген болар еді,— мәселе, жалпы үй шаруашылығым жағынан да, қызметім жағынан да аса қыйыншылық жағдайда қалып, тұйыққа тіреліп қалғаным да болып отыр.

Сонымен, менің кітабымның тезірек басылып шығуын достарымның бәрі жалпы тілеп отырғанына қарамастан, жаңа қызметке тағайындалғанымша, шамамен айтқанда, сентябрь немесе октябрь айларына дейін, оі кітаптың Сізде бола тұруына тура келіп отыр, оған дейін мен де өз істерімді бір жөнге келтіріп алармын деп ойлаймын. Амал жоқ, бұл кітап осы жылғы оқыту жұмысына пайдаланылмайтын болып отыр. Кейін, жаңа қызметімде бірқатар бос уақыттарымды пайдаланып, хрестоматияның екінші бөліміне де материал жыйнамақпын.

Маған тағы мынадай бір ой түсіп отыр. Қазан универ-

ситетінде біздің Сүйіншалиев және Шуаков деген екі жігітіміз оқып жүрген болар деймін. Егер олар онда болса, әсіресе, Шуаков бұл кітаптың корректурасын жүргізуден бастартпас деп сенемін. Бұл жөніндегі ең маңызды нәрсе,— кітаптың текстісінде қате кетпеуі ғой, ал Шуаков қазақ болғандықтан, ондай қателерді тез көре қояр еді. Бірақ, ол өзінің оқуының жағдайынан, немесе басқа бір себептерден, мүмкін, бұл жұмысты міндетіне алмас та,— мен жергілікті жағдайдың қандай екенін білмеймін ғой. Ал егер ол мұны қолға алып, Николай Иванович оған басшылық етсе, бұл іс жақсы оңғарылатын-ақ сияқты.

Қалай да, Василий Владимирович, менің күзге баруым туралы және егер Шуаков Қазанда болса, ол туралы айтқан ойыма өзіңіздің қалай қарайтыныңызды жазып жібергеніңіз тәуір болар еді.

Жұбайыңызға менен аса құрметті сәлем айтыңыз.

*Сізге шын көңілімен берілген және Сізді құрмет тұтатын,*

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1879 жыл, 25 июль.*

*Төрғай.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Мен әлі осындамын, қазақ мақалымен айтқанда, жіпсіз байланып отырмын. Хрестоматияның басылуы аяқталып келеді. Бос уақыттарымды пайдаланып, мен мұнда, қазақ балаларына орыс тілін оқытуға жетекші оқу құралын да түзіп қойдым; тек оны қайтадан таза қағазға көшіргенім жоқ, мұны Торғайға барған соң көшіретін болармын.

Ырғызға оқытушы жіберілді. Бірақ онда менсіз ешнәрсе шығар ма екен, өйткені, ондағы мектепке әлі керекті парта, стол, орындық және басқа шаруашылық құралдары сатылып алынған жоқ еді. Бұл заттарды алуға керек қаржыны мен Орынбор басқармасынан бұдан бір жеті бұрын ғана сұрап алдым. Бірақ ақша Ырғыздан берілетін болды, ал алынатын заттардың бірқатары, мысалы: кереует, асхана және төсек-орын жабдықтарына осында заказ беру керек көрінеді. Сондықтан, Орынборға 700 сом ақша жіберу туралы Ырғызға хат жазылды. Осыны еске алып, мен қазір 25 темір кереуетке заказ бердім, Қызыл крест

қоғамынан әртүрлі кенеп, ақсұп маталар сатып алдым.

Біздің болады деп жүрген мәслихатымыз қашан болатынынан бихабармын, соған осы Сіздің келуіңізді күтіп отырған жоқ па екен. Біздің мектептер туралы жобамыз осы мәслихатқа қалдырылып отыр.

Менің тек, «іш пысып, қайғы басып жүр» деп ән салуыма ғана тура келіп отыр. Айтқандай, менің сорыма аяғымның жарасы жарылып, дәрігердің айтуы бойынша, міне бір жеті бойы, түрмеде отырғандай, үйден шыға алмай отырмын. Сонымен қатар, зеріккендіктен аса көп оқып, көп жазамын деп, бірнеше күннен бері басым ауырып жүр, оған қосымша, екі құлағым бірдей бітіп қалды; сондықтан әрбір сөйлеген адамға құлағының біреуін тоса қоятын Попечительдің секретары сыяқты болып отырмын (ғылыми дүниенің шын соңына түскен адамның осылай болуы да керек қой).

Сонымен, көргенше сау болыңыз, Василий Владимирович. Егер мұнда келетін болсаңыз, тезірек келгеніңіз тәуір болар еді. Ісімізді де шешер едік, мені де қапастан босатып алар едіңіз.

*Сізге шын көңілмен берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Егер мұнда келмейтін болсаңыз, онда бұл туралы жазып жіберіңіз.

Жұбайыңызға менен сәлем айтыңыз.

*1879 жыл, 9 ноябрь.  
Орынбор қаласы.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса құрметті Василий Владимирович!**

Менің хрестоматиямды басып болды. Енді тек оны мұқабалау ғана қалып отыр. Бес күннен кейін, бастықтарға және менің жақын достарыма жіберуге арналған алғашқы 20 кітабын мұқабалап болғаннан кейін, өз жөніме кетемін.

Енді, Василий Владимирович, Орынбор оқу округі үшін Орынборда хрестоматияның неше данасын қалдыру керек екені туралы мәселені шешуге көмек етіңіз. Қазақ хрестоматиясының шыққандығын Түркстан округіндегі халық мектептерінің директорына және Сібір округінің оқу жұ-

мысын басқарушыға қалай хабарлауға болар екен. Мүмкін бұл жайында попечительмен сөйлесу керек болатын шығар, мұны өзім сөйлесіп көрейін. Бірақ Орынбор оқу округіне керекті Хрестоматияның саны туралы попечитель Сіздің пікіріңізді күтіп отырған сыяқты.

Попечительдің айтып жүрген әйгілі мәжлісі жақында болып өтті. Бірақ оның немен тынғанын мен әзір білмеймін, себебі, бұл маслихат екі әскери адамның, генерал-губернатор мен попечительдің арасында ғана болды. Мен оның алдындағы, попечительде болған мәжліске ғана қатнастым.

Жалпы Сіздің қарамағыңыздағы мектептерге жіберілетін кітаптың саны туралы, мүмкін болғанша тез хабар еткеніңіз тәуір болар еді, егер Сіздің хатыңыз, бүгіннен бастап есептегенде, мұнда бір жетіден кейін келетін болса, онда хатыңызды Федор Дмитриевичтің атына жазыңыз, оған мен бұл жөнінде не істеу және қалай істеу керек екендігін айтып қоярмын.

Жұбайыңызға менен көп-көп сәлем айтыңыз.

*Сізге шын көңілімен берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1879 жыл, 17 ноябрь.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙҒЕ**

### **Аса қайрымды Николай Иванович!**

Біздің жас оқытушыларымызбен жіберген хатыңызға үлкен рақмет айтамын... Сіз бір хатыңызда «балық жоқта шаян да балық» деп жазған едіңіз. Менің ісім де қазір нақ сондай болып тұр: білімім өте аз болса да, осы аз білімімді іске жаратуға тырысып отырмын, өйткені, егер ешкім ешнәрсені қолға алмайтын болса, онда ешбір іс те істелмейді ғой. Ал енді қазір қырдағы жағдай мектеп ісін аяққа бастырып, оны белгілі бір жолға салып жіберуді керек етіп отыр. Бұл үшін үлкен білімнен гөрі іскерлік керек. Мектеп ісін аяққа бастырып, оны жолға салу деген екі сөзді жаза салу, әрине, қыйын емес, бірақ оларды орындап шығу, өзіңіз айтқандай, менің көп әуреленуімді, көп еңбек жұмсауымды керек қылады және бірқатар әлі налытады да. Ал сонда да бұл істі қолға алып көремін. Мүмкін рақымы мол аллатағала жәрдем беріп, істі белгі-

лі бір жөнге салуға көмектесер. Менің қолға алып отырған істерімнің бәрін жазып жатуға көп уақыт керек. Бірақ менің ең бірінші айтатыным: болыстық мектептерді ашуға асығудың әзірге қажеті жоқ, өйткені, оларға лайықты оқытушы жоқ, оларды ешқайдан таба алмайсың, әуелі әрбір уезде қазақ арасынан жақсы жабдықталған бір-бір екі класты немесе үш класты мектеп ашуымыз керек, сөйтіп, қазақ арасындағы мектептерге қазір тек орыс тілін ғана оқытып, оқу-жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын көрсетіп, ол мектептерден оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге де ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек. Қысқасы, бұл оқушылар (әрбір мектепте кемінде 40 шәкірт болмақ) азды-көпті білім алып, белгілі бір бағыт алып шығып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатын болсын деген мақсатымызды еске ала отырып, оқушыларды тәрбиелеу жағына көбірек зер салуымыз керек. Ал болыстық мектептер дегендеріміз қазір бұл мақсатқа жеткізе алмайды, өйткені, біріншіден, жөнді білімі бар адам 200—300 сомға бола қазақ даласының түкпіріне барып, қазақша тұрып, басқаша айтқанда, өзінің мектебімен бірге көшіп-қонып, қыстап-жайлап жүре алмайды, екіншіден, болыстық мектептерді жақсы жолға қоюға қаражат та жоқ. Ал егер, бұл мектептерге оқытушы етіп не бір өсекші казактарды немесе бүкіл Россиядан орын таба алмай келген маскүнем бір чиновниктерді жіберетін болсақ, оның үстіне мектеп шаруашылығын қалай болса солай жүргізетін болсақ, онда біз ілкі кезден бастап-ақ орысша мектептерге халықтың көңілін мүлдем суытып алуымыз мүмкін. Кезінде, казактардың өз арасынан, жергілікті жағдайлардың бәрін жақсы білетін, оқыған адамдар көбірек шыққан кезде, болыстық мектептерді ашу керек те және ол мектептер күмәнсіз пайдалы да болады. Егер ашқалы отырған мектептеріміз тез жүзеге асып, дайындамақ оқытушыларымыз тез бітіріп шығатын болса, бұл онша ұзаққа да созылмас. Менің бұл жобаларымды, жалпы алғанда да, жеке алғанда да бастықтарымыз мақұл көрді, қазір бұған дайындық ретінде бірқатар жұмыстарға да кірісілді. Жобалап отырған мектептеріміз қалай, кімнің қаржысымен салынатыны жуырда шешіледі. Көктем шыға мен бүкіл облысты аралап, елдің түкпір-түкпіріне барып, маған битаныс ақсақалдармен танысып, оларды өз балаларын оқыту керектігі сыяқты жұмысқа шақыру керек болып отыр.

Ал әзірге, міне екі айдың жүзі болып барады, бастықтарды төңректеп, олардың осы жөніндегі кейбір уәдесін және көмегін алуға тырысып жатырмын. Қысқасы, мен көп қозғалмайтын, қолапайсыздау қазақ болсам да, қажет болған соң, елті адамның істейтін ісін істей бастадым. Осы хатыммен бірге, өзімнің жазған Қазақ хрестоматиясын жіберіп, Сіз мұны, аса құрметті, баға жетпес Николай Иванович, менің Сізге ешбір қалтқысыз шын көңліммен берілгендігімнің белгісі ретінде және Сіздің адал мақсатпен менің басыма салған адал ұрығыңыздың далада қалмағанының белгісі ретінде қабыл алуыңызды өтінемін.

Екатерина Степановнаға менен көп-көп дұғай сәлем.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1879 жыл, 25 ноябрь.  
Орынбор.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Ноябрьдің 29 күні Орынбордан шығып, декабрьдің 19-да ғана Торғайға жеттім. Жолда үздіксіз, қатты борандар болып, үлкен қыйыншылықтарға кездестім. Бұл есіме түскенде, тіпті, тұлабойым тітіркеп қоя береді. Осы жағдайларда жүріп, біздің уезімізді аралап жүргенде, Сіздің көрген осындай қыйыншылықтарыңызды да талай есіме түсірдім. Бірақ, таныс жерде және күздігүні жүріп мен, әрине, Сіздің көрген қыйыншылығыңыздай қыйыншылық көрмеген болар едім. Ал мына менің жолымда, біз табиғаттың аса қауіпті және ешбір тәжірибеге көнбейтін күштеріне тап болдық. Дегенмен, құдайға шүкір, мұның бәрі де енді ұмытылып келеді. Ұмытылмайтын шарасы да болмады, өйткені, үйіме келсем, үйімде малыма берер бір тал шөбім де, жағар отыным да жоқ екен, отын мен шөбімді таудай боп үйілген қар басып қалыпты, мұндай қарды Торғай өте сирек көрген еді. Сондықтан отын, шөп тауып алу жөніндегі және, менің сорыма, быйыл Торғайға айдап әкелген малымды сақтап қалу жөніндегі жұмыстарым менің барлық уақытымды алды, қазірде де барлық уақытым осыған кетіп отыр.

Қыс жаңа ғана басталып келеді, ал біздің мал шаруашылығымен шұғылданатын шаруаларымыздың жайы қазірдің өзінде-ақ өте жаманға айналды; бұл қыс қандай



қыс боларын білмеймін, бірақ, бұдан ешбір жақсылық күтуге болмайтын сыяқты.

Осы үй шаруашылығымның арасында біздің жаңа мектептер туралы жобамыздың ақыры не болар екен деп жиі және көп ойланамын. Бастапқы кезде істің беталысы ойдағыдай сыяқты еді, бірақ, біздің облыстық басқармамызда бұл мектептерді салу жөнінде ешнәрсе істеліп жатырма екен, түрлі жағдайларды сылтау қылып, іске кесел келтірмес пе екен? Шынына келгенде, қадірлі Василий Владимирович, қазақ арасындағы халық ағарту ісінің табысты болуы біздің жобамыздың мүмкін болғанынша тез орындалуына байланысты ғой. Біз («біз» деп мен бұл арада мектеп салу мәселесін шеше алатын үлкен адамдарды айтып отырмын) ылғый ойланамыз, толғанамыз, толып жатқан қағаз жазамыз, әртүрлі кедергі дәлелдер табамыз, бұл дәлелдеріміз кейде жергілікті жағдайдан емес, кейбіреулердің жеке басының кесірінен туады. Ал қазір өткінші жағдайда тұрған халқымыз рухани нәр тілеп отыр, бұл нәрді ол амалсыздан надан адамдардың қолынан татып отыр, сол нәрді ашқарақтана жұтып, өзінің сау денесін ауруға шалдықтырып жатыр.

Сіз, Василий Владимирович жұлдыздарға жақынсыз ғой, сондықтан оларға қолыңыздан келгенінше әсер етіп, жобаланған мектептерді ашу жұмысын асықтырыңыз. Дін заңдарының бәрінде де құдай қайырымды және әділ дейді ғой, ол Сізге де шапағатын тигізер! Біздің Ырғыз бен Торғайдағы жас оқытушыларымыз жұмыстарын жаман жүргізіп жатқан жоқ; мен оларға ризамын. Троицкідегі Воскобойников дейтін оқытушымыз Троицкіден кеткісі келетін көрінеді, бірақ оның маған жазған қағазынан осы сірә өте іскер адам-ау деп шамалап, кетуге асықпа деп хат жаздым, оны, Сіз жобалаған 450 сом ақшаны беремін деп сендірдім. Оның бұған не дейтінін білмеймін. Оның жазған екі қағазын не істерімді білмегендіктен, Сізге жіберіп отырмын. Мұндағы оқытушыларға мен география сабағын: «География оқу кітабы, Математикалық, физикалық және саяси географиялардан жалпы мәлімет. Төменгі оқу орындарының курсы» деген кітап бойынша беріндер дедім. (құрастырған К. Смирнов. Түзетіліп XX рет басылуы. С. Петербург. Э. Арнгольд баспаханасы. Лит № 59). Қысқа және түсінікті жазылғандықтан, бұл кітап маған өте ұнап кетті. Сондықтан, бұл кітапты әрбір мектепке 20 дана жібер деп, кітап дүкеніне бұйрық беруді мүмкін таппас па

екенсіз, ал оның ақшасын оқу құралына белгіленген ақша есебінен әрбір мектеп арқылы жіберілер еді.

Тарих сабағын, сірә, Иловайскийдің оқу құралы бойынша оқытуға тура келер деймін, бірақ бұл оқу құралы менің өзіме онша ұнамайды; сөйтсе де, мұны қолданбай амалымыз жоқ, өйткені, басқа лайықты кітапты көрген жоқпын. Маған Биллярминовтың «Жалпы тарих пен орыс тарихының қысқаша курсы» өте ұнайды. Бұл кітап та қысқаша жазылған, бірақ қажетті мәліметтердің бәрі бар. Тарихты осы кітап бойынша оқытсақ қайтеді? Өйткені, орыс тарихын жеке алсақ, онда балалардың білімін өсіретін әртүрлі мәліметтер өте кем ғой, ал әлгі айтқан кітабымыздың көлемі «Орыс тарихының» көлемінен үлкен емес, сөйтсек, мұны өткеннен кейін балалар да менің ойымша өте кең түсінік алар еді. Егер де Сіз менің бұл пікіріме қосылсаңыз, онда, құдай үшін, маған хабарлаңыз және Орынбордың кітап дүкеніне сол кітаптарды әрбір мектепке жібер деп хабарлағайсыз. Мен өз жөнімнен, қажет болатын болса, бұл кітапқа шығатын шығындарды жабудың амалын қарап көрейін, немесе, әрбір мектеп бойынша қалған ақшаны осы кітаптарды сатып алуға жұмсауды қажет деп таппас па екенсіз? Бұл кітаптардан Смирновтың кітабы 40 тыйын, ал Беллярминовтың кітабы — 1 сом.

Менің қазақ балаларын оқыту жөніндегі жоспарым мынадай:

### І-КЛАСС

1. Бұл жұмысты балалар менің оқу құралым бойынша хат танығаннан кейін бастау;

2. Сонымен қатар, таза жазуға үйрету және орыстың жеңіл жазылған хрестоматияларын (Толстой хрестоматиясы) оқыту, өздері білмеген орыс сөздерін жазып алу және жаттату үшін, балаларға тетрадь беру;

3. Менің оқу құралымды өткеннен кейін қазақ хрестоматиясын және онымен қатар, Водовозовтың орыс хрестоматиясын оқыту, оқыған жерлерін түсіндіру және қазақ хрестоматиясынан қазақшаны орысшаға аударып жазу;

4. Кубиктер және счеттер арқылы есеп үйрету.

### 2-класс

1. Оқыған жерлерін түсіндіре отырып және грамматикасын талдай отырып, орыс тілінен қазақ тіліне аударту;

2. Тарих;

3. География және табиғат құбылыстары;

4. Есеп, бөлшекке дейін.

Соңғы жылы «жазба түрінде іс жүргізу жайын» жаздыру, және оқыту.

Міне, осының барлығы жайында Сіз маған өз пікіріңізді білдірсеңіз жақсы болар еді.

Василий Владимирович, хатымның тәртіпсіз жазылғанына кешірім сұраймын. Мен Сізге ресми адам сыяқты емес, қайырымды, маған ниеті дұрыс достым сыяқты қарауға дағдыланып кеттім, сондықтан, менің хаттарым да аса тәртіпсіздеу болады,— мен мұны сеземін, бірақ жақсы адамдарға хатты басқа түрде жаза алмаймын.

Жұбайыңызға менен көп-көп сәлем айтыңыз.

*Сізге өте шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

27 декабрь, 1879 жыл.

Торғай қаласы.

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

### **Аса қайырымды Василий Владимирович!**

Торғайдан ешкімге де хат жазбағаным көп уақыт болды; мұнымды, әсіресе, Сіз жөнінде кешірімсіз күнә деп есептеймін. Менің көптен бері үндемей жатуыма үлкен себеп те болды; оны білгеннен кейін, мүмкін, Сіз маған кеңшілік жасап, кешірім етерсіз. Быйылғы қыс өткен қысқа қарағанда да маған анағұрлым ауыр тиді. Өткен жылы мен, көп жылдар бойына тынбай еңбек етіп, тапқан малымнан ғана айрылған болсам, быйыл барлық үйшімнен және туған-туысқандарымнан айрылып қала жаздадым. Ешкім тілемеген сүзек ауруына ұшырап, бәріміз жаппай төсек тартып жатып қалдық. Әрқайсымыз да кемінде бір айдан жатып тұрдық. Үйшімнің және туысқандарымның ауруларын бағу-бақылаумен жүріп мен, бұрыннан да көңілсіз адам, жазған хатымнан жылауық болып көрінермін деп қорқып, ешкімге де хат жазбадым; жылап жазған хатты өзім де жек көремін, басқалар да жек көретін болар деп ойлаймын. Ақырында, үйшім тегіс тәуір болып кетті, ал жакын туысқандарымның бірқатары өлді, бірқатарының әлде де тек сүлдесі жүр. Сүзек елімізге әлі де кәрін тігіп тұр. Ауру-сырқау бар үйден жіберілген хат деп менің хатымнан қорықпай-ақ қойыңыз. Өйткені үйшімнің айығып кеткеніне қазір көп уақыт өтті және біз қазір кірпіш үй-

дің ауасынан қорқып, киіз үйге шығып алдық. Аштық пен сүзектің салдарынан азық-түліктің бағасы тағы да көтеріліп кетті. Бұл бақытсыз уездің қашан жөнделерін білмеймін. Сондықтан, бас-аяғым аман тұрған кезімде бұл жерден қашып, Троицкіге немесе жаңадан салынған Ордабай қаласына барып орын тепкім, келеді.

Енді мектептердің жайына келейік. Мектептеріміздің жұмысы жүріп жатыр. Ырғыз бен Торғайда мектеп үйлері салынып болды; жабдықталу жағы да жаман емес, тек Торғайдағы мектептің қаражатының бұрынғы күйінде қалғаны түсініксіз болып отыр. Мектептің үйі қазір бұрынғыдан екі есе үлкейді, сондықтан, мектептің отынына, жарығына, мектепті күтетін адамдарды ұстауға жұмсалатын қаржы да екі есе көбеюі керек қой. Азық-түліктің бағасы тым жоғары; 4 сомды әр оқушыға айына алатын 30 қадақ нанның өзіне де, шай, шекеріне де жеткізе алмайсың, оның үстіне, ет және басқа тамақтар да керек қой. Мен жаңа мектептерге Сіздің белгілеген 4 500 сомыңызды аламыз ғой деп жүр едім, бірақ ол ақшаны, жазуларына қарағанда, жуырда беретін емес. Сонда біз не істемекпіз? Оқушыларға тамақ бермей, мектепті жылытпай, мектепке шам жақпай және оны күтетін адам бермей болмайды ғой! Мұны попечительге мен екі рет жаздым, оның үстіне, Яков Петрович те губернаторға бір рет жазды; біздің бұл қиыншылық жағдайымыздан құтылуымызға Сіздің де атсалысқаныңыз жақсы болар еді. Егер қоғамның бұл ақшаларды алатын орны болмаса, онда осы жылы Торғай облысындағы мектептердің бұрынғы қаржысына қосымша белгіленген 4 535 сом ақшадан Торғай мектебіне ақша босатылсын. Ырғыз бен Торғай мектептері мұның бір амалын таба алады; оларда болмай бара жатса, басқа да мүмкіншіліктер бар, ал бұл апатқа ұшырап отырған уезіміздің ешбір басқа амалы жоқ.

Федор Дмитриевич пен Варвара Дмитриевнаға және Александр Григорьевичке де менен сәлем айтыңыз; Сіздің жұбайыңызға мың, миллион сәлем. Менің салақтығыма, әдепсіздігіме және басқа да қылықтарыма ренжімесін. Торғайға келсем-ақ топастана беретінімді сеземін. Сондықтан, топас адамды үндемей жатырсың деп кіналамай-ақ қойсын. Шынына келгенде, жақсы адамдардан хат алып, көңіл көтеруден айрылатын да өзім ғой. Бірақ, амал не? Торғайы құрғырың еңсеңді түсіріп, жігерінді құм қылатын жер болып тұр.

*Сізге мәңгі берілген қызметшіңіз АЛТЫНСАРИН.*

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса құрметті Василий Владимирович!

Сізден көптен бері бір ауыз хабар алған жоқпын, сондықтан, менің хаттарым Сізге жетпей жатыр-ау деп ойлаймын. Менің бұл хатымды жазып отырған мақсатым: Сіздің алдыңызда істеген бір ұятым үшін Сізден кешірім сұрау болып отыр. Троицкі мектебінің меңгерушісі Воскобойников мектеп үйінің қолайсыздығын айтып әрбір почта сайын маған шағым жаза береді; шынғында да, ол үйдің барлық жағынан қолайсыз екені рас. Екі кластық мектепті сенегі ғана бар бір кішкене бөлмеге сыйғызуға болар ма? Ал оның бер жағында, мектепке үй жалдап алуға босатылған 300 сом ақшаға Троицкіден, барлық жағдайы бар, жақсы үй жалдап алуға болады. Жаман үйді жақсы үйге ауыстырып алуға мүмкіндік болып тұрған кезде, оқушыларды лашықта, ал оқытушыны ауыз үйде ұстау мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Міне осы қоғам ісіне келіп бір адамның қарабасының қамы араласты да, осылай істеу мүмкін деп табылды; өйткені жаңағы лашық уезд начальнигінің лашығы еді, ал мектеп оған Троицкідегі ең жақсы үйлерге төленетін ақшаны төлейді. Мен бұл жағдайда, шынғымды айтайын, не істерімді білмедім, неге десеңіз, бірінші жағынан, жеке адамның қамы үшін мектепті осындай әділетсіздіктен тыс, қыйыншылық жағдайда қоюға болмайды; өйткені, бұл лашықта адамша тұруға болмайтынын былай қоя тұрғанда, ол оқу ісіне де, балаларды тәрбиелеу ісіне де үлкен зыян келтіреді. Ал, екінші жағынан, келешекте мектеп ісін жолға қою жұмысы көбінесе

осы уезд начальнигіне байланысты; сондықтан, оны ренжітіп алу да аса қауіпті. Дегенмен, қанша қыйналсам да, ақырында келіп Воскобойниковтың орынды талабына қосылуға тиіс болдым, сөйтіп, С-в ка: «Троицкі мектебінің үйін округтік инспектор де қолайсыз деп отыр» деп жаздым. Мен міне осыны айтқаным үшін Сізден кешірім сұраймын; өйткені, бұл Сізді — С-втің алдында қолайсыз жағдайға қалдырады. Бұл арада мен оқытушы осылай деп отыр десем, уезд начальнигімен оның үнемі алақөз болуына жол ашамын, ал мұндай жағдай мектеп жұмысына кесірін тигізер деп ойладым. Ал мектеп жұмысының жолға қойылуы үшін мен онымен қалай да тату болуым керек болды; сондықтан, бұл жазуыма, Троицкідегі мектеп үйінің қолайсыздығы жайындағы әңгіме жалпы оқу бастықтарының қортындысы еді деген сыйпат бергім келді. Бұл мәселеде менің қулық жасағандығым болғанымен де, бұл бір жағынан дұрыс та ғой. Қазақтарда: «Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді» деген мақал бар, мен де осы мақал бойынша істеп отырмын. Менің жазған қағазым С-вты әбігерлендірген болса керек, оның жақын адамдары мектепті қайтадан соның лашығына әкел деп өтініш жасады. Ал мен, оқу жөніндегі бастықтарымыз еңалдымен мектеп үйінің қолайлы болуының қамын істе, өйтпейінше, дұрыс оқыту да, жөнді тәрбие беру де мүмкін емес деп отыр дегенді айтып, бұл өтінішін орындаудан сыпайы түрде бастарттым.

Бірғыздағы бастықтардың істегені бұдан да жаман. Р-дың мектеп үйін пәтер етіп алғаны былай тұрсын, оның үстіне уезд басқармасын да сонда көшіріпті; ол-ол ма, мектеп үйін тағы бір саудагерге де жалдапты, ал оқушыларды шоланға апарып орналастырыпты. Бұған мен әуелгі кезде қатты ашуландым; сол бойда барып, алдымен, әрине, Р-дың жіберген саудагерін қуып шықтым. Бірақ уезд начальнигін қуып шығуға шамам келмеді. Сондықтан, оған жаз шығысымен басқа пәтерге көшіңіз деп қана ұсыныс жасадым. Бұл жерде мектептің де пайдасы бар, өйткені, Р-сыз быйыл Бірғыз мектебі отынсыз қалатын еді, қазір мектепті жылытып отырған сол. Бірақ мен, қалай болғанмен де, оған бұл үшін ешбір ақша төлей қоймаспын. Басқа адам тұрған екі бөлмені босатып алғаннан кейін мектептің тұрмысы біраз дұрыстала бастаса да, оқушылар әлі қысылшаң жағдайда.

Міне, қымбатты Василий Владимирович, дала әкімдерінің — үкімет оларға көп үміт артып, бұрынғы қазақ әкім-



дерінің орнына апарып қойған әкімдердің — халық ағарту жұмысы жөніндегі қамы осындай. Қарабасының мүддесіне бола ірі қоғамдық іске зыян келтіріп, бұл істі аяқ асты қалдырып отырған адамдардың осы сыяқты ұсақ-түйек мүддесін басқа біреуге айтып жатудың өзі қыйын. Келешекте не боларын білмеймін, бірақ жергілікті әкімдер тарапынан ешбір жақсылық күтуге болмайтын сыяқты. Көп қолайсыздықтарға да ұшырауға тура келетін болар; ал мұның ең жаманы — халықтың қараңғылығымен емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкімет өзі қойып отырған білімді адамдарымен күресуге тура келеді. Ал біздің мектептер жайындағы жобамыздың не күйде екенінен ештеңе білмейсіз бе?

Мен Троицкіге баруға әзірленіп едім, бірақ оған ешбір мүмкіндік болмады. Мұндағы болып жатқан апаттың қандай екенін сіз білмейсіз ғой. Декабрьдің бас кезінен бастап осы күнге дейін үздіксіз суық боран соғып тұр. Мал қора-қорасымен қырылып жатыр; оны жұрт енді әңгіме етуді де қойды. Ең басты бәле — аштан және суықтан адам өліп жатыр. Ашаршылыққа ұшыраған жандар етегінен алып, жәрдем сұрап жол бермейді. Барлық мүмкіншілікті істеп жатырмыз, бірақ 14 мың үй халыққа біздің жәрдеміміз не болады!

«Халық оқуы әдебиетінің жүйелі шолуы» деген кітапқа нұсқағаныңыз үшін Сізге көп рақмет. Бұл құнды кітап екен, мен қазір оны оқытушыларымыздың қолынан тастамай оқыйтын кітабы болуы үшін, соларға берейік деп өз есебіме үш данасын жаздырып алғалы жатырмын. Келесі хатқа дейін сау болыңыз. Жұбайыңызға менен сәлем айтыңыз.

*Сізге шын көңілімен берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Мектепке керекті кітаптар мен нұсқаулар жаздырып алуға керекті ақшаны қайдан алатынымыз жөнінде мен Сіздің алдыңызға ресми түрде сұрау қойып едім, менің жазғаным бойынша мүмкін мұны Сіз өзіңіз де қажет деп табатын боларсыз. Оның үстіне мен попечительден мектептерде құрметті қамқоршылар лауазымын енгізуді сұрап едім. Менің бұл талаптарымның жүзеге асуына жәрдемдесуіңізді өтінемін.

*14 февраль, 1880 жыл.  
Торғай қаласы.*



## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

### Қымбатты Василий Владимирович!

Сізден көптен бері ешбір хабарым жоқ; сірә, округте командировкада жүрген боларсыз. Біздің сүйікті Торғайымыз ешбір жанның есіне келмеген үлкен апатқа ұшырады. Бұрын гүлденген, бай уезд еді, енді қайыршы уезд болып қалды. Бұрын 1500 жылқысы бар адамдардың қолында қазір 1—2 ғана жылқысы қалды. Енді қазір халыққа мал уайым емес, адам басына түскен ашаршылық уайым болып отыр. Қара бидай ұнының пұты 7—8 сом; шөптің пұты 1 сом; сұлының пұты 5—6 сом. Ал қазір ақшаға ешнәрсе табылмайды. Мен өз өмірімнің ішінде ашыққан адамдарды көрген емес едім, бұл өте бір жан түршігерлік жағдай екен. Бар тапқанымнан, бар дәулетімнен бақытсыз бір қыстың ішінде айырылып болдым. Менің сорыма, қысқа дайындалатын кезде, яғни қыстың бас кезінде Орынборда болдым. Ал інім, тіпті, жазған және ауызба-ауыз тапсырған нәрселерімді де орындамапты. Бірақ басқа жұртқа қарағанда біздің жайымыз жақсы ғой, — біздің істеп жүрген қызметіміз бар, бас бар, аз да болса біліміміз бар, жұмыс істей алатын қолымыз бар. Ал мынау қайыршылық халге түскен халық не күн көрмекші? Торғай бүкіл қыс бойына қар астында жатты. Үй мен үй өзара төбемен жүріп қатнасты, үйге қар басқалдақпен түсіп кіріп жүрді.

Мен қыс бойы Троицкіге баруға әзірленген едім, бірақ бүкіл бір уезден Николаевскі уезінің шетіне ғана жеткізіп салатын көлік табылмады. Троицкіде Воскобойников пен уезд бастықтарының арасы шиеленісіп кеткен көрінеді. Пәтер үй жөнінде С-втікі дұрыс емес екенінде күмән жоқ, бірақ, екінші жағынан, Воскобойниковтың өзі де шектен шыққан қыянаттар жасады, мысалы, өз басынын қамын көздеп, қазақ оқушыларына нан мен судан басқа ешнәрсе бермей отыр деген сыяқты хабар алып отырмын. Қалай болғанмен де, меніңше, бұл жанжалға тыйым салуымыз керек. Өйтпесек уезд бастықтары уездегі оқу жұмысының ойдағыдай жүруіне көп кесел жасауы мүмкін. Олай қарай қазір-ақ жүріп кетер едім, бірақ ешқандай мүмкіншілік болмай отыр. Ырғыздағы ісіміз жаман емес, мектептің шаруашылық мүліктері жеткізілді. Енді келесі жаздан немесе көктемнен бастап оның бірқатар бөлмелері мен қосалқы үйлерін мектеп мүддесіне лайықтау ғана қалып отыр. Оны біз келесі оқу жылына дейін істеп бітіре-

міз. Губернаторға жеке хат жазып, соңынан қалмай, тікелей байланысуымның нәтижесінде Торғайда, біздің жалпы жобамызға сәйкес жаңа мектеп салу жұмысына кірісуге рұқсат алынды; мен бұл жұмысқа 1000 сом ақша алып, оны кірпіш дайындауға және үй салатын шеберлерге задатқа беріп те отырмын. Бірақ, жұрт жаз жауынды болады деседі, — ол шикі кірпіштен салынатын үйге өте қолайсыз болады. Дегенмен бұл үйді күзге дейін салып бітіруге барынша тырысып бағам. Мектеп үйінің планын біз өзіміз үшін өте қолайлы етіп жасадық; ал мектеп қазнаның есебінен салынбайтын болғандықтан, оны бастықтарға көрсетпесек те болады ғой деп таптық. Әйтпесе оны архитекторлар қарап, ана жерін, мына жерін өзгерт деп, жұмыстың ойдағыдай жүруіне кедергі жасайды ғой. Мектептің жаңа үйі салынып болғаннан кейін мектеп ұстау жөніндегі біздің жаңа жобамыз оған қолданылатын болар деп ойлаймын. Сондықтан, Торғай мектебінің сметасын өзгерту жөніндегі осымен бірге жіберіп отырған ұсынысымды, әрине, мектеп үйі салынып болмас бұрын, ерте бастан қолдансақ жақсы болар еді. Бұл ұсынысты да, басқаларды да, қолайсыз келетін болса, аяқсыз қалдыра саларсыз, тек ол жөнінде маған хабарлап қойғайсыз. Бірақ бұл сұранып отырған өзгерістеріміз іс жүзінде өте керекті, өйткені, уезд және қазна басқармалары кейде бұған қыйқаң шығарады. Ал қазір жағдайы өзгергендігінен, әсіресе, Ырғыз мектебінің сметасын қайта қарау керек болып отыр. Ол мектепке үй жалдауға 240 сом, оқытушының пәтер үйін жалдауға 120 сом ақша қаралған еді ғой. Ал қазір онда қазнадан пәтер беріп отырмыз.

Почта көптен бері жүрмей жатыр, — бір айдай болып қалды.

Сізге және сіздің жұбайыңызға менен жалынды сәлем.

*Сіздің адал қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1880 жыл, 4 апрель.*

*Торғай қаласы.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сіздің 27 февральда жазған хатыңызды мен қазір, 7 апрельде ғана алып отырмын. Сондықтан, бүгін почта жүруін пайдаланып, хат жазып қалуға асығып отырмын; бұл поч-

та, қар еріп, өзендер тасылғалы жатқан кезде жүріп бара жатқандықтан, Орынборға майдың 5—10 нан ерте барып жете алмас. Ал бізде әзір қыс, қар жуық манда еритін түрі жоқ, бүгін, тіпті, боран соғып тұр.

Мен бұдан бұрынғы хатымда Торғай мектебінің үйін салу жөнінде бұйрық берілді деген едім ғой. Бұл жөніндегі машақаттың ұшы-қыйыры жоқ. 240 мың дана кірпіш дайындауға ақша беріліп те қойылды; ендігі үлкен қыйыншылық ағашта болып отыр; ағашты Наурызымнан немесе Аманнан алдыруымыз керек, ал айналамыздағы қазақтарда көлік жоқ. Сондықтан губернаторға: Николаевскі уезінің начальнигіне әмір беріңіз, сондағы қазақтар ағаш жеткізіп беру пәдіретін алатын болсын деп өтініш жасағалы отырмыз; бірақ қағаз арқылы, әрине, ешнәрсе де бітпейді. Сондықтан мен өзім барып ол елдің адамдарымен сөйлесіп келуім керек болып отыр. Оның үстіне мектеп салу жұмысына ең әрі дегенде июньнен бастап кірісу үшін Троицкіден мектеп салу және үй салу жұмыстарына керекті әртүрлі материалдарды алу, одан дереу қайта оралып, кірпіш құюшылардың жұмысын қарау, оларды асықтыру керек болып отыр. Мектепке парта, орындық, стол сыяқты заттарды дайындау үшін, мектеп үйін бала оқытуға лайықтап жөндеу үшін Ырғызда да болуым керек, бұл жұмысқа керекті қаржы бар. Яков Петрович болса, қолынан келген көмегін беремін деп уәде еткенмен, бұл жұмысқа өз басы қатыспайды; расын айтқанда қазақ халқының басына түскен күйзеліспен байланысты, оның бұған қолы да тиетін емес. Ешбір жұмысты да басқа біреуге тапсыру мүмкін емес, өйткені, бәрі де өзінің тамағына тартуды ойлайды, ал ақшамыз онсыз да аз. Май айының ішінде ол өзінің казактарына көрдем сұрауға Орынборға барады; сонда оны попечительмен таныстырып қойыңыз, өйткені ол танысқысы келіп жүр. Ал онан соң, ұлы мәртебелі ол кісіні ықласпен қабылдайтын болсын, сол жағын ескеріңіз, — мұның попечительге ешбір қыйындығы жоқ, ал Яков Петрович біздің оқу жұмысындағы бастықтарымыз жөнінде жақсы пікірде болып қайтады. Осылай етсек, онда көп жағдайда, қандай іске де кедергі жасап отыратын облыстық бастықтарға қарамай-ақ іс ете беруімізге болады.

Мен оны-мұны айтып, мазаңызды алғанымға ғафу етіңіз. Бұлай етуіме себеп — келешекте мүмкін болғанынша қателеспей іс етейік деген ой еді, ал, екінші жағынан, біздің мектептеріміздің праволары мен жағдайларын қамта-

масыз етіп, қорғап қалу мақсаты еді. Өткен почтамен мен Сізге Торғай және Ырғыз мектептерінің сметалары жайындағы пікірімді айтқан едім. Менің ондағы көрсеткен жұмыстарымның бәрі де аса қажетті жұмыстар. Жергілікті адамдардан өзіме көмекшілер тауып алайын деген оймен, попечительден — біздің мектептерімізге құрметті қамқоршылар тағайындауға рұхсат сұраған едім; мұны заңның өзі де талап етеді. Ешқандай озбырлыққа жол бермеу үшін, мектептеріміз мүмкін болғанынша жеткілікті қамтамасыз етіліп, мектептің түрлі мұқтажына үнемдеп қор жасау үшін, түрліше жағдайлардың бәрін қатты ескере келіп, мен мектептің шаруашылық жағын да басқаша құрғым келіп отыр. Бұлардың бәрі де қыйын емес. Қазіргі ең басты жұмыс — мектеп үйлерін салып алу. Барлық жұмыстың негізі де осында. Егер мектеп үйлері, оқу-тәжірибе жұмыстарының тілектеріне сай, берік, қолайлы және жақсы болып салынып бітсе, қалғандарының бәрі мүлде оңай нәрсе.

Декабрь айындағы қыйын сапардан кейін аяғымның сырқырап ауыра беруінің салдарынан қыстың денін сырқаттанумен өткіздім, сол мезгіл-мезгіл ауырған сырқатымның ара-арасында хрестоматияның екінші бөлімін құрастыра бастадым. Мұны бір-екі жылда аяқтайтын болармын. Хрестоматияның бұл бөлімінде мен мүмкін болғанынша толық түрде жаратылыс тарихы туралы, география, тарих туралы, аздап химиядан, физикадан, техникалық өндірістен түсінік бергім келеді. Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті ойдағыдай орындап шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын, — мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді.

Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы мақала жазып жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сыяқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, — келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, — тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсын. Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да, өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым. Менің бұл пікірімнің попечительге және облыстық бастықтарға қандай әсер еткендігін, мүмкіндігі болса, маған жасырмай хабарласаңыз

жақсы болар еді. Мен мұны бір рет қана жаздым. Енді жазбаймын. Сондықтан, бұл туралы сөз бола қойса менің пікірімді попечительдің құлағына салуға болмас па екен.

Сіздің әйеліңізге, Федор Дмитриевичке және Александр Григорьевичке менен жалынды сәлем. Мен екі рет Федор Дмитриевичке хат жаздым (бұған көп уақыт болды) және бірнеше рет Алексей Григорьевичке де хат жаздым, — бірақ менің осы хаттарым сіздерге барған-бармағанын біле алмадым. Ал мұндағылардың бәрі де хат жоғалады және қазнаның жіберген конверттері де жоғалып кетеді деседі.

География және тарих оқу құралдарынан Торғай мен Ырғыз мектептеріне өзіңіздің қолайлы деп тапқан оқу құралдарыңызды жібергеніңіз жақсы болар еді; тек мүмкін болса, қысқа және түсінікті етіліп жазылған оқу құралдарды жібергеніңіз жөн болар еді.

Ерікті экономикалық қоғамның шығарған Халық оқу әдебиеті өте қымбат кітап екен; мен оны оқытушылардың пайдалануы үшін ғана әрбір мектепке бір-бір данадан жаздырып алғалы отырмын.

*Сізге мәңгі берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1880 жыл, 7 апрель.  
Торғай қаласы.*



---

1881

**А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Шапағатты төрем Арсений А!**

Сізді Орынборда көре алмай қалғанымға қатты өкініштімін. Сіз менің келуімнен тек бір күн бұрын ғана кетіп қалған екенсіз. Мектептің әлі салынып болмаған үйінде Сіз онша жайлы тұрмаған боларсыз деп ойлаймын. Бірақ, жуырда көрісеміз; мен октябрьдің оны мен он бесінің арасында барамын, сонда Сізді қолайлырақ орналастырудың жайын көздеймін. Әзірге, сүйікті досым, шыдай тұрыңыз; егер мектеп үйінде тұруыңызға мүмкін болмай бара жатса, онда Баяділдің үйінде немесе көрші станицаға барып тұра тұрыңыз. Ал мен Сізден Алабайталға барып немесе Гирьялға барып, ұзындығы үш аршынан, екі жай ас ішетін стол, скамейкаларымен, ұзындығы екі жарым аршын, ені  $1\frac{1}{2}$  аршин асхана столын, скамейкасымен заказ беруіңізді және, қалауыңыз бойынша, өзіңізге стол заказ беруіңізді өтінемін. Мұнда Сізге арнап 6 орындыққа заказ берілді. Әлгі столдар (асхана столынан басқасы) жай сары сырмен болса да сырлансын. Оның үстіне, сол жерден (ал егер онда жоқ болса — Красногорскіден) кеспек, арба, су құятын құлақты тікше кеспек сатып алыңыз. Мүмкін сол жерден, су тасуға және өзіңіздің жегіп пайдалануыңызға ат та сатып алармыз. Әзірге бос уақытыңызды пайдаланып, Сіз күн-ілгері қасыңыздағы станицадан бір татар аспаз және мектепті бағатын бір күзетші жалдап алуға тырысыңыз; бұлар тек онша қымбатқа түсіп жүрмесін, айына 4 сомнан, көп дегенде 5 сомнан аспасын; ішетін тамағы біздің мойнымызда болсын, ал ақысын мектеп үйі салынып болғаннан кейін беріледі деп уәделесіңіз.



Сонымен, Сіз мен барғанша жұмыссыз отырмайтын боласыз. Ал, онансоң, айналаңыздағы ауылдың молдаларымен, шәкірттерімен қатнас жасап, аздап қазақ тілін үйренуге де тырыса беріңіз.

Жоғарыда айтылған заттарды алу үшін және басқа да қажеттеріңіз үшін осы хатпен бірге 100 сом ақша жіберіп отырмын; оны жұмсап болғаннан кейін маған есеп берерсіз.

Я, айтпақшы: Баяділмен сөйлесіп қойыңыз, ол менің келер қарсаңыма, басқаша айтқанда, осы айдың он бесіне, жақындағы болыстардан 6—7 шәкірт дайындап қойсын. Біз оларға өзіңізбен бірге орыс тілін (үлгі ретінде) оқытып көрелік. Сіздің мектебіңізде 25 шәкірт болады, жасы сегіз бен он екінің арасындағы балалар алынуға тиіс; бұл балаларды алған кезде, олардың ата-аналарынан балаларына таза киім беруін және көйлек-көншектерін, кемі үш пар етіп, көбірек беруін сұраныз; жақсы мектептерде ұқыпты, таза жүрмеуге болмайды деп түсіндіріңіз.

Сіздің бұл ардақты ісіңізде үлкен табыстарға жетуіңізге шын тілектес —

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Аспаз бен күзетші алмастан бұрын, жергілікті жерде тамағымен және тамақсыз жалдайтын жұмысшыларға не төлейтінін біліп алыңыз, содан кейін барып жалданыз. Бірақ жалақысын мектеп ашылған соң бере бастайтын болыңыз. Ал әзірінше 3—4 сом задатке бере тұрыңыз... Бұл мәселелер жөнінде әуелі Баяділмен ақылдасып алыңыз, соның айтуы бойынша істеңіз; оның мұндай істер жөнінде тәжірибесі мол.

Егер мүмкіндігіңіз және ақшаңыз болса, ұн саудалап, 100 пұт ұнға задатке беріп қойыңыз. Сонымен қатар, еттің бағасы қандай екенін біліп қойыңыз.

Әсіресе, столдарға тезірек заказ беріңіз; егер заказға берілген партамыз Орынбордан жуық арада келе алмай қалса, оқуды осы столдарды пайдаланып бастай беретін болармыз.

Алынатын аспаз сонымен қатар, нан пісіруді де білетін болсын; балалардың жейтін тамағы: піскен ет, күріш немесе басқа жармалар салынған сорпа, ал мейрам күндері — палау болады.

*1881 жыл, 3. октябрь.*



## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

### Әрдайым қайырымды Николай Иванович!

Біздің облысқа жіберілген оқытушылар жайындағы Сіздің қағаздарыңыз бен хатыңызды алдым; бірақ өте кеш, сентябрьдің аяғында алдым. Ал, онан соң, өткен жаз мені бір жерден табудың өзі де қыйын еді; ейткені, мен уезден-уезге, болыстан-болысқа жүріп шарлап, кейде, тіпті, шайтан іздесе де таба алмайтын түкпірлерге барып жүрдім. Оқытушыларды дер кезінде жібергендігіңізден, менің көңілім енді ғана жай тапты; Сіздің жәрдеміңіз болмаса, Орынбор округі қасқырша ұлысаң да лайықты адамдарды таба алмаған болар еді. Бұл жаңадан келген ағартушылардан мен әзір тек Спиридоновты ғана көрдім; ал Мозохин мен Даниловты әлі көрген жоқпын. Көрмесем де, олардың жақсы адамдар екеніне сенемін. Сондықтан оларды әрқашан да барлық жағынан қолдап отыруды өзімнің борышым деп білемін. Өзімнің оқытушыларымды мен туысқанымдай көремін, біздің барлық ісіміз де, ақыл-оймыз да, тілегіміз де, материалдық күшіміз де бір. Басқаша болуы да мүмкін емес. Бізге ең ауыр, жауапты кезең кез келіп отыр; бұл кезеңде біз бәрін де жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміміздің жеткенінше олардың көзін ашуымыз керек. Іс басында жақсы қойылса, оның ақыры да жақсы болады. Ешбір дайын материалдық күшсіз мектеп ашу бәрінен де қыйын екен. Сондықтан мен қазір ел кезіп, әртүрлі топтардан, әртүрлі қоғамдық, уездік және облыстық өкімет орындарынан қаражат сұрап алып жүрмін. Менің бел байлаған ойым: қазақ уездерінің өз ортасынан, неғұрлым тезірек, бір-бір екі кластық орталық мектеп ашып, оның негізін берік қалау, оны әдемі, таза мектеп ету; сөйтіп, қазақ балаларына тәрбие беру жөніндегі жұмыстарымыз да мектептің лас болуы, қабырғаларының дымқыл болуы, бөлмелерінің тар болуы, пешінен иіс шығуы, балалардың аш болуы, суыққа тоңуы, оқу құралдарының жеткіліксіз болуы және, халық мектептерінің көпшілігіндегідей, оқытушыларының сауатсыз болуы сыяқты кемшіліктерді кездестірмеу. Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі ешуақытта да оңға баспайды, пайдалы ешнәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді, — бұған менің әбден көзім жетті. Мұның үстіне, мен қазақ

балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін.

Қандай қыйыншылықтарға кездесек те, біз әйтеуір, өз ойымызды орындап келеміз. Торғайда, Ырғызда мектеп үйлері дайын; Елек, Николаевскі уездерінде мектептер салуға керекті қаржы жыйналып болды. Олар енді мектеп салуға тек жаздың шығуын күтіп отыр; ал әзірге бұл уездерде уақытша мектептер ашылды. Мектеп үйлері өте жақсы; олар тастан салынған, әрқайсысы 15—30 мың тұрады. Әр мектепте 50 қазақ балалары, 20—30 жергілікті орыс балалары оқыйды. Мектептің ішкі жағы, есіңізде болса, облыстық басқарманың жанындағы мектептің ішіндей десе де болады. Қазір оқушыларға кітапхана және мектептің қолөнер бөлімін ашуға кірісіп жатырмыз; ал жуырда жеміс ағаштарын және огород егуді де қолға алмақпыз. Оның үстіне, Торғайда ерекше қолөнері мектебін ашпақшымыз, оны, қадірлі ақсақалымыздың құрметіне, «Яковлев мектебі» деп атамақшымыз. Бұл мектепке қазақ байлары ақшасын көңілдене беріп жатыр және оны салуды бастықтарымыз да мақұлдап отыр. Келесі жылы март айының ішінде Яков Петровичтің қызмет істегеніне 50 жыл толады, мен сол күні Яковлев атындағы қолөнері мектебін тартқым келіп отыр.

Сонымен, біздің ісіміз қаражат жағынан әйтеуір қамтамасыз етіліп жатыр. Енді бұл істің басқа, маңызды жағы — оқыту ісі қалып отыр. Істің бұл жағы да бізде, меніңше, онша жаман емес сыяқты. Бірақ, кейбір қалпына түспеген істеріміз де бар. Тәжрибе барлық ғылымның бастамасы ғой, кем, кемдеп өзіміз де үйреніп, балаларды да оқыта берейік; мүмкін, сөйте келе мақсатымызға да жетерміз. Сіз тәрбиелеп өсірген Семен Меркурьевич пен Иван Григорьев, шынында да, өте жақсы жігіттер екен, ұстаған бағыттары да, адамгершіліктері де жақсы екен. Семеннің бір кемшілігі — ез пәнін оқушыларға айқын түсіндіре алмайды екен; бірақ енді ол жағы да түзеліп келеді. Оның алғашқы кездегі албырттық мінезі басылайын деді. «Жақсының, үйі түссе, күйі түседі» деп бекер айтылмаған ғой, әйелі өте жақсы адам. Григорьев оқыту жұмысына одан гөрі қабілеттірек болып шықты; балалар оны жақсы көреді, ол да балаларды жақсы көреді, ең жақсысы, — оқытқан сабағын балаларға өте жақсы түсіндіре біледі. Бірақ соңғы кездерде Иван біраз жалқаулана бастады, бас-

қа нәрселерге алаң бола бастады, сондықтан мен оны да үйлендірейін деп едім, бірақ лайықты қыз болмай тұр. Қысқасы, Семенге де, Иванға да көңілім риза.

Олардың жайы жаман емес, жақсы адамдармен араласып жүреді. Оларға осы жердің қыздарының талайы көзін тігіп жүр... Міне, біздің жайымыз!

Менің өз шаруашылығым да кем-кемдеп түзеліп келеді. Егер мен үнемі ел аралап, көп шығынданбайтын болсам — ол әбден түзеліп те кеткен болар еді, ең болмағанда, бір жөн дұрыстальп қалған болар еді. Өзіңіз де естіген боларсыз, жұтта мен барлық малымнан айрылып қалдым, менің 300 ге жуық асыл тұқымды жылқым болушы еді, бұлардың тұқымын асылдандыруға мен барлық каражатымды жұмсаған болатынымын. Бірақ, бақытсыз торғайлықтардың басына түскен күнге қарағанда менің бұл күйзелуім ешнәрсе емес. Аштық, қайыршылық, сүзек ауруы біздің көз алдымызда көптеген жанды қырып әкетті; мұны көргенде, қазнаның есебінен күн көріп, оларға қарағанда тоқ отырған біздер, өзіміздің жайымызды, тіпті, ұмытып кеттік. Ал, құдайдың бергеніне шүкір, быйыл Торғайда астық мықтап шықты, астық көп егілген еді, балық та көп алынды; сонымен, торғайлықтар бұл жұттан және оның жан түршігерлік салдарынан аман қалар деп отырмыз.

Сізге айтайын дегенімнің бәрін де қысқаша жазып болған сыяқтымын. Ендігі Сізден сұрайтыным: бізге өзіңіздің ақылыңызды айтып отырыңыз, іскер оқытушылар жіберіңіз; қысқасы, өзіңіздің қайырымды жүрегiңізден қазақ халқын оқыту ісіне де кішкене орын беріңіз. Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық; әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйнесін. Біз бұл жағынан алып қарағанда, кейде, жылы сөзге ынтызар жетім бала сыяқтымыз. Мұны губернаторымыз Константинович туралы айтып отырған жоқпын, ол аса текті, қазақ халқын оқытуға тілектес адам ғой. Біздің ісіміздің бір шама ойдағыдай және тез жүріп жатқаны еңалдымен Константиновичтің және өзіме таныс қазақтардың арқасы деп білемін.

Сізде қолөнерін, бау-бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралдары жоқ па? Бұл жөнінде оқытушыларға арналған кейбір құралдар өзімізде де бар, бірақ олар оқушылардың түсінуіне өте ауыр. Осы сыяқты оқу құралдарын алдырғанда, біз осының бәрін оқушыларға дербес оқытуға салынып кетеді екен деп түсінбеңіз,

Николай Иванович, ол кітаптар біздің өзімізге керек. Ондай кітаптарымыз болса, балаларға ол пәндерді біз, реті келген жерде, іс жүзінде көрсетіп түсіндіре алар едік.

Екатерина Степановнаға шын жүрегімнен дұғай сәлем.

Сіздің оқытушыларға қарызға берген ақшанызды жуырда жібереміз.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1881 жыл, 4 октябрь.*

*Орынбор қаласы.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Сүйікті досым!**

Мен кеше түнде келіп едім, бірақ ешқайсынды да еш-нәрсені де көре алмай отырмын. Тезірек келіңіз және заказ берген столдарыңызды да мұнда жеткізіңіз. Сонымен қабат, Орынбордан осы айдың 17 күні жіберілген біздің жүгіміз қайда түскенін біліңіз, кірешілер Гирьял мен Красногорскінің арасындағы Новочеркаскі станицасының адамдары болып шықты; оларды асықтырыңыз, бүгіннен немесе ертеңнен қалдырмай жүкті осында жеткізсін. Егер бұл жұмысқа Сіздің өз басыңыздың араласуы керек болатын болса, әуелі сол жүкті, осында жеткізудің қамын істеңіз, сонан кейін-ақ келерсіз, өйткені, мектеп ашу жұмысына алдымен керек болатын заттардың бәрі де сол жүктің ішінде. Мен де асығып отырмын, күтпегенде қыс түсіп барады. Кірешілер Гирьял станицасындағы Новочеркаскі поселкесінің адамдары Степан және Василий Петровтар. Егер олар жүгімен Гирьялға келмеген болса, онда Петровтарға (жалдап) ат шаптырыңыз, жүгімен тез жетсін деңіз және ол арадан өткел таба алмайтын болса, Жайықтан Алабайталдың түбінен өтуге болады деп жазып жіберіңіз. Алабайталдың түбінде паром бар, ол жерден өзіміз де көмектесерміз.

Бұл жүктерді тез жеткізуге тығыз қам ете көріңіз.

*Бағынышты қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1881 жыл, 21 октябрь.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Почта конторының бастығына (анау әйелі қайтыс болған кісіге) айтып қойыңыз, Сіздің атыңызға жазылған қағаздарды және Сіздің атыңызға келген заттарды өзіңіз қа-

ғаз жазбай басқа ешкімге бермесін,— мұны ұмытып кетпеңіз, ал өзіңіз жолы түскен адамдарды пайдаланып, Сіздің атыңызға келген зат болса, жеті сайын біліп отырыңыз (оған өзіңіздің тұратын жеріңізді айтып қойыңыз); екі жұмада бір рет әдейі адам жіберуіңізге де болады; су тасыйтын атқа мінгізіп, қызметшілеріңіздің біреуін жіберіп тұрыңыз.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Шапағатты төрем Арсений Андреевич!**

Өзіңіз оқу үшін Ф. М. Медников шығарып отырған «Народная школа» журналын жаздырып алыңыз. Бағасы, жіберуін қоса есептегенде, 4 сом 50 тыйын. Адресі, қазір өзгеріп кетпеген болса: Васильевский Остров, 4-линия, № 35 үй (Санкт-Петербург). Бұл журналды Орынбордағы кітап дүкені арқылы да жаздырып алуға болады. Ақшасын мектептің оқу құралына белгіленген сомадан төлеңіз.

Я, айтқандай-ақ, Сізде жез шылапшын жоқ шығар, оны сатып алуыңызға болады. Баядiлдi асықтырыңыз, есебiн тез жіберсiн.

Асығып отырмын. Бұдан артық жаза алмаймын, почта жүріп барады.

*Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИН.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Сіздің 1 ноябрь күні жазған хатыңызды мен бұдан екі күн бұрын ғана алдым. Қарауыңыздағы мектептің жайы туралы хабар бергеніңізге рақмет. Оқу жұмысы жайында біз жеткілікті сөйлестік қой деймін, әзір оған қоса айтқандай ешнәрсе жоқ. Өздеріміз кеңесе келіп, оқыту жөнінде қолданбақ болған ережелеріміз мынадай болатын: оқушылар хат танығаннан кейін оларға Сердобольскийдің кітабы оқытылады, ал орыс тілі еңалдымен «Бастауыш оқу құралы» арқылы үйретіледі. Сабақтың әртүрлі болып отыруы үшін, ара-арасында есеп сабағы жүргізіледі; бұл сабақ септа және кубиктерді санаудан басталады. Хат танумен қатар оқушылар досқаға және қағазға әріп жа-

за бастайды, сөйтіп бірте-бірте жазуға үйренеді. «Бастауыш оқу құралы» бойынша оқытқан кезде, балалар берілген сабақты түсініп алғанға дейін, орынсыз ілгері озып кетуге болмайды. Ал грамматиканың негізгі ережелері түсінікті түрде ауызша, қазақ тілінің ережелеріне ұқсас мысалдар және теңеулер арқылы түсіндіріледі. Орыс сөздерін айта білу жағын үйреткенде, балалар бұл сөздерді тастай етіп, дұрыс айта білгенше үйрете беріледі. Таза жазуды үйреткенде, балаларды айқын жазуға дағдыландырып, әріптің түрін дұрыс түсіруге дағдыландыруымыз керек; белгілі бір әріптің түрін дұрыс түсіре білгенге дейін оқушыны ілгері жібермеуіміз керек. Есеп оқытқанда, балалардың тұрмысынан және айналадағы тұрмыстан алып әуелі түсінікті, оңай есептерді, кейін бірден-бірге қызық дау есептерді үйретіп, оқушылардың ақыл-ойына әсер етуге тырысуымыз керек. Есеп оқытқанда Грубаның немесе Евтушевскийдің оқу құралдары бойынша, теория жағына онша беріле бермей, есепті оқушылардың үлгіруіне қарай, қабілетіне қарай және түсінуіне қарай оқытып отыруымыз керек. Сердобольскийдің оқу кітабынан оқығандары босқа кетпеуі үшін, оқыған сөздерінің мағынасын түсіндіріп отыру және білмейтін сөздерін жаттап алу үшін, осы сөздерді жазып алып отыратын дәптер беріп қою керек, — мұны, әрине, оқушылар еркінірек оқып біле бастағаннан кейін істеу керек. Міне, менімен келісіп, өзіңіздің қолданбақ болған негізгі ережелеріңіз осылар; бұл ережелер, оқыту жұмысын дұрыс, ақылға қонымды түрде жүргізе білген жағдайда, өте тез-ақ жақсы жеміс бере бастайды. Бұл жөніндегі біздің негізгі идеямыз ұмытылмауы үшін Сіз бұл хатты іске тігіп қойыңыз.

Онан соң, Сіз ақша сұраған екенсіз; осы хатпен бірге уездік басқармаға 425 сом ақша жіберіп, Сіздің ол өтінішіңізді орындап отырмын (осы ақшаны жіберуге 6 сом ұсталды); оны солардан аласыз. Келесі жылдың басынан ақшаны тура Орынбордан алып тұратын боласыз; бұл жөнінде өтініш жасап жатырмын. Онан соң, есіңізде болсын, бұл жіберіліп отырған ақша осы жылдың ғана қажетіне (смета бойынша) жұмсалуға тиіс. Январь айынан бастап, бұл жұмыстарға басқа ақша аласыз. Сондықтан, бұл ақшаны тек ең қажетті нәрсеге ғана жұмсауыңыз керек. Ал полковниктерге ақшаларын жаңа жылдан кейін алатынын айтып қойыңыз, бұл ақшадан оларға (шарт жасарда берілген 150 сом ақшаны қоса есептеп) екі айлық ақшаларын ғана бере тұрыңыз. Ал су тасу және мон-



ша жалдау жұмыстары жөнінде Бақтыбаймен шарт жасасып қойыңыз және ақша бергеніңіз туралы одан қолхат алыңыз. Ұсақ-түйек шығындарды қай статьяға жатқызатынымды білмеймін деп хат жазған екенсіз. Қай жұмысқа қанша ақша жұмсалуды қерегі сметада көрсетілуді ғой, сондықтан, жұмсалған ақша сол сметаның бір статьясына жатқызылуы керек. Ал егер бұл айтып отырған ұсақ шығындарыңыз шаруашылық мүліктерін алуға не мектептің үйін жөндеуге жұмсалған болса, онда олар туралы ерекше қолхаттар алып, осы жылғы алынған ақшаларға жалпы есеп тапсыру кезінде сол қолхаттарды бірге тапсырыңыз.

Осымен қош болыңыз, сүйікті досым. Ісіңіздің сәтті болуына тілектеспін. Істің жайы туралы маған хат жазып отыруыңызды сұраймын. Тағы да қолыңызды қысамын.

Бақтыбайға, Кейкинге және басқа мені білетін адамдарға сәлем айтыңыз.

*Бағынышты қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1881 жыл, 17 ноябрь.  
Торғай қаласы.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Ноябрьдің 30 ы күні жазған хатыңызды декабрьдің 15 күні алдым. Жазған хатыңызға қарағанда, менің Сізге жіберген екі хатымды алмаған көрінесіз. Бірақ, ендігі алған да боларсыз. Менің қағаздарымды кешігіп алуыңыз, мүмкін, Верхнеозерный почта станциясынан жиі-жиі біліп тұрмауыңыздан болар; Сізге одан жақын почта бөлімі болмағандықтан, мен қағаздарымды сол Верхнеозерный почтасына жіберіп жүрмін. Келешекте мұндай кешеуілдеуді жою үшін Сіз менің хаттарымды кешігіп алуыңыздың себебін хабарлаңыз.

Бақтыбай жөнінде, яғни оған осы жылға жалақы беру жөнінде мен Сізге осы хатпен бірге ресми қағаз жіберіп отырмын. Ал оқушыларды намазға күніне бес рет кетіп қалуларына байланысты туып отырған қайшылықтарға келсек, Сіздің айналаңыздағы халықты күдіктендіріп алармын деп, бұл мәселе жөнінде ресми бұйрық беруге қыйналып отырмын. Бұл жөніндегі жалғыз-ақ амал — дін



оқытушысымен сөйлесіп көріңіз; ол түскі намазды бір мезгілде оқытатын болсын; оның үшін Сіз оған сағат он екіде, не болмаса он екі жарымда намаз уақытының болғанын айтып отырайын деңіз, өйткені, намазды сағатсыз кезінде оқу қыйын ғой және оқушылардың оқуына зыян келтіреді ғой, деңіз. Баяділмен де осы бағытта сөйлесіңіз. Және менің атымнан Баяділден: намазды оқушылар мешітке бармай-ақ, мектептің өзінде оқуына болмас па екен, деп өтініш етіңіз. Бұл шарифатқа (Мұхамбет дініне) қайшы келмейді; мүмкін Баяділ молданы осыған көндірер. Бұл мәселе жөнінде де не істесеңіз де маған хабарлап қойыңыз. Менің кеңесім керек болатын мәселелер жайында бұрынғы хаттарымда жазғанмын.

Басқа жазатын ешнәрсе жоқ сыяқты. Екі жұмадай сырқаттанып жаттым, әлі де онша сауыға қойған жоқпын. Сүйікті досым, Сіздің мектебіңізге губернатор барды ма? Не көрді, не сұрады, риза болды ма? Маған хабарлаңыз. Әттең мен сіздерге бара алмаймын, әйтпесе жаңағы сыяқтанған қыйыншылықтар туралы губернатормен де сөйлесуге болар еді; сөйтсек, ол Баяділмен сөйлесер еді де, іс бітер еді. Бірақ мектептің осы жағдайында не істерсін, дегенмен, ол пайдасыз болмас деп сенемін. Үмітті, ашып айтқанда, ең үлкен үмітті, Арсений Андреевич, Сізден күтеміз. Мектеп ақшасын жіберуге мұндағы почта алмады, сондықтан ол ақшаны амалсыз Орынборға кетіп бара жатқан Миллер деген соғыс инженерінен беріп жіберіп отырмын. Есіңізде болсын, бұл ақша 1882 жылдың бірінші январынан бастап жұмсалатын ақша. Сондықтан, осы жылдың есебін де тез бітіріп, анықтама документтерімен бірге маған тез тапсырыңыз. Елек уезінің начальнигіне мектеп үшін осы жылы 590 сом жібергенмін, мектепке әртүрлі зат алуға, мектепке ат алуға жұмсалған, подретшіктерге (Баяділге берілген 100 сомды қоса есептегенде) берілген, ат азығын алуға жұмсалған және басқа ақшаларды, қысқасы, 1882 жылға дейін жұмсалған барлық шығынды қосып және шығынның бәрі 590 сомнан аспайтын етіп, 1 январьға дейінгі шығынның бәрін осы ақшадан шығарыңыз. Бұл ақшаның жұмсалмай қалатыны да болар, мұндай ақшаны мектеп үйін жөндеуге жұмсалды деп көрсетуге болар еді. Мен бұл жайында уезд бастығына да жаздым. Егер бұлай етсеңіз, маған, мүмкіндігіне қарай тезірек, Баяділден бұл ақшаны (басқаша айтқанда, мектеп ақшасының қалғанын) қайда жұмсағаны туралы анықтама документтер тапсыруыңыз керек. Мектепке

қанша ақша сұрайтыныңызды, одан қанша ақша қалатынын маған, мүмкін, уезд начальнигі де хабарлайтын шығар, ал егер, ақша қалатын болса, оны мектеп жөндеу жұмысына салғандығы туралы Баяділ қолхат дайындап, ақшаны уезд начальнигінен алсын. Басқаша айтқанда, Сіз осы 1881 жылы мектепке жұмсаған барлық шығыныңызды есептеп, осы ақшалардың бәрін уезд начальнигінен алып және оны беретін адамдарыңызға беріп болғаннан кейін, Баяділге осы 590 сомнан Сіздің жұмсауыңызға пәлендей сом ақша қалып отыр, оны алыңыз және ол ақшаны қолхат алып шеберлерге беріңіз, бұл қолхатты маған жіберіңіз деп қойыңыз.

Әзірге қош болыңыз, досым, хатты жиірек жазып тұрыңыз.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

Есеп беруді ұмыта көрмеңіз. Жұмсалған ақшалар жөнінде де және оқу жұмысы жөнінде де жылдық есепті қазір бере бергеніңіз жақсы болар еді. Есеп беру үлгісі Сізде бар.

*1881 жыл, 16 декабрь.  
Торғай қаласы.*



1882

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Сіздің соңғы хатыңызға ұзақ уақыт жауап қайтармағаныма ғафу етіңіз. Бұған, почтаға салып жіберу үшін уездік басқармаға тапсырған пакеттерімнің жоғалуы себеп болды. Оның ішінде 221 сом ақша да бар еді. Ақша табылмай-ақ қойды, ал қағаздар табылды. Осы жөнінде тексеру жүргізіліп жатыр; уездік басқарманың пестірлері ұрлады-ау деген күдік бар.

Қазір Сізден, менің мектеп ақшалары туралы білдіруіммен бірге жіберілген екінші хат келіп отыр. Бұл ақшалар туралы мәліметті мен уездік басқармадан өзім барып, жаздырып алдым. Мұның дұрыстығын білдіруім үшін келесі почтамен Сізге уезд бастықтарының қатнас қағазының түп нұсқасын жіберемін. Ал губернатордың берген мәліметтері, дау жоқ, қате немесе кеміс мәліметтер; губернатор қазақтардан жылма-жыл жыйналатын қазіргі кірістер туралы ғана хабарлап отыруы мүмкін. Ал мен, попечительдің тапсыруы бойынша, өткен жылғы ноябрьге дейінгі, былтырғы жыйналған қаржылар мен быйылғы жыйылған қаржылардың барлық сомасын хабарлап отырмын. Қалай болғанмен де, облыстық басқарма уездерден жыйналатын соманың мөлшерін уезд басқармаларының өздеріндей дұрыс білмейді. Осындай мәліметтердің бір-біріне тура келмейтінін, өткен жылы осы мәліметтерді облыстық басқармадан да және уездік басқармалардан да алып отырып, жақсы сезгенмін. Уезд начальниктерінің қатнас қағаздарының көшірмесін осы

почтамен жіберуге үлгіре алмай отырмын, өйткені, почта жүргелі жатыр; бұларды келесі почтамен тапсырамын.

Сіздің сырқаттанып қалғаныңызға қатты қынжыламын; шындап ауырып қалып жүрмеңіз, тез емделіңіз; ал егер қымыз керек болатын болса, онда мен үлкен ықласыммен және кішілік тәжіммен менің өзіме — Тобылға немесе Арақарағай орманына келіңіз деп өтінемін; Арақарағай жаңадан салынған Ново-николаевск қаласынан бірнеше шақырым ғана жерде. Өйтсеңіз, екеуіміз көңілді тұрған болар едік, содан август айының ішінде Орынборға барар едік. Қымыз бен таза ауа жағын алатын болсақ, башқұрт арасынан көрі қазақ арасы, әрине, жақсырақ. Шынында, ойлап қараңыз, Орынборға Сізді әбден сауықтырып жіберетінімізге мен өзім кепіл болайын.

Торғайда Яковлев атымен ашылмақ қолөнер мектебі жайында бірер хабар білген жоқсыз ба? Бұл жөнінде құлақ кескендей, ешбір хабар болмай кетті, сірә, Торғайдың беделді басшысына халықтың көрсеткен ықласы орындалмай қала ма деп қорқамын.

Әйеліңізге, Александр Григорьевичке, Федор Дмитриевичке менен жалынды сәлем айтыңыз.

Егер маған хат жаза қойсаңыз, әзірге Торғайға жазыңыз, Торғайдағылар маған жібереді.

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1882 жыл, 20 май.  
Торғай қаласы.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

### **Аса қайырымды Николай Иванович!**

Жуырда Сіздің хатыңызды алдым. Ол хатыңызда Сіз Мозохин туралы естіген пікірлер жайында жазған екенсіз. Ол, шынында да, өзінің істерін біздің облыстағылардың қай-қайсысынан да анағұрлым жақсы жүргізеді; басшы адамдардың ол туралы өте жақсы пікірде екенін айтпай-ақ қойғанның өзінде де, айналадағы қазақ қарттары оны өз баласындай жақсы көреді, — мұның жақсы адам екенін осыдан-ақ көруге болады. Сіздің арқаңызда құдай маған өз ойымдағыдай бір жақсы оқытушы бергенін мен өзіме үлкен бақыт деп санаймын. Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып ке-

леді; сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сыяқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін. Сіз, адамзаттың ішіндегі ең қайырымдысы, бізді ұмытпаңыз, мүмкіндігі болғанынша бізге қабілеті мол, жақсы адамдар жіберіп тұрыңыз, қазақ халқының оқыту жұмысына мұндай қайырымдылықпен қатынасқаныңыз үшін аллатағала Сізді жарылқар. Халық мектептері үшін ең керектісі — оқытушы; тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйырықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Ал менің жағдайымды алсақ, қымбатты Николай Иванович, жақсы оқытушы тауып алу ісінде менің сізден басқа сүйенер ешкімім жоқ!

Мозохиндей болмағанмен де, Сіздің тәрбиелеп шығарған басқа шәкірттеріңіз де оқу жұмысын өте ыждағатты түрде жүргізіп жатыр. Олардың бәрі де жақсы жігіттер; бірақ, балаларды тәрбиелей білу, балаларға жазу-сызуды, тілді үйрету, түсінікті етіп жүйелі түрде білім беру жөнінде, әрине, олардың бәрі бірдей емес. Мысалы, Меркурьев пен Спиридонов балалармен онша жақсы түсінісе алмайды, ал Григорьев бұл жөнінде ептілеу, бірақ оның оқыту әдісін және оқытатын пәнін тандап алу жөнінде тұрақтылығы жоқ. Данилов туралы әзірге ешнәрсе айта алмаймын, өйткені онымен әзір жете танысқаным жоқ. Бірақ, жалпы алғанда, біздің оқытушыларымыз оқу ісін, менің ойымша, орыстың көптеген халық мектептеріндегі оқытушылардан гөрі тәуіррек жүргізеді-ау деп білемін...

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1882 жыл, 29 июль.*

*Ново-николаевскі қаласы.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Ұлы мәртебелі, мархабатты төрем Николай Иванович!**

Өзіңізге мәлім, қазақ даласындағы өзара талас-тартыстар тоқталды, ерекше орыс-қазақ басқармалары құрылып, олардың арасында толық тыныштық орнады,

қазақтар белгілі бір жерге орнықты,— міне, осы шаралардың нәтижесінде қазақтар сауатты болудың және өз дінін білудің керек екендігін сезе бастады; олар көршілес отырықшы халықтармен танысқаннан кейін өздерінің оқумен, дінмен мүлдем таныс емес екендіктерін атаған сайын көре бастады. Осы көршілес халықтардың ішінен қазақтардың тұрған жерінің жағдайына, дінінің бірлігіне және тілінің ұқсастығына байланысты қазақтарға еңалдымен татар, башқұрт және бұқар жұрты әсер ете бастағаны да өзіңізге мәлім. Сонымен, қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады; бұл діни оқуды көбінесе татар және бұқар молдалары немесе татар, бұқар медреселерінен оқып шыққан қазақтар жүргізіп отыр. Бұл діни оқуға пайдаланатын құралдары, көбінесе қазаққа неғұрлым түсінікті татар кітаптары; бірақ бұл кітаптарда ешқандай жүйе де, тіпті, көбінде, ешбір мағна да жоқ; осы күнгі кітаптар бойынша татар медреселерінде бірнеше жыл оқыған шәкірттер өз діні жөнінде ешнәрсе түсінбейтін надан болып қалады, тек болғаны олар мұсылман дінінен басқалардың бәрін мүлдем жек көретін болып шығады. Бұқар және татар молдаларының рухани білімінің бағыты, жалпы алғанда, белгілі. Олар, бір жағынан өздерінің жеке мүдделерін көздеп, екінші жағынан өздері белгілі бір бағытта ғана, сыңаржақ тәрбие алғандықтан, барлық жақсылық тек қана Мұхамбеттің діни оқуынан шығады деп біледі; бұдан басқаның бәрі де оқытуға тұрмайтын, кәпірлердің ойлап шығарған нәрсесі, дінді әлсіретуге бағытталған әрекет деп есептеледі. Ал молдалардың мұндай пікірі, мұндай бағыты мұсылман заңының, немесе шарифаттың негізгі рухына толық сай келеді деп айтуға болмайды; өйткені, шарифат, мысалы, әртүрлі ғылымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін ешбір жерде теріс демейді; бұған, мысалы, ғалым молла (хатип) атағын алғысы келген адам түрлі «фәндерді», басқаша айтқанда, әртүрлі ғылымдарды, есепті, медицинаны және астрономияны (ғылму-хисаб, ғылму-тып, ғылму-хаят, уә афләх) оқуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады. Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң, қазақ жастарына, өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола ала-



тын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл — қазақтардың татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой), мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе — қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екенін мойындады. Ал сауатсыз қазақтардың көпшілігі татардың бастауыш кітаптары олардың балаларына түсініксіз екенін, діннің қажетті және міндетті ережелерінің бәрін біріктіріп жазған бірде-бір татар кітабының жоқтығын, оның үстіне, олардың балаларына оқымысты молда болудың ешбір қажеті жоқ екенін, оларға қазір қазаққа сіңген арабша хат танытып, діннің тек ең керекті жерлерін ғана үйрету керек екенін айтты. Ал шынында да іс осылай жүріп жатыр: арабша жазу мен құдай парызын көбінесе шала сауатты қазақтар немесе шетелдіктер үйретеді, олар балаларды ауқатты қазақтардың үйлерінде оқытады; оқуға сол үйдің балаларымен қатар, ауылдастарының балалары да жыйналады. Міне, осы қалай деген ауқатты қазақ үйлерінің бәрінде дерлік оқу қазіргі кезде осылай жүргізіліп жатыр. Демек, бұл молдалардың өздерінің білімдеріне сай, олардың міндеттері — қазақ балаларына арабша хат таныту және құдай парызының негізгі талаптарымен таныстыру ғана болып отыр. Міне бұл таныстыру ісі, өз ұстаздарынан дін оқуының ішкі маңнасынан гөрі сыртқы бағытын үйреніп алған, ұстаздарының өз көзқарастарын үйреніп алған надан адамдардың қолында болғандықтан, оның үстіне, осы пәнге тиісті ешбір оқу құралдары жоқ адамдардың қолында болғандықтан, — бұл қазірдің өзінде-ақ қазақтың жас буындарына өте жаман әсер етіп жатыр, ал келешек те одан да көбірек әсер етуі мүмкін. Міне осының бәрін еске ала келе, менің бұл еңбегім, балаларына құдай парызын әрбір мұсылманның білуіне міндетті мөлшерінде үйреткісі келетін қазақ үйлерінің және бұл пән оқытылатын орыс-қазақ мектептерінің қолданатын құралы ретінде өзінің алдына қойған мақсатына сай келеді деп сенуге батылым барады; ал оны жай қазақтар ғана емес, сонымен бірге, қазақтың көптеген беделді молдалары да мақұлдап отыр-



ғандықтан, ол қазақ даласында кең қолданылады-ау деймін. Бұл арада тағы бір ескерте кетуге қажет нәрсе — мұндай оқу құралды, менің басында ойлағанымдай, орыс әрпімен жазу мүлде мүмкін емес; өйткені, мұндай дін кітабы, шариғат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әртүрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді, сөйтіп іске аспай, мектеп кітапханаларында босқа жатып қалар еді.

Бұл кітап төрт бөлімнен құралды: бірінші бөлімде — иман туралы, басқаша айтқанда, мұсылман діні бойынша иман дегеннің не екені көрсетілді, құдайдың бірлігін, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетілді; екінші бөлімде — ағмал-заһир жайы, басқаша айтқанда, құдайға құлшылық ету: намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа (зекет) беру және жалпы қайырымдылық істер істеу, каабе (хажыға) бару, тағы сондайлар көрсетілді, мұнымен қатар, осы бөлімде намаздарда және басқа діни жағдайларда оқылатын аяттар қосылды; үшінші бөлімде — адамгершілік (ахлак) жайы; басқаша айтқанда, әлқұранның айтуы бойынша адамның қандай бағыт ұстап, қандай адамгершілікте болуы керек екендігі көрсетелді; төртінші бөлімінде — намаз, ораза үстінде және басқа діни жағдайларда оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді.

Мен енді осы оқу құралын, Орынбор оқу округі попечителінің да айтуы бойынша, аса қайырымды Николай Иванович, Сізге жіберіп, мұны бастыру ісіне өзіңіздің араласуыңызды сұрайын деп отырмын; өйткені, мұндай татар кітаптарының басылу жолын мен білмеймін (цензор Готвальд деген біреу болса керек) және осындай кітаптың бір-екі мың данасын бастырып алуға қанша ақша керек болатынын да білмеймін; бұл ақшаны мен өз жанымнан төлемекпін. Менің ағайындарым осымен бірге Алдыяров пен Қарабаев деген студент туысқандарымның бұл кітапқа корректор болуларын сұраймын.

Осы мәселе жөнінде В. В. Катаринский арқылы, мүмкіндігі болса, жуық арада хабарлауыңызды сұрар едім.

*Сізді аса құрметтейтін және Сізге шын көңілімен берілген,  
Сіздің ұлы мәртебеңіздің бағынышты пендесі И. АЛТЫНСАРИН.*

1882 жыл, 12 сентябрь.  
Орынбор қаласы.

## А. А. МОЗОХИНГЕ

### Шын досым Арсений Андреевич!

Осымен бірге Петр Ивановичке хат жазып, Торғайда мектепке деген ақшаның босатылуы өте кешігетін болғандықтан, мектеп үшін Сізге февраль не март айына дейін қанша ақша керек болатын болса, сонша ақша беріңіз деп өтініп отырмын. Сондықтан, Сіз ақшасыз қалмайсыз ғой деп ойлаймын.

Сіздің хатыңызды мен Троицкіге келгенде алдым; оның төңірегіне қазір қыс түсіп қалды десе болғандай. Сондықтан, мен біресе шанамен, біресе арбамен аралап жүрмін. Менің үйшім әлдеқашан Торғайға жеткен болар деп ойлаймын. Енді солай, туған шаңырағыма қарай жүргелі жатырмын. Жаман жол, райсыз күн зықымды кетіріп болды. Аз-маз демалып алып, одан кейін тағы да оңтүстікке қарай сапар шегуге дайындалуым керек.

Хатты өте қысқа жазғаным, сүйікті досым, ғафу етіңіз. Мені осы арада өте көп, атап айтқанда, екі жетідей кідіртіп, тастаған жұмыстарымды аяқтауға асығып отырмын. Хатты Торғайға жазыңыз, мен де Сіздің алдыңызда борышты бола қоймаспын.

Бактыбайға, Баекеңе, молдаға және басқаларға менен сәлем айтыңыз.

Осы хатты алысымен сметаға қандай өзгеріс енгізу қажет деп тапқаныңызды тезірек хабарлай көріңіз. Сіздің бұл жөніндегі хатыңызды жоғалтып алып, енді қайта мазалауыма тура келіп отыр.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИН.*

*1882 жыл, 19 октябрь.  
Торғай қаласы.*

## А. А. МОЗОХИНГЕ

### Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!

Осы почтамен Сізге 490 сом жіберіп отырмын; мұның 390 сомы мектепке деген қаржының осы күнге дейін жіберілмей қалғаны. Ал 100 сомы Сізге бұрын жіберілген 2 000 сомнан менің алып қалған ақшам. Енді менде 50 ден аса сом ақша қалып отыр; мен бұл ақшаны Сіздің өткен жылғы есебіңізге тігіліп жіберілген қолхатыңызға марка басылмағаны үшін түскен 14 сом штраф сияқты

бірдемеге қажет болып жүре ме деген оймен әзір өз жанымда әдейі қалдырып отырмын. Әрине штрафты біз өз жанымыздан төлеуге тиістіміз ғой; бірақ бақылау орнының бұдан басқа да бір қыйқаны болып жүруі мүмкін. Қалай болған күнде де Сіз бұл ақшаны жыл аяғында жұмсайтын боласыз. Мен оны Сізге келесі жылға жіберілетін ақшаға қосып жіберемін. Жоғарыда айтылған 14 сом штраф ақша туралы бақылау орнына бұдан құтқарыңыз деп өтініш жаздым; бірақ, одан ешнәрсе шыға қояр ма екен. Келешекте документтерге марка жапсыруды ұмыта көрмеңіз. Әйтпесе, бақылау орны бізден штрафты марканың бағасынан 6 есе көп етіп тағы да төлеттіреді. Сіздің соңғы хатыңызды мен сметаны бекітуге жіберіп қойғаннан кейін ғана алдым; бірақ менің сметаға енгізген өзгерістерім Сіздің сұраған өзгерістеріңізге сай келеді десем де болады. Сіздің қалай қарайтыныңызды қайдам, мен су тасыйтын ат ұстауға тек 40 сом ғана көрсеттім; ал монша жалдаудың енді қажеті жоқ болған соң, монша жалдауға арналған 60 сомды мен Сіздің көмекшіңіздің, оқушыларды емдеу жұмысына арнадым және басқа бір статьядан үй жылыту жұмысына да қостым ғой деймін. Оқытушылар мектебіне жіберілуі мүмкін оқушылар жайында Сіз әзірге қапаланбай-ақ қойыңыз. Меніңше, Сізден әзір оған ешкімді жіберуге мүмкін болмас деп ойлаймын. Мүмкін, Александр Григорьевич Сіздің оқушыларыңызды бастауыш мектепке алмақ болып отырған шығар,— олай болса, олардың қай бастауыш мектепте оқыса да бәрібір ғой. Ал оқытушылар мектебіне басқа екі кластық мектептерден, мысалы, екінші кластарынан жіберуге мүмкін болар. Бұл жөнінде біз Александр Григорьевичпен тағы да хабарласатын болармыз.

Мен, шынын айтқанда, Баяділ, Кейкиннің қыйқан шығаратынын білген едім. Кейкиннің Сіздің ісіңізге қай жөнде араласқанын келесі хатыңызда толығырақ жазыңыз, мен оған тыйым салуға тырысайын. Сіз есіңіз бар адамсыз ғой, онымен ашық жанжалға, әрине, бармассыз деп ойлаймын. Бірақ қажетті жерінде, орынсыз талаптарға көне беруге болмайды. Ондай жағдайларда: инспектор осылай істе деп еді, ал егер Сіз бірер өзгеріс енгізбек болсаңыз, онда инспектормен өзіңіз хат жазып хабарласыңыз деп, маған ысыра салыңыз. Осылай еткеніңіз жөн болар, сонда Сіз Кейкинмен алақөз болудан құтыласыз.

Сонымен, әзірге қош бола тұрыңыз, сүйікті досым.  
Сіздің қолыңызды қыстым.

*Сізді шын сүйетін И. АЛТЫНСАРИН.*

*1882 жыл, 19 ноябрь.*

Жас молдаға менің дін оқуы жөніндегі қолжазба оқу құралымды жіберсін деңіз, немесе өзіңіз жібере қойыңыз. Бактыбайға сәлем айтыңыз.

Хатты қысқа жазып отырғаныма ғафу етіңіз, Арсений Андреевич, бұдан толығырақ жазуға әртүрлі есептерден қолым тимей отыр. 590 сомның есебін тезірек жіберуіңізді сұраймын. Баяділді де асықтырыңыз. Оған осымен бірге өзалдына бөлек хат жазып отырмын. Бактыбайға, Құбыниязға және барлық таныстарыма сәлем айтыңыз. Ісіңіздің қалай жүріп жатқанын, онымен қатар, Байекенмен орыс балалары жөніндегі сөзіңіздің немен тынғанын хабарлаңыз. Жақын жердегі болыстардан бала алу жөнінде мен губернаторға жаздым. Одан Сізге бұйрық келіп қалар. Губернатор келді ме? Жіберілген заттың барлығы толық жеткізілді ме?

Қош болыңыз, әр ісіңіздің де жемісті болуын тілеймін. Жалақыңызды осы 590 сомнан алып қалуды ұмытпаңыз, басқа сомадан алармын деп жүрмеңіз, әйтпесе ала алмай да қалып жүрерсіз.

*Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИН.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сіздің хатыңызды және кітап жаздырып алу үшін маған 180 сом жіберу туралы ресми бұйрығыңызды алдым; ақшаны алысымен оның көбін Глазуновтың кітап дүкеніне жіберіп те қойдым. Сіздің осы хатыңыздан Александр Григорьевичтің жаңа қызметке тағайындалғанын бірінші рет естіп, қатты қуандым. Құдай ісін оңға бастырсын; оның бұл жұмысы өте маңызды жұмыс, өйткені, қазақ жастары білім алуды бізден бастап, Александр Григорьевичтен барып аяқтайтын болады. Менің пікірімше, қазақ еліне білім тарата алатын орындар

мен мекемелер басқа бір, жоғарғы дәрежелі мектептер емес, тек қана осы халық мектептері мен оқытушылар мектептері ғана. Әртүрлі материалдық және басқа себептерден біздің халық мектептерімізді бітіріп шыққан адамдар, бірен-сараны ғана болмаса, өзбетімен қызмет ете білетін және іс жүзінде шын пайда келтіретін толық сауатты, оқыған адамдар болып шыға алмайды; мұны тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан, халық мектептерінен шыққан оқушылардың осы кемшіліктерін толықтыру үшін халық мектептерінен жоғары, бірақ сол халық мектептерімен мақсаттас бір мекеме қажет еді; міне, оқытушылар мектебі осындай мекеме болып отыр. Құдай оның ісін оңғартсын-тағы! Меніңше, ілкі кезде, Александр Григорьевич өзінің мектебіне біздің мектебімізді толық бітірмей-ақ оның екінші класынан барған оқушыларды ала алады ғой деп ойлаймын. Осы оймен мен Троицкі, Ырғыз және Торғай мектептерінен оншақты оқушы әзірлеп отырмын. Бұл жайында Александр Григорьевич пен Сізден нұсқау, хабар күтемін.

Менің құдай парызы жөніндегі оқу құралым туралы Николай Ивановичтан осы күнге дейін ешбір хабар ала алған жоқпын. Ол хабардың неге кідіріп жатқанын білмеймін. Мүмкін, оны қарауға қолы тимей жүрген болар. Бұл оқу құралдың корректурасын қарауды өтінген студенттерім — Алдияров пен Қарабаевтан да жауап алған жоқпын. Бұл жайында Сіз, қайырымды Василий Владимирович, ешнәрсе білмедіңіз бе? Бұл жөнінде енді не істеуім керек, сіз қандай ақыл айтасыз? Тым болмаса, оқу құралынды алдым деп жазса да тәуір болған болар еді, мен мұны да біле алмай отырмын. Жуырда бізге жаңа бастық тағайындалғаны жайында қағаз алдым. Сіз, әрине, танысқан боларсыз, қалай, Сізге ұнай ма? Әрине, бастық дегеннің ұнамауы мүмкін емес қой, бірақ ол бұратаналарды оқытуға қалай қарайды екен?

Бізде ешқандай жаңалық жоқ. Біздің оқу істеріміз жаман емес сыяқты. Мектептерді аралап, жуырда ғана келіп отырмын.

Бақылаушылар марка жапсырылмаған қолхаттар үшін менен штраф алып жатыр. Сіздің айтқаныңыз келді. Бұл маған сабақ, келешекте ақылдырақ болармын.

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1882 жыл, 2 декабрь.  
Торғай қаласы.*

**Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ****Аса қадірлі Николай Иванович!**

Мұхамбет діні жөніндегі оқу құралыммен Сізді көп әуреге салғанымға кендікпен ғафу етуіңізді өтінемін; мен мұны Қарабаевтың жазған хатынан жаңа ғана біліп отырмын. Мен: дін оқытушыларының бастауыш медреселер мен біздің мектептерімізде қолданып отырған бағыты осы күйінде қала беруге тиісті емес, сондықтан оларға діннің негізгі ережелеріне қайшы келмейтін және мазмұны жағынан мұсылмандардың рухына және ойларына сай келетін (әйтпеген күнде ондай оқу құралдары мұсылман мектептерінде қолданылмас та еді) программа мен оқу құралын жасап беру керек деген ойға шомып, мен Сізді ешқандай қиыншылық жағдайға түсіремін деп ойлаған да жоқ едім. Оның үстіне, округтің попечителі де Сізбен ақылдас деп кеңес беріп еді. Мен жеке адамдардың бастырып шығарып жүрген жалпы татар кітапшаларының бәрі сыяқты (айта кетелік, бұлардың ішінде цензураның мүлдем жібермеуге тиісті кітапшалары да аз емес) менің кітапшам да, жергілікті цензура қарап шыққаннан кейін, баспаханада басылып шыға береді ғой деп ойлап едім. Бірақ, менің ісім бұлай болып шықпай отыр. Сондықтан, және Қарабаев бастартқан соң Қазанда менің кітапшамның корректурасын жүргізетін адамның жоқтығынан,— мен Сізден, аса қайырымды Николай Иванович, қолжазбамды (Орскі арқылы) Торғай қаласына, өзіме жіберуіңізді қатты өтінемін; енді оны



қайтадан қарап шығып, попечитель мырзаға тапсырмақпын немесе оның айтуы бойынша іс істемекпін.

Бізде айта қойғандай ешбір жаңалық жоқ. Біздің Яковлев қартымыз, айнала төңірегіне жайма-шуақ шұғыласын таратқан Кавказдың қарлы шыңындай, Торғай уезінің басында отыр. Бұл қайырымды адам қартайып келеді; сөйтсе де, қоян жұтынан кейінгі ауыр жылдардың тұсында өзінің сүйікті уезін тастап кеткісі келмей, әлі сол өз орнында отыр.

Ақкеуіл Екатерина Степановна туралы көптен бері ешнәрсе есіте алмай жүрмін. Дені сау ма? Тұз-дәмін татқаны үшін, тілектес болғаны үшін ол кісінің алдында көп борышы бар Ыбрай деген ақмақ баланы ұмытқан жоқ па екен?

Сізге шын берілген қызметшіңіз екеніме сеніңіз.

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1883 жыл, 13 январь.  
Торғай қаласы.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Аса қадірлі досым Арсений Андреевич!**

Мен Сізге көптен бері хат жазған жоқ едім, ол үшін үлкен кешірім сұраймын. Бұған себеп болған — жылдық есеп, әсіресе ақша есебі. Осы почтамен Сізде болған кезімде жаздырған кітаптарды жіберіп отырмын; бұларды мен өткен почтамен ғана алдым, онда да толық алған жоқпын. Келесі почтамен 800 сомдай ақшаны бірден жіберемін. Тағы да қай уақытта және қанша ақша жіберуім керекін күн-ілгері хабарлап қойыңыз. Осы жылға арналған ақшалармен бірге аныда менде қалған 50 сомнан аса ақшаны да жіберем; әрине, одан Сіздің мектебіңіз үшін жұмсалған ақшаны алып қаламын.

Сіз оқушылардың оқу кітабы жеткіліксіз болып отыр деп жазыпсыз, мен мұны күн-ілгері ескермеген екенмін. Сіздің көзіңізше жаздырған кітаптарымыз көбіне оқытушыларға арналған кітаптар еді. Алайда, жуық арада әліппе кітабын және біздің оқытушыларымыздың бәрі бірдей жақсы деп жүрген Бунаковтың оқу кітабын алатын болармын. Ал егер бұлар жеткіліксіз болса, онда Сіздің мектебіңізге қандай кітаптар жаздыру керекін және қандай кітаптардың жеткіліксіз болып отырғанын ма-



ған хабарлаңыз. Кітап жеткіліксіздігі жайында маған Сізде болған кезімде айта қоймаған екенсіз. Әттен, бұл жағдайды мен де, Сіз де есімізден шығарып жіберген екенбіз.

Біздің жақта ешқандай жаңалық жоқ. Қыс жайлы. Бір жаманы, адам арасында да, мал арасында да жұқпалы аурулар бар; адам арасында — шешек, ал сыйыр малы арасында — оба аурулары бар.

Молдаға, Бақтыбайға, Баекеңе және басқаларға сәлем айтыңыз. Өзіңіздің жұмысыңыздың қалай жүріп жатқанын жазыңыз; келесі жолдары мен де салақтық ете қоймаспын, жазып тұрармын.

*Сізді шын сүйетін И. АЛТЫНСАРИН.*

*1883 жыл, 22 январь.*

Я, айтпақшы, мен Сізге бір кішкене сөгіс берейін деген едім. Сіз маған жазған хатыңызды: «Ұлы мәртебелі» деп лауазымнан бастайтын сұмдығыңыз не? Достар арасында және олардың хаттарында лауазым айтылушы ма еді? Ондай сөздермен мені енді гәрі ұялтып, қызартып жүрмеңіз, әйтпесе, мен де Сізге хатымды: «Сіздің ұлы мәртебеңізге» деп жаза бастайтын боламын.

*Өзіңіздің шын досыңыз И. АЛТЫНСАРИН.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Қайырымды досым Арсений Андреевич!**

Сіздің мектебіңізге губернатордың келіп кеткені жайындағы хатыңызды қазір ғана алып отырмын. Сіздің жұмысыңыздың бәрін жақсы екен деп кеткеніне қатты қуаныштымын. Оқушылар алу жөнінде, әрине, губернатордың тілегіне қарай іс қылыңыз. Мектепке жақын жердегі болыстардан бала алуға рұқсат ету туралы губернаторға жазған қағазымды сіздің «мен рұқсат еткенше қолдағы 6 баладан артық бала алмаймын» деп жазған хатыңызға сүйеніп жазған болатынмын. Сондықтан, мен, әлдеқалай керек бола қалса деп, губернатордан рұқсат алып қойғым келген еді. Егер оқушыларға орын жетпесе, онда жай столдар жасатыңыз. Ақша жіберу ту-

ралы жуырда тәртіп беремін. Менің өтінішіме карамай, округтік басқарма Сіздің мектебіңізге деген ақшаны тағы да Торғайға жіберіп қойыпты. Сондықтан, ақша сұраған қағазыңызды маған жіберіңіз.

Тағы да бір айтайын дегенім, Арсений Андреевич, өткен жылғыдан қалған (48 сом болар) ақшаны қалай да Сіз өткен жылы жұмсалды деп көрсетіңіз, немесе бұл ақшаны казначействоға өткізіп алған квитанцияңызды маған жіберіңіз. Менен есеп талап етіп жатыр. Ал мен 900 шақырым жерден не істерімді білмей отырмын. Осы ақшалар жайындағы мәліметті тезірек жіберіңіз және Кейкинге де айтыңыз, Елек уезд басқармасындағы 590 сомның қалдығын мектеп жөндеуге жұмсағаны туралы есебін тезірек жіберсін.

Бұл хатты Ырғыздан жазып отырмын, Торғайға жүргелі асығып жатырмын. Торғайға барған соң толығырақ жазармын. Әзірге қош болыңыз. Барлық жағынан да табысқа жетуіңізді тілеймін.

Бақтыбайға және молдаға сәлем айтыңыз.

Сізде қалып отырған 480 сом ақшаның дәлелді документтерін тезірек жібере көріңіз.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

1 февраль [1883 ж.]

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса құрметті Василий Владимирович!**

Мен жуырда Жаманқаладағы (Орскі) оқытушылар мектебіне Торғай мектебінен 6, Ырғыз мектебінен 5 оқушы жібердім. Ал Троицкіден әзір хабар ала алған жоқпын; одан да оқушылар жіберілген болу керек деп ойлаймын. Онда жіберілген оқушылардың бәрі де өте жақсы және ыждағатты балалар; сондықтан, аман-сау болса, олардан бір нәтиже шығар деп сенемін. Торғайдағы және Троицкідегі мектептен оқытушылар мектебіне жібер деп сұранушылар әлі де көп. Бірақ Александр Григорьевич Торғай облысынан 15 тен артық бала жіберуге болмайды деп қойған соң, олардың тілегін орындай алмай отырмын. Торғай облысынан 15 адам деп белгіленуінің себебі не екенін білмеймін; алынатын 60 баланың тым болмаса 30-ы осы облыстан алынуы керек сыяқты еді. Мүмкін, оқу орнының жеткіліксіздігінен немесе екінші кластардың

ашылмағандығынан 60 баланың бәрі бірдей әзір алынбайтын болар.

Алексей Григорьевичтің істі қолға ала бастасымен-ақ менің қарауымдағы жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан мектеп құрылысына тікелей қол сұға бастауы маған біраз өрескелдеу сыяқты көрініп отыр. Ол жұмысты менің оқушыларым, мен оқытушыларымды (бұл дүниеде мен жоқтай-ақ) тікелей өзіне шақырудан бастады. Оқытушыларға (Спиридонов пен Мозохинға) маған кел деп жеке хат жаза бастады. Сөйтіп, бұрыннан да қалаға көшкісі келіп жүрген Торғайдың Григорьевын да желіктіріп қойды. Егер оқытушылар мектебіне жақсы мұғалімдер керек болатын болса, олар біздің мектептерімізге одан да бетер қажет емес пе? Оның бержағында, қаладағы оқытушылар мектебіне қызметке барғысы келетін білімді адамдарды әруақытта да тауып алуға болады, ал біздің мектептерімізге ондай білімді адамдардың кез келуі өте қыйын. Әрине, түсінбейтіндігінен деуге ғана болады. Өзінің осы сыяқты тәжрибесіздігінен және дала мектептерінің жайын, мүмкін, толық Алексей Григорьевичтің мұндай қылықтарын оның тек тәжрибесіз істерімен, ол өзінің қадірін түсіріп ала ма және жұрттың көп үміт күтіп отырған оқытушылар мектебінің маңызын кетіріп ала ма деп қорқамын. Мысалы, ұзынқұлақтан Елек уезі Алексей Григорьевичке қазақ мектептерін басқара білетін сенімді адам деп қарамайды деген хабарды есітіп отырмын (мұны мен керек бола қойса деп, хатеріңізге салу үшін кеңесу ретінде өзіңізге ғана құпия түрде айтып отырмын).

Осында ашылатын қолөнері мектебін Яковлевтың атымен атау жайында не істеліп жатқанын білмеймін. Маған губернатор: Халық ағарту министрі мұны мақұлдады, сөйтіп ол Ішкі істер министрлігінің пікірін сұрады, ол да осыны мақұлдап, губернатордан Яковлев қазір уезд начальнигі болып отыр ма, әлде отставкаға шығып кетті ме деп сұрады, деп хабарлап еді. Мұның жауабы, меніңше, ноябрь айында, Яковлевтің аттестациясымен бірге жіберілген сыяқты еді, бірақ осыдан кейін ешбір хабар болмай кетті. Қолөнер мектебіне үй сатып алынды (ол менің үйім) және ағаш шеберлігі құралдары, онымен қатар, бөрене, ағаштар да алынды; алғашқы кезде жергілікті ағаш ұстасын пайдаланғалы отырмыз. Бірақ, қалай болған күнде де, мектепті алдағы көктемде ашуға тура келеді.

Көптен бері Сізден ешбір хабарым жоқ; мүмкін, жазуға қолыңыз тимей жүрген болар. Біздің жұмысымызға жаңа попечительдің қалай қарайтынын білгім-ақ келеді. Сіз оның алдында өзіңіздің қолға алып жүрген бұратаналарды оқыту жұмысын жақтап, басқаша айтқанда, осы жұмысқа ол кісінің көңілін аударып үлгірдіңіз бе? Жуырда мен құрметті қамқоршыларға награда беру жайында ұсыныс жасаған едім; мұны істеуге мен міндетті болдым, өйткені, мектепке жәрдем берген қазақ бастықтардың мақтауынан дәме етеді; ал оның, басқаша айтқанда, қазақ арасындағы беделді адамдарға награда берудің, сахарадағы қазақ мектептерінің келешегі үшін өте үлкен маңызы бар. Бұл жөнінде попечитель не дейді екен және менің өтінішім жөнінде не істеліпті,— егер мүмкіндігі болса осы жайында хабар бергеніңіз тәуір болар еді.

Быйыл мен мектептерді әбден толық қарап шықтым; олпұл кемшіліктерің бірігіп жөнделдік; менің өз ойымша, бұл мектептеріміз қазір, шындығында да, іс шығатын бағыт алып отыр ғой деп білемін.

Осымен хатымды аяқтайын, сау болыңыз. Әйеліңізге менен дұғай сәлем.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1883 жыл, 4 февраль.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Жуырда біз қолөнер мектебін Яковлев мектебі деп атау жөнінде ресми хабар алдық. Қарт оған, әрине, қатты қуанып қалды...

Қолөнер мектебін октябрьде ақшамыз. Ал әзірге мастерскойын жөндей тұрамыз және ағаш-балта ұсталығы өнерінен сабақ беретін бір ұсынақты, жақсы оқытушы тауып алу жағын қарастырамыз. Егер ондай оқытушы табыла қоятын болса және ол оның үстіне оқу-жазу үйрете де білетін адам болса, мен оған пәтер беріп, оның үстіне 400—500 сом жалақы берудің де тәсілін табар едім, ал 450 сом жалақыны қалай да берер едім. Сіз, қайырымды Василий Владимирович, бұл жөнінде жәрдем ете алмайсыз ба?

Хрестоматияның екінші бөлімін жазып жатырмын; жаратылыс тарихы бөлімін аяқтадым, енді географиялық суреттеме бөліміне кірісіп отырмын. Бірақ, тағы да, бұл хрестоматияны араб әрпімен бастыру керек-ау деген ойдамын. Өткен жолы алфавит мәселесі жөнінде, попечительге көрсетсе керек болар деген оймен, Сізге ресми түрде хат жазған едім. Осы жөнінде өз пікіріңізді хабарласаңыз жақсы болар еді.

Василий Владимирович, құрметті қамқоршылар жөніндегі ұсынысым өтті ме? Бұған, әрине, мен көбірек ой бөліп жүрмін. Жарахатыңыздан жазылдыңыз ба? Көрдіңіз бе, қаншама сұрақ қойып отырғанымды!

Менің құдай парызы туралы оқу құралым жайында Николай Иванович әлі күнге ешбір жауап бермей отыр. Мұнысы танырқарлық та, күйінерлік те іс болды. Соңғы жазған хатымда оқу құралымды өзіме қайырып жіберіңіз деп едім, бұған да жауап жоқ. Енді не істерімді біле алмай отырмын.

Біздің жерімізде март айының алғашқы күндерінен бастап-ақ жаз шыға бастады. Бірақ, қар кете қойғанымен де, күн өте суық және желі бар. Ново-Николаевскідегі мектеп үйін салу жұмысын бастап жіберу үшін апрельдің 20 лары шамасында Николаевскі уезіне барғалы отырмын; әйтпесе, С-вның өз басы бұл істі әнемінемен кідіртіп отыр.

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1883 жыл, 1 апрель.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Өткен 1882 жылы Сіздің мектебіңізге босатылған ақшадан менде 53 сомдайы қалып еді ғой. Бұл ақшаны мен Сіздің қолхаттарыңызға марка басылмағаны үшін төленетін штрафқа бола осы уақытқа дейін жібермей отыр едім. Бұл мәселе, менің өтінішім бойынша, енді ғана шешілді. 14 сом 40 тыйын штраф төлейтін болдық, мұның 1 сом 40 тыйынын мен өз жанымнан төледім, өйткені, осындай ақшаға менің қолхаттарыма марка басылмаған еді. Қалған 40 сом ақшаны осымен бірге жіберіп, оны көпке дейін ұстап қалғанымға кешірім сұраймын. Бұл 40 сом, әрине, Сіз-

дің өз ақшаңыз, өйткені, мектепке өткен жылы ұсталған ақша жөнінде қазнамен біржолата есептесіп болдық.

Біздің жақта ешбір жаңалық жоқ. Март айының алғашқы күндерінен бастап-ақ жаз шыға бастаған еді, яғни сол кезде-ақ қар кетіп еді, бірақ бұдан кейін де күн қатты суып, жел болып тұр. Бұл жақта адамға шешек шығып, сыйырға оба желіп еді, бірақ қазір тоқталып келе жатқан сыяқты.

Сіз аздап ренжулісіз бе, қалай, сүйікті досым? Оқытушылар мектебіне екі оқушы жібергенімізге Сіз бекер қынжыласыз, қайта, оларды, менің естуімше, оқытушылар мектебінің бірінші класына алып отырғаны жақсы болған. Біз екеуміз оларды біздің кластарымызбен оқуы бірдей даярлық класына алмаса игі еді деп қорыққан жоқ па едік?

Бақтыбайға, молдаларға және өзіңіздің тәрбиеніздегі шәкірттеріңізге менен сәлем айтыңыз. Мені август айының аяғында күтіңіз.

Сіздің баршаңызға да, қолға алған істеріңіздің сәтті болуын тілеймін.

*Сіз шын берілген босыңыз және қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1888 жыл, 2 апрель.*

## А. А. МОЗОХИНГЕ

### Сүйікті досым Арсений Андреевич!

Сіздің соңғы хатыңызға қарағанда, мектебіңіздің оқу жұмысы жақсы жүріп жатыр екен. Бұл хабарыңызбен Сіз мені өте қуандырдыңыз. Жалпы айтқанда, мен Сіздің, оқу жұмысыңызды ғана емес, сонымен қатар, шаруашылық жұмыстарыңызды да жақсы жүргізгеніңізге қатты ризамын.

Оқушыларды жазғы демалысқа тарату кезі жайында мен Сізге ресми түрде хабарлап отырмын, өйткені, бұл мәлімет Сізге келешекте де керек болады. Ал ақша жайындағы есептің үлгісін де осымен бірге жіберіп отырмын; казначейство да, бақылау мекемесі де есепті осы үлгімен талап етеді. Осы жылы маған жіберген есептеріңіздің бәрін де осы үлгі бойынша қайта жасап жіберіңіз. Педагогика курсының болатыны, болмайтынын, болса қай жерде болатынын мен де білмеймін, бұл жөніндегі пікірімді әлдеқашан жібергенмін, бірақ әлі жауап алған жоқпын. По-



печительдің өзі де рұқсат алмаған болар деп ойлаймын. Сіз Орынбордан қашық емессіз ғой, сондықтан, Орынборға барып қайтуыңызға болады ғой деп ойлаймын. Жазды күні мектепке, қызметшілеріңіздің біреуін қалдырасыз ба, екеуін қалдырасыз ба, әлде бәрін қалдырасыз ба,— оны, өзіңіздің қолайлы және пайдалы деп табуыңыз бойынша қалдырыңыз. Мектеп жұмысшыларының (әрине, мектепте қалатындарынан басқасы) жазғы демалыс уақытында бізден жалақы алмай, ал сентябрьдің бас кезінде мектепке қайтып келетін болып, басқа жұмысқа тұрулары жөнінде сөйлесіп керуге болмас па екен? Бұл жағын да өз қалауыңыз бойынша істеңіз.

Басқа жаза қоярлық ешнәрсе жоқ қой деп ойлаймын. Қош досым, сау болыңыз.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*15 апрель, (1883 ж.).*

## А. А. МОЗОХИНГЕ

**Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Жазған хатыңызды алдым. Мені ұмытпай жүргеніңізге көп рахмет айтамын. Менің соңғы жіберген хатымды Сіз де ендігі алған боларсыз; ол хатпен бірге өткен жылдан қалған мендегі 40 сом ақшаңызды да жібергенмін.

Сіз жаздығүні не істемекшісіз? Ұмытпасам, өткен жылы үйіңізге барып қайтамын деп ойлаған сыяқты едіңіз. Егер олай болса, маған күн-ілгері хабарлап қойғаныңыз жөн. Өйтсеңіз мен сізді кезінде демалысқа шығарып жіберер едім. Ал енді бір жетіден кейін Николаевскі уезіне, одан кейін Троицкіге жүргелі отырғандығымнан, Сіздің келесі хатыңызды мен тек сол жақтарда ғана ала аламын. Сондықтан хатыңызды Троицкіге және Николаевскі уезд басқармасы арқылы жіберіңіз. Ал олай болмаған күнде, Василий Владимирович Катаринскиймен хабарласыңыз, ол да Сізге демалыс бере алады. Кетеріңізде Сіз мектеп мүлкін біреуге тапсырып кетіңіз, ең абзалы өзіңіздің көмекшіңізге тапсырыңыз, ал егер бұл да қолайсыз болатын болса, дін заңын оқытушыға тапсырғаныңыз жөн. Бұлардың қайсысы да ресми түрде қызмет етіп отырған адамдар ғой. Басқаларға тапсырып кету онша қолайлы емес.

Құбнияздың мектептен кеткеніне мен ешбір қынжылмаймын. Оның орнына жаңа оқытушы тағайындау жұмы-



сын өзiм барған соң шешемiн, ал әзiрге оның көмекшiсi бұрынғы белгiленген жалақыны алып iстей берсiн.

Екiншi кластарға сабақ беру жүйесi жайында мен барған соң сөйлесермiз. Ал егер Сiздiң уақытыңыз болса, өз ойыңызша оқыту жоспарын жасап, маған жiберiңiз. Сiздiң бұл жоспарыңызды басқа оқытушыларға да көрсетiп, бұл жөнiнде олардың бiрқатарының пiкiрлерiн де алып, осы мәлiметтердiң бәрiмен Сiзге августың орта кезiнде келермiн деп ойлаймын. Өйткенi, быйыл Ақтөбеде болуым керек, оның мектебiн көрiп, сонда салынып жатқан жаңа мектепке керектi қаржыға смета жасауым керек. Жағдайым келсе, август айының бас кезiнде де барып қалуым мүмкiн.

Бақтыбайға, молдаларға менен сәлем айтыңыз.

*Сiздiң И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадiрлi Василий Владимирович!**

Өкпеме суық тигiзiп алып, үш айдан астам уақыт төсек тартып жатып алдым. Содан жаңада ғана басымды көтере бастадым, бiрақ әлi де болса сауыға қойғаным жоқ, қатты-қатты жөтелемiн. Қарғыс атқан ауыруға тап болдым, бiрақ не шара? Бiз екеуiмiздiң жүрiсiмiзден алыс жолдар денсаулыққа iз қалдырмай қоймайтын болса керек, байқайсыз ба? Менi күрт ауруға шалдығасын деп те қорқытып жүр. Орынборға быйыл қашан барарымды бiлмеймiн. Торғай облысы жойылады екен, Торғай, Ырғыз уездерi Сырдария губерниясына, ал Николаевскi, Елек уездерi Орынбор губерниясына қосылады екен деген хабардың анығын бiлгiм келедi. Онда менiң қызмет орнымды қайтер екен, Түркiстан оқу округiне, не Орынбор оқу округiне бағындыра ма екен, әлде бұл қызмет орнын мүлдем жойып жiбере ме екен? Менiң өз басыма қалғанда, қызмет орныма ешбiр қыйналмаймын, егер бұдан былай да қызмет ете бергiм келсе,— әкiмшiлiк жөнiнен де қызмет табамын; бiрақ, егер жоғарыда айтылған өзгерiстер шындығында болатын болса, менiң оқу жөнiнде келешекте iстегелi жүрген ойымның бәрi және қазiр қолға алып жүрген жұмыстарымның бәрi босқа кететiн болады. Менiң қыйналатыным

тек осы ғана. Сондықтан, мұндағы қазақтардың жалпы жайы олардың қазіргі экономикалық жағдайында тағы да нашарлай түсетінін айтпағанда, Торғай облысының тағдыры мені осы себептерден ойландырады.

Оқу дүниесінде бастықтардың не жасап жатқанын білуде, әрине, бөтен болмас еді. Инспектор мырза... В-ның көмегімен Троицкідегі қазақ мектебін өз қарамағына алуды сұранып жатқан көрінеді. Троицкідегі мектеп қазір біржолға аяққа басып, оның ісі озат жақсы жүріп жатыр еді; сірә, Р. оны қайтадан бүлдіргісі келетін болар; ал оның бержағында, ол мектепке арналып Ново-Николаевскіде жаңа үй салынып жатыр. Келесі оқу жылының басында ол мектеп соған көшеді. Р. ондай мектепті өз ауданында, өзбетімен салдырып, жолға қоя алмайтын болғандықтан және оған оның қабілеті жетпейтіндігінен, жұрттың айтуына қарағанда, ол өзінде сондай бір бұратана мектеп болуын өте тәуір көретін сыяқты.

Мен Сізге көптен хат жазған жоқ едім; Сізден ешбір хабар болмай кеткен соң осы хатымды жазып отырмын. Тәртіпсіздеу жазылғанына кешірім етерсіз. Бұдан артық жазуға халім келетін емес, — қолым талды.

*Сізге әрқашан да шын берілген және бағынышты қызметшіңіз*  
*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1883 жыл, 2 август.*  
*Қостанай деген жер.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Николай Иванович!**

Сізден қазір ғана алып отырған телеграммаға мен, амалсыздан, қазір орыс кластарының оқытушылары толық деген жауап қайырғалы отырмын. Әрине, олардың ішінде өздерінің қабілеті жағынан нашарлары да жоқ емес, бірақ оларды ренжіткім келмейді. Олардан тәуір оқытушым болмағандықтан, кезінде қызметке алмай қоя алмадым. Келесі оқу жылының басында бізге жаңа оқытушылар қажет болар; бірақ Сіздің маған ұсынып отырған білімді жас адамыңызға оған дейін күту, әрине, мүмкін емес. Сіз менің жіберген телеграммамнан Торғайда 25 адамдық ерекше қолөнер мектебін ашқалы жатқанымызды білген боларсыз. Онда оқытатын қолөнерлік сабағымыз, көбінесе, ағаш ұсталық жұмыстары болады және, егер

мектепке тарта алсақ, қыздарға кесте тігу, тағы басқалары сыяқты қолөнер жұмыстары үйретіледі. Онансоң, Торғай қазақтары бұл мектебіміз біздің қадірлі Яков Петровичтің құрметіне «Яковлев мектебі» болып аталынсын деп өтініп отыр. Бұл мектеп қоғам қаражатына ашылады. Әрине, бұл сыяқты өте пайдалы мектептің жолға түсіп кеткені өте жақсы болар еді; бірақ, бір жағынан, қолөнер кәсібін, екінші жағынан жазу-сызуға үйрете алатын қолайлы оқытушы тауып алу оңай болмайды-ау деймін. Не істесін, Сіздің ақылыңызды алып, істі бастап, асықпай жүргізе беруіміз керек, азғантай табыстарымызға да қанағат ете білуіміз керек болады. Сондықтан, бұл жұмысты әзірге ағаш ұстасымен-ақ бастай беремін. Ал оқу-жазу жұмысын басқа бір сауатты адамға, немесе, бәлкім, қыздарға қолөнерін үйрететін адамға тапсырармыз, бұған жергілікті ханымдардың біреуін лайықтап отырмыз.

Қазақтарға Мұхамбет дінін көбінесе үйде оқыту жұмысына арналып құрастырылған кішкене оқу құралымды мен Сізге кеше ғана жіберіп, бұл сыяқты кітаптың татар тілінде басылу жолын көрсетсеңіз екен және мұндай кітапты 1000—2000 данасын бастырып алу қаншаға түсетінін білдірсеңіз екен деп өтінген едім. Және ол жауабыңызды В. В. Катаринский арқылы жіберіңіз деп өтінген едім, бірақ, Василий Владимирович, жуырда Орал облысына және одан да әрі қарай жүріп жететін сыяқты көрінеді. Сондықтан, жауап жаза қойсаңыз, оны А. Г. Бессонов арқылы жібергеніңіз дұрысырақ болар.

Ертең өзімнің туған еліме жүргелі отырмын. Екатерина Степановнаға менен жалынды сәлем айтуыңызды сұраймын.

*Сізді еса қадірлейтін және Сізге шын берілген И. АЛТЫН-САРИН.*

Мен Сізді тағы бір өтінішпен мазалаймын. Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар ашпақшымын. Бұған 700 сомға жуық ақша да жыйып алдым. Бұл кітапханалар — олардың кітаптарымен тек оқушылар мен оқытушылар ғана пайдалану үшін емес, сонымен қатар, мектеп бітіріп қырда жүрген жалпы сауатты адамдар да білімдерін өзбетімен көтере берулері үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылады. Менің енді екі-үш класты халық мек-

тептерін бітіріп шыққан адамдар еркін түсіне алатын; білімнің барлық салаларынан кітаптар және оқу құралдарын таңдап алу жөнінен қыйналып отырмын. Егер уақытыңыз және мүмкіндігіңіз болып, осы көрсетілген мақсатқа қолайлы деп табатын кітаптарыңызды және оқу құралдарыңызды айтып берсеңіз, бізге үлкен қамқоршылық еткен болар едіңіз.

*1883 жыл, 15 сентябрь.  
Орынбор қаласы.*



1884

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

|| Сізді келе жатқан жаңа жылмен құттықтаймын және шын жүрегімнен қайырымды Евпраксия Васильевна мен Сіздің бақытты болуыңызды, аман болуыңызды тілеймін. Сізді декабрь айының басына дейін күтіп, осы айдың жетісі күні Торғайға жүріп кеттім, Ырғызға барып қайттым. Ал қазір жылдық есеп жіберейін деп Торғайда отырмын. Сіздің жолыңызды бөгеп және Қостанайға бармай-ақ қойыңыз деп кеңес берген Яков Петрович қартымызға мен өте ренжіп отырмын. Сол сапарда Сіз Қостанайға, одан әрі Орынборға да еркін жететін едіңіз. Облысты аралап келгеніңізден кейін Сізді көру маған өте көңілді және екі есе қажетті еді, біріншіден, Сіздің өз үйіңде бір болғаныңызды шын тәуір көріп едім; ал екіншіден, Торғай облысының мектептері туралы Сіздің пікіріңізді өз құлағыммен естіп, олардың жұмысындағы кемшіліктерін біліп, бұл кемшіліктерді жою жөнінде Сізден кеңес алғым келіп еді. Бірақ, кейде осындай жағымсыз мінезі бар бұл шалға неғыларсың?.. Келесі жолы Қостанайға соғарсыз деп сенемін; ал мектептер жайында жаз шыға сөйлесерміз деп ойлаймын, өйткені, сол кезде мен Ақтөбеге бармақпын.

Осы хатыммен бірге Сіздің көктемде жіберген 168 сом ақшаңызға алынған оқу құралдары жайында екі қолхат жіберіп отырмын. Сізге бұрын да айтып едім ғой, Фанның кітап дүкені өзінің жіберген үш электр телеграфына және бір волшебный фонарьға счет жібермей-ақ қойды. Жалпы

смет бұдан бұрын облыстық басқармаға жіберілген еді, сондықтан осы оқу құралдарын алғандығы туралы Бабиннен қолхат алуға мәжбүр болдым. Оның документ болып қабылданатынын, қабылданбайтынын білмеймін. Мұндағылар қабылдайды деседі, егер қабылдамаса, онда не қыларымды білмеймін. Бұл ақшаны, сірә, өз жанымнан төлеп қалатын болармын.

Сіздің көрсетуіңіз бойынша әртүрлі кітаптар жаздырып алу жөнінде попечительдің жасаған ұсынысын мен Қостанайдан Торғайға келген кезімде алдым. Сондықтан, бұл ақша Троицкі казначействосынан әлі алынған жоқ. Казначействодан ақшаны алып, кітап жаздырамын деп жүргенде смета жылы өтіп кете ме деп қорқамын. Күні ертең Қостанайға жүріп кетемін. Қолыңыз бос уақытында, аса құрметті Василий Владимирович, хат жаза салуды ұмытпаңыз.

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Осымен бірге, мен Сізге Қорғанбекті наградтау туралы ұсыныс жасап отырмын. Ол наградтауға ең қолайлы адам еді, бірақ құр қалыпты. Оны қайтадан наградаға ұсынуға немесе осыны айтып мазасын алуға мен попечительден қорықтым; мүмкін, Сіз попечительмен ептеп сөйлесудің бір мүмкіндігін табарсыз.

*1884 жыл, 15 январь.  
Торғай қаласы.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Бұдан тек төрт күн ғана бұрын қайтып келген попечительді әрең дегенде күтіп алып, мен енді Ырғызға, Торғайға қарай асығыс жүріп барамын. Күннің райы жаман, қыс түсіп кететін түрі бар. Ал мен әлі арбамен жүрмін. Оның үстіне, округ попечители қолөнері мектебін аш деп асықтырып жатыр. Сондықтан, мен Жаманқала жолымен және Верхнеозерная арқылы қайтып келе жатсам да, Сізге сокпай кетіп барамын.

Быйылғы жылы Сіз, әрине, Ақтөбеге ауыспайсыз. Ал қашан не боларын мен Сізге кезінде хабарлармын.

Хатты жиірек жазыңыз. Осымен бірге Сізге Түркістан оқытушылар семинариясында оқып жүрген бір қазақ оқу-

шысының шығармасын жіберіп отырмын; мүмкін, сөздігі Сіздің де бір кәденізге жарап қалар.

Оқу құралдарын жаздырдым; кітап дүкеніне ақшасын да жіберіп қойдым.

Менің Сізге тағы да бір айтайын дегенім: мектепке жұмсалған қаражат жайында маған есеп жіберген кезіңізде жай адамдардан алған қолхаттарыңызды, мүмкін болғанынша, счет үлгісімен жазыңыз және бұл счеттарға бес тыйындық марка басыңыз; босқа шығынданбау үшін, 10 тыйындық және 60 тыйындық марка басудың қажеті жоқ.

Оқушылардың мектебіңізге түгел келген-келмегені жайында және бұрынғы оқушылар мен жаңадан келген оқушылардың арасында өз тамағымен оқытыны қанша екені жайында тез араның ішінде ақпар жіберуіңізді сұраймын.

Егер мүмкіндігі болса және менің аурудан айығып болмаған денсаулығым мүмкіндік бере қойса, мен Сізге февраль айында тағы келермін деп ойлаймын.

Бақтыбайға сәлем айтыңыз.

Ахунға айтыңыз, маған тезірек мынадай мәлімет жіберсін:

1. медреседе Құбынияздың тұсында қанша оқушы болып еді, қазір қанша оқушы бар; 2. олар қандай оқу құралдарымен пайдаланады, басқаша айтқанда, араб, татар тілінде жазылған оқу құралдары болса, мысалы, Гақанд, Мантык, Мұхтасар, Тәфсир және басқалары, ал татарша: Сүбатұл-ғазизин және басқа сол сыяқты кітаптар; 3. бұл оқу құралдарында не туралы жазылған.

Қалғып отырып жазып отырмын, көзім ашылмайды, түні бойы ұйықтаған жоқ едім.

**Хатымның төртінсіздеу жазылғанына рафу етіңіз.**

**Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.**

●сы айдың 21 күнгі түн,  
22 күнгі таң алды.

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Аса сүйікті және қымбатты досым Арсений Андреевич!**

Сіздің бірнеше хатыңызға жауап бере алмағанымға құдай үшін, кешіре көріңіз. Мектептерді декабрьдің жыйымасында ғана тексеріп болдым. Ал одан кейін әртүрлі есеп беру жұмыстарымен айналыстым және мейрам келіп



қалып, қонақтардан қолым тимеді. Ал оның үстіне, біз қазір Қостанайға көшіп келгенімізден, өз шаруашылығымызды да жайғастыруым керек болды. Сонымен басым айналып кетті.

Сіз енді ақшаны үнемі Елек уезіндегі арнаулы ақша жыйнаушының кассасынан алып тұратын боласыз; оған ақша жіберіліп те қойды. Кредитті енді Сіз өзіңіз билейсіз және бақылау палатасының алдында өзіңіз есеп беретін боласыз. Бұл жайында мен Сізге ресми түрде хабарладым. Балалар театры жайында әуреленбей-ақ қойыңыз; мен Сізге орындалмайтын жұмысты міндеттемеймін ғой. Ал «Сиротканы» тек әлдеқалай керек бола ма деп жіберіп едім.

Жаңа жылмен құттықтағаныңызға, досым, көп рақмет. Сіздердің бәріңе де, қымбатты жолдастарым, құдай саулық беріп, маңдайларыңнан жарылқасын.

Бақтыбайдың бізге теріс айналғанының себебіне түсінбеймін. Фельдшер болғанда ол, менің ойымша ешнәрсе ұта қоймас, қайта ұтылар деп ойлаймын. Оған айтыңыз, егер ол шынында да фельдшерлік қызметті өзіне пайдалы деп табатын болса, мен Сізге басқа бір көмекші тауып беру үшін, ол ойын күн-ілгері маған хабарлауы керек. Көмекші тағайындалғанша оны мен біздің қызметімізден босата алмаймын. Бұл бәрімізге де бірдей қызмет ережесі.

Басқа жаза қойғандай ештеме жоқ сыяқты.

Жиірек жазып тұрыңыз. Мен жаңадан ашылған қол-өнері мектебін көру үшін тағы да Торғайға жүргелі жатырмын. Ал Сіздерге көктемге дейін бара алмаймын-ау деп ойлаймын. Осындай кездейсоқ жұмыстар табылады да тұрады, тіпті, қайда барарынды да білмей қаласын.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1884 жыл, 4 февраль.*

*Қостанай.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

... Біздің оқу жұмыстарымыз тәуір жүріп жатқан сыяқты: Елден үй басына жыйылатын ақшаны 15 тыйынанан 1 сомға дейін көбейту туралы губернатордың ұсынысы бірқатар болыстарда қазірдің өзінде-ақ дәл орындалды. Егер 1885 жылы да бұл жұмыс қазіргідей, жақ-

сы жүріп отыратын болса, біздің едәуір ақшамыз болады, әсіресе, 20 мыңдай үйі бар Николаевскі уезінде едәуір ақшамыз болады. Сондықтан, мен енді осы ақшаның бірқатарын Қостанайда бір жөн берік негізге қойылған техникалық және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға жұмсаған пайдалы болар еді деп ойлаймын. Бұл жөнінде Сізбен кенесуге уақытымыз бар ғой әлі, ал бұл туралы топечительдің пікірі қандай екен? Менің қазір тағы бір ойымды бөліп жүрген мәселелер: қазіргі мектептерді уездік мектептерге айналдыру және құрметті қамқоршыларды наградтау туралы еді. Қолыңыз тие қойған кезде осы мәселелер туралы хабарласаңыз тәуір болар еді.

Мен жуырда жылдық есеп тапсырдым; онда мектептердің пайдаланып жүрген оқу құралдарын да көрсеттім. Бірақ, мен ежелгі анқаулығым бойынша, бұл көрсетіп отырған оқу құралдарымның Халық ағарту министрлігі тарапынан мақұлданған, мақұлданбағанын ескермеппін. Бұл туралы маған бір нәрсе деп жүрмесеңгі еді деп қорқамын. Бұл оқу құралдарының бәрі де шынында да жақсы және пайдалы оқу құралдары, мен осы жағын ғана ойлап, істің ресми жағын ескермеппін.

Арғы күні тағы да Торғайға жүргелі отырмын. Ондағы жаңа ашылған колөнері мектебінің жұмысы қалай жүріп жатқанын байқау үшін және оның шаруашылығын біржола жолға салу үшін Торғайда осы айдың аяғына дейін болмақпын. Тек денсаулығым түзеле алмай жүр. О жер, бұ жерім ауыра береді. Денсаулықты бір бұзып алған адам жыртқық тонға ұсап кетеді деген қазақтардың сөзі дұрыс екен. Қолға алып жүрген ісімізге тым болмаса, тағы да 5 жылдай қызмет істесем бе деп едім, бірақ, мұны құдай біледі дағы.

Сіздің және қайрымды үй-ішіңіздің аман-есен болуын тілеймін.

*Түгелімен Сізге берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1884 жыл, 4 февраль.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Жіберілген кітаптарды алғаныңыз жөніндегі Сіздің хатыңызды алдым және осы почтамен Бунаков оқу құралдарының бәрін жіберіп отырмын. Бұл құралдар,

басқа да оқу құралдарының бәрін әбден тәптештеп қарай келгенімде, біздің мектептеріміз үшін ең қолайлы болып шықты. Енді Сізге батамызды беріп, іске сәт деуіміз ғана қалып отыр. Қажетті оқу құралдарының бәрі енді Сізге жіберіліп болған сыяқты. Ендігі жерде мен бірқатар физикалық және химиялық (әрине, ең түсінікті келетін) аспаптарды, бірқатар әдеби шығармаларды және тағы сондайларды алдырмақшымын.

Сіз оқытушылар мектебіне менен хабарсыз оқушылар жіберіп қойғаныңызға өкініп отырмын; өйткені, Сіздің мектебіңізден оқушылар жіберілетінін білмей, мен оқытушылар мектебіне жіберілетін оқушыларды (облыс бойынша 15 оқушы) басқа уездерден жіберу туралы тәртіп беріп қойып едім. Сонымен, жіберілуге тиісті 15 оқушының орнына Александр Григорьевичте біздің 22 оқушымыз болайын деп отыр. Бұларды қалай орналастырарын кім білсін. Келешекте мұндай түсініспеушіліктер болмауы үшін Бессонов мырзаның Сізге тікелей берген бұйрықтарына Сіз менің рұқсатымсыз ешнәрсе істей алмаймын деп жауап қайыруыңызды өтінемін.

Әзірге бұдан бөтен жазарым жоқ. Бақтыбайға сәлем айтыңыз.

Алексей Григорьевич, сірә, Құбынияздан бір пайда табамын деп жүрген болар; қателескенде де, шіркін, жаман қателескен екен! Жарыған екен, адамға! Енді оның оқытушылар мектебіне бармайтын болғанына шүкір.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

### **Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!**

Бір асығыс іспен тағы да Сіздің тұрған жеріңіздің жанымен Орынборға қарай өтіп бара жатырмын. Қасымда губернатордың ерекше тапсырмаларын орындайтын чиновнигі Федоров бар, сондықтан Сізге бұрыла алмадым; ол, қазір қар еріп жатқандықтан, ешбір кешеуілдегісі келмейді. Ғафу етерсіз. Мен Сізге көп ұзамай келетін болармын. Ал егер менің өзіме айтайын деген бір нәрсеніз болса, онда хатты Василий Владимирович Катаринский арқылы немесе артиллеристер казармасы-

ның жанындағы Щербаковтың үйінде тұратын Петр Ларинович Федоров арқылы Орынборға жазыңыз.

Сізді құшағыма қыстым. Әзірге, көріскенімізше, сүйікті досым, сау бола тұрыңыз.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*31 март.*

*Гирьял станциясы.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

**Аса қадірлі Арсений Андреевич!**

Мен сүйретіліп Ырғызға кеше ғана әрең жеттім. Жолшыбай күн қолайсыз, жол жаман болды. Сіздің кітаптарыңыз бен газеттеріңізді осы уақытқа дейін қайырмағанымның себебі, оларды әлі оқып бітіре алған жоқпын. Біз Петр Иванович екеуіміз Сіздің мектебіңізді Ақтөбеге көшірмек болдық. Қай уақытта көшірілетінін Сізге Петр Иванович кезінде хабарлайды. Мектеп мүлкін көшіруге деген қаражат дайын, тек алдын-ала бастықтардың рұқсатын алсақ болғаны.

Ал Ақтөбеге көшу жайында бұйрық алған кезіңізде, мұны маған толық жазыңыз.

Осы хатпен бірге Сізден алған кітаптар мен газеттерді жіберіп отырмын. Әзірге басқа жазар ешнәрсе жоқ. Ертең таңертең Торғайға қарай жүріп кетемін, ал одан әрі үйіме барамын. Хатты жиірек жазып тұрыңыз. Бақтыбайға менен сәлем айтыңыз.

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*5 май, Ырғыз қаласы.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қайырымды Николай Иванович!**

Сізге бірталайдан бері хат жазбағанымна кешірім етіңіз. Мұндай кінәмді Сіздің асқан кең пейілдігіңіз ғана кешіре алады. Сізге хат жазбағанда, естен шығарғанымнан емес, соңғы кезде көбіне өте көңілсіз жүргендігімнен жаза алмадым. 1883 жылдың көктемінен бастап осы жылдың аяғына дейін дерлік сырқаттанып, барса келместің сапарына кетіп қала жаздадым; ал осы жыл-

дың басынан бастап, жақын туысқандарымның арасында көп жылдардан бері келе жатқан жауыздықпен күресуіме тура келді. Бұл мәселе былай басталды: өткен жылдың аяғында, денсаулығым нашарлап кеткендіктен және өзім тәуір көретін Торғай уезі күйзеліп қалғандықтан, бұл уезд менің енді жаңадан бастайын деген істеріме жаңадан қаражат бере алмайтын болғандықтан, — мен, одан гөрі күйлірек және жұттан аман Николаевскі уезіне, өзімнің туысқандарымның арасына көшіп барған едім. Бұл елде менің екі немере туысқаным болыстыққа таласып, он жылдан бері араздасып жүр еді; бүкіл болысты екі партияға бөліп жіберген бұл талас өте қатты шиеленісіп, ұрысқа жетіп, бұл бақытсыз болысты қатты күйзелткен болатын. Мен келісімен жай бұқара халық мені туысқандарын татуластырар деп үміттеніп, мұны менен қатты сұрай бастады. Менің татуласындар дегеніме әлгі ақмақтар көнбеді. Сондықтан, халыққа: бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламандар, басқа бір адамды сайландар, деуіме тура келді. Осы кеңесім бойынша, көпшілік бір беделді ақсақалды болыс сайлады. Сонымен, жаңағы туысқандарымның біреуі әртүрлі қас адамдардың тіліне еріп, попечительге де, губернаторға да, тіпті ішкі істер министріне де, қызмет адамдарын сайлауға орынсыз қол сұқты деп менің үстімнен, арыз жаудыра бастады. Тіпті олар мені: бұл үкіметке қарсы ойы бар бір социалист болар дейміз, өйткені, бұл іске келіп қол сұғуына басқа себеп болуға тиіс емес еді (бұл жала қазақтардан шықпаған болар) деп өтірік қаралауға дейін барды. Сөйтіп, іштей ренжісем дағы, жауап беруіме тура келді... Бастықтар мені Орынборға шақырып алды. Ондағы ойлары: Николаевскі уезінде сайлау өткенше мені сылтаулатып, басқа бір жаққа жібере тұру ғой деймін. Болыс қоластының қамын ойлап, тіпті өз туысқандарының мүдделеріне қарсы шыға, жақындарына кеңес беруге, адамгершілік көзбен қарағанда, әркімнің де правосы болуға тиіс қой; ал онансоң, мен де, сол елде алым-салық төлеп, земство жөніндегі және басқа натуралық міндеттерді өтеп отырған, басқа қазақтар сыяқты үй иесімін ғой, сондықтан сол болыста сайлауға дауыс беруге менің де правом бар ғой. Бірақ, бастықтар әуелгі кезде өте қорқып қалған болса керек, мені мың шақырым жерден шақыртып алды. Дегенмен, ақыры түсінісіп, мені кінә-

сіз деп тауып (кешегі күні ғана) еліме қайтуға босатып жіберіп отыр...

Бұл айтылған қолайсыз әңгімелердің үстіне мен татарлар мен татаршылдардан да өзіме қарсы көп жасырын жау шығарып алдым, — міне осындай нахақ жалалардың бәрі жыйналып, менің сезімтал және осындайға әлсіз жаныма өте жаман әсер етеді... Қайтерсін, қымбатты Николай Иванович! Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі болған жерде, қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек. Суға батып бара жатқан кісіні көре тұрып қол ұшын бермеу — арамдық болар еді; ал осы қол ұшын берудің өзі де қауіпсіз болмағаны ғой. Менің өз ойым және істеп жүрген ісім үкіметтің ұстаған бағытына толық сәйкес келетін болғандықтан, бұрын мен, қажетті жерінде мені бастықтардың өздері де қолдайды ғой деп сенуші едім; бірақ бұған да сене беруге болмайды екен. Ал енді, құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта да қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылықтарына қарсы тұруға, нахақ жала-жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін.

Менің оқу жұмыстарым, құдайға шүкір, жаман жүріп жатқан жоқ. Барлық уездерде, қырдағы уездік қалаларда екі класты мектептер ашылды; бұларды мен енді қалалық үш класты мектептерге айналдыруды сұранып отырмын. Оның үстіне, Торғайда, қымбатты және адал ниетті Яков Петровичтің құрметіне «Яковлев мектебі» деп аталсын деп берген өтінішім бойынша соның атымен аталған қолөнері мектебі ашылды. Екі жылдан кейін Жаманқала оқытушылар мектебінен өзіміздің жас педагогтеріміз шыға бастайды. Оларды әзірленген ісіне пайдалануымыз керек. Сондықтан, ел ішінен болыстық мектептер ашу үшін қазақ арасынан, кедейлерден басқаларынан, үй басына 1 сом ақша жыйнау жөнінде осы жылдың басында бастықтардан және қазақ қауымдарынан сұранған едім; бұл іс қазір ойдағыдай шешіліп отыр. Бүкіл облыс үшін бір техникалық мектеп ашу мәселесі көтеріліп отыр. Бұл мектепте, қолөнерінен басқа, қазақтар өздерінің шикізаттарын іске асыра алатын білімдер, мысалы, тері илеу, байпақ басу, түбіт орамал тоқу, майшам жасау сыяқты өнерлер үйретілуге тиіс.



Бұл жөнінде мен губернатордың: екі класты мектептердің жанынан қолөнері бөлімдері ашылса қайтеді деген пікіріне ғана қосылмаймын. Бұл мәселенің қалай шешілерін білмеймін. Сіздің бұрынғы шәкірттеріңіз, менің қазіргі жолдастарым тегіс аман, өз істерімен айналысып жатыр. Мен оларға өте ризамын. Жақын арада Троицкідегі приход мектебінен Соколовты да өзіме тартып алайын деп отырмын: ол Троицкідегі тұрмысына наразы көрінеді. Міне Торғай облысындағы оқу жұмысы жайындағы қысқаша есебім осы.

Екі күннен кейін, ақыры, Троицкіге жүргелі жатырмын. Өзіңізге шын көңілмен берілген И. Алтынсаринды анда-санда есіңізге алып отырыңыз.

### Е. С. ИЛЬМИНСКАЯҒА

Сәлем бердік, мейірімді Екатерина Степановна! Денсаулығыңыз қалай? Сырқаттана береді деп естимін, шын ба?

Мен осы жылы көктемде Қазанға барып қалажаздым; Сізді және Николай Ивановичті бір көргім-ақ келіп еді, бірақ сәті түспеді. Сонда да, әлі де болса үмітімді үзген жоқпын. Барғанда, тіпті, өзімнің барлық үйшімді, балаларымды ала барғым келеді; қазір үш балам бар; оның біреуі майталман жігіт, тек тым тентектеу, жауынгер болады ғой деймін.

*1884 жыл, 14 сентябрь.*

### Н. И. ИЛЬМИНСКИЙҒЕ

**Аса қадірлі Николай Иванович!**

Мен әлі күнге Орынборда жатырмын. Қазақтың бастауыш мектептерінде қолөнері сабағын енгізу мәселесі жөнінде губернатордың қаһарына душар болдым. Мен: қолөнері сабағын, губернатордың айтып отырғанындай мол көлемде енгізу қазақ мектептерінің алдына қойып отырған басты мақсатына, — қазақ балаларын орыс тілін, орысша дұрыс жаза білуді үйрету мақсатына кедергі болады; өйткені, оқу уақытының, бүкіл курстың



бәрін жалпы білім беретін пәндерге пайдаланғанның өзінде де қазақ балалары орыстың тілі мен жазуын әрең меңгеретінін тәжірибе көрсетіп отыр деп, мәлімдеме түсірген едім. Бұл губернатордың шамына тиіп, ол мені бір шет аймаққа жер аударып жібере жаздады. Бірақ, мұның бәрі қазір, В. В. Катаринскийдің араға түсуінің арқасында ғана, қайтадан жөнделіп келе жатқан сыяқты. Жалпы айтқанда, соңғы кезде мені әйтеуір ешбір кінәсіз, көп әуреке салды. Амал не!..

Бірақ, мен Сіздің, мейірімді Николай Иванович, шағыммен мазаңызды алайын деп отырған жоқпын. Қазір қазақ хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатыр едім (айтқандай, орыс әліппесін қайдан алып жүрсің деген сыяқтыларды айтып, мені бұл сорлы кітап үшін де мұбталаға салды); ал кітаптың осы бөлімінің тарих тарауында қазақ тарихынан да мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын. Тіпті, Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым. Сондықтан, қазақтар жайында тарихи материалдар Қазаннан табылмас па екен, немесе егер ондай кітаптардың сатылатын жері болса, кімге жазып, кімге ақша жіберуіме болар екен; осы жөнінде маған бір жақсылық жасамас па екенсіз деп Сізге өтінгелі отырмын.

Сонымен, қазақ тілінде бір жалпы білім беретін кітап құрастырып, туған еліме тағы бір қызмет көрсетейін деп отырмын, мейірімді Николай Иванович, ал осыдан кейінгі жерде сірә тырбандауды қойып, малшы болып жаралған жанмын ғой, мал бағуға шығатын шығармын. Біздің татар профессорларымыздың кесірінен қазақ арасына қазір терең тамыр жайып алған бәлемен күресу қиын екен; ал сәл нәрседен жақпай қалған адал адамның басын жойып жіберуден тайынбайтын өкімет бастықтарымен істесу одан да бетер қиын және қауыпты екен...

Енді сірә шынымен үйіме қайтатын сыяқтымын. Екатерина Степановнаға менен жалынды сәлем айтуыңызды өтінемін.

*Сізге шын ниетімен берілген бағынышты пендеңіз И. АЛТЫН-САРИН.*

*1884 жыл, 30 сентябрь.  
Орынбор қаласы.*

## А. А. МОЗОХИНГЕ

### Қымбатты досым Арсений Андреевич!

Губернатордың жаңадан 25 бала алмай, бес бала ғана алу туралы ұсынысы мен барда жазылған болатын. Осыған байланысты, оқу құралдары мен басқа шаруашылық мүліктері енді бес балаға ғана алынатын болғандықтан, оған тағы жаңа смета жасауымның мүлдем қажеті жоқ, рұқсат етілген мөлшерде оқу құралдарын даярлауға тура кірісе беру керек; ал бұған жұмсалған қаражат жөніндегі есепті жалпы негізде тиісті жеріне бере беру керек. Мұны Сіз Василий Илларионовичқа айтыңыз, бұған күман келтірмей-ақ қойсын. Ақтөбе мектебі жайында мен губернатор мырзамен әлденеше рет сөйлестім, ұлы мәртебелі тақсыр бес оқушыға арнап оқу құралдарын алуға рұқсат етті; сондықтан, бұл жөнінде тағы да мәселе көтерудің қажеті жоқ қана емес, тіпті, ол ұят болады.

Молдаға қазнадан пәтер беруге де мен рұқсат ете алмаймын, өйткені, бұл жалпы ережеге қайшы келеді. Ол өзі жалғызбасты адам болғандықтан, әзірше бос тұрған бір бұрышқа, басқаға керек болып қалғанға дейін, орналаса тұрады ғой деймін.

Быйылғы жылы жаңадан қаражат жұмсауды керек қылатын бірсыпыра ұсыныстар жасап, өтініштер енгізіп отырмын; сондықтан мен, істейін дегеннің өзінде де, дәрі-дәрмек алатын статья қосып, тағы бір смета тапсыра алмаймын; оның үстіне 1885 жылдың сметасы қолыңызға беріліп те қойды. Сондықтан, мектеп ондауға деген сомадан болса да аздап ақша ұстап, жазға дейін бір шарасын көре тұрыңыз; жаз немесе көктем кезінде мен Сіздің мектебіңізге қалай да бір барып қайтпақшымын, сол кезде ақылдасып, бір амалын табармыз.

Жаңа оқытушы тағайындау жөнінде мен әлі ұсыныс жасаған жоқпын; оны әзірге қоя тұрсам деймін, өйткені, Бақтыбайды қайда орналастыруымды білмей отырмын. Сіз оған: уездік дәрігерге фельдшер болып кіре алмайсыз ба деп көріңізші, оған бұрын да осындай бір ұсыныс болып еді ғой; оның үстіне, мен де оны, аздап жалақы беріп, мектептің үйде істейтін фельдшері етіп алу жөнінде сұранар едім. Бұл, меніңше, оның өзіне тиімді болар еді.

Ал егер жаңа оқытушы тағайындау керек болған күнде, оқытушы етіп татар тілін білмейтін Соколовты алғым келіп отырғандықтан, мұны I кластың оқытушы-

сы етіп тағайындауға қатты қыйналып отырмын; бірақ, бұл алдымыздағы жұмыс қой,— қалай істеу керекін кезінде көрерміз.

Жуырда Торғай мен Ырғызға барамын. Өзім де, үйшім де аманбыз. Ешбір жаңалық жоқ. Быйылғы жылы, әсіресе, губернатордың келер қарсаңына, оқушыларыңды жақсы жағдайға қоюға тырысыңыз; губернатор қазақ мектептеріне қатты көңіл бөледі.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*14 ноябрь, 1884 ж.*



**В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ****Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Қостанайдан қазақ ауылдары арқылы тура Ақтөбеге қарай шығып, февральдің 25 күні осында келіп отырмын. Мұнда бірнеше күн боламын да, қайтадан Қостанайға қайтамын; одан кейін оқу жылы басталғанша Қостанайдан ешқайда шықпаспын деймін. Біздің жақта жаңалық жоқ; жұрттың бәрі бұрынғы күйінде тұрып жатыр; тек анда-санда, облыстың қылышынан қан тамған бастығы келіп қалды деген алып-қашты хабармен бір дүрлігіп қалады. Мектептеріміздің жайы қай жерде де жаман емес. Торғайдың қолөнері мектебіне еркек киімдерін (орысша) пішіп-кесуді үйрететін көпшілікке арналған бір оқу құралы керек еді; ал Азия халықтарының киімін, өзіңіз көрдіңіз, оқушылардың өздері де тіте біледі. Әсіресе пішу үлгілерін қайдан алдыруды білмеймін. Чирковский керек деп отырған, сурет салудың бастауыш құралын да білмеймін. Оның үстіне, екі класты мектептердің бәріне де кітап түптеу станогі мен жабдықтарын алғым келіп еді; өйткені, қырдағы бекіністерде кітап түптеушілер жоқ болғандықтан, ондай құралдардың өте қажет екенін көріп отырмыз. Сондықтан, осы айтылғандарды қайдан, қалай алдыруға болатынын, Василий Владимирович, маған хабарлауыңызға мүмкін болмас па екен? Онан соң, біздің барлық мектептерімізде де Отанымыздың суретпен көрсетілген тарихы бар болғандықтан, осы суреттерге сай Рождественскийдің

«Отан тарихын» жаздырып алуды, ал егер бар болса, оқытушылар үшін оның «Жалпы тарихын» жаздырып алуды қажет деп отырмын. Бәлкім Сіз халық мектептері үшін жылма-жыл округтік басқарманың қаржысына жаздыратын кітаптарыңыздың тізіміне осы оқу құралдарын енгізуді мақұл табарсыз. Біздің екі класты мектептерімізді өзгерту туралы әртүрлі жобалар туралы не істеліп жатқанын білмеймін. Қазақтарға білім беру жөніндегі жоқтаусыз, кем-кемнен істеліп жатқан жоспарымыз, бастықтардың өзінше бір жаңалық жасағысы келіп, жаңа жобалар ұсынуының салдарынан тоқтап қалып отырғаны есіңе түссе күйінесін. Біз әуелі әрбір уездік қалада бір-бір орталық мектеп ашып, онымен қатар, оқытушылар мектебін ашпақ болып едік. Мұның бәрін істеп шықтық. Осыдан кейін, жуырда қазақтың өзінен оқытушылар шыға бастайтынын еске алып, болыстық мектептер ашу үшін түтін салығын көбейту туралы да мәселе қозғаған едік, — бұл да орындалып еді. Осы болыстық мектептеріміздің барлығы, немесе ең болмағанда, олардың біркатары 1886 жылдың көктеміне, біздің жас оқытушыларымыздың оқуларын бітіріп қайту қарсаңына, дайын болуы үшін болыстық мектептердің үйлерін салу жұмысына осы жылы кірісуіміз ғана қалып отыр еді. Бірақ, тап осы араға келгенде бұл сөйлемге үтір, тіпті тыңғы қойылып, енді жаңа сөйлемнің қашан және қай түрде басталатынын біле алмай отырмыз. Егер бұл жаңа сөйлем оңай сөйлем болып келсе жақсы болған болар еді, бірақ сірә олай болмай, қыйын сөйлем болып келер, оны толық орындау, ол істі қалыпты, орнықты түрде жолға қою тым қыйынға соғар және ұзаққа созылар деп қауіп етіп отырмын. Бірақ, күштінің айтқаны болады дағы, амал не. Я, айтқандай-ақ, тағы бір қателескен жерімді хабарлауды ұмытып кете жаздаппын-ау. Уезд бастықтарының (мысалы, Ырғыз уезіндегідей) орынсыз мазалай берулерінен құтылу үшін екі класты мектептерге экономдар сұрап жүргенім өзіңізге белгілі. Осы жөніндегі ұсынысымды жазып отырып, байқамай, оларға төлейтін қаражатқа, осы күні мектеп меңгерушілеріне беріп жүрген 60 сомды да қосыға болады деп жазып жіберіппін. Ал оқытушылар арасынан қойылған меңгерушінің керек екенін, сондықтан ол меңгерушілерді қосымша сыбағасынан қағудың орынсыз екенін кейін ғана аңғардым. Бұл іс, менің алып отырған хабарыма қарағанда, әлі кеңсе арасында көрінеді. Мек-

теп меңгерушілерінің меңгерушілік жұмысы үшін осы күнге дейін алып келген 60 сом ақшасын сол күйінде қалдыруды мүмкін деп таппас па екенсіз? Егер қажет болатын болса менің осылай деп өтініш еткенімді Сіз попечительге де айта алар едіңіз.

Әзірге бұдан өзге жаза қоятын да ештеңе жоқ қой деймін. Біз байғұстарды ұмытып кетіп жүрмеңіз.

Евпраксия Васильевнаға менен жалынды сәлем.

*Сізге шын берілген досыңыз И. АЛТЫНСАРИН.*

*Ақтөбе,  
1885 жыл, 5 март.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Попечительге мен Троицкіде жолықтым; ол Қостанайға барамын деп отырған соң, оның жолындағы қазақ станцияларын алдын-ала ескертейін және Қостанайдан пәтер дайындап қояйын деген оймен одан бұрын жүріп кеттім. Мұным тіпті жақсы болған екен, өйткені, көп станцияларда дайын ат жоқ екен, кейбір станциялардың арасында жол жоқ екен; осының кесірінен Троицкіден қайтқан жолымда мен де төрт сағаттай адастым. Түн тастай қараңғы еді. Қостанайға ол түнгі сағат 2,5 да келді; ертеңіне сағат 9 дан бастап 1 ге дейін оқушылардан өзі емтихан алды, мектеп үйін көрді, оқу құралдарын және басқаларды тегіс қарап шықты. Мектеп үйі оңдалып жатқандықтан, шәкірттеріміз жазғы демалыстан кешігіңкіреп, жаңа ғана жыйналған еді; сөйтсе де попечитель барлық ісімізге де, яғни мектептің оқу, шаруашылық жұмыстарына риза болып кетті ғой деймін. Олай дейтінім: ризалық білдіргеннен басқа ешнәрсе айтпады. Сөйлесуім керек деген мәселелерім жайында попечительмен түгел сөйлесіп қалдым. Эконом туралы ол менен: дербес эконом ұстау керек деген пікір сіздің өзіңіздің ойыңыз ба, деп сұрады; мен оған: бір жағынан, менің өз ойым еді, бұл ой жергілікті өкімет бастықтарының орынсыз сөз шығара беруінен туып еді, сондықтан мен шаруашылық жағынан кұтылып, осының нәтижесінде оқытушыларды да орынсыз сөздерден біржолата кұтқарғым келіп еді, дегенді айттым. Бұған ол: губернатордың мектепке артық ақша жұмсалып жатыр деуі, шынында да, орынсыз сөз, мұны айтқанда

ол, тіпті, әлі күнге ешбір мектепті көрмей және әрбір мектепке қанша ақша жұмсалып жатқанын білмей айттып отыр, деді. Сондықтан, ол өзіне мектепке жұмсалып жатқан қаражаттың бас-аяғы түгел ведомосын жіберуді сұрады; сонымен кабат ешбір артық ақша жұмсалып жатыр деп білмейтінін айтты. Уезд бастықтарының мектепке сырт беріп кетпеулері үшін және мектептерге материалдық жағынан көмек көрсетуден бастартпаулары үшін мектеп басқару жұмыстарына олардың кейбір ресми қатнастары пайдалы да болар еді дегеніме қарамастан, ол кісі уезд бастықтарының мектептерге ресми басшылық жасауына жол берілмесін деді. Қыздар мектебі мен ауыл шаруашылығы мектебі жайында попечитель оларды ашу әзірге ертерек болар деген пікірді қолдайтын сыяқты; сөйтсе де, қазақтарға білім беру мәселесі және оның тәртіптері жайында ерекше бір баяндама жазып, маған жіберерсіз деді. Болыстық мектептер жайында, мен Сізді ресми түрде мәселе көтергелі жүр дедім. Әзірге жанағы айтқан баяндамасын жазып үлгірген жоқпын. Мұндай баяндаманы бұдан бұрын да 10 рет жазғанмын, сондықтан бұл баяндамада да бұрынғы жазғандарымды қайталаймын ғой. Үлгірмеген себебім — попечитель кетісімен, Қостанайдағы мектеп салу жұмысын тексеретін тексерушілер келіп, мен бұл мектепті салу комиссиясының мүшесі болғандығымнан және Синайлов марқұм бұл істі тым шатастырып кеткендігінен, менің тексеруге қатнасуым керек болды. Егер баяндама жайында сөз бола қалса (маған оны октябрдің 10 на тапсыр деген), онда Николай Парфентьевичке айтарсыз, мен оны осы айдың 20 нда болмаса 25 нен қалдырмай жазып жіберемін. Попечительдің тексеруі жайында жазарлықтай бұдан өзге ешнәрсе жоқ қой деймін.

Күн әзір жылы. Бірақ, соңғы күндері кейде жанбыр, кейде қар жауып тұр. Балалардың ауыра беретіні ауа райының осындай құбыла беретінен ғой деймін, менің бес айлық кішкентай қызым ауырып жатыр. Дәрігеріміз нашар; дәрі-дәрмек, яғни аптека жоқ. Өте қыйын болып тұр.

Евпраксия Васильевнаға менен жалынды сәлем.

*Сізге шын көңілмен берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*  
1885 жыл, 12 октябрь.

*Қостанай қаласы.*



## А. А. МОЗОХИНГЕ

### Аса сүйікті досым Арсений Андреевич!

Бирюкова деген қызға үйленуіңізге шын ниетіммен қуанып батамды беремін, өйткені мен ол қызды да, оның ата-анасын да көптен бері білемін, бұлар барлық жағынан да дұрыс аламдар. Сондықтан, Сіздің осы адал, мейіріманды үймен жегжат болғаныңызға қатты қуаныштымын. Үйлену деген, сүйікті досым, шынында да, жас адамдардың өміріндегі бір аса маңызды, елеулі кезең. Өмірдің бұл кезеңіне аяқ басқан кезде оның арты не боларын, әрине, шындап ойлану керек. Осы жағынан қарағанда, Сіздің бұл сыяқты маңызды мәселеге шын мән бере қарағаныңыз маған өте ұнап отыр. Ал енді жас келіншегіңізбен жақсы тұрып, бақытты өмір сүретіндігіңізге сенемін және осыған тілектеспін; өйткені, Сіз де, досым бір сабырлы, жақсы адамсыз, тұрлаусыз адам емессіз, ал Сіздің келіншегіңіз де көргенді жерден, кішіпейіл, қалтқысыз өмір сүрген үйден шыққан адам. Ендігі жерде мынадай ақылды бұлжытпай ұстаныңыз, бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педагог Каменскийдің ақылы. Ол кісі: «колындағы барына қанағат ете білетін адам, шын бақытты алам және — біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам — шын бақытты адам» деген екен; ал тағы бір араб философы бақыттылық пен байлық неде дегенде — «ынсаптылықта» деп жауап берген екен; міне осы ақылды алыңыз. Өз өмірін теріс өткізіп жүрген басқа адамдарға еліктемей, Сіздің жас келіншегіңіз де осындай көзқарасқа үйренсін.

Мен сіздердің бақытты, равшан минутыңызды сұраусыз айтқан ақылыммен күнгірт түсіп отырған тәріздімін, — бұл үшін Мария Васильевна екеуіңіз маған қанша ұрсып, кейісеңіздер де ықтыяр, мен оларынды көтере беремін.

Жолыққанша сау болыңыздар, сүйікті жастар, шын ниетіммен сіздердің аман-сау, бақытты болуыңызды тілеймін. Тойға деген шашуымды январь айының аяғында күтіңіздер, қазір үлгіре алмай қалып отырмын.

Василий Федорович атайға<sup>1</sup> және оның өзім үлкен құрмет тұтатын әйеліне менен жалынды сәлем айтыңыз.

1885 жыл, 25 октябрь.

Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.



---

<sup>1</sup> Орысшасында «батюшка» — поп деген мағынада. — *Ред.*

**В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ****Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сіздің 18 мартта жазған хатыңызды кеше ғана алып, оған қазір жауап қайтарғалы отырмын. Мектеп бітірушілердің емтиханында болу үшін Ырғыз бен Торғайға мен апрель айының 20 ларынан кейін бармақ едім. Бұдан ерте Сіздің де, менің де ешқайда шыға қоюымыз, әрине, мүмкін емес; өйткені, қар кеше ғана ери бастады, еру түріне қарағанда жай ериді-ау деп ойлауға болады; сондықтан қашан су жүре бастап, оның қашан өткел беретінін қазір білуге де болмайды.

Болыстық мектептер жайында мен әлі попечительден ұсыныс алған жоқпын. Ал егер мектеп үйлерін салу жұмысы маған тапсырылатын болса, онда не емтиханға баруымды, не мектеп үйлерін салу жайындағы бұйрықты тоқтата тұру керек болар деп ойлаймын; өйткені, бұл екеуі де дереу, қалай мүмкіндік болған күні, менің уездерді, болыстарды аралап қайтуымды керек қылады. Одан кейін, Сіздің жолға шығатын кезіңізді де болжап, мен, сірә, емтиханға баруымды қоя тұрып, Сізді осы Қостанайдан күтіп алғаным жөн ғой деймін. Мұндағы оқушылар май айының басында жазғы дем алысқа таратылмайды, егер майдың 10—15 нен қалмай келетін болсаңыз, Сіз оларды мектептен табасыз. Егер Сіз тура Қостанайға келмек болсаңыз, онда, қазір көктем кезі болғандықтан, Сізге Қостанайға Орскі, Троицкі арқылы келетін қара жолмен жүруге кеңес берер едім; өйткені, Оралдың далалық жағында біздің жерімізге дейін ке-

летін жолда қазір земствоның ылау аттары жоқ, оның үстіне, бұл жақта да, Башқұртстанда да паром, көпір дегендердің жоқтығынан өзен-сулар жазғытұрым аяқ басқан сайын кедергі жасай берулері мүмкін. Ал онан соң мына жолмен де келуіңізге болады: Орынбордан Ақтөбеге, Ақтөбеден земствоның ылау аттарымен Орскіге, Орскіден казак-орыс станцияларының үстімен Николаевскі станицасына келесіз; бұл арадан тағы да казак аттарымен жүруіңізге тура келеді; бұл аттардың қашан, қай жерден күтуі керегін күні-бұрын маған не уезд начальнигіне хабарлап қоюыңыз керек. Бұл жол арзандау болады, бірақ ұзағырақ жүресіз, өйткені барлық жерде бірдей ат әзір, өткел жөндеулі бола бермейді.

Ал енді менің қазіргі Торғай әкімшілігінің басшылығынан көріп отырған жауыздығым жайына келетін болсақ, мен мұны жалпы түрде попечитель мырзаға жазған хатымда айтқанмын. Арыз берген кім екенін губернатор маған айтпады; аты-жөнін көрсетпей жазыпты деді де қойды; онысы, әрине, дұрыс емес. Алайда, мұның бәрі семейлік бір фавориттің, уезд начальнигінің бас көмекшісі Х-ның істеп жүрген ісі екені байқалып отыр; оның өзі губернаторға үнемі, жасырын түрде хат жазып тұрады екен. Ол өзінің Қостанайлық достарының бәрін де, оның ішінде өзінің уезд начальнигін де ескерусіз қалдырмапты. Ал мұның бәрін істеп жүрген себебі — өсек-аяң арқылы бастықтарға жағыну болса керек, деседі; ұлы мәртебелі тақсыр осындай өсек-аяңға ұйып құлақ қоятын көрінеді. Бұл жасырын арыз беруші кім болса да іс әшкере түрге көшпес деп ойласа керек, сөйтіп, сірә басқа біреуге керек болып отырған бұл орыннан мені сотсыз, тергеусіз қуып шыққысы келсе керек. Бұл арсыз өтіріктің бәрін еңалдымен Орынбордың өзінде Торғай облысының прокурорынан не облыстық басқармасынан ресми немесе жай түрде сұрастырып ашуға болады; губернатордың хатына қарағанда, ол мені енді, еңалдымен губернатор тағайындаған уездік управление чиновниктері жайында прокурорға және облыстық басқармаға жазба түрде де, ауыз-екі де жала шағымдар берді деп кінәлайтыны көрініп отыр; бұл чиновниктердің үстінен сірә ешкімге де арыз жазып, шағым беруге жол жоқ болса керек. Ал казактар мен жаңадан келіп қоныстанып жатқан орыстар да шағым бере алмайды деп ойлайтын болса керек. Сізден, еңалдымен, осы туралы қағаз жазып сұрап білуіңізді қатты өтінемін, өйткені, осыдан барып іс-

тің ақыйқаты ашылады; сондықтан мұны Орынбордан шықпай тұрып сұрап білуіңізді өтінер едім. Мен казір өте жабырқау, өте көңілсізбін, өйткені, мен көмектеседі, қолдайды деп үміт еткен өкімет орындарының өзі ақырында келіп, мені заңды және тіпті заңсыз жолдармен үздіксіз қудалап отырады. Осыдан кейін не күтуге болады, әділеттік деген қайда? Осының бәрін сарқа келгенде, мен енді, әшкере сот құру арқылы болса да істің беті ашылса екен деген ойға келіп отырмын. Сондықтан, губернатордың хаты негізінде прокурордан және облыстық басқармадан осының жайын сұрастыруыңызды қатты өтіне келіп, Сіз бір рақым қыларсыз деп сенемін.

*Өзіңізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*Қостанай.*

*1886 жыл, 2 апрель.*

## **Ф. Д. СОКОЛОВҚА**

Көптен бері Сізге ешбір хат жазбағаным кешірім сұраймын. Жазбаған себебім, мен Сізге өзім барғым келіп еді; бірақ, бастықтарымыз болыстық мектептер ашу жайында толып жатқан жұмыстар тапсырып, бара алмай қалдым...

Сізге құлап жатқан ескі жұртта істеудің кыйын болып отырғанын жақсы білемін, жан досым. Бірақ қайтерсін: бір ойынды іске асырып болдым-ау дей бергенінде облыстық басқармада басқа бір ой туа қалады да, істі қайта басынан бастауға тура келеді. Қазір Ырғыз уезі, архитектор мырзаның есебі бойынша, 50 мың сомға үй салуға қаржы таба алмай отырғандықтан, губернатор мырза Ырғыз уезінде ғана емес, басқа уездерде де болыстық мектептерді салу жұмысын тоқтатып, барлық уездердің болыстық мектептер салуға деген қаржыларын Ырғыз училищесінің үйін салуға жұмсау туралы мәселе көтеріп отыр. Мұны жүзеге асыру меніңше, оңай емес; өйткені басқа уездердің қазақ қауымдары өздерінің мыңдаған сом қаржыларын Ырғыз уезінің қазақтарына беруге көне қояр ма екен. Осыны еске алып, мен, не Сіздің мектепке неғұрлым арзан материалдан, мысалы, шикі кірпіштен үй салу, немесе, уезд начальнигі мырза айтқандай, оған мықтап ремонт жүргізу туралы ұсыныс жасадым. Бұл мәселенің қалай шешілерін қазір білмеймін. Ал уақыт де-

ген өтіп барады, жаңа үй салып бітіру түгіл, ремонт жасауға да кеш болып қалуы мүмкін. Ал әзірінше, мектеп салуға арналған қанша ақша бар екені жайында уездік басқармадан анық мәлімет алып, оны маған хабарлай қойыңызшы.

Қалай болғанмен де, менің жасаған ұсынысыма жуырда хабар келуі керек, оны мен Сізге хабарлармын. Әйеліңізге менен сәлем айтыңыз.

*Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*1886 жыл, 12 июнь күні алынды.*

*Ырғыз қаласы.*

*Мұны хатты алған адам жазған.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Ұлы мәртебелі Николай Иванович!**

Екі класты қазақ мектептерінің жоғарғы кластарына, татар тілін білмейтін болса да, таза орыс оқытушылар тағайындауды пайдалы деп тауып, мен, осы жұмысқа келетін талапкерлердің табылу мүмкіндігін, немесе Сіздің хұзырыңыздағы семинарияны бітіріп шыққан екі таза орыс оқытушыны біздің Торғай облысына тағайындап жіберудің мүмкіндігін маған хабар ете көрсеңіз екен деп Сіздің Ұлы мәртебеңізден бағыныштылықпен өтініш етемін; ал бола қойған күнде зиректігі және қабілеттілігі жағынан өзіңізге белгілі шәкірттеріңізден жіберілуін өтінемін; өйткені, қазақ балаларын оқытудың ең бір жауапты кезеңі осы жоғарғы класс оқытушыларына жүктеледі.

Бұған қоса тағы бір хабарлауым қажет нәрсе — Қостанай мен Торғай мектептеріне сайлап алынған адамдарды оқытушы етіп тағайындау туралы бұйрықты мен осы хатыма жауап алысымен, осы жылғы октябрь айының бірінші жартысында беремін.

*Сізді шын құрмет тұтатын, Сіздің Ұлы мәртебеңізге шын берілген бағынышты қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1886 жыл, 8 сентябрь.*

## Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Николай Иванович!

Болыстық мектептер туралы хатымды Сізге, Сіздің қарауыңызға жіберіп отырмын. Әрине, бұл мәселе жөнінде қандай да болса бір істің істелгенін жақсы көремін. Ал бұған қарсы жақ өте күшті, онымен ашық күресу қыйын. Мен соңғы кезде аздап таяқ та жеп қалдым... Үлкен адамдармен қалай сөйлесуді менен гөрі өзіңіз жақсы білесіз ғой. Өз ақылыңызбен істей беріңіз, қайрымды Николай Иванович.

...Бүгін Орынбордан жүріп кетем; мұнда тұруға, шынын айтқанда тойып та кеттім; әсіресе, Василий Владимировичтің жоқтығынан да осылай болып отыр.

Александр Павловичке, Николай Алексеевичке, Смоленскийлердің үй-ішіне сәлем жолдап, бас ием.

Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.

1886 жыл, 18 сентябрь.

Орынбор қаласы.

## Ф. Д. СОКОЛОВҚА

Аса сүйікті Федор Демьянович!

Өзіңізге жүктелген оқу істерін өте тиімді түрде, ойдағыдай жүргізіп жатқаныңызға тағы да алғыс айтамын. Ал мен өз тарапымнан Сіздің еңбегіңізге сай дәрежеңізді көтеруге, мүмкін болғанынша, тырысатыныма әбден сеніңіз.

Менің бұл хатты жазып отырғаным — мен бұл жерлердің даласынан «кермек» деген шөп іздеп жүргенім өзіңізге мәлім; ал ондай шөп бұл жақтан табылмағандықтан, мен енді сол сыяқты тері илейтін, бояу болатын басқа шөптерді жыйнап жатырмын. Ал Сізден өтінетінім: Ырғыз дүкендерінен «ермене» деген шөпті сатып алыңыз; бұл Түркістан өлкесінен әкелінеді, өзі бояу болады. «Кермекті» алдыру туралы Алекең содыяға жазыңыз, оған бұл жөнінде мен өзім де айтқанмын.

Бұдан басқа тағы бір өтінішім — мұндағы уезд начальнигінің бас көмекшісі П. Л. Федоров Сізге қатты өтініш етіп, уездік дәрігерден шешек егетін дәрі алып, оны шынымен, немесе дәрігердің ұйғаруы бойынша, басқа



ыдыспен, біреумен беріп жіберуіңізді өтініп отыр; бұл дәріні әкелетін кісі оны төс қалтасына ғана салып, сақтап әкелсін. Бұл үшін қанша ақша жіберу керек болатынын хат арқылы Федоров мырзаның өзіне жазарсыз. Бұл жерде шешек егілмейді; ал мен оған Ырғызда шешек егу жұмысы жақсы жүріп жатыр деген едім.

Осы жылы дәрі-дәрмек алып қоюды ұмытып кетіп жүрмеңіз.

Алимкуловтың оқуды қашан бастайтынын және оның жұмысы қалай жүріп жатқанын хабарлаңыз.

«Ерменені» екі қадақтай алып жіберіңіз. Оның ақшасын жолыққан кезде төлермін. Шешек дәрісі Ырғыздан табылмай қалған күнде де ол жайында Федоровқа хабар етерсіз.

Осымен бірге Орскіге беретін телеграмманы да жіберіп отырмын, алған бойыңызда жіберерсіз; жауабын почтальон Матвеев арқылы осы почтамен қайыра көріңіз.

Жаңа ғана губернатор келе жатыр деген хабар естітім. Ұятты болып қалмауға тырысыңыз.

Әйеліңізге менен жалынды сәлем айтыңыз.

*Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*1886 жыл, 9 октябрь.  
Қостанай.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Жаңадан ашылмақ училищеге үй және басқаларын жалдау туралы Қостанай қауымының қаулысын попечитель мырзаға тапсырғанымды Сіз, әрине, білетін боларсыз. Бұл қаулылар, менің тікелей берген нұсқауларыма қарамастан, ойымыздағыдай етіліп жасалмапты, яғни, олардың ресми жақтары түгел сақталмапты. Айта беру қолайсыз болғандықтан, мен оларды алып тапсырдым. Бұл мәселе жөнінде, атап айтқанда, көшіп келген халық үшін жаңа мектеп ашу жөнінде қазір не істеліп жатқанын білмеймін. Бізге тағы бір қыйын болған іс — торг болды; бұлардың ресми жағы тіпті қыйын болады екен, қазір тіпті бұл туралы қағаз жазғанымыздың өзіне өкініп жүрміз; бірақ бұған жағдайға байланысты, және облыстың бастығы бірдеме деп жүре ме деп қорыққаннан амалсыз кірістік қой. Осы сауда істерінен құтылу-

дың амалын көрсетіп бере алмайсыз ба? Онан соң, болыстық мектептер жайында іштен істеліп жатқан жоқ па екен; ол жайында менің Николай Ивановичке де жазғанымды Сіз, сірә, білетін боларсыз! Осыншама сұрақ бергеніме кешіре көріңіз; қаншама осы іс жайындағы мәселелермен Сіздің мазаңызды алмайын десем дағы, ойымды әбден билеп алған мәселелердің жайын білгім келгендігі Сізді мазаламайыншы деген ойымнан басым болып кетіп отыр.

Жалпы алғанда жайымыз жақсы. Губернатор үш мектепте: Ырғыз, Торғай және Ақтөбе мектептерінде болып өтті. Жеке кемшіліктерге жабысқысы келгенімен де, жалпы алғанда, өте риза болып кетті деседі; әйтеуір тергеулерінің үстінде осылай деп кетіпті.

Күннің райы өте жақсы; әлі күз, күн жылы. Астықтың шығуы да, оның жыйналуы да ойдағыдай болды. Тіпті Николаевскі уезіндегі шиеленісіп жататын сайлау да мүлдем тыныш өтті. Қостанайдың атақты қайраткері З. қазір Орынборда; Орынборға ол басындағы ауыр ісі бойынша шақырумен кетті. Онда ісі қалай болып жатқанынан хабарымыз жоқ.

Евпраксия Васильевнаға менен жалынды сәлем, онымен қатар, балаларыңызға да сәлем айтыңыз.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1886 жыл, 3 декабрь.  
Қостанай.*



1887

**Ф. Д. СОКОЛОВҚА**

**Аса сүйкімді досым Федор Демьянович!**

Сіздің үй-ішіңіздің бақытсыздыққа ұшырап қалғанына қабырғам қайысады; бірақ алланың ісіне не шара. Әйеліңіздің қыйналмай тыныш өмір сүруіне барлық шараны қолданыңыз. Ойда жоқ жерден шығынданып қалғандығыңыздан, мен Сізге қолымнан келгенінше жәрдем етуге тырысармын...

Сұраған ашық хатыңызды жіберіп отырмын, ал егер атбасына 1½ тыйыннан артық ақша сұрайтын почта ұстаушылар тап келе қойса, Сіз олардың сұрауына көнбеңіз, табанды болыңыз, ақырында келіп олардың өздері-ақ айтқаныңызға көнеді. Ашық хатта мен Сізді қызмет бабында шақырамын деп жаздым; шынында да біз мұнда қызмет жөнінде сөйлесерміз.

Әйеліңіздің тез жазылып, үй-ішіңіздің қайтадан қалпына келуіне шын жүрегімнен тілектеспін.

Телеграммаңызға мен сол бойда-ақ рұқсатымды білдіріп жауап қайырғанмын. Оны Сіздің алған-алмағаныңызды білмеймін.

*Сізді шын сүйетін И. АЛТЫНСАРИН.*

*1887 жыл, 5 январь.  
Қостанай.*

**Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Николай Иванович!**

...Менің мектеп жұмыстарым орталық мектептерде, құдайға шүкір, жақсы жүріп жатыр. Әйтеуір, бізде болғандардың бәрі де және екі класты мектептерімізді бі-

тіргеннен кейін оқушыларымыз барып түскен оқу орындарының бастықтары да осыны айтады. Жуырда бір қуаныш хабар алдым: қазір біздің төрт оқушымыз оқып жатқан Красноуфимскідегі реальное училищенің директоры біздің оқушыларымыздың қабілеттілігін тамаша мақтап, мұны дәлелдеу үшін округтің попечителіне олардың істеген заттарының үлгісін — былғары мен сабын — жіберіпті. Қазақтарға мұндай өнер үйретуді Василий Владимирович екеуміз қоймай жүріп енгізген едік. Ал попечитель өз тарапынан әлгі заттарды министрге жіберіпті. Бұл қазақ балаларының реальное училищеде оқып бастағанына алты ай ғана болды. Біз, Василий Владимирович екеуміз, қазақтардың арасынан бастауыш орыс мектептерінің ашылуын, бұларды жақсы бітіргендерінің бірқатарынан: 1) басқаларға орыстың тілі мен жазуын үйретуші етіп шығаратын оқуға; 2) тері илеу, сабын қайнату, майшам жасау және қазақтардың мал шаруашылығынан түсетін жүн-жұрқадан жай мата тоқу сыяқты өнер үйрететін практикалық мектептерге жіберілуін сұрап келеміз. Ал қазақтардың тез қадаммен отырықшылық тұрмысқа көшіп жатқанын еске алып, халыққа осы жөнінде көмектесу мақсатымен ағаш ұсталығы үйретілетін ерекше, тек қана ерекше екі-үш қолөнері мектептерін ашуды ұсынып едік. Міне енді, біздің бақытымызға, бұл алғашқы тәжірибеміз жақсы жеміс беріп отыр. Торғайда ашылған Яковлев атындағы қолөнері мектебінде ағаш ұсталығы және киім тігу (машинамен тігу) жұмыстары қазір өте жақсы жүріп жатыр. Бірақ біздің күнәміз бастаудан әрі аяғымызды бастырмай отыр<sup>1</sup>. Болыстық мектептер туралы әзір ешбір ресми хабар жоқ. Басқа жобаларымыз да тоқтап жатыр, бұл — қараңғы адамдардың айыбы емес, сауатты адамдардікі... Біздің ісіміздің жайы осындай!..

Бұл арада Сіздің алдыңызға бір тілек қойып мазаңызды алайын деп отырмын, Сіздің жас таныстарыңыздың ішінде арнаулы қолөнері мектебін бітірген ағаш ұстасы немесе ұста-токарь бір адам жоқ па? Бұл сабақтарды оқытып жүрген оқытушымыз май айында бізден кеткелі жатыр. Егер қолайлы бір оқытушыға меңзесеніз, ал ол бізге келуге қарсы болмаса маған арыз жаздырып

---

<sup>1</sup> Бұл жерде автор орыстын: «Рай бы в рай, да грехи не пускают» («Пейішке барғым-ақ келеді, бірақ күнам жібермейді») деген мақалын пайдаланып айтып отыр.— Ред.

жіберсеңіз, бұл бізге істеген үлкен қайырымыңыз болар еді. Ана жолы Сіздің маған Қазаннан ұсынған екі оқытушыңыз жайында амалсыз сөзімнен шықпап едім, бірақ бұл жолы олай болмайды. Оның жайы басқаша еді. Мен онда бастықтарымыздың ауызша берген уәдесіне сеніп, Қостанайға келіп қоныстанған орыстардың балалары үшін жуырда басқа бір екі класты мектеп ашамын ғой деп ойлап едім. Бірақ бұл мәселе әкімдеріміздің әрқашан да істеп отыратын кесірінен әлі күнге дейін шешілген жоқ. Мұның себебінің не екенін де білмеймін, бірақ жұрт: бұл мектеп ашу мәселесін әкімдер көтермей, оқу бастықтары көтергендіктен ғана тоқтап жатыр деседі. Бұл оқытушылардың біреуі, қалай болған күнде де, май айында керек болады. Мен Сіздің қайырымдылығыңызға сенемін. Өзімнің алғашқы өтінішімді еріксіз орындай алмасам да, Сіз оны жіберерсіз деп ойлаймын. Қолөнері мектебіне татар тілін білетін оқытушы табылса жақсы болған болар еді, бірақ ондай оқытушы табылмайды ғой. Сондықтан, қазақ не татар тілін білмейтін, орыс оқытушысымен де қанағаттана береміз. Қолөнері мектебінің оқытушысына 400 сом жалақы береміз, ал пәтер, отын, шам тегін беріледі.

Александр Павловичке көп-көп сәлем айтыңыз. Смоленский мырзалар мен Смоленская ханымдарға, Николай Алексеевичке сәлем айтыңыз. Мен олардың алдында кіналымын, өйткені, осы уақытқа дейін хаттарына жауап берген жоқпын. Әзірге ұрса берсін; бірақ, егер Сіздің білетін адамыңыз жоқ болса, қолөнері мектебіне оның да оқытушылар тауып беруін сұраймын.

Мен бұл мылжыңмен Сізді жалықтырып жіберген шығармын; сондықтан, жазуымды тоқтатып, Сізге және Екатерина Степановнаға мың сан құлдық айтумен хатымды аяқтаймын.

*Сізге шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1887 жыл, 19 март.  
Қостанай қаласы.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Менің процент [пенсия — Ред.] қағаздарым жөнінде сіңірген көп еңбегіңіз үшін Сізге қандай алғыс айтарымды біле алмай отырмын. Бірақ, бұл істеген қайырыңыз

құдайдан қайтар; өйткені, Сіздің бұл сіңірген көп еңбегіңіз менің сәби балаларымның напақасы. Олар ержетіп, адам болғанынша мен тірі боламын ба, болмаймын ба, — құдай біледі ғой. Ал, өз тарапымнан айтарым, қайрымды Василий Владимирович, мен Сіздің мәңгі адал қызметшіңізбін. Егер керек бола қалса, мен де Сіздің қызметіңізге дайынмын.

Қазақтардан оқып жатқан жас оқытушылар ойымнан кетпейді. Бұл дүниенің күштілерімен күресуге әлім келмей, мен енді қарсыласуды қойдым, сөйтіп, болыстарға оларды пәсір етіп алындар деп қана отырмын. Сіздің: егер қазақтар оқытушылардың пәтерін, отынын, жарығын, қызметшісін өз міндеттеріне алатын болса, онда жалақы табуға болар еді деп үміт берген сөзіңіз бойынша мен бай қазақтарға осы шығынды өздерің көтеріңдер дегенді айтып көрсем қайтеді деген ойға келіп отырмын. Бірақ, мұның өзіне де жылына 400 сомға жуық ақша керек болғандықтан, мұндай үнемі беріп тұратын шығынды мойнына алатын кісіні табу қыйын. Қазақтардың арасында капиталистері жоқ, сондықтан оларда мұндай игілікті жұмыстың бәрі үй басына ақша салу арқылы ғана істелуі мүмкін, мұндай істі олар істеп те отыр. Онсыз да болыстық мектептерге деп жыйналып жатқан алым аз емес; мысалы, Николаевскі уезіне жылма-жыл 20 мың сомдай ақша жыйналады. Сондықтан, тағы бір алым аламын деу — қолайсыз да және оны губернатордың ғана рұқсатымен жүргізуге болады. Ал губернатордың бұған рұқсатын бермейтіндігіне күмән жоқ. Сөйтсе де, Василий Владимирович, қазна тарапынан қандай жәрдем болатынын және әрбір оқытушыға қандай жалақы берілуі мүмкін екенін хабарлаңыз. Мүмкін, бір-екі немесе үш, оқушылар қатнап оқыйтын, мектеп ашып қалармыз. Олардың біреуін анық ашамыз, ол менің үйімнің жанында болар. Оған мен Красноуфимскідегі реальное училищені бітіретіндердің біреуін шақырғалы отырмын.

Осы күзде, сентябрьдің 2 сі шамасында, мен әуелі Орынборға, сонан Ақтөбеге және одан да әрі бармақшы едім. Ал егер ол жаққа тап сол кезде Сіз де баратын болсаңыз, онда менің баруым керек болар ма екен? Сондықтан, Сізді Қостанайдан күтіп алсам деймін; өйткені, мен ол жақтан, емтихан жұмысына қатнасып, жуырда ғана келдім. Мен бара қойсам, қызмет жөнінен де және өз басыма тиісті бір жұмыс жөнінен де попечительмен сөйлесейін деп едім. Ол сөйлесейін дегенім — менің оқытушы

болған және тілмаш болған уақыттарым мемлекеттік қызмет есебіне кіре ме екен, соны білейін деп едім, ал егер кірмейтін болса, осы жұмыстарда болған уақытымды мемлекет қызметі есебіне кіргізу жөнінде өтініш жасауын сұранайын деп едім, өйткені, мұндай іс басқа мекеме салаларында аз емес. Менің қазіргі жұмыс жағдайымда, әртүрлі қыйыншылыққа дайын болу үшін, өзім туралы осындай ізденуді өте керек деп білемін... Бұл жөнінде Сіз маған бірер ақыл бермес пе екенсіз?

Әртүрлі өтініш айтып Сіздің басыңызды да қатырып болдым-ау. Кешіре көріңіз. Өзіңіздің жұбайыңызға менен жалынды сәлем айтыңыз.

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Осы хатыммен бірге доверенность жіберіп отырмын.

Я, ұмытып бара жатыр екенмін ғой. Бірғызда қыздар мектебін ашу үшін августың аяғында сонда боламын. Оның үстіне, Бөрте болысында болыстық мектептің ашылуын тездету үшін Елек уезінде де болуым керек. Бұл мектепті ашуға рұқсат алынды. Бұл мәселелер осында губернатор келгеннен кейін әбден анықталмақ. Губернатордың Қостанайға келуін июньнің онына күтіп тұрмыз. Көшіп келген орыстардың балалары үшін мектеп ашу жөнінде губернатормен Караулов та, мен де сөйлесетін болдық. Губернатор кеткеннен кейін, істің ыңғайына қарай, біз қалай көрісетінімізді, менің Сізді Қостанайда қалай кездестіретінімді Сізге хабарлармын. Қостанайға келуіңізді қатты тілек етемін.

— " "  
*1887 жыл, 28 май.*  
*Қостанай.*

## **А. А. МОЗОХИНГЕ**

Сізге, сүйікті досым Арсений Андреевич, көп-көп сәлем. Сіздің сауда өндірісі жөніндегі ісіңіз попечительдің бекітуіне жіберілді. Одан хабар алысымен Сізге дереу жеткіземін. Бұл істі мен өзімде қалдырып, попечительге мүлде жібермейін деп едім, өйткені, бұрынғы жылдардағысынша, палата оны сұратпас деп едім. Бірақ ол оны сұратқан соң — менің тапсыруым керек болды. Сондықтан, қазір кеш те болса ол істі жіберіп отырмын. Әзірге бақылау палатасына сауда кітаптары маған жіберіліп



еді, оларды одан қайтарып алғалы жатырмын деп хабарлап қойыңыз.

Жас ханымыңызға менен сәлем айтыңыз. Емтиханды оқушылардың қалай бергенін жазыңыз.

Иван Спиридоновичке, Е. Ф. атайға және Мария Васильевнаға сәлем айтыңыз. Осы жылы июльдің 15 де Ақтөбеде болғым келіп отырғандықтан, оқу жұмысы жөнінде кеңесуімізге керек болып қала ма деп Иван Спиридоновичтің демалысын 15 күнге қыскартып отырмын. Егер ол басқа бір жаққа ауысқысы келетін болса, мұны маған күн-ілгері хабарлауыңызды өтінемін. Әйтпесе, кейін оны ауыстыра алмаймыз, өйткені, мектепті оқытушысыз қалдыруға болмайды.

*1887 жыл, 2 июньде алынды.*

*(Мұны хатты алған адам жазған.— Ред.)*

*Сіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

### **Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Біздің мектеп жұмыстарымыз және губернатормен қырғый қабақ болып жүргеніміз күтпеген жерден оңға қарай бет алып отыр. Қостанайда болған кезінде ұлы мәртебелі бастығымыз мені және уезд бастығын Николаевскі уезінде екі, Торғай уезінде бір, Ырғыз уезінде бір және Елек уезінде бір мектеп ашу жөнінде өзіне ұсыныс беріңіз деп асықтырып еді; оның үстіне, Қостанай орыс мектебіне қаражат көмегі жөнінен де ұсыныс енгізуге асықтырып еді. Мен мұның бәрін де тез орындадым. Ол кісі маған: Орынборға барысымен болыстық мектептерге үй жалдап алуға және оларды ұстауға сұралып отырған ақша мәселесін тез шешіп берейін деп уәде берді. Ал бұл жобаның бәрін іс жүзінде орындап шығу үшін мен, бұл жөніндегі бұйрықтардың келуіне қарай, август айының басында немесе ортасында облысты аралап қайтуға тиіспін.

Ал Ұлы мәртебелі бастықтың берген уәделері орындалғанға дейін мен Сізден, қымбатты Василий Владимирович, Ырғыздағы қыздар мектебіне бір оқытушы әйел тағайындап жіберуіңізді сұрар едім. Өйткені, осы уақытқа дейін Воронцовадан ешбір хабар жоқ. Ол, сірә, Ыр-

ңызға келгісі келмейді ғой деймін. Бұл мектепті ашу үшін мен әрі кетсе августың орта шенінен қалмай Ырғызға барамын. Ырғызда немесе августың аяғында Елек уезінде біз кездесе аламыз ба? Мен Сізге бүкіл уезді аралатар едім, ал онан кейін Қостанайдағы менің үйіме келіп демалар едік.

Ал егер маған хат жаза қойсаңыз, онда ең әуелі, Қостанай мектебіне қаражат жәрдемін алу жайында печительдің де өтініш жасауына көмегіңізді тигізуіңізді, одан кейін осы жөнінде маған хабарлауыңызды өтінемін.

Евпраксия Васильевнаны аса құрметтейтінімді білдіремін.

*Сізге шын берілген бағынышты пендеңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1887 жыл, 10 шоль.  
Қостанай.*

### **Ф. Д. СОКОЛОВҚА**

Көптен бері Сізге хат жазбағаным, қымбатты досым Федор Демьянович, ренжіменіз. Хат жазбаған себебім, Қостанайда ашылатын орыс мектебі жөніндегі мәселе осы уақытқа дейін шешіліп болған жоқ, бұл мәселенің жауабы бүгін болмаса, ертең келер деп күтіп отырмын. Оның бержағында, мынадай да бір жағдай болып қалды: егер уезд начальнигінің тілмаші болып кіре алатын болса, Маужан Байжиенович оқытушылық қызметті тастағысы келіп жүр. Ал бұл жұмыс қазіргі тілмаш Қаржасов мырзаның уездік басқармаға іс жүргізуші болып тағайындалуына байланысты, бұл жөнінде губернатор уәдесін берген көрінеді. Бірақ осы шытырман-шатақтар әлі шешіліп болған жоқ. Сондықтан, мен Сізді шын көңілімнен қуантқым келсе де, қуанта алмай отырғанымды өзіңіз де түсінетін боларсыз.

Бірақ, үмітіңізді үзбеуіңізді өтінемін, онан соң, егер өзі тілемейтін болса, әйеліңізді алып кетпеуіңізді сұраймын, Қостанайда мектеп ашу мәселесі немесе Байжиеновты тілмаш етіп тағайындау мәселесі, қалай болған күнде де, сентябрьден қалмай, немесе, ең әрі кеткенде, октябрьден қалмай, Орынборға өзім барғанымда, бір жайлы болып шешілуі керек.

Ырғызда қыздар мектебін ашу үшін август айының орта шенінде сонда барғалы отырмын. Сонда көрісерміз. Әзірге сау бола тұрыңыз. Әйеліңізге менен сәлем айты-

ңыз. Шын ықыласыммен оның аман-есен болуын тілейтінімді айтыңыз. Ол кісі уайым жемесін. Күйеуін, о кісінің қалауы бойынша, қазір болмаса да, жуық араның ішінде, орналастырамын.

Асығып отырмын, досым, хатымның тәртіпсіздеу жазылғанына кешірім етіңіз.

*Өзіңіздің И. АЛТЫНСАРИНЫҢЫЗ.*

*1887 жыл, 5 август.*

*Қостанай.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

### **Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сізбен соншалықты жолыққым келсе дағы, быйылғы жылы ешбір кездесе алмай, талай рет опынып қалдым: Сіз көктемде бізге келмекші едіңіз, келе алмай қалдыңыз; Сізбен Орынборда көрісемін ғой деп барып едім, менің алдымда ғана кетіп қалыпсыз; ал мен Елек уезінен кетісімен Сіз сонда келіпсіз. Осындай да өкінішті жағдайлар бола береді екен!

Сіздің маған деген жалпы ықласыңыз үшін және быйыл менде мектеп жұмыстарымның жақсы жүріп жатқанына қуанатыныңызды білдіріп жазған хатыңыз үшін шын ниетіммен рақмет айтамын. Шынында да, бұл жолы облыс бастығы маған жақсы ықылас көрсетті, қойған мәселелерімнің бәрін мақұлдап, тез шешіп берді; мен, тіпті, өз құлағымға өзім сене алмадым; «үріккен қарға бұтадан қорқады» дегендей, мұның бәрі жақсылыққа көрінсе игі еді, басқа бір астыртын ойлары жоқ па екен деген ойға да келдім. Сөйтсе де, өзіме керекті рұқсаттарын алғаннан кейін «темірді қызған кезінде соқ» дегендей, істі тез орындап тастадым. Сонымен, қазіргі ашылып отырған үш мектептің үстіне, декабрь айында Николаевскі уезінен тағы да екі мектеп ашқалы отырмын. Әзірге олардың шаруашылық жабдықтары мен оқу құралдары дайындалып жатыр.

Сіздің орыс балалары үшін Ақтөбеге үшінші оқытушы тағайындағаныңыз өте жақсы болған екен; өйткені, осы жылы қоныс аударып келуші орыстар көбейіп жатыр, ал бұрын орыстар жоқ, бар болса аз болатын. Сондықтан, мен Ақтөбеде тым болмаса ер балалар үшін бір класты орыс мектебін ашу жөнінде уезде, облыс бастықтарына қағаз да жазып едім. Ал Қостанай халқы үшін мектеп ашу туралы мәселе әлі күнге аяқталмай отыр. Енді облыс бастықтары жағынан істелетін істің бәрі іс-

телді, оны осы почтамен попечительге хабарлап отырмын. Бірақ, мұнда істі Ақтөбедегідей жүргізу мүмкін емес; өйткені, 20 мыңдай халқы бар жағдайда өзалдына мектеп керек, мұнда 200—300, ал егер мүмкіндігі болатын болса 1 000 орыс оқушы табылады, ал екі класты орыс-қазақ мектебіне қазірдің өзінде де орыс балалары сыймай кетті. Оның үстіне, губернатордың қатты тапсыруы бойынша, олардың жанынан қолөнері бөлімдерін де ашқалы отырмыз. Губернатордың айтқанына бұдан былай қарсы шыға беруге де болмайды және бұл пайдасыз да іс емес.

Быйылғы жылы әртүрлі жағдайлармен біздің мектептерімізде көптеген оқытушылар ауыстырылды. Олардың Р. Ч-дан басқасының бәріне әзір ризамын. Бұл бір есалаң, оңбаған адам екен; егер ол менен басқа біреуге кездесе, оны әртүрлі қара істері үшін осы уақытқа дейін 30 рет сотқа берген болар еді. Бірақ, оны қағаз жүзінде қаралап жату маған ұят қой; сондықтан, оны өзінің өтініші бойынша қызметтен босатып жібердім. Оның үстіне, ол өзі де, мен оны босатқысы келмейді, деп губернаторға шағым беріпті. Губернатордың мені жаратпайтынын есіткеннен кейін, оған осындай шағым беруінің өзі жақсы іс емес қой. Тіпті, ақыраяғында, орнына басқа кісі келген кезде, ол мектептің осы жаңа меңгерушісіне өзбетімен ісін тапсырмапты. Оның қызметтен босатылуы жөнінде мектептің жаңа меңгерушісіне емес, оның өзіне жазу керек еді деп дәлел айтыпты. Мен тіпті бұл сыяқты оңбаған, өзбетімен кеткен еркек туралы айта беруге де арланып отырмын.

Сіздің Бөрте мектебіне соға кете алатыныңызға қуанып отырмын. Мектеп ашылған кезде мен онда екі тәулік болып, оқу жұмысын бастатып жібердім. Бірақ оқытушы қазір жұмысын қалай жүргізіп жатқанын айта алмаймын. Сіздің кеңесіңіз бен нұсқауыңыз оның жұмысының жемісті болуына себепкер болар деп ойлаймын. Ол тек жалқау болмаса игі еді деп қорқамын, тым кербездеу өзі — Асауов, бұл жеңілтектіктің белгісі ғой.

Евпраксия Васильевнаға менің аса құрметтейтінімді білдіріңіз. Балаларыңызға менен сәлем айтыңыз. Қалай болған күнде де көктемде Сізді Қостанайда көрермін және өз басым жөніндегі істеген жақсылығыңыз үшін көзбе-көз шын жүрегімнен рақмет айтармын деп сенемін...

*Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

1887 жыл, 27 ноябрь.  
Қостанай.

**В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ****Қымбатты Василий Владимирович!**

Жана губернатор да, акырында, келіп кетті. Жұрттың бәрі ол жайында жақсы пікірде қалды. Ал мектеп мәселесі жайында ол менімен әбден толық сөйлесті, айтқанымның ешбіреуін есінен шығарып жібермесін деп, мен оған айтқанымды әдейі жазып та бердім. Ол запискада облыста оқу жұмысының барысы, училищелердің мұқтаждары туралы, жаңадан керекті оқу орындары мен оқу жұмысын жақсартудың шаралары жөніндегі өз ойларым туралы толық жазып бердім. Маған өте риза болып қалған сыяқты; тіпті, менімен көріскенге дейін уезд начальниктерінің ұсынысы бойынша жасаған кейбір бұйрықтарын да өзгертті. Тек Ақтөбе мектебінде ғана Спиридоновтың өзі және оның шәкірттері, мысалы, глобустың не екенін білмей калып, ұятты болды, деседі. Жоғарғы класс оқушыларының мұндай болмашы заттарды білмеуі, әрине, мүмкін емес; бірақ сауал қоюдың түрі, оқушылармен және, тіпті, оқытушылармен де сөйлесудің түрі үлкен мәселе ғой; олардың қай-қайсысының да қорқып, сасып қалуы мүмкін. Оның үстіне К. де Спиридоновты жек көреді. Ол (К) өте мыйсыз адам (әдепсіздеу айтқанымға кешірім етерсіз), қыйқан шығарғыш, ашуланшак; өзі ешнәрсенің паркына түсінбейтін болса да, әр нәрсеге араласа береді, өзінің түсінуінше қарапайым, жай адамның қандай да болса бір қарсы пікірде болуын өз басының жоғары дәрежесіне кемістік келтіру, абройын төгу деп біледі, — ондай бастық деген сор ғой, бірақ амалың не? Сондықтан мен губернаторға

уезд бастықтарының мектептің ішкі тұрмысына араласуының, жалпы алғанда, қажеті жоқ сыяқты дегенді ауызша да, запискамда да еппен, сыпайы түрде ескертіп қойдым. Сөз арасында губернаторға: біздегі кітап түптеу ісі — үйде істелетін іс, ол үшін біз ешкімнен ешқандай қаржы сұрағанмыз жоқ, ал ана жүз сом дегеніңіз әрбір мектептің жалпы сметасынан жұмсалып отырылады, дедім; ал онансоң, мұндай қолөнерінің мектеп шаруашылығына өте пайдалы екенін, өйткені, оқу құралдарының бәрін оқушылардың өздері түптеп алатынын, сөйтіп, ол бізді жаңа кітаптар алу шығынынан, мұқабасы жоқ болғандықтан оқушылар қолында тез жыртылып қалатын кітаптарды жылма-жыл сатып ала беруден құтқаратынын айттым; етікшілік өнері де қазақтарға мектептің көмегісіз де өте таныс өнер екенін түсіндірдім. Губернатор менің айтқандарымның бәрін де мақұлдай берді; сөйтіп, жүрерінде уезд басшысы бір-бір техникалық мектеп ашу, не, тым болмағанда, төрт уезге сондай екі мектеп ашу жайында пікіріңізді тапсырыңыз деп сұрады; мұны мен оған запискамда да жазған едім. Бұл пікірлерімді мен Орынборға барған соң тапсырамын ғой деймін; ол жаққа август айының орта шенінде барғалы отырмын. Менің ойымша бастауыш мектептер әзірге жеткілікті, оларды тек нығайтып, оқу істерін ойдағыдай жүргізуге бағыттап отыруымыз керек. Ендігі жерде, Министерствоның көрсеткеніндей, жаңа типті техникалық немесе ең кемі өнеркәсіптік мектеп ашу, ол мектептерде былғары илеу, сабын қайнату сыяқты мамандықты үйрету, ол өнерлерді үйрететін оқытушыларды казактан даярлау үшін, қажет болса, Красноярфимскі реальдық училищесінде стипендия мөлшерін көбейту жайын қазірден ойланған пайдалы болар еді. Осы мәселелер жайында мен Сізбен жайғасып отырып сөйлескім, ақылдасқым келеді.

Орынборға август айының ортасына таман барамын. Жоғарыда айтылған жобаларым туралы жұмысымды бітіргеннен кейін, сол жақтан Ақтөбеге, онан Қостанайға барамын. Апрель айының ішінде үш уездің — Торғай, Ырғыз, Николаевск уездерінің жаңа, ескі мектептерінің бәрін аралап шықтым, тек Електе ғана бола алмадым; өйткені, балам сырқат деген телеграмма алып, қайтып кеттім; балам сүзек екен, әрең жаны қалды. Қазір ол, құдайға шүкір, тәуір болып кетті; енді ат құлағында ойнап, шауып жүр.



Ал егер біздің облысты араламақ болсаңыз, Орынбордан бірге шыққанымыз жақсы болар еді.

Уезде де, облыста да, жалпы алғанда, жайшылық; астықтың шығысы жақсы, елдің малы аман.

Жаза қойғандай басқа ешнәрсе жоқ. Сіздің жұбайыңызды аса құрметтейтінімді білдірем, ал Сіздің өзіңіздің шын берілген қызметшіңізбін *И. Алтынсарин*.

*1888 жыл, 3 июнь.*

*Қостанай.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

### **Аса қадірлі Николай Иванович!**

Сіз арқылы тапсырылған хаттың біздің оқу мәселемізге үлкен жәрдемі тигенін Сіз өзіңіз де ендігі білетін боларсыз. Бұрын қазақтар үшін мектеп ашу пайдасыз деп болмай келген губернатор, облыста бірден алты болыстық мектеп аш деп мені асықтыра бастады, ал мен де оның орындалуын кешіктірмедім; осы жылдың басына дейін, екі жарым айдың ішінде, айтылған алты мектепті ашып, орналастырып та болдым. Содан кейін жағдай да өзгеріп қалды. Губернатор Проценко қызметінен босатылды. Оның орнына генерал Барабаш келіп отырды; бұл ақылды, оқымысты және, жалпы алғанда, қазақтарға, олардың тұрмыс мәселелеріне жаман қарамайтын адам екен. Едәуір серпіліп қалдым, қымбатты Николай Иванович, құлашты сермеп жатырмын; Бірғыздағы қыздар мектебінің жанынан қазақ қыздары үшін быйыл әйелдер пансионын ашамын; Қостанайға көшіп келген орыстар үшін орыс мектебін ашып қойдым, Ақтөбеде қыздар мектебін аштым, Торғай, Елек уездерінде тағы да екі болыстық мектеп аштым; Красноуфимскідегі реальное училищеде қазақтарды техникалық ғылымдарға оқыту үшін төрт стипендия тағайындалды, ал ауылшаруашылық мектебінде қазақтарға атақты, іскер, өз өнерін өте сүйетін Соковниннің басшылығымен ауыл шаруашылығын оқыту үшін бес стипендия тағайындалды. Бұл ауылшаруашылығы мектебінде оқу ісі түгелінен тәжірибеге негізделіп қойылған, онда: былғары илеу, сабын қайнату, май шайқау, құмыра жасау істері, ағаш-токарь, ұста-слесарь өнерлері үйретіледі, ал ауылшаруашылығынан — огород егу, бау-бақша салу, мал шаруашылығы, егіншілік жайлары үйретіледі, осылармен қабат жана машиналармен, олардың құрылыстарымен таныстырылады, мал емдеу тәсілдері, астыққа зыянды жәндіктер-



мен күресу тәсілдері үйретіледі. Мен қазір осы Красноуфимскі училищесінде етіп облыстың өзінде қазақтар үшін арнаулы ауылшаруашылық мектебін ашу туралы жоба ұсынып отырмын. Әлдеқашан-ақ ашылуы қажет болған, бірақ осы уақытқа дейін, кінә өзімізден де болар, ашылмай келген бұл жаңа оқу орындарының бәрін ашуға енді асығуымызға тура келіп отыр; асығуымыздың қажет болатын тағы бір себебі, біздің облысымыз таратылады деген лақап күшейіп барады, ал таратыла қойса, қоғам қаржысы екі немесе үш жерге бөлініп кетеді, олай болған күнде, жанында завод, фермалары болатын ауылшаруашылығы мектебін салу сыяқты күрделі жұмысты істей алмай қалуымыз да мүмкін.

Ал енді, Қилячковты тезірек жібере көріңіз, бұл жөнде өтініш етіп мазаңызды алғанымға кеңдікпен кешірім етіңіз. Ол осы уақытқа дейін келген жоқ, ал мектебі 21 августа ашылды. Қилячков кідіріп қалған соң мен жергілікті поп Малышевтан өзінің диаконын уақытша етіп тағайындауын өтініп отырмын; бұл диаконның басқа істері де аз емес, сондықтан, ол ойдағыдай оқытады-ау деп сенемін. Орынборға әдейі губернаторға жолығайын деп және онымен жоғарыда айтылған мәселелер жайында сөйлесейін деп келген едім. Ол облыстағы халық ағарту жұмыстарына байланысты қағаздардың бәрін жазуды менің өзіме тапсырды; сондықтан, мен мұнда губернатордың мектеп мәселесі жөніндегі іс жүргізушісі есебінде құлшына істеп отырмын.

Осы айдың 11 күні түнде округтік попечитель келді: ол біздің жаққа, Қостанайға барғалы жатыр. Орынбор төңірегінде бірқатар мектептер ашу жөніндегі жұмысымызды октябрьге дейін қоя тұрып, онымен бірге жүруім керек болып отыр. Мен осы жерден шамамен Қазанға, сіздерге барғалы жатыр едім ғой, бірақ енді жағдай өзгеріп, өзімнің бұл ынтық тілегімді қоя тұруыма тура келіп отыр. Мен Сізді сырқаттау деп естідім. Ол рас болса, біз — бүкіл қазақ елі болып — құдайдан Сізге саулық беруін тілейміз және шарапаты кең алла біздің бұл дұғамызды қабыл қылар деп сенеміз.

Сәлем бердік, қымбатты Екатерина Степановна! Мен қалай да Сіздің үйге барайыншы деп едім, бірақ сәті түспей қалды. Тірі болсам келесі жылы қалай да барамын.

*Сізді шын құрмет тұтатын, өзіңізге мейлінше берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*  
*1888 жыл, сентябрь.*

## Ф. Д. СОКОЛОВҚА

### Аса сүйікті досым Федор Демьянович!

Менің тапсырған жұмыстарымды дереу орындағаныңыз үшін көп-көп рақмет. Қостанай мектебінің 1 класына оқытушы етіп өзіңіз білетін Балғымбаев тағайындалды. Онымен екеуіңіздің бірлесіп істей алатыныңызға сенімім зор.

Царегородцев келгеннен кейін Сіз 2-класты оқытушыңызды қойып жүрмеңіз. Царегородцев мырза әуелі Сіздің оқыту тәртібіңізбен, оқыту әдісіңізбен танысып алысын, мұны мен Царегородцевке де айттым.

Егер, тіпті, Сергей Данилович келе қойған күнде де Сіз, басқа адамның оқытуында кенет өзгеріс болып кетпеу үшін, бірлі-жарым күн класқа барып жүріңіз. Мен мұны өте қажет деп білем.

Сергей Данилович қазақ тілін білетін адам болғандықтан 1-класты оқытады және мектептің меңгерушісі болады. Егер ол келген болса менен сәлем айтыңыз және 2 ноябрьге дейін үлгіре алатын болса, менің үй-ішім жайында хат жазуын сұраңыз.

Балаларымның не күйде екенін білмей қатты тынышсызданып жүрмін; олар жайында 20 сентябрьден бері ешбір хабарым жоқ.

Әлекең мен Шаһмұратқа менен сәлем айтыңыз. Ырғызға енді бара алмаймын. Қырмен тура Николаевскі уезіне, немесе Орскі арқылы, жүргелі отырмын.

Сахарова ханымға менен жалынды сәлем. Ол туралы жақсы деген хабарлар естіп жатырмын, оған бек қуаныштымын. Құдай оның ісін оңғара берсін.

Қостанайға тез келіңіз. Ол жерде мен Сізді қуанышпен қарсы алам.

Бұл жақта мен қазақтарға жолығып, балаларын мектепке орналастыру жайында сөйлесіп жүрмін; мұның ойдағыдай болып шығатын түрі бар.

Гайджевская ханымға да менен сәлем айтарсыз; ал Павел Платоновичпен осы жақта көрісетін шығармын.

*Сізді тәуір көретін досыңыз И. АЛТЫНСАРИН.*

## Ф. Д. СОКОЛОВҚА

Аса қадірлі Федор Демьянович!

Осы айдың 11 нең 12 не қараған түні ғана Пермнен попечитель келді; қазір Қостанайға жүргелі жатыр; 16 нда шығады, Троицкі арқылы жүреді. Өзіңіздің мектебіңізді де, орыс мектебін де дұрыстанқырап ұстауыңыз жайында менің Сізге өтініш жасап жатуымның қажеті болмас. Диаконнан жұмысын мүмкін қадар жақсырақ түрде көрсетуге тырысуын сұраңыз; әрине, мұны ол Сіздің басшылығыңызбен істейтін болсын. Түсуіне Сіздің пәтер қолайлырақ болар деп ойлаймын; ал Сіз әзірге Балғымбаевтың үйіне кіре тұрарсыз; бұл пәтерге жақсылап мебель қойыңыз, кітапхана бөлмесін де мебельсіз қалдырмаңыз, оған өзім түсем. Менің үйіме де хабар беріңіз, үйдің ішін жақсылап жасаулап қойсын; попечитель біздің үйге де барады. Николай Петровичке менен сәлем айтып, өтінішімді тапсырыңыз, осы хатты алысымен, Троицкіден Қостанайға, Қостанайдан Торғайға баратын жолдағы почта ұстаушыларды күн-ілгері хабарлап қойсын; олардың аттары әзір, киіз үйлері таза болатын болсын. Егер біздің үйде ол-пұл кемістік болатын болса, ол жөнінде маған Н. П. жәрдем етер деп сенем. Тек ас пісірудің жайы қалай боларын ғана біле алмай отырмын. Сіз анау маған келіп жүретін белгілі аспазға күн-ілгері ескертіп қойыңызшы, әзір болсын, тандаулы ас істеуге керекті нәрсенің бәрін алып қойсын; оған қажет ақшаны Оспан берер. Шарап жағын өзім ала барам.

Оспанға тағы мынаны айтыңыз: менің үйімнің төңірегіндегі қора-жайлар, көшелер тәртіпке келтіріліп, сыпырылсын, үйдің пештері ағартылсын, ал егер онша қолайсыздық болмайтын болса, қыстауға көшіп алсын.

Басқа жазғандай ештеңе жоқ-ау деймін.

Өзіңізді қадірлеуші И. АЛТЫНСАРИН.

*Бұл хат 1888 жылы, 20 сентябрьде  
Қостанайда алынған. — Г. Д.*

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Ақырында ұлы мәртебелі бастығымызды да жөнелттік. Сентябрьдің 19-да Орскіден тура Қостанайға қарай шығып, бұған 22 сінде келдім. Сентябрьдің 23 нде ұлы

мәртебелі бастығымызды алдынан, оның өз өтініші бойынша. Троцкіге өзіңіз білетін тілмаш Досжанды жібердім; попечитель Қостанайға 29 күні кешке таман келіп, 30 күні сонда болды да, октябрьдің 1 күні, тура жолмен Орскіге жету үшін, Николаевскі станциясына қарай жүріп кетті. Мен оны Қостанайдан 120 шақырым жердегі Николаевскі станицасына дейін шығарып салдым.

Қостанай мектептеріне, әсіресе, олардың шаруашылығына және орыс тілін оқыту жөніндегі табыстарына ол риза болған тәрізді. Ол 2-класс оқушыларының есеп жөніндегі білімдерін нашарлау деп тапты. Бұл түсінікті де. Өзіңіз де білесіз, бізде 1-класта орыстың тілі мен жазуын үйретуге көбірек зер салынады да, есептен тек жай төрт амал ғана өтіледі. Попечитель мырза оқушылардың міне осы күйіне кездесіп отыр. Бірақ ол 2-класс оқушыларының программа бойынша көбірек білуі тиіс екенін айтты. Мен оған: бізге программаны мүлтіксіз қолдануға болмайтынын, өйткені, 1-класта бір ауыз орыс тілін білмейтін қазақ балалары оқытынын, сондықтан оларға ең әуелі орыс тілін үйреніп алуы керек екенін, 2-класқа өткенде орыс оқытушының оқытуын толық түсінетін болуы керек екенін, ал есеп сабағының тиісті көлемін екінші жыл бойында, 2-класта олар бәрі бір өтіп үлгіретінін түсіндірдім. Менің бұл дәлеліме ұлы мәртебелі бастық қанағаттанған сыяқты болды.

Жалпы айтқанда, попечитель қатты риза болғандай, көңілді жүрді. Егер көңіліне бір күдік сақтап, бізге онысын айтпай қойған болса,— онда бұл оның өз ісі ғой.

Міне, попечительдің біздің мектептерімізді аралауы жайында менің Сізге айтарым осы.

Мен әзір жазу-сызуларыммен айналысып жатырмын. Жуырда, октябрьдің 10 шамасында Торғайға жүрмекпін, сол жақтан Ырғызға, Қарабұтаққа, ал егер үлгіре алсам Ақтөбеге де барып қайтпақпын. Бірақ, Ақтөбеге қысқа дейін барып үлгіре алмаймын-ау деймін.

Жаза қойғандай әзір бөтен ешнәрсе жоқ.

Евпраксия Васильевнаға аса құрметтейтінімді білдірем. Өз үйішім, құдайға шүкір, тегіс аман.

*Өзіңіздің шын берілген И. АЛТЫНСАРИН.*

*1888 жыл, 6 октябрь.*

*Қостанай.*

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Попечительді октябрьдің 1 күні шығарып салып, 14 күні үйден шыққан едім. Содан бермен Торғай, Ырғыз уездерін аралап жүрмін. Оқуға қазақ қыздарын жыйнау, оларды орналастыру үшін, онан кейін қазақ қыздары интернатындағы оқу жұмысының өзін жолға салып жіберу үшін Ырғызда екі жетідей отырып қалдым. Онда, өзіңіз де ендігі естіген боларсыз, істің беталысы өте жақсы; алғашқы күннен бастап қол ісі үйретіле бастады, оны қазақ қыздары өте ұнатады, ал олардың ата-аналары да істерін көріп мәз болып жатыр. Қ. сыяқты адамдардың мұндайды көріне жаратпайтынына қарамастан, біздің бұл ісіміз де жаман болмас деп ойлаймын. Енді, міне, төрт күннен бері Торғайда отырмын; себебі, жуырда ашылмақ Қараторғай болыстық мектебіне деп істеуге берілген парталар мен столдар әлі бітпеген екен. Ал күннің райы өте жаман: бұрын біресе жаңбыр, біресе қар жауып тұр еді, енді суық түсіп кетті. Шамамен де, арбамен де жүре алмайсың. Бірақ, амал жоқ, қолға алған істі тезірек бітіруім керек.

Ырғызға далалық облыстар жөнінде декабрь айында жаңа ереже жарияланады екен деген, жұрттың айтуынша, анық хабар жетті. Ол ереже бойынша біздің облысымыз таратылып, оның екі уезі — Торғай және Ырғыз уездері — Қазалы облысына қарайтын көрінеді. Қазалы облысы төрт уезден — Перовскі, Қазалы, Ырғыз және Торғай уездерінен құралатын көрінеді. Қазіргі Торғай облысының екі уезі — Николаевскі және Елек уездері — Орынбор губерниясына бөлініп кететін көрінеді... Осыдан кейін, мен: менің қызмет орным қалай болады екен, деген ойға кетіп отырмын. Егер бұл орын жойылатын болса, онда менің оған әзірленуім керек, ал егер жойылмайтын болса, — оның қай түрде болатынын білуім керек; атап айтқанда, бұл инспекцияға бүкіл Қазалы облысы келіп қосылатын бола ма, мұның осылай болуы да мүмкін; өйткені бұл облыс Түркістан өлкесінен мүлдем шеткері қалады, сондықтан оқу жұмысы жөнінде ол Орынбор оқу округіне бағынатын болар; немесе инспекцияны, мұның қарауына екі губернияның да кейбір бөлімдері кіретін болса да, бұрынғы күйінде қалдыра ма? Міне осыны білуім керек. Мұның қайсысы болған күнде де бұл жа-

ңалық маған өте ұнамсыз; инспекция таратылатын болса, онда, өз жайымды былай қоя тұрғанда, басталып кеткен істерімді бітіріп, нығайта алмай қаламын; ал оған Қазалы, Перовскі уездерін әкеліп қоса тапсыратын болса,— онда жыл бойы тынбай мектептерді аралап жүруге тура келеді. Қалай болатын болса да, құдай ақына, менің алдағы жайымды күнілгері анықтап беруіңізді өтінемін; жаңа жағдайға мен кенет килігіп қалмайын, ол мені істеп жатқан жұмыстарым жөнінде де, өз жөнімде де ойламаған жерден қыйыншылық жағдайға түсіріп кетпесін.

Менің тағы бір үлкен өтінішім бар. «Бәріміз де құдайдың пендесіміз» деген сөз бар ғой. Мен қазір денсаулығым бұрынғыдай жақсы деп мақтана алмаймын, төсек тартып жатып қалмағанмен де, жиі-жиі сырқаттана беретін болып жүрмін. Істеп жатқан ісіме, көздеген мақсатыма беріліп кетіп, мен осы кезге дейін өзімнің келешегімді, өз үйімнің келешегін ойланбаппын ғой; мұны ойлану керек сыяқты көрінеді. Сізге, бәлкім, бимәлім емес болар, мен 1860 жылдан бері қызмет істеп келемін, ең ілкі кезде облыстық басқармада штаттағы (болар деймін) тілмаш болып істедім; одан кейін Торғайға келіп бастауыш мектеп оқытушысы болдым және коменданттың тілмәші болдым,— бұл қызмет орындары мемлекеттік қызмет правосында жоқ-ау деп ойлаймын. Осыдан кейін 1869 жылы уезд басқармасына іс жүргізуші болып қызметке кірдім, сол кезден бастап осы күнге дейін штаттағы қызметте істеп келемін. Округ попечителі Қостанайда болған кезде, ұлы мәртебелі бастықпен тура сөйлесуге бата алмай, менің сол қазақ мектебінің оқытушысы болып істеген кезімді мемлекеттік қызмет есебіне жатқызу туралы сұрануын өтінетінімді реті келген жерде ол кісіге айтарсыз деп Карл Андреевичтен өтінген едім; менің одан бұрынғы облыстық басқармада тілмаш болып істеген бірінші қызмет орным штатты қызмет болғандықтан, бұл өтінішім орынды да ғой. Егер менің қызметім аз да болса бір пайда келтірген болса және ол қандай да болса бір сыяпатқа тұрарлық қызмет болған болса, онда ұлы мәртебелі тақсыр өтініш жасап көрсе менің үй-ішімнің келешегін пансион [пенсия] жағынан қамтамасыз етіп, маған шын әкелік қамқорлық жасаған болар еді; ал мен өзім де, шамамның келгенінше пайданды тигізіп, қызметімді алаңсыз істей берер едім.

Сіздің маған жақсы қарайтыныңызды пайдаланып,



басқа амалым болмаған соң, Сізге өтініш айтып, әртүрлі арыздарыммен уақытыңызды бөліп, мазанызды ала беріп жүрмін. Бұған, бір жағынан, Сіздің қайырымдылығыңыз да кіналі; жоғарыда айтылған өтінішімді Ұлы мәртебелі тақсырға жеткізуіңізді сұрап, мен Сіздің осы қайырымдылығыңызға тағы да қол артып отырмын. Егер ол кісінің сұрануы үшін ол-пұл анықтама керек болатын болса, оларды тиісті адамына тапсыра көріңіз.

Ал енді осы хатыма Сіздің жауабыңызды асыға күтем. Оны Қостанайға жазарсыз, өйткені, ноябрьдің 15—20 ларында сонда боламын ғой деп отырмын.

Адал ниетпен құрметтейтін және өзіңізге шын берілген қызметшіңіз *И. Алтынсарин*.

Н. В. Тағы бір өтінішім: дін сабағын оқытушыларды ықластандыра түсу үшін Торғай священнигін наградтау туралы сұранған едім, мұның немен тынғанын біле алмай отырмын. Торғай губернаторы Байжиеновқа 100 сом жәрдем беру туралы уәде қылып, ол жөнінде әмір де берген еді. Байжиенов бұл ақшаны әлі күнге дейін алған жоқ. Осы жөнінде, сірә, уезд начальнигіне жазып жіберуді ұмытып кетті-ау деп ойлаймын. Ырғыздағы қыздар интернатында қазақ қыздарының санын 20 ға дейін көбейту туралы губернаторға ұсыныс енгізген едім. Қолыңыз босай қойған кезде осы мәселелер жөнінде бір сұрау салып көрмес пе екенсіз, қайырымды Василий Владимирович? Қ-нің жамандауымен губернатор қазақ қыздары интернатының көңілдегідей болуына біраз күман келтіретін көрінеді. Ондай пайдалы істі бастап көрмесек, онда ешуақытта да ештеңе шықпайды ғой. Ал мен, әсіресе, Сейдалиннің және, құрметті қамқоршы болып тағайындалып отырған, уезд начальнигінің әйелінің көмегімен бұл жұмыстың Ырғызда жақсы жүретініне көзім жетіп отыр.

Мазанызды алғанымға кешірім, ғафу етіңіз.

*Өзіңіздің қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1888 жыл, 5 ноябрь.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Жаңа жылыңыз құтты болсын, аса қайырымды Василий Владимирович, және аса қадірлі Евпраксия Васильевна!!! Шын жүрегімізден Сіздердің және қымбат-



ты үй-ішіңіздің амансау, бақытты болуыңызды және барлық істеріңіздің сәтті болуын тілейміз!

Біз, Николаевскі уезінің барлық оқу қызметкерлері, қазір біздің аса қадірлі уезд начальнигіміздің үйінде отырмыз; үй қожасын тиісінше құттықтап құрмет көрсеткеннен кейін, біз бірінші тосты оқу жұмысының адамшылығы мол, адал қайраткерлерінің саулығы үшін көтердік. Қайырымды адамдар жасасын! Шын мағнасындағы адамдарға құдреті күшті құдай жар болсын! Ура!!! (Бұл хатты уезд начальнигінің үйінде жазып отырмыз).

Мен бұратанамын ғой; сөйтсе де орыстың жаңа жылды қарсы алуында бір тамаша көтеріңкілік бар; сондықтан, хатымның өзі де көтеріңкі рухпен жазылып отырса, оған таңырқаманыз. Шын қадір тұтатын достарың, сүйетін адамдарың осындайда еріксіз еске түседі. Осындай адамдарым есіме түсіп, мен қазірдің өзінде мас болып отырмын. Сондықтан, сөзімнің тәртіпсіздігіне ренжімеңіз.

Жақсы адамдардың саулығы үшін үшінші рюккамды ішіп жатырмын. Тағы да ура!!!

*И. АЛТЫНСАРИН.*

*1888 жыл, 31 декабрь.  
Қостанай.*



1889

**В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сізге өте бір қайғылы хабар білдіруіме тура келіп отыр. Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә есінен айырылған болар деймін. Әйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. Бақсам, ол оқытушылар мектебінің 3-ші және 4-кластарында, оқушылардың қарсы болуына қарамас-тан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде, бір жағынан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастайды да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бастарта бастапты. Тіпті ол өз шәкірттерін залым деу сыяқты сөздерге дейін, және оларды кластан желкелеп шығаруға дейін барыпты.

Бұл әлі ешнәрсе емес, құдай сақтасын, Александр Григорьевичтің бұл қылығын қазақтар естіп қоймасын, нағыз бәлеге сонда қаламыз. Осыған ілік болғандай сөздер Орскі татарларының арасында қазір де бар көрінеді. Қайта, бұл 3-ші, 4-ші класс шәкірттеріне мың сан рақмет, олар ата-аналарымыз мектептен шығарып алып, оқып білім алуға жол бермей қояр деп қауіптеніп, Александр Григорьевичтің әлгі уағыздарын тістерінен шығармай жасырыпты ғой. Әйтпегенде мұнымен, тек оқытушылар мектебінің келешегін ғана емес, онымен қабат, жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой.

Бұл мәселе, Василий Владимирович, меніңше, өте маңызды мәселе, сондықтан мұны кешеуілдетуге болмайды. Орскіде беделі күшті екі қазақ губернаторға, ми-

нистрге шағым беруге ойлары барын айтты. Орыс-казак мектебі арқылы білім алуға мәңгі зыян келтіретін бір масқара жанжал көтеріліп кетуі мүмкін. Александр Григорьевичті басқа бір жерге (мүмкін болғанынша тезірек) аудару, оның орнына басқа біреуді тағайындау жайын қарастыра көріңіз, әйтпесе, біздің бұл досымыз, мүмкін қазақтарға жақсылық ойлап жүрген де болар, бірақ, өзінің мінезсіздігімен, ал тура айтқанда (әдепсіздеу айтқанымға ғафу етіңіз) мәжнүндігімен біздің бәрімізді де қашып құтылғысыз бір бәлеге душар етер деп қорқамын.

Осылардың бәрін мен емескілеу түрде Қостанайда естіген едім, ал анығын келіп оқушылардың өздерінен білдім. Александр Григорьевичке, әрине, барған жоқпын, одан бәрібір ешқандай манпағат шықпаған болар еді. Өйткені, Орскіге попечитель келіп кеткен кезде, ол мені өзінің қылығымен таң қалдырған болатын. Мен сонда-ақ: осының есі дұрыс па екен деп ойлаған едім. Ал, шынында да, өзіңіз ойлап қараңызшы,— осының есі дұрыс па?..

Өжданымның наразылығын басу үшін осындай тым қолайсыз жағдайларды өзіңізге хабарлап, бұл сыяқты болып көрмеген халден бізді қалай да құтқарарсыз деп сенемін. Александр Григорьевичке енді, сірә, сенім бола қояр ма екен. Егер қазір оны масқара болудан қорғап қалмайтын болсақ, мұның түбі оны бір жаманшылыққа әкеліп соқтырар деп қорқамын. Шынына келгенде, орыс оқу орындары үшін оның жақсы оқытушы бола алатынын Сіздің өзіңіз де теріс деп айта алмассыз, ал бірақ аяғыңды басқан сайын әдеп сақтап, абайлап отыруды керек қылатын бұратана халық арасында ол жақсы әкім не инспектор бола алмайды.

Әсіресе, осы соңғы жағдай жөнінде менің жүрегім сыздайтын себебі — оқытушылар мектебі біздің оқушыларымыздың барып түсетін мектебі еді; бұлар сонда белгілі бір білім алып, қазақ халқының тұрмысына, шынында да, пайдалы болған болар еді. Олар, Александр Григорьевичтің тілегеніндей, тез араның ішінде христиан дінін таратушылар болып шыға алмағанымен де, дүниені дұрыс тануды таратып, фанатиктік идеяларға қарсы тұра алатын, қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дамый беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді. Міне, осылардың бәрі мұндай епсіз, жарым есті басшылық салдарынан жойылып кетуі мүмкін.

Қатты айтып отырғаным кешірім етіңіз; қайтейін,— ішім күйеді!

Евпраксия Васильевнаға менен жалынды сәлем айтыңыз, хатымның тәртіпсіздеу жазылғанына кешірім етіңіз. Оны дұрыстап жазуға бұл пәтерден сыя да, тіпті, қаламұш те табылмай отыр.

*Жалынды сәлем жолдап отырған өзіңізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

Я, айтпақшы, мен екі класты мектептерді қалалық мектептерге айналдыру керек деген сыяқты бір үлкен ұсыныс енгізген едім. Ол жөнінде не істеліп жатыр, оған не деседі, өзіңіз осыларға қалай қарайсыз? Сізге бұл ұсыныстың мазмұнын әркездерде айтқанмын, Сіздің оны мақұлдағаныңыз есімде. Тағы бір жаңалық мынау: Ырғыз мектебінің менгерушісінің орнына Н. И. физика-математика факультетінің кандидаты А. Смоленскийді жіберіп отыр; мен оны алуға уәде бердім. Қазір Ақтөбеге бара жатырмын; өйткені онда не жасалып жатқанын өткен жылдан бері көрген жоқ едім. Оның басынан бақытсыздық арылмай-ақ қойды: Спиридоновты ауыстырып, Даниловты тағайындап едік,— ол өліп қалды. Қ. дегеніңіз жаңа талаптар қойып, нұсқаулар беруін қоймайды, тіпті оқытушылар дайындауға дейін барды. Онымен енді шатасып қаламын-ау деп қорқам,— қандай шыдамға да бір шек бар ғой. Ал шатаса қойсам,— әдеттік үшін мені қолдарсыз.

*1888 жыл, 20 февраль.  
Орскі қаласы.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі, қымбатты Николай Иванович!**

Александр Васильевич Смоленскийдің біздің момын елімізге келуін үлкен қуанышпен қарсы аламыз. Оның бізге ұнайтынына ешбір күманім жоқ, бірақ біз және біздің жұртқа тегіс сүйкімді бола бермейтін сахарамыз оған ұнар ма екен; әсіресе, Александр Григорьевичті Сіздің тілегіңіздей, Ақтөбеге жібере алмайын деп отырмын,

енді оны Ырғызға тағайындауға тура келеді. Себебі, Данилов бейшара қайтыс болғанынан кейін, ешбір лайық адам таба алмай, мен сол бойда-ақ Ақтөбе мектебінің меңгерушісі етіп, бұрын тәжірибесі кем деп мұндай жұмысқа өзім тағайындамай жүрген, Лапшинді тағайындап едім. Бірақ, қазір, біріншіден, оның тәжірибесінің жеткілікті екеніне кейін көзім жетті, ал екіншіден, ол жергілікті Ақтөбе көпесі Саморуковтың қызына үйленді, сондықтан, оның да жағдайын көтере түсуім әделетті болады-ау деп білдім. Ендігі жерде, бұл жастардың алдан күткен үміт, тілектеріне және олардың жаңа туысқандарының күткен үміттеріне қарамастан, оларды Ақтөбеде Ырғызға аудару қолайсыз деп білемін. Бірақ, Александр Васильевич үшін Ақтөбе мен Ырғыздың арасында оншалық айырма болар ма екен? Рас, Ырғыздың табиғат жағдайы Електен нашарлау, Ырғызда семинариядан ешкім жоқ, өйткені, бізден Царегородцев те уездік басқармаға кетейін деп жатыр (реті келген соң айта кетейін, мен бұл жөнінде попечительге шағынып, оның семинариядан қазна есебінен тәрбиеленіп шыққанын, оқытушылық қызметте алты жыл істеуге міндетті екенін, қазнадан жол ақша алғанын айттым; мен оны әбден қолдан шығып кеткендіктен босатқанымды білдірдім); бірақ Ырғыздың екі класты мектебінде екі қазақ жігіті бар: оның біреуі Красноуфимскидегі реальное училищені бітіріп келген, екіншісі — оқытушылар мектебін бітірген, — екеуі де өте жақсы адамдар, Александр Васильевич олармен үйлесіп кете алады. Одан кейін, Ырғызда мировой судья және тергеуші болып Альмухаммед Сейдалин істейді. Ол қазақтарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Быйыл ол қазақ қыздары үшін Ырғызда Қазақ сахарасындағы ең тұңғыш, 20 кісілік қыздар мектебін ашуыма көмектесті; ал уездік начальнигі бұрын Қазанда әскер командованиясы кеңсесінің бастығы болып қызмет істеген — Гайжевский де іскер, дұрыс адам. Ырғызда тек оқушылардың үйі ғана нашарлау еді, бірақ бұл үшін жаз шыға бөлек үй салмақ болып жатырмыз.

Бұл айтқандарыма қоса айта кетейін, мен қазір екі класты төрт мектебімізді үш класты қалалық немесе уездік мектептерге айналдыруды сұранып жатырмын; бұлардың жанында бір-бірден оқытушы-инспектор болмақ; оның жалақысы, жаңылмасам, 900 сомдай, пәтері қазнадан және ол жалпыға бірдей мемлекеттік қызмет

правосымен пайдаланады. Бұл пікір іс жүзінде жүзеге асатын болуы керек, өйткені, округ попечителі менің пікірімді мақұлдады, ал оның бержағында, екі класты мектептердің бұрынғы қаражатының үстіне аз-ақ қосымша қаражат керек, бұл қаражатты қайдан алуға болатынын мен көрсетіп те бердім. Егер бұл ойымыз жүзеге асатын болса, онда Александр Васильевичке, оның біліміне қарай қолайлырақ келетін, оқытушы-инспекторлық қызмет те әзір болады. Ал онан соң, егер ол біздің сахараны, киргизляндияны ұната қойса, біздің облыстарымызда одан жоғары да қызмет табыла береді...

Міне, Александр Васильевичтің алдында тұрған жұмыстар осылар. Бізге оның келуі керек пе, керек емес пе деген жағын, қымбатты Николай Иванович пен Екатерина Степановна, енді өздеріңіз шешіңіздер.

Осымен бірге Сізге телеграмма соғып, оның жауабын Орскіге жіберуіңізді сұрап отырмын; өйткені, мен Ақтөбеге жүріп барамын, жолшыбай Орскіге соғамын, сол арада Сіздің ризашылығыңызды алып, Александр Васильевичті тағайындау жайында ресми бұйрық бергім келеді. Смоленскийге жол шығынын төлеу туралы сұрануым мүмкін бе екенін біле алмай отырмын; өйткені ол, Сіздің жазғаныңызға қарағанда, қазна есебіне оқыған адам емес және семинариядан да жіберілген адам емес көрінеді ғой. Мұндай жағдайға бірінші рет кездесіп отырмын, сондықтан бұл жайында білетін адамдармен кеңесіп алуым керек.

Айтқандай, тағы бір өтініш. Округтік басқарманың бұйрығы бойынша, мен жаңадан тағайындалған оқытушының саяси жағынан сенімділігін жергілікті губернатордан сұрап білуім керек еді. Ал, менің ойымша, ол Сіздің сұрауыңызға тезірек жауап берген болар еді. Сондықтан, жергілікті жерде керек болатын куәлікті сұратып алуды өз мойныңызға алмас па екенсіз.

Біздің жақта әзірге ешбір жаңалық жоқ. Ісіміз, құдайға шүкір, ілгері басып келеді. Соңғы кезде тек денсаулығым нашарлап жүр. Әлсін-әлі алыс ауылдарды, үнемі салқын мезгілде, не қара суық күзде, не ерте көктемде аралап жүру денсаулығыма әсер ете бастады. Әйткенмен, алланың бір рақымы болар тағы,— бірқатар міндеттерімізді орындағанша қызмет етіп, кейін тыным алармыз...

Мені ұмытпағаныңызға, қымбатты Екатерина Степановна, шын жүрегімнен рақмет айтамын. Сіздің маған

әрқашан зер салып, үнемі жақсы қарағаныңыз құдайдан қайтар.

*Шын жүрегінен сыйлайтын бағынышты пендеңіз*

**И. АЛТЫНСАРИН.**

*1889 жылғы, февраль іші.*

## **Н. И. ИЛЬМИНСКИЙГЕ**

**Аса қадірлі Николай Иванович!**

Сіздің 2 мартта соққан соңғы телеграммаңызды мен 5 мартта, — кеше алдым. Александр Васильевич өзінің ойын өзгерткен болса, оған не шара; онды Ырғыз мектебінің меңгерушісі етіп Тимофеев мырзаны да сондай үлкен ықласпен қарсы алуға ризамын. Бірақ қазір жол бұзылғалы жатыр, бұл май айының басына дейін созылады. Сондықтан оның келемін деп асығуының да қажеті жоқ, оның үстіне жуырда (15—майда) жазғы демалыста басталады. Меніңше ол бізге — Ырғызға июль айының орта шенінде не, тіпті, аяғында келсе де болады ғой деп ойлаймын. Оқу жұмысы августың 15 і мен 20 сының арасында басталатын болғандықтан, оқу басталғанға дейін қолы бос кезінде, мектептің шаруашылығымен және жалпы тәртібімен танысып үлгіреді. Ал енді үйге барысымен мен Тимофеевті оқытушы етіп алуға ризалық білдіретінімді ресми түрде жазып жіберермін.

Ақтөбеде және Бөрте болысында болғаннан кейін мен өз жайыма, үйге қайтып бара жатырмын. Николаевскі және Елек уездерінде қыс қатты, шөп қымбаттап кеткен. Қазақ астрономдарының болжауындай, қыс созылып кетсе, онда қазақтардың халі мүшкіл болады, өйткені, олардың шөптері таусылуға таянып қалыпты, ал мұздақ түсіп қалғандықтан малды тебінге шығаруға болатын емес.

Екатерина Степановнаға шын жүрегімнен алдияр дұғай сәлем.

*Үлкен хұрметпен Сізге шын берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*Наследницкая станциясы,  
1889 жыл, 6 март.*



## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Орскі арқылы Ақтөбеге өтіп бара жатып, Орскідегі оқытушылар мектебінде болған қолайсыз әңгімелерді естіп, Сізге Александр Григорьевич жайында бірқатар көңілсіз нәрселерді хабарлаған едім. Ақтөбеден қайтып келіп, мен оқушылар жағынан да құлақ аспаушылықтар болғанын, бұған оқытушылардың да кінәсіз емес екенін анықтадым. Әсіресе мені, өзіңізге мәлімдегенімдей, Александр Григорьевичтің Інжілді түсіндіргені күдіктендіріп, күйіндірген еді. Ал енді анықтай келгенде, бұл оқыту сыйпатында немесе соған ұқсас сыйпатта болған нәрсе емес екен, педагогика сабағын оқыту үстінде, сөз арасында ғана айтылған нәрселер екен. Сондықтан, Сізге жазған хатымдағы, белгілі жағдайдың әсерінен еріксіз айтылып кеткен қатты сөздерім мен таққан кінәларымды қайтып аламын. Мен тек бір сөзім жөнінде ғана сол пікірімде қаламын; оным: егер Александр Григорьевич өзін біразырақ өзгерткіреп ұстамайтын болса, онда, сірә, ол оқушылармен, ең әуелі-ақ оқытушылармен үйлесе қоймас; өйткені, осы болып отырған әңгіменің ең басы солардың наразылығынан туып отырған көрінеді (мұны Сізге құпия түрде айтып отырмын).

Жақында Орскіде Карл Андреевич болып кеткен екен; қазақ оқушыларына тым қатты қарамаса еді деп қорқып отырмын. Олардың ішіндегі бір бөкейліктен басқаларының бәрін мен өзім жақсы білемін, бәрі де өте дұрыс бағыттағы оқушылар, іштерінде өте дарынды, өте зейінділеріде аз емес. Оларды, құдай үшін, қорғай көріңіз!

Пенсия жайында, өзіңізге мәлім, мен попечительге хат жазып жібергенмін. Осы мәселе жайында және менің қалалық мектептер мен қыздар мектептері туралы сұрағандарым жайында бірер рет хабар алмас па екенсіз.

Үйге жетуге асығып отырмын, қар еріп, жол бұзылып кете ме деп қорқамын.

Евпраксия Васильевнаға дұғай сәлем. Мен 200 мың ұтқан жоқпын ба?

*Шын қадырлейтін, өзіңізге берілген қызметшіңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*Наследницкая станциясы.*

*1889 жыл, 6 март.*

## В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ

Аса қадірлі Василий Владимирович!

Ақтөбеден қайтып келгеннен кейін, март айының орта шенінде және содан кейінгі уақыттың бәрінде сырқаттау болып жүрдім де, апрель айының аяғында мүлдем жатып қалдым, өкпем қайталап қабынып, жүрегімнің соғуы күшейіп кетті. Қазір енді, құдайға шүкір, тағы да тәуір болып келе жатырмын. Ал Сізден де ешбір хабарым жоқ, — амансыздар ма, қымбатты Василий Владимирович? Оның үстіне, оқытушылар мектебі жайындағы хаттарыммен Сізді ренжітіп алған жоқ па екенмін деген ой да менің мазамды кетіріп жүр. Егер ондай бірдеңе болған болса, ойланбай жазғанымға кешірім ете көріңіз. Өзімнің шын берілген адамдарыма осындай ойланбай жаза салушылық менде, кейде, шынында да, болып жүреді.

Енді тағы бір наразылық, яғни қазақ оқушыларының наразылығы, Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде де туып отырған көрінеді. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мүлде елемеу, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс оқушыларымен бірге ғибадат еткізу деседі. Мұның бәрі де өте ұнамсыз нәрсе ғой; сондықтан, әзір ештеңе бола қоймай тұрған кезінде сонда барып, оқушыларды түсіндіріп, наразылықты жойғым келеді. Ал егер, қажет болған жағдайда, директордың өзімен де сөйлескім келеді.

Көктем салқын. Қыс қазақтарға онша қолайлы болмады. Шөптің тапшылығынан малдың өлім-жітімі де болды. Мектептеріміздің халі барлық жерде де жақсы.

Айтпақшы, егер маған хат жазуға уақытыңыз бола қойса, Ырғыздағы мектептің меңгерушісі етіп тағайындалған Тимофеевке (Қазандағы Тимофеевтің баласына) жол шығынын беру туралы сұрануға правомның бар-жоғын хабарлаңыз. Ол гимназияның алтыншы класын бітірген, содан кейін қалалық және уездік мектептің оқытушысы болуға емтихан ұстаған, одан кейін шоқынған татарлар мектебінің оқытушысы болған... Егер қазнадан жол шығынын сұрауға болмайтын болса, ондай жағдайларда не істеу керек, — жәрдем сұрау керек пе?

Бұдан артық жаза алар емеспін, қолым талып отыр. Көргенше қош болыңыз, қымбатты Василий Владимирович.

Евпраксия Васильевнаға менен жалынды сәлем айтыңыз.

*Сізге берілген бағынышты пендеңіз И. АЛТЫНСАРИН.*

*1889 жыл, 10 май.  
Қостанай.*

## **Ф. Д. СОКОЛОВҚА**

### **Аса сүйікті Федор Демьянович!**

Бүгін біртүрлі бойым ауыр тартып отыр. Сондықтан, сірә, Қостанайға бара алмаспын. Басқалармен бірге Сізде губернаторды қарсы алыңыз. Тәуірірек болсам,— ертең барармын. Реті келсе, осыны Николай Григорьевичке де айтып қойыңыз.

Онансоң, Константин Давыдовичтің бір минутке маған келіп, тісімді суырып тастауын сұраңызшы; сырқатыма қоса бұл да жанымды қыйнап отыр.

Маужан Байжиеновтен — қазір барып, Мендіқараның болысы Нұрқан Мырзабакиннің келген, келмегенін біліп беруін сұраймын. Егер келген болса, оның бүгін біздің үйге келуін өтінемін. Губернаторға жолықпастан бұрын онымен бір өте қажетті іс жөнінде сөйлесіп алуым керек.

*Сізді қадыр тұтатын И. АЛТЫНСАРИН.*

*1889 жыл, 24 май.*

## **В. В. КАТАРИНСКИЙГЕ**

### **Аса қадірлі Василий Владимирович!**

Сізге соңғы хатымды жазғаннан кейін мен тағы да ауырып қалдым. Бұл жолы бұрынғыдан анағұрлым қатты ауырдым, жұрт мені жаны қалса болар еді деп қауіптенді. Әлі де аурумын, ұйқым жоқ десем де болады, тамақ ішпеймін: жүрегімнің соғуы күшті, ентіге беремін. Троцкіден үшінші доктор шақыртқанымнан кейін, қазір тәуірірексін деседі; ол маған 10 июльге дейін ішетін дәрі беріп кетті. Өзімді бір құдайға тапсырдым, тағдырда жазылғаннан артық ештеңе болмайды ғой.

Сіздің хатыңызды алдым, оныңызға үлкен рақмет. Егер тәуір болсам, август айының аяғынан бастап облыс-

ты барлап қайтпақшымын. Ал егер Сіз август айының орта шенінде, не болмаса, 20 лары шамасында бізге келсеңіз, онда біз Торғай, Ырғыз арқылы Орынборға дейін аралаған болар едік.

Бұдан артық жаза алатын емеспін. Көргенше қош болыңыз, қымбатты Василий Владимирович.

*Сізге шын көңілімен берілген бағынышты пендеңіз*


*1889 жыл, 15 июнь*

**И. АЛТЫНСАРИН.**



# ТУСИИКТЕР





## ИБРАҺИМ АЛТЫНСАРИННЫҢ КЕЙБІР ШЫҒАРМАЛАРЫНА ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕР

1. «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдерін Ибраһим Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879-жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңді автор осы шығармасына беташар ретінде арнап жазған болатын. Сонымен қатар бұл өлеңінде қазақ жастарын автор жоғарғы сатыда дамып келе жатқан ұлы орыс мәдениетін қамту, қабылдау, жете ұғыну, нақтылы оқып білім, тәлім-тәрбие алып көздерін ашуға, сезімдерін көтеруге үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды.

2. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» бөлімінде басылған өлең. Соңғы уақытқа дейін зерттеушілер бұл өлеңді Ибраһимның атасы Балғожа бидің оқудағы немересіне өлеңмен жазған хаты деп болжап келді. Бұлайша ұғыну дұрыс болмайды. Себебі, «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» бөлімі, солардың ішінде бұл өлең, Ибраһим Алтынсаринның нақтылы өз шығармасы. Оқушы балалардың үйлеріне жазатын хаттарының үлгісіне мысал ретінде Ибраһимның өзі жазғандығы сөзсіз. Осы бөлімнің «Б» тарауы: «Ағамыз Ибрайға көп сәлемдерімді жолдаймын» деп басталса, ол балалардың жазған хаттарынан алынған емес, солардың жазатын хаттарының үлгісі, бұны мысал ретінде жазып көрсетіп отырған Ибраһим Алтын-

саринның өзі. Тағы да бір дәлел келтірейік. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының 1947-жылы ұйымдасқан экспедициясы жыйнаған мәліметтерде осы «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңді Ибраһим Алтынсарин өзі жанынан шығарғандығын анықтайтын халық аузындағы деректер тапты. Осы жоғарыда айтылған деректерге сенбеуге біздің басқа дәлеліміз жоқ.

3. «Шеше мен бала» деген Ибраһим Алтынсаринның өлеңінің педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор; жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейрімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М. Ю. Лермонтов, Некрасов т. б.) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім.

4. «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Араз бол, кедей болсаң ұрылықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері «Қазақ хрестоматиясында» «Өсиет өлеңдер» деген бір атпен басылған болатын.

Бұл өлеңін Ибраһим Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол халықтардың достығын көксегендігі көрінеді. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасынан үлгі алғандығы және Россияның ұлы демократияшыл мәдениетінен қоректеніп, екі мәдениет мұраларын ұштастыруға, қазақтың халық әдебиеті мұраларының демократияшыл бағытта дамуына із салу мақсатын көздегендігі сезіледі. Сонымен қабат осы өлеңдерін оқығанда Ибраһим Алтынсаринның өте білімді, терең ой-пікірдің иесі екендігі, дүниежүзі мәдениеті мұраларынан нақтылы хабары бар екендігі көрінеді. Бұл өлеңдерін Ибраһим Алтынсарин 1876—1879-жылдар арасында жазғандығын оның осы «Тандамалы шығармаларының» алтыншы тарауына енген хаттарынан сеземіз.

«Бәріміз бір адамның баласымыз» деген өлеңін жазуда, Ибраһим Алтынсарин бір жағынан халық әдебиет нұсқаларынан мәліметтер алса, екінші жағынан ұлы орыс мәдениеті ықпалында болғандығы сезіледі. Осы өлеңде кездесетін Дәуіт (Давид), Тақ-Сүлеймен (Саломон), Қы-



дыр Ильяс — бұлардың аттары халық аузындағы ертегілерде кездеседі; Орта ғасырда өмір сүрген Орта Азияның белгілі шейхтері Зеңгі баба (сыйырдың пірі), Ойсыл қара (түйенің пірі) және Атымтай жомарт — бұлардың есімдері де ертегілерде, ел әдебиетінде жиі кездеседі. Ал, Ескендер (Александр Македонский), Наушеруан (Иранның белгілі патшасы) — бұларда аталады.

«Өсиет өлендері» тарауына кірген Ибраһим Алтынсаринның шығармаларында қазақтың прогрессивтік халық әдебиетін ұлы орыс мәдениеті мен ұштастыру бағытында жазылғандығы сезіледі.

5. Екінші тарауға кірген Ибраһим Алтынсаринның әңгімелері 1876—1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан болатынды.

Бұл тарауға кірген әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылғандығы сөзсіз. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Алтын шеттеуік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жамап жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің (Ушинский, Толстой, Паульсон, И. Крылов) шығармалары үлгісінде жазылған. Ал, олардың ішінде бірнешеулерінің мағнасы негізінде орыс педагогтерінің шығармаларына ұқсас келеді.

Осы тарауға кірген әңгімелер бір стильде дидактикалық мақсатта жазылған десек жалған емес. Бұл жөнінде «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғысөзінде және әркімдерге жазған хаттарында автордың өзі де ескертеді. Сөз құрылысы жатық, әркімге де түсінікті, қазақтың сұлу жалпақ тілімен көңілге қонатындай етіп Ибраһим Алтынсарин әңгімелерін негізінде мына төмендегі күрделі тақырыптарға жазған:

а) Оқушы балаларға тәлім-тәрбие беруге арналған әңгімелері — «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан — аяған күштірек», «Мейрімді бала», «Полкан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаббаршылық» тағы басқалары. Бұл әңгімелерінде автор жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа, әділ, мейрімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Мысалы, «Асыл шөп» деген бірнеше жолдан құралған әңгімені алайық. Біреудің Зылықа мен Бәтима деген жас өспірім

екі қыз баласы, төбелеріне әрқайсысы бір жәшіктен жеміс көтеріп, қалаға қарай келе жатады. Жолда Зылықа шаршадым деп аһлап-уһлейді, ал, Бәтима күліп, ойнап, әзілдесіп жүре береді. Сонда Зылықа тұрып оған:

— Сен неге мәз болып қуанып келесін, төбедегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессін — деп сұрады.

Сонда тұрып Бәтима оған:

— Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, — деп жауап қайырды.

Зылықа тұрып:

— Ой, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, — деп сұрады.

Бәтима оған:

— Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын; аты «сабыр» деген — деді.

«Бақша ағаштары» деген әңгімені алайық. Жаздың күні, бір төре қасына баласын ертіп, ертемен бақша аралап жүреді.

Баласы:

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, анау біреуі неге қыйсық біткен — деп сұрады.

Әкесі:

— Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қыйсық бұтақтары болса кесіп, мынау ағаш байғұс өз шығу қалыбымен өскен.

Баласы:

— Солай болса, бағу-қағуда көп мағна бар екен ғой — деді.

Сонда әкесі тұрып баласына өсиет айтты:

— Бағу-қағуда көп мағна барында шек жоқ, шырағым; мұнан сенде өзіңе әбрет алсаң болады; сен жас ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қыйсық біткен ағаштай қыйсық өсерсің — деді.

Осы екі әңгімеден біз Ибраһим Алтынсаринның сюжет құруда өте шебер екендігін және әңгімелерін қандай тақырыпқа құрмасын жастарды дұрыс бағытта, дұрыс көзқараста тәрбиелеуде екендігін көреміз. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз;

б) Ұсақ әңгімелерінде: «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқаларында, Ибраһим Алтынсарин балаларды оқып білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зиректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің геройы Матвей деген кісі бүкіл Россияға белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерінде де автор білімді дәріптеді;

в) Автор бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек процесіне, ұқыптылыққа үгіттейді. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, Құмырсқа, Қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа кейбір шығармалары;

г) Қоныстану, егін кәсібімен шұғылдану, тағы басқа сондай мәдениетті елдердің тұрмыс-салтын қазақ халқына дәріптеу ниетінде, Ибраһим Алтынсарин бір топ әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейтқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ халқын көшпелі өмірден отырықшылық құрылысқа айналуға, жер кәсібімен шұғылдануға үгіттеді;

д) «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әкім», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ ауылындағы теңсіздікті, байлардың, молдалардың масыл екендіктерін елестетеді;

ж) «Оқудағы балалардың үйлеріне жазған хаттары», Ибраһим Алтынсаринның 1861-жылы Торғай қаласына келіп, 1864 жылы орыс-қазақ балаларына арнап, бастауыш мектеп ашып, мұғалімдік қызмет атқарып жүрген кезінде, тәжірибе ретінде балаларға үйлеріне, әркімдерге хат жаздырып үйрету үшін құрастырған хат үлгілері болуы керек;

е) «Сәтемір-хан», «Қара батыр», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен», «Тазша бала», «Алтын-Айдар» сыяқты әңгімелерінің тақырыбы ел әдебиет нұсқасынан алынып жазылғандығын біз автордың осы шығармаларына енген алтыншы тараудағы хаттарынан және «Қазақ хрестоматиясына» жазған алғысөзінен сеземіз. Бұл әңгімелерін Ибраһим Алтынсарин Торғай қаласында мұғалімдік қызметін атқарып тұрған кезде жазғаны анық. Мысалы, ол 1861-жылы 6-июньде жазған бір хатында: «Ал бекіністе тұру, менімше, тек айдалып келгендерге ғана мүмкін ғой деймін. Қысты күні бір ғана қызық бар: өзіңе бір мән-жосақ білетін қазақтар тауып алсаң, сен қа-

рапайым, ақкөңіл, неғұрлым адал, ал кейде тіпті сауықшы адамдармен әңгімелесіп, әрқашан көңіл көтересің» деп мәлімдейді.

6. Осы шығармалар жыйнағына кірген «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» Ибраһим Алтынсарин 1864-жылы Торғай қаласында мектеп ашып, сол мектепте мұғалім болып қызмет істеп жүрген кезінде өзінің оқытушылық тәжірибесіне сүйеніп жазды. Бұл оқу құралында автор қазақ балаларына орыс тілін оқытудың өзгешелігі бар екендігін еске алады. Осы шығармалар жыйнағына біз оны бұлжытпай оол қалпында енгіздік.

7. «Қазақтың болыстық мектептері туралы записканы» Ибраһим Алтынсарин 1886-жылы жазып, Орынбор оқу округіне жолдады. Ол өз тарапынан генерал-губернаторға, оқу министрлігіне жіберіп, бұл записка бір жылдан артық талқыға түсті. Болыстық мектептер ашуға Торғай облыстық соғыс губернаторы генерал Проценко қарсы болды. 1887-жылы ол басқа жаққа қызметке ауысқаннан соң рұқсат алынып, Ибраһим Алтынсарин қазақ ауылдарында мектептер ашуға кірісті.

8. «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркісі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркісі» деген екі ғылыми еңбегін Ибраһим Алтынсарин 1870-жылдың қарсаңында, Торғай қаласында мұғалімдік қызметін атқарып жүрген кезінде жазды.

1870-жылы Бүкілроссиялық география қоғамының Орынбор қаласында бөлімі ашылды. Ибраһим Алтынсарин мақалаларын осы жаңадан ашылған ғылыми орынға жіберіп, олар өзінің бірінші санды «Запискасында» бастырды. Алтынсаринның осы мақалалары баспаға жіберілер алдында В. Н. Плотниковқа рецензияға берілді. Қоғамның мәжілісінде В. Н. Плотниковтың рецензиясы оқылынып, Ибраһим Алтынсаринның мақалалары талқыланды. Ибраһим Алтынсаринның мақалаларын В. Н. Плотниковтың рецензиясымен бірге бірінші шыққалы жатқан қоғамның еңбегіне басуға мәжілісте қаулы алынды. Сонымен, Алтынсаринның еңбектері Орынборда ашылған Ғылыми қоғамның бірінші ғылыми еңбектер жыйнағында басылып шықты.

9. Осы шығармалар жыйнағының VI тарауына кірген Ибраһим Алтынсаринның хаттары 1860—1889-жылдар арасында жазылған. Оның хаттары Қазан универси-

тетінің профессоры, белгілі миссионер Н. Ильминскийге — 1860, 1861, 1862, 1864, 1871, 1873, 1876, 1877, 1879, 1881, 1882, 1883, 1884, 1886, 1887, 1888, 1889-жылдарда; Орынбор оқу округінің жанындағы татар, башқұрт, қазақ мектептерін бақылайтын инспекторы В. В. Қатаринскийге — 1879, 1880, 1882, 1883, 1884, 1885, 1886, 1887, 1888, 1889-жылдарда; Ақтөбенің орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі А. А. Мозохинге — 1881, 1882, 1883, 1884, 1885, 1887-жылдарда; Қостанайдағы орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ф. Д. Соколовқа — 1886, 1887, 1888, 1889-жылдарда жазылған. Осы жазылған хаттарынан Ибраһим Алтынсаринның өмірге көзқарасы сыйпатталады.

*25 март 1955-жыл.*

*Б. С. Сүлейменов.*



## АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

### А

Алтын-Айдар . . . . .	131
Алтын шеттеуік . . . . .	78
Асыл шөп . . . . .	77
Аурудан — аяған күштірек . . . . .	81
Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ . . . . .	111
Ақмақ дос . . . . .	110

### Б

Бай мен жарлы баласы . . . . .	89
Байұлы . . . . .	87
Баланың айласы . . . . .	92
Балғожа бидің баласына жазған хаты . . . . .	42
Бақша ағаштары . . . . .	77
Білгеннің пайдасы . . . . .	101
Бір уыс макта . . . . .	77

### Д

Дадандық . . . . .	112
Дәнішпан қазы . . . . .	118
Дүние қалай етсең табылады. . . . .	99

### Ж

Жаз . . . . .	61
Жамандыққа жақсылық . . . . .	115
Жаман жолдас . . . . .	110
Жан-жануарлардың дауласқаны . . . . .	84
Жиренше шешен . . . . .	123
Жомарт . . . . .	108
Жәнібек батыр . . . . .	88

### З

Зиректік . . . . .	98
--------------------	----

## К

Қиіз үй мен араш үй . . . . . 117

## Л

Лұқпан әкім . . . . . 97

## М

Малды пайдаға жарату . . . . . 99

Мейірімді бала . . . . . 81

Мұжық пен жасауыл . . . . . 107

Мұңсыз адам . . . . . 104

## О

Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары . . . . . 94

Оқу методикалық шығармалары . . . . . 135

## П

Петр патшаның тергелгені . . . . . 106

Полқан деген ит . . . . . 82

## С

Салақтық . . . . . 109

Сарандық пен жыйнақтылық . . . . . 108

Сауысқан мен қарға . . . . . 83

Сақып . . . . . 116

Силинші деген ханым . . . . . 98

Сөз басы . . . . . 36

Сөз басы . . . . . 70

Сәтемір хан . . . . . 73

## Т

Таза бұлақ . . . . . 103

Тазша бала . . . . . 128

Талаптың пайдасы . . . . . 74

Тышқанның өсиеті . . . . . 82

Түлкі мен ешкі . . . . . 83

Тәкаппәршілік . . . . . 116

## Х

Халық ағарту мәселелері жөніндегі ескертпелері . . . . . 187

Хаттары . . . . . 257

## Ш

Шеше мен бала . . . . . 79



## Э

Этнография жөніндегі еңбектері . . . . . 237

## І

Ізбасты . . . . . 82

## Қ

Қанағат . . . . . 104  
Қара батыр . . . . . 85  
Қаралығыш . . . . . 126  
Қарға мен түлкі . . . . . 65  
Қарға мен күрт . . . . . 83  
Қыпшақ Сейітқұл . . . . . 101  
Қазақшадан орысшаға көшіруге жазылған сөздер . . . . . 180

## Ү

Үнді . . . . . 122  
Үш ұры . . . . . 121

## Ө

Өзен . . . . . 63  
Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш . . . . . 73  
Өсиет өлендер . . . . . 44  
Өтіріктің залалы . . . . . 111

## Ә

Әдеп . . . . . 104  
Әділдік . . . . . 105  
Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз . . . . . 64  
Әй, достарым . . . . . 52  
Әй, жігіттер . . . . . 53  
Әке мен бала . . . . . 75  
Әлім кісі . . . . . 97



## МАЗМҰНЫ

Алғысөз . . . . .	5
Ибраһим Алтынсарин . . . . .	8

### I тарау

#### Өлеңдері

Сөз басы . . . . .	36
Балғожа бидің баласына жазған хаты . . . . .	42
Өсиет өлеңдер . . . . .	44
Әй, достарым! . . . . .	52
Әй, жігіттер! . . . . .	53
Жаз . . . . .	61
Өзен . . . . .	63
Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз . . . . .	64
Қарға мен түлкі . . . . .	65

### II тарау

#### Әңгімелері

Сөз басы . . . . .	70
Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш . . . . .	73
Сәтемір-хан . . . . .	73
Талаптың пайдасы . . . . .	74
Әке мен бала . . . . .	75
Асыл шөл . . . . .	77
Бақша ағаштары . . . . .	77
Бір уыс макта . . . . .	77
Алтын шеттеуік . . . . .	78
Шеше мен бала . . . . .	79

Аурудан — аяған күштірек . . . . .	81
Мейірімді бала . . . . .	81
Полкан деген ит . . . . .	82
Тышқанның өсиеті . . . . .	82
Ізбасты . . . . .	82
Түлкі мен ешкі . . . . .	83
Қарға мен құрт . . . . .	83
Сауысқан мен қарға . . . . .	83
Жан-жануарлардың дауласқаны . . . . .	84
Қара батыр (ертегі) . . . . .	85
Байұлы . . . . .	87
Жәнібек батыр . . . . .	88
Бай мен жарлы баласы . . . . .	89
Баланың айласы . . . . .	92
Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары . . . . .	94
Әлім кісі . . . . .	97
Лұқпан әкім . . . . .	97
Зиректік . . . . .	98
Силинші деген ханым . . . . .	98
Малды пайдаға жарату . . . . .	99
Дүние қалай етсең табылады . . . . .	99
Білгеннің пайдасы . . . . .	101
Қыпшақ Сейтқұл . . . . .	101
Таза бұлақ . . . . .	103
Әдеп . . . . .	104
Қанағат . . . . .	104
Мұңсыз адам . . . . .	104
Әділдік . . . . .	105
Петр патшаның тергелгені . . . . .	106
Мұжық пен жасауыл . . . . .	107
Жомарт . . . . .	108
Сарандық пен жыйнақтылық . . . . .	108
Салақтық . . . . .	109
Ақмас дос . . . . .	110
Жаман жолдас . . . . .	110
Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ . . . . .	111
Өтіріктің залалы . . . . .	111
Дадандық . . . . .	112
Жамандыққа жақсылық . . . . .	115
Сақып . . . . .	116
Тәкәппәршілік . . . . .	116
Киіз үй мен ағаш үй . . . . .	117
Дәнішпан қазы . . . . .	118
Үш ұры . . . . .	121

Үнді . . . . .	122
Жиренше шешен . . . . .	123
Қаралығыш . . . . .	126
Тазша бала . . . . .	128
Алтын-Айдар . . . . .	131

### III тарау

#### Оқу методикалық шығармалары

I. Нәрселердің аттары (Зат есім) Имя существительное . . . . .	142
II. Зат-мақлұқтың қасиетінің аттары [Сын есім] Имя прилагательное . . . . .	154
III. Есеп аттары [Сан есім] Имя числительное . . . . .	159
IV. Местоимение деген сөздің бөлімі [Есімдік] . . . . .	162
V. Ақыры өзгерілмейтін сөздер [Үстеу, демеу] Наречие и союз . . . . .	165
VI. Предлог деген сөздің бөлімі [Жалғау] . . . . .	168
VII. Глагол деген сөздің бөлімі [Етістік] . . . . .	170
Қазақшадан орысшаға көшіруге жазылған сөздер . . . . .	180

### IV тарау

#### Халық ағарту мәселелері жөніндегі ескертпелері

Қазақтың болыстық мектептері туралы записка . . . . .	187
1881 жылы 6 октябрьде Торғай облысының соғыс губернаторына берген рапорты . . . . .	195
Торғай облысының соғыс губернаторына рапорт . . . . .	197
Торғай облысының соғыс губернаторына рапорт . . . . .	199
1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есеп . . . . .	201
Екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат . . . . .	215
Орынбор оқу округі попечителіне баяндама хат . . . . .	219
Торғай облысының соғыс губернаторы Ильинге баяндама хат . . . . .	221
Торғай облысы соғыс губернаторының қызметін атқарушы Ильинге баяндама . . . . .	224
Торғай облысының соғыс губернаторының қызметін атқарушы Ильинге баяндама хат . . . . .	225
Торғай облысындағы халық мектептерінің 1883 жылғы жайы туралы есеп . . . . .	227

### V тарау

#### Этнография жөніндегі еңбектері

Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі . . . . .	239
--	-----

Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі . . . . . 245

*VI тарау*  
**Хаттары**

1860	. . . . .	259
1861	. . . . .	261
1862	. . . . .	267
1864	. . . . .	273
1871	. . . . .	278
1873	. . . . .	283
1876	. . . . .	286
1877	. . . . .	289
1879	. . . . .	291
1880	. . . . .	301
1881	. . . . .	309
1882	. . . . .	320
1883	. . . . .	330
1884	. . . . .	343
1885	. . . . .	356
1886	. . . . .	362
1887	. . . . .	369
1888	. . . . .	378
1889	. . . . .	389

*Түсініктер*

Ибраһим Алтынсаринның кейбір шығармаларына қысқаша түсініктер . . . . .	399
Алфавиттік көрсеткіш . . . . .	408

В общей редакции принял участие  
*Х. Х. Ахметов*

ИБРАГИМ АЛТЫНСАРИН  
Избранные сочинения  
На казахском языке

\* \* \*

Редактор *Б. С. Сулейменов*  
Худ. редактор *И. Д. Сущих.*  
Техн. редактор *З. П. Ророкина*  
Корректор *С. Айтмухамбетова.*

\* \* \*

Сдано в набор 27/VIII 1955 г. Подписано к печати 5/XI 1955 г.  
Бумага  $84 \times 108^{1/32} = 21,32$  п. л. 6,5 бум. л. 15,25 уч. изд. л.  
Тираж 15.000. УГ10762. Цена 11 руб. 15 коп.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.  
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 31. Зак. № 1226.